Әл- Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

ӘӨЖ 070 (574) (091) 19

Қолжазба құқығында

АҚЫНБЕКОВА АЛТЫН БАКАШОВНА

XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы

6D050400 - Журналистика

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
доцент А.Ә. Рамазан

Шетелдік ғылыми кеңесші:
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Гүлнар Кендірбай
(Колумбия университеті,
Нью-Йорк, АҚШ)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР..... 3
ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР..... 4
КІРІСПЕ..... 5
1 АЛАШ ҰРАНДЫ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ – МАЗМҰНДЫҚ ТРЕНДІ..... 18
1.1 «Абай» журналы – ұлт руханиятының ұйытқысы..... 18
1.2 «Шолпан» журналы және Алаш идеясы..... 34
1.3 «Таң» журналындағы ұлттық көркем әдебиет үлгілері 45
2 ҚАЗАҚ ЖУРНАЛДАРЫ: ҚОҒАМДЫҚ САНА МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ (1920-1925 ЖЖ.)..... 59
2.1 «Қызыл Қазақстан» журналындағы тақырып пен идея 59
2.2 «Темірқазықтағы» өркениетке ұмтылыс және әлеуметтік реализм 71
2.3. «Жас қазақ» – ұлт жастарының үні..... 87
3 **АЛҒАШҚЫ САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**..... 95
3.1 «Сана» журналындағы ғылыми-танымдық контент 95
3.2 «Шаншар» журналындағы жаңа заман сатирасы 105
3.3 «Мұғалім» басылымындағы педагогика, білім беру мәселелері 118
ҚОРЫТЫНДЫ..... 126
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....130

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Модернизация – (франц. -жаңғыру) дамымаған елдердің алдыңғы қатарлы елдердің деңгейіне жетуге бағытталған мемлекеттік саясаты.

Траектория – (жаңа лат. 'trajectorius' – ығысу немесе орын ауыстыруға қатысты) – материялық нүктенің қозғалыс кезіндегі біртұтас сызығы.

Функция – журналистиканың қоғамда атқаратын міндеті.

Типология – журналистиканы қоғамдағы маңызына, қызметіне қарай жіктеу, салаларға бөлу.

Аудиохрестоматия – белгілі бір мәтіннің аудио нұсқасы.

Экспансия – таралу, тарату дегенді білдіреді. Монополистік бірлестіктердің, мемлекеттердің, әлеуметтік топтардың түрлі әдіспен басып алуы, дипломатиялық қысым жасауы.

Тренд – кез-келген сала бағытының дамуы.

Контент – ақпарат, құжаттар, мақалалар, мағлұмат, бейне, аудиофайлдар.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

АКСР - Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы.
АҚШ – Америка Құрама Штаттары.
БАҚ – Бұқаралық Ақпарат Құралдары.
БМСБ – Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма.
ВКП (б) – Всесоюзная Коммунистическая Партия (большевиков).
ГлавЛит – Главное управление по делам литературы и издательств.
Губком – Губерниялық комитет.
Губоно – Губернический отдел народного образования.
Губпрофком – Кәсіподақтардың губерниялық комитеті.
Губрефком – Губернический революционный комитет.
КазССР – Казахская Советская Социалистическая Республика.
КПСС– Коммунистическая Партия Совесткого Союза.
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы.
ҚазҰУ – Қазақ Ұлттық Университеті
ҚАССР – Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы.
ҚМОА – Қазақстан Мемлекеттік Орталық Архиві.
ҚР – Қазақстан Республикасы.
Нардом – Народный дом.
НЭП - Новая Экономическая Политика.
ОАК– Орталық Атқару Комитеті.
Обком – Облостной комитет.
ОблЛит – Облостное управление по делам литературы.
РК (б) – Революционный Комитет (большевиков).
РКП (б) – Российская Коммунистическая Партия (большевиков).
РСФСР – Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика.
Семип. – Семипалатинск.
СНК – Совет Народных Комиссаров.
СССР – Союз Советских Социалистических Республик.
Сіббюро – Сібірбюро.
СӨКП – Совет Өкіметінің Коммунистік партиясы
Утв. ППЯ – Утверждено Первичной Партийной ячейкой.
ҰҒА – Ұлттық Ғылым Академиясы.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері біз еркін ойлауға, тарихымызға терең үңілуге мүмкіндік алдық. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қоғамда ұлттың өткен жолын ғылыми негізде талдаудың жаңа мүмкіндігі ретінде қабылданып отыр. Ұлт көшбасшысының бағдарламалық мақаласы әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталғаны, соған байланысты «сана сезіміміз бен дүниетанымымызға сіңіп қалған таптаурын қағидалардан» арылу қажеттілігі қоғамдағы рухани жаңғырудың елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайтынын ескертіледі.

Бағдарламаның жалғасы ретінде халыққа ұсынылған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да тарихи сананы жаңғырту мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. «Архив 2025» бағдарламасында «Бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ»,- деп көрсетілген. Жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі мұрағаттармен өзара жүйелі әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек екендігі ескертілді [1]. Тәуелсіздік алған жылдардан бері өткен тарихымызды ұлттық тұрғыдан қайта қарауға зор мүмкіндіктер алдық. Мемлекет тарапынан да үлкен қолдаулар көрсетіліп, «Мәдени мұра» бағдарламасы нәтижелі аяқталды. Мемлекет отандық және шетелдік ірі мұрағаттарда сақталған құжаттарды жинап, ұлттың қажетіне жаратуды мақсат етіп отыр.

Тарихымызға көз жіберсек, халқымыз небір дүрбелең оқиғаларды басынан кешіріп, сол сындардан сүрінбей бүгінгі күнге жетті. Біз тасқа басылған жазуларымыз бен баспасөз беттерінде жазылған құнды дүниелеріміз арқылы тарихымызды, әдебиеттімізді, мәдениетімізді, ұлттық болмыс пен тарихи санамызды бағамдау мүмкіндігіне ие болдық.

Баспасөз тарихын зерттеу барысында бүгінгі ұрпақтың алдынан біраз кедергілер шығады. Мәселен, өткен ғасырда ғана үш рет әліпбиіміздің өзгеруін алайық. Бұл жөнінде баспасөз тарихын зерттеуші ғалым Айгүл Рамазан былай деп ой қорытады: «Қазақ баспасөзінде үлкен пікірталас тудырған әліпби мәселесі империялық күштердің «бөліп ал да билей бер» саясатының рухани саладан басталатындығын және оның мақсаты халықты дәстүрлі мәдениетінен айыру екендігін дәлелдейді» [2].

Иә, қазақ тілінің әліпбиінің тереңнен тамыр тартатынын білеміз. Біз зерттеп отырған журналдар араб әліпбиімен басылған. Х ғасырдан ХХ ғасырға дейін Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылып келді. «Латын әліпбиін қолданысқа енгізу жөнінде 1940 жылдың қаңтар айында қаулы қабылданды» [2, б. 132]. Еліміз бойынша әліпбидің өзгеріп, қолданысқа ену тарихи кезеңдеріне Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында кеңінен тоқталып өткен [3].

Әліпби ауысу барысында зиялы қауым арасында әр түрлі көзқарастар болды. Мәселен, Ахмет Байтұрсынов араб әріптерімен жазылатын төте жазуды, Нәзір Төреқұлов латын әліпбиін қабылдауды дұрыс деп санады. Тіпті, 1937 жылы ақпан айында өткен пленумда: «Әліпби ауысқан сайын уақытша болса да халықтың біраз бөлігі сауатсыздыққа ұшырайды. Әліпбиді ауыстыру тиімсіз іс»-деген көзқарастарын ашық білдірген [2, б. 138].

Қазақ халқы араб әліпбиінен латынға ауысып, жылдар өте кирилл әліпбиіне көшкен кезде басылған газет-журналдар кейінгі ұрпақ оқи алатын қаріпке ауыстырылмады. Сондықтан да, бір ғасырлық тарихы бар көптеген басылымдар архив қойнаулары мен кітапханаларда ашылмаған қалпы, толық зерттелмей, ғылыми айналымға енбей жатты. Осы мәселеге байланысты ғалым, профессор Н. Омашев өз зерттеулерінде былай деп жазады: «Тәуелсіздік үшін аянбай күрескен, жандарын құрбан еткен аяулы тұлғаларымыздың көсемсөзі халық санасынан әдейілеп өшірілді» [4]. Әдейілеп өшірілу себептерін қазіргі ұрпақтың көпшілігі араб әріптерін танымайды, төте жазуды оқи алмайтындығы деп түсіндіреміз. Бұдан шығатын қорытынды – қазіргі ұрпақ Алаш зиялылары шығарған газет-журналдарда не жазғандарынан бейхабар.

Баспасөз тарихын зерттеп, библиографиялық көрсеткішін жасаған, араб қарпімен басылған басылымдардың түгел болмаса да біразын бүгінгі ұрпақ оқи алатын кирилл қарпіне түсіріп, үлкен еңбек еткен Үшкөлтай Субханбердина, Бейсенбай Байғалиев, Ханбибі Есенқарақызы, Намазалы Омашев, Аманқос Мектеп-тегі, Қайрат Сақ, Нұржан Қуантайұлы секілді ғалымдарымыздың атын құрметпен атап өткеніміз жөн.

XXI ғасыр – технологиялар ғасыры. Елімізде «Цифрлы Қазақстан» жобасы кең ауқымды жұмыстар атқаруда. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Латынға көшудің терең қисыны бар. Ол қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ XXI ғасырдағы ғылым және білім беру процесінің ерекшелігіне байланысты»,- деген еді [5]. Ақпараттық технологияның даму заманында кирилл қарпінде жазылған мәтіндерді латын қарпіне санаулы секундтарда аударатын технологиялар ойлап табылуда. Демек, милллион белгіден тұратын кітапты латын қарпінде сөйлетуге мүмкіндік бар деген сөз. Мұндай зор мүмкіндіктер мемлекетіміз үшін де, келешек ұрпақ үшін жасалатын ізгі қадамдар деп білеміз. Қазақ баспасөзінің тарихын зеттейтін зерттеушілер басылым беттерінде жазылған дүниелер кезең-кезеңімен ауысқан әліпбиге көшірілсе бүгінгідей қиындықтарға кездеспейді деп үміттенеміз.

Профессор Т. Қожакеев: «Баспасөзіміздің тарихы – біз үшін қымбат тарих»,- деп ізденуші-ғалымдарға бұқаралық ақпарат құралдарында басылған дүниелердің құнын аса жоғары бағалау керектігін айтып өткен [6]. Баспасөз беттеріндегі материалдар – жыл өткен сайын құны жоғарыламаса төмендемейтін, әрбір сөзі ата- бабамыздың өткен жолын, мемлекетіміздің тарихи жолын айқындап беретін тарихи сана.

«Басылым тарихы дегеніміз – түптеп келгенде сол дәуірдің тынысы, жекелеген тұлғалардың өмірі, тағдыр талайы» [7]. Ұлт арасынан шыққан

зиялыларғы «ұлтшыл» деген саяси айыптар тағылып, жала жабылды. Ал олар шығарған баспасөзде арман-мақсаттары басылды. Ұлттық мүдде, халықтың рухын көтеру, елдікке, бірлікке жұмылдыру болды. Сондықтан да олардың соттағы, тергеудегі қысыммен айтылған сөздерінен гөрі еркіндікте, баспасөзде жазған мақалалары мен сөздері құндырақ деп білеміз.

ХХ ғасырдың басынан жарық көре бастаған қазақ журналдары қазақ қоғамындағы өзгерістерді, мәдени-тарихи дамуымызды қазақ қоғамының өркениетке ұмтылысын, олардың заман ағымына қарай іс-әрекеттерін жариялады. Ұлт жанашыры М. Дулатовтың: «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі», - деген сөзі ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі журналдардың ұлт алдындағы салмағын, халықты жұмылдыру, халықты ұйымдастыру, ұлттың санасын оятуға түрткі болатын іс-қимылдарының қаншалықты екендігін айқын көрсетеді [8]. Осы тұрғыдан келгенде, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ журналдарының мазмұны арқылы өткенге көз жүгірткендегі мақсат қазақ халқының өркениетке, білімге, әдебиетке деген ерекше ықыласы мен жаңа дүниенің көзін ашуда жеткен жетістіктерімен қоса өзге мемлекеттің айтқанынан шыға алмайтын шеңберде бола тұра, бір ғасыр бұрын көтерген ұлттық мәселелерінің бүгінгі заманға сабақ болар тарихи тағылымдарын зерделеу арқылы ғылыми жұмыстың өзектілігі, замана талаптарымен ұштасып жатқанын ашып көрсету болды.

ХХ ғасыр басындағы қазақ басылымдарының атқарған қызметтерін ұлттық руханиятымыздың бастауы, қайнар көзі ретінде бағалау ләзім.

Қазақ журналдарының алдына қойған міндеті қазақ халқының санасын оятып, ұлт деңгейіне көтеру, өз елін жат үстемдіктің экспансиясынан құтқарып, тәуелсіз елге айналдыру болды және осы мұратқа жету жолында бұқара мен арада ортақ түсінік қалыптастыруға күш салды. Осы жолда Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Нәзір Төреқұлов, Хәлел Досмұхамедұлы, Иса Тоқтыбаев, Шәймерден Тоқжігітов, Ғұмар Қараш, Ғабдолғазиз Мұсағалиұлы, Ерғали Алдоңғаров, Смағұл Сәдуақасов, Сәбит Дөнентаевтардың редакторлық-баспагерлік қырларын ашып, олардың ел мүддесі үшін жолындағы күресін жас ұрпаққа жеткізу – басты парызымыз деп білеміз.

Профессор Кәкен Қамзин: «Қазақ журналистикасының ізашары газет-журнал шығару ісін қолға алғанда ең алдымен олардың аяғынан тік тұрып кетуіне, ел арасына таралуына, ұғынықты сөйлеуіне, идея таратуына назар аударған»,-деп жазады [9]. Расында да, XIX-XX ғасыр басында жарық көрген газет-журналдар халықты оқу мәдениетіне біртіндеп тартты, оларды журнал ісіне араласуға, мақала жазуға, елде болып жатқан жағдайдарды қысқаша баяндауға шақырды. Елге жеткен алғашқы журналдар ауыл-ауылға тарап, қолдан-қолға жетті. Газет шығарушылардың жігерлі сөздері көзі ашық азаматтарға рух берді, қолдарына қалам ұстатты. Журналдардың ашылуына өз қуаныштарын білдіріп жатқан хаттар редакцияларға жетіп жатты. Елден келген хат-хабарлар журнал шығарып жатқан ұжымға да қанат бітірді. Жақсы мақалалар мен өлеңдерге басылым беттерінен орын берілді. Осының барлығы

оқырманмен кері байланыс орнатты. Осылайша, журнал шығару тәжірибесі қалыптасып, оқырманмен байланыс дамыды.

ХХ ғасырдың басында қазақтан шыққан оқымысты, көзі ашық азаматтар оқу-ағарту жолындағы еңбектерін дамытып, халықтың алға жылжып, өсіп-өркендеуі үшін жан- жақты үлес қосу жолында тер төкті. Бір ғасыр бұрын жарық көрген қазақ журналдары баспа ісінде де, журнал шығару тарихында да, журналистика жанрларының дамуында да, әдебиет пен мәдениет, шаруашылық, саясат, ағартушылық, ұйымдастырушылық қызметтерінің баспасөз беттеріндегі қоғамдық болмысының көрінісі болды. Қазақ жерінде баспасөз бен баспа ісі, полиграфия саласының қалыптасуы өте қиын жағдайда өтті. Алғашқы кездері баспаханалардың болмауынан жаңа басылымдар Ташкент, Мәскеу, Орынбор, Уфада басылды. Ұлт ішінен шыққан қазақ зиялыларына «алашордашыл, ұлтшыл» деген айыптар тағылып, басылымдарды «ескішіл, ұлтшыл» деген желеулермен жауып отырды. Ұлт жанашырлары шығарған қазақ журналдарының бір ғасыр өткеннен кейін, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң қайта сараланып, сол кездегі бағыты мен идеясын ұстанып, жалғасын тауып, жарыққа қайта шыққандары да бар. Мәселен, 1918 жылы Алаш қаласында шыққан «Абай» журналы, 1992 жылы Семей қаласында қайта басылып шықты. «Таң» және «Шолпан» журналдары 2000 жылдары біріктіріліп «Таң-Шолпан» деген атпен шықса, кейіннен Семейде «Таң» журналы жеке жарық көрді. Кеңес дәуірінде жарық көрген «Қызыл Қазақстан» журналы бүгінде «Ақиқат» деген атаумен шығып жатыр. 1911 жылдың қаңтар айынан 1915 жылдың шілдесіне дейін Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен журналдың 88 саны жарық көрген. 2012 жылдың шілде айынан бастап, бұрынғы «Айқап» журналының жалғасы ретінде тіркеліп, жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен 89 санынан қайта шығарылды. Ал 2016 жылдың наурыз айынан бастап «Айқап» журналы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылтайшылығымен қайта шығарыла бастады. Тұңғыш сатира журналы «Шаншар» «Ара» журналының бастауы болып табылады. Бүгінгі жастар басылымдарының алғашқы қарлығашы ретінде «Жас қазақ» журналын айта аламыз. Тұңғыш педагогикалық журнал ретінде қарастыратын «Мұғалім» журналы да кейіннен «Қазақстан мұғалімі» деген атпен шықты. Осылайша, азат елді, мәңгілік елді аңсаған ұлт зиялыларының басылым беттерінде көтерген идеялары: баспасөз арқылы халықты ояту, ағарту, ұйымдастыру, тарихи сананы қалыптастырудағы істері сол заманда көтерілді, жалғасын тапты, жаңғырды. Елбасы «Балашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлерін, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үнін–рухани мәдениетіміздің осы аса маңызды парасы ретінде сақтау, дамыту керек»,- дегені мәлім [3]. Аты аталған қасиетті бабаларымыздың үні, қолтаңбасы ХХ ғасыр басындағы қазақ басылымдарында басылды. Сондықтан да, ХХ ғасыр басындағы қазақ журналдарын, онда жарияланған асыл мұраларымызды, тарихымызды, мәдениетімізді, әдебиетімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, оны зерттеп, зерделеу, болашақ ұрпаққа жеткізу өзекті болмақ.


«Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»,- дегендей, ХХ ғасыр басындағы басылымдарды бүгінгі баспасөздің тіні, яғни, негізі ретінде қарастырамыз [5, б. 8-9].

ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары ғылымның әр түрі бойынша оқулықтар жазып халық арасына тарата бастады. Баспасөзде әдебиет пен мәдениет жайындағы құнды мақалалар жарияланды. Сондай-ақ қазақ баспасөзі де ұлт мүддесіне қызмет етіп, жаңаша сипатта дамыды. Осы ретте біз ХХ ғасыр басында жарыққа көрген қазақ журналдарын зерттеп, зерделеп көрдік. Ұлт зиялыларының журнал шығаруда арнайы білімдері болмаса да ұлт мүддесін алға тартып, баспасөз арқылы халықтың санасын оятуға күш салды. Осындай үлкен жұмыстың басында жан-жақтан жиналған көзі ашық азаматтар тұрды. Бірі семинариядан келсе, енді біреулері мұғалім, дәрігер, ақын-жазушылар болып біргіп, баспасөздің негізін қалады. Негізгі мақсаттары баспасөз арқылы халықты ағарту, ұлтты ұйыстыру, сананы жаңғырту болды. Траекторияның теориясына жүгінер болсақ, «Траектория (жаңа лат. 'trajectorius' – ығысу немесе орын ауыстыруға қатысты) – материялық нүктенің қозғалысы кезіндегі біртұтас сызығы»,- дейді [10]. Ал ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының траекториялары ұлтты дамыту, ұлтты өркендету, ел болу мәселесінде қиылысты. Мақсат бірлігі болды. Ұлтты жетілдіру, ұлтты басқару, ұлтты ағарту, озық елдің санатына қосу идеясын ұстанды. Ол үшін кәсіби баспасөз керек болды. Кәсіби баспасөз қалай пайда болды, оның қалыптасу жолдары, қаржыландыруы, таралуы, атқарған қызметі, түрлері қандай? Міне, осы орайда біз «ХХ ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы» деген тақырыпты алып қазақ журналдарын зерделедік.

Зерттеу нысаны. «Журналдар мерзімді уақытта немесе мезгіл-мезгіл шығатын басылымдар болып саналады. Олар апта сайын, он күнде бір рет, екі аптада, ай сайын, тоқсан немесе одан да сирегірек уақыттарда шығып тұруы мүмкін... Журнал – Journal деген француз сөзі, яғни күнделік деген түсінік береді» [11]. Қазақ журналдары – атқаратын қызметі елді біріктіріп, қоғамда көтерілетін пікірлерді бір ізге салып, оқушысына ұсынатын құрал.

Қазақ баспасөзінің тарихында журнал шығару 1911 жылы Троицк қаласында жарық көрген «Айқап» журналынан бастау алады. **«**Айқап**»** – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911-1915 жылдары Троицк қаласында айына бір рет, кейіннен айына екі рет шығып, 88 саны жарық көрген. Редакторы – Мұхамеджан Сералин. «Айқап» қазақтың қоғамдық санасының оянуына және ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосты. Кейіннен «Садақ» – қолжазба журналы шықты. «Садақ» журналы 1915 жылдың 9 қарашасынан 1918 жылдың 10 ақпанына дейін Башқұртстанның Уфа қаласында шығып тұрған. Шығарушылар – «Ғалия» медресесінің шәкірттері. «Айқап» пен «Садақ» журналы журналистика саласы бойынша зерттелгендіктен мен бұрынырақта толық зерттелмеген журналдарды қарастырдым. Олар: «Абай», «Таң»,

«Шолпан», «Темірқазық», «Шаншар», «Қызыл Қазақстан», «Сана», «Жас қазақ», «Мұғалім» журналдары.



Сурет 1- Журналдардың аймақтық шығу картасы (*сурет автордан*)

Осы журналдардың түпнұсқасының негізінде отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулері, Алаш қайраткерлерінің жеке еңбектері мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы орталық кітапханасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының арнайы және сирек қолжазбалар қорында сақталған журналдардың түпнұсқалары, Нью-Йорк қаласындағы Колумбия университетінің кітапханасы, Қазақстан Республикасы Орталық мұрағатханасы, Шығыс Қазақстан Облысы қазіргі тарихты құжаттау орталығы, М.О. Әуезовтың мұражай үйі, М.О. Әуезовтың қолжазба қоры, Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығынан алынған журналдар мен материалдар негізіне сүйендік. Сондай-ақ қазақ баспасөзінің тарихын зерттеген ғалымдардың ізденістері де ғылыми жұмыстың зерттеу нысанына айналды.

Зерттеудің пәні. «Қазақ журналистикасының тарихы», «Журналистикаға кіріспе», «Қазақ баспасөзінің тарихы», «Алаш баспасөзі»

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Қазақстан Республикасы орталық кітапханасының сирек қолжазбалар қорындағы БАҚ материалдары, XX ғасыр басындағыдағы қазақ көсемсөзшілерінің басылым беттеріндегі жарияланымдары мен ғылыми еңбектері, ҚҰОА материалдары, XX ғасыр басынадағы қазақ журналдарының түпнұсқалары.

Зерттеу жұмысының әдістері. XX ғасыр басында жарық көрген қазақ журналдарын тарихи кезеңдерге сай бөліп қарастыру. Сол кезеңдердегі қоғамдық-саяси ахуалдарға орай бейімделу тарихын бағамдау. Басылым

мазмұны арқылы оның атқарған қызметін айқындау. Мақсатына қарай журналдардың типологиясын анықтау.

Типология деген сөздің теориясына жүгінсек - «Типология (от греч. телос – отпечаток, форма, образец и логос –слово, учение) –это, во-первых, метод научного познания, в основе которого лежит расчленение систем объектов и их группировка с помощью обобщенной, идеализированной модели или типа; во-вторых, результат типологического описания и сопоставления» [12].

Басылымдардың типологиясына орай Ресей зерттеушісі А.И. Акопов мынандай тұжырым ұсынады: «Типология периодических изданий - это область теории журналистики, включающая историко-теоретическое системное описание изданий по типоформирующим признакам, составление различных, зависящих от конкретных задач исследования, классификации изданий; выяснение взаимоотношений, связей между подвергнутыми классификации изданиями в пределах данной системы» [13]. Зертеуші А.И. Акопов «Теоретико-типологических исследование» деген зерттеу еңбегінде журналдарды тақырыбына байланысты 11 негізгі салаға бөліп қарастырған:

1. Саяси, әлеуметтік, экономикалық;
2. Техникалық;
3. Ғылыми-танымдық;
4. Ауылшаруашылық,
5. Медициналық;
6. Мәдени-ағартушылық;
7. Филологиялық;
8. Өнертану;
9. Әскери;
10. Спорттық;
11. Сауда[13, б. 11].

Сондай-ақ оларды үш деңгейге бөлген: « А – деңгейі) Жалпыға ортақ ; Б – деңгейі) Білім саласына қызығушы жалпы жұмысшыларға; Д – деңгейі) салалық мамандарға арналған» [14].

Біз де зерттеу жұмысымызда журналдарды тақырыптық бағыттарына қарай бөліп қарастыру әдістерін ұсынамыз. Осы ретте, біз XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ журналдарын басылып шыққан жерінен бастап, журналдың басты бағытын, негізгі түрлерін, басылымның мазмұны арқылы, онда бөлінген бөлімдер мен айдарлар негізінде талдадық. Содан кейін авторлар құрамы, жарияланымның ішкі құрылымы, материалдардың негізгі жанрлары, журналдың дизайны, жиілігі, көлемі, таралымы сияқты факторлар зерттелді. Мерзімді басылымдар, оның ішінде журнал басып шығарудың тәсілдеріне мән бердік. Шыққан кезеңдеріне сәйкес, ел ішіндегі тарихи жайттармен байланыстыра отырып, мұрағаттан алынған құжаттарымен салыстырдық. Бейімделуіне байланысты педагогикалық, сатиралық, ғылыми салаларға топтастырдық. Фактілер мен деректерді тұжырымдап, баға беріп, тарихи тұрғыдан талдап, жүйелеп, салыстырмалы түрде қарастыру көзделеді.

Зерттеудің әдістемелік негіздері. Ғылыми жұмысты жазу барысында қазақ баспасөзінің тарихын, теориясы мен тәжірибесі жайында елеулі еңбектер жазған ғалымдар А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Бекқожин [15], Б. Кенжебаев [16], Т. Қожакеев, С. Қозыбаев [17], Н. Омашев, Ө. Әбдиманұлы [18], Д. Қамзабекұлы [19], К. Қамзин , Б. Жақып, А. Рамазан, А. Мектеп [20], Н. Қуантайұлы [21], С. Медеубекұлы, Қ. Сақ [22], Қ. Аллаберген [23], орыс ғалымы И.А. Акопов, сондай-ақ қазақ баспасөзіне тарих, әдебиет тұрғысынан да баға берген М. Әуезов [24], С. Қирабаев , М. Қойгелдиев [25], У. Қалижан [26], Т. Жұртбай [27], Қ. Атабаев, Т. Омарбеков , А. Ісмақова [28] сынды қоғамтанушы ғалымдардың іргелі еңбектеріне сүйендік.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. XX ғасыр басындағы қазақ журналдарын, оның тарихын, функциясы мен типологиясын кешенді тұрғыда зерттеу, талдау. Докторлық диссертацияның ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұтастығын, өзектілігін ескере келе, зерттеу жұмысында мынандай мәселелерді шешу қажет:

- XX ғасыр басындағы қазақ журналдарының шығу тарихына тәуелсіздік тұрғысынан қайта қарау;
- Қазақ баспасөзі, оның ішіндегі қазақ журналдарына байланысты ғылыми мұраларды жинау, жариялау, зерттеудегі мазмұндық ерекшеліктерді анықтау;
- Араб әріптерімен басылған журналдарды толыққанды зерттеу мақсатында, кирилл қарпіне түсіріп, талдау, ғылыми айналымға енгізу;
- Қазақ баспасөзі туралы алғаш пікір білдірген ғалымдар А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Т. Рысқұлов, Х. Досмұхамедұлы, М. Сералин, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Сейфуллин т.б. еңбектерін салыстырып, сараптау;
- Қазақ журналдарындағы ұлттық сананы қалыптастыру, ұлтты өркендету қызметтерін айқындау;
- Қазақ журналдары функцияларының қалыптасу негіздерін айқындау;
- Қазақ журналдарындағы идеялық, мазмұндық, типологиялық сипаттарды айшықтау;
- Басылым беттеріндегі ұлттық сана түсініктеріне баға беру.
- Қазақ журналдарының салалық басылымдарға икемделу, бейімделу кезеңдерін айқындадау;
- Қазақ журналдарының тарихы туралы көмекші оқу құралдарын құрастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- XX ғасыр басындағы қазақ журналдарының тарихы, атқарған қызметі мен типологиясы алғаш рет бір жүйеде қарастырылды;
- Қазақ журналдары тұңғыш рет салалық журналдар ретінде зерттелді;
- Зерттеуде күні бүгінге дейін ғалымдардың назарына ілікпеген «Абай» журналының соңғы 12 саны табылып, ол араб қарпінен кириллге түсіріліп, ғылыми айналымға енгізілді;
- Салалық журнал ретінде қарастырылған «Мұғалім», «Темірқазық» журналдары араб қарпінен кириллге ауыстырылып жеке кітап ретінде басылды. Қазақтың тұңғыш сатира журналы– «Шаншардың» бір жылда шыққан 1-ші

санының екі түрлі нұсқасы ҚМОА қорынан табылып, кирилл қарпіне түсіріліп, ғылыми айналымға қосылды.

- Халқымыздың дербес елдігі үшін күрескен алаш ардақтыларының баспасөз беттерінде көтерген мәселелері, жазған хаттары, қазақ халқының саяси-әлеуметтік, шаруашылық, рухани-ағартушылық мәселелері қазіргі ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырылды.

Зерттеу жұмысының теориялық мәні:

- XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ журналдарының шығу тарихы, атқарған қызметі мен олардың салалық журналдарға бөлінуі теориялық тұрғыдан талданды;

- Ғылыми жұмысың нәтижелері мен пайымдаулары қазақ баспасөзінің тарихы туралы зерттеулердің ғылыми-теориялық негіздері мен ұстанымдарын нақтылауға және оның мәселелерін саралауға көмегін тигізеді;

- Зерттеу барысында жүргізілген мәтіндік, текстологиялық талдаулар журналдардың түпнұсқа негізін құрайды;

Зерттеу жұмысының тәжірибелік мәні.

Жоғарыда айтылған журналдар туралы кезінде ғалымдарымыз зерттеулер жүргізді. Олардың көпшілігі коммунистік жүйеде тәрбиеленген, қызыл идеология санасын әбден дендеп, көзқарастарын қалыптастырып жіберген болатын. Сондықтан да сол замандағы ұлттық мәселелерге оң баға бере алмады. СОКП Орталық комитетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің қаулы-қарарларынан, ленинизм қағидаларынан шыға алмады. Сондықтан да көп жағдайда бір сарында, бір мазмұнды зерттеулер жүргізілді. Шындық бұрмаланды. Тәуелсіздікті аңсаған ұлт зиялыларына «алашордашыл, ұлтшылдар» деген айыптар тағылып, «халық жауы» деп қудаланды, абақтыға қамалып, атылды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана тарихымызды еркін, тәуелсіз көзқараспен зерттеуге мүмкіндік алдық. Мемлекет тарапынан «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мегажобалар қабылданды. Ол журналдарды жаңаша көзқараспен зерттеуге жол ашты.

Зерттеу жұмысының материалдарын «Қазақ журналистикасының тарихы», «Алаш баспасөзі» бойынша оқу құралдарын, теориялық дәрістерді құрастыруда, сонымен қоса студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

Журналдардың шығу тарихын зерттей отырып, мынандай тұжырымдар жасадық:

1. «Абай» журналы ұлттық идеяны насихаттады, халықтың саяси сауатын ашуға күш жұмсады, мәдени-ағартушылық ісін жүргізді. «Абай» журналы Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығын зерттеуде үлкен үлес атқарады. Алаш қозғалысын зерттеу барысында өзіндік орны бар журналдың мазмұндық идеясы, санаға қозғау салған ұлттық бағыты бүгінгі тәуелсіз Қазақстан идеясымен сабақтас.

2. Ұлт баспасөзінің қалыптасу тарихында «Шолпан» журналының алатын рөлі зор. «Шолпан» халықты қоғамдық-саяси хабарларымен қамтамасыз етіп қана қоймай, әрі ағартушылық, әрі әдебиет пен мәдениетті насихаттау қызметін атқарды. Халықтың рухани қажеттілігін толтыру, әдеби шығармалармен сусындату мақсатында «Шолпан» журналының шығарушылары арнайы әдебиет бөлімін арнады. Оның нәтижесінде, қазақ әдебиетінің жауһар туындылары көпшілікке тарады. «Шолпан» журналы баспасөз тарихында саясат, шаруашылық, білім-мазмұнында шығатын журналдың үлгісін көрсеткен басылым болды.

3. «Таң» журналы қалың көпшілікке жол сілтеген, ұлттық рухты, намысты оятуға үндеп, болашаққа бағыт-бағдар берген баспасөз жаршысы болды. Алға қойған мақсаты арқылы функциясын дұрыс атқарды. Араға жылдар салып, бір ғасыр уақыт өтсе де журналда басылған дүниелер өзінің құндылығын жойған жоқ.

4. «Қызыл Қазақстан» журналы кеңес дәуірінде шыққан басылым болса да, қазақ халқының сол дәуірде басынан кешкен оқиғаларын ел құлағына жеткізді. Әсіресе, аштық жылдары журнал халықтың хәлін, мұңы мен зарын ашық жариялады. Осы жолда аянбай халқына еңбек еткен алаш арыстары Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтың күрескерлік қырларына тағы да көз жеткіземіз. Заманың қиындығына қарамай баспасөз арқылы халыққа қолдау білдірген қалам-қайраткерлері Ерғали Алдоңғаров, Абдолла Асылбеков, Нығмет Нұрмақов, Смағұл Сәдуақасовтардың кісілік келбетін бағамдаймыз.

5. Мәскеу қаласы, «Күншығыс» баспасынан шыққан «Темірқазық» журналы туралы тұжырымдай келе, елден жырақ шықса да қалың қазақ елінің оқырмандарына тараған:

1) ұлт мәселесі көтерілген;

2) қазақтың саяси – тарихы тұрмысынан мәселелер қозғалған;

3) қазақ оқушыларының жәй-күйі, білім күші бағамдалған;

4) қазақ елінде мектептер қалайша құрыла бастау керек, еңбек мектебі дегеніміз не?, қазақ тілінің жазу мәселесі қалай шешілмек, деген ойларды қозғаған;

5) ауыз әдебиетінің үлгілері басылды.

Мәскеудің төрінен елге тараған «Темірқазық» журналы қазақ баспасөзінің тарихында ғана емес, оның қоғамдық сана соқпағының дамуында да өзгеше із қалдырды.

6. «Жас қазақ» журналы жастар арасында үлкен ықпалға ие болғанын бағамдаймыз. 1923 жылдың қазанынан жарыққа шыққан журнал 1925 жылға дейін өмір сүріп, 13 саны жарыққа шықты. «Жас қазақ» журналы жастар арасында кең тараған, жастар мәселесін үндеу арқылы жастарға ой сала отырып, оларды жұмылдырып, армандарына қанат бітірген тұңғыш жастар журналы деуге негіз бар.

7. Аз ғұмырында артына өшпестей із қалдырған «Сана» журналының шоқтығы биік, өз заманының төрінен орын алған, болашаққа батыл қадам жасап, көрегендік танытқан бірегей басылым болғанын айтамыз. Журнал қазақ зиялы

қауымның мінбері бола білді. Журнал ғылым-білімнің көкжиегіне айнала алды. Журнал өзінің шыққан қысқа мерзімінде сол кезеңнің өзекті оқиғалары мен мәліметтерін айқын және нақты жариялаумен есте қалды.

8. «Шаншар» журналының пайда болуының әлеуметтік-қоғамдық һәм саяси алғышарттарын зерделеу арқылы қазақ елінің өтпелі кезеңдегі болмысының бүгінге дейін елеусіз келген тұстарын пайымдаймыз. Қазақ әдебиетінің сатиралық жанрларының журналдық нұсқаларының бастауларына барлау жасау мүмкіндігіне ие боламыз. Көсемсөздің сатиралық туындыларына ғылыми екшеу жүргіземіз. Сол кездегі қазақ зиялыларының шығармашылық ізденістеріне қанығамыз. Ең бастысы – мәдени-рухани тарихымыздағы ақтаңдақтардың орнын толтырамыз.

9. Тұңғыш педагогикалық «Мұғалім» журналында жарияланған мақалалардың тақырыптық-идеялық және құрылымдық сипатын бағамдағанда біз мынадай ой түйеміз: журнал кәсіби қазақ баспасөзінің алғашқы ізашарларының бірі, ұлттық оқу-ағарту бағытындағы алғашқы журнал, баспасөз мәдениетін қалыптастыруда өзіндік тарихи орны бар журнал, тұңғыш педагогикалық басылым.

10. XX ғасыр басындағы баспасөз беттерінде оқу- ағарту жұмыстары, әдеби шығармалармен таныстыру жүргізілді, қазіргі ұрпақ үшін өшпес мұра болып табылатын тарихи оқиғалар, құбылыстар, ақпараттар жарияланды.

11. Диссертациялық жұмыс қазақ баспасөзі тарихының көкейкесті кезеңі туралы жан-жақты ғылыми сараптау жасайды. Өз заманының рухани сұранысын ақтағанын айғақтайды. Ғылыми зерттеу барысында қазақ баспасөзі тарихының өткені мен бүгінінің сабақтастығын көрсетіледі, оның жаңа ұрпақты ұлттық патриоттық рухта тәрбиелеуге әлі де қажет екендігі тұжырымдалады.

Зерттеу жұмысының жариялануы және мақұлдануы. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 12 мақала жарияланды, 6 қосымша оқу құралы, 1 аудиохрестоматия дайындалды. Соның ішінде, **Scopus мәліметтер базасында:** «Publicism of the early 20th century: manuscripts of Maspkhur Zhusup» // Man in India, 97 (14): 420-429. **Томсон Рейтер.** Highlighting of issues of national identification in the Kazakhstan press of the late-soviet period, AD ALTA: Journal of Interdisciplinary Researchopen journal - 09/01-VII.

Халықаралық конференцияларда:

1. «Сана» журналы- ғылыми-танымдық көсемсөздің қанат жаюы // Моңғолия Біріккен Журналистер одағының Баян-Өлгий аймағындағы кеңесі, Дүниежүзілік Баспасөз еркіндігі күніне орай ұйымдастырылған «Алтай мұралары» атты Халықаралық ғылыми практикалық конференция, Монгол УЛС. – 2017. – Б.40-61, ISBN 978-99978-0-883.

2. «Абай» журналы және абайтану мәселелері // Uluslararasi Dede Korkut türk tarihi kültürü ve edebiyati sempozyumu 20-23 mart, 2018 Antalya., Tam metin kitabi, Iksad yayınevi – 2018. – Б.164-174 ISBN 978-605-7923-12-7.

3. Сын мен шынның үні – «Шаншар» //Алаш Орданың 100 жылдығына арналған «Алаш Орда: тәуелсіз Қазақстан идеясының орындалуы» атты

халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті. Алматы, 24 қараша. – 2017. – Б.260-267

4. Алаш баспасөзі һәм тіл мәселесі // Алаш қозғалысының 100 жылдығы және «Сарыарқа» газетінің 100 жылдығына арналған «Алаш көсемсөзі- рухани жаңғыру парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Алматы, 24 қараша, 2017. – Б.106-111.

5. Қазақ баспасөзі тарихын оқытудағы жаңашылдықтар // Журналистика білім беру бағдарламалары модельдері: кәсіби стандарттар интеграциясы II Халықаралық Журналистика форумы. Түркістан 24-25 қараша, 2018. – Б.111-113.

6. «Темірқазық» журналы және Әлихан Бөкейханов // «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019. – Б.102-106. ISBN 978-601-04-3837-8.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы комитет тізіміне енетін басылымдардағы жарияланымдар:

1. «Абай» журналы – ұлт руханиятының алтын қазығы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – 2017. №1(43) – Б. 29-33.

2. «Шаншар»– қазақтың тұңғыш күлкі журналы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – 2017. №4(46) – Б. 130-135.

3. «Қызыл Қазақстан» журналындағы ашаршылық мәселесі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – 2018. №1(48) – Б. 179-185.

4. «Шолпан» журналы және ұлттық мәселелер // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – 2019. №1(50) – Б. 79-85.

Зерттеу тақырыбына орай 6-көмекші оқу құралы, 1- аудиохрестоматия жарық көрді:

1. «Абай» журналының 12-саны: көмекші оқу құралы / құраст.: А. Ақынбекова.– Алматы, Қазақ университеті, 2017.– 66 б. ISBN 978-601-04-2649-8

2. «Шаншар» журналының 1-саны: көмекші оқу құралы / құраст.; А. Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.– 58 б. ISBN 978-601-04-3065- 5

3. «Шаншар» журналының 1-санының екінші нұсқасы / құраст.; А. Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.– 42 б. ISBN 978-601-04-3442-4

4. «Темірқазық» журналының 1-саны: көмекші оқу құралы / құраст.; А. Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.– 104 б. ISBN 978-601-04-3679-4

5. «Темірқазық» журналының 2-3-саны: көмекші оқу құралы / құраст.; А. Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.– 226 б. ISBN 978-601-04-3687-9

6. «Мұғалім» журналының 7-саны: көмекші оқу құралы / құраст.; А. Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.– 58 б. ISBN 978-601-03-3959-6

7. «Абай» журналының 100 жылдығына «Абайдың қара сөздері»/ аудиохрестоматия, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «әл-Фараби» радиосы, 2018 ж.

Диссертацияның қолжазбасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультеті, Баспасөз және электронды кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу еңбегі – кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация жұмысының көлемі 136 бетті құрайды.

1 АЛАШ ҰРАНДЫ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ – МАЗМҰНДЫҚ ТРЕНДІ

1.1 «Абай» журналы – ұлт руханиятының ұйытқысы

XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің ұлттың санасын оятудағы маңызы зор болды. «Түнерген бұлттар арасынан» («Қазақ» газеті) кейде ыммен айтып, кейде еппен айтып саяси ахуалдан хабардар ете отырып, ұлт рухын оятуды мақсат еткен, халықты өнер, білімге үндеген, етек-жеңін жиып, еңсесін тіктеуге жетелеген «Қазақ» газетінің дара жолын төңкерістің алды-артында шыққан қазақ басылымдарының дені үлгі тұтты. «Қазақ» газеті салған соқпақ жолды сүрлеуге айналдырды. Жердің шалғайлығына қарамастан әр аймақта шыққан қазақ басылымдарының мақсаты бір, бағыттары айқын еді. Ол – алаштың жолы, тәуелсіздікті ұлы мұрат еткен күрескерлік жол. Алаштың жолында иық тірестіре тұрған «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Абай» сынды басылымдардың патриоттық ұстанымы, ұлтжандылық қасиеті бүгінгі басылымдардың қай-қайсысына болса да үлгі болатындай.

«Абай» деген журналдың жарық көретінін алғаш рет оқырмандар «Сарыарқа» газетінің 1917 жылы 26 декабрьдегі 26-санының алғашқы бетіндегі «Құлақтандырудан» біледі. «Алғашқы жазып тұрушылар: Мәннан Тұрғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев, Сейтбаттал Мұстафин. Бағасы: 1 жылға 13 сом, жарты жылға 7 сом, үш айға 3 сом, бір нөмері 60 тиын. Адресі: Заречная Слободка Семип. об. Редакция журнала «Абай»,- деп оқырмандарға журналды насихаттау жарнамасы басылады [29]. Дәл осы «Құлақтандыру» мәтінін «Сарыарқаның» келесі санында да, яғни 27-санының бірінші бетіне қайта басады. Осылайша журналды алғашында 15 қаңтарда шығармақшы болғанымен, баспаханашылар ереуіл жасап, кешігіп шығады [30]. Журнал айына екі мәрте шығады делінгенмен, ақпан айында ғана екі рет шыққан, қалған уақыттарда айына бір рет шығып отырған. Кей саны 16 бет, кей саны 17 бет, кей саны 21 бет көлемінде жарық көрді. Осылайша, «Абай» журналы Алаш қаласында 15 қаңтардан бастап шыға бастайды.

«Абай» журналын ашқандағы мақсат Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде көркейтіп нығайтпақ [31]. «Абай» журналының алғашқы санында оның ұстанған жолының бірі Абайдың өмірі, қара сөздері, өлеңдері басылып тұрмақ деген». Осылайша 1918 жылдың 4 ақпан (жексенбі) күні 1-саны жарық көріп, алғашқы санының 1-бетінде «Журнал туралы» деген көлемді мақала басылады. Онда:

«Өмір жолы – тар соқпақ, иілген жақ,
Иілтіп екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тиянақ, тыныштық жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ!» - деген Абайдың өлеңі негізге алынған. Абай өлеңінің шумақтарымен басталуының себептерін де нақтылай түскеніміз жөн. Зерттеушілердің айтуынша, журналды шығару жөніндегі ұсыныс қазақ зиялыларының арасында Абай Құнанбайұлының қазасының он жылдығына

байланысты Семей қаласында өткізілген үлкен жиылыс үстінде бекітілген екен. Алайда, сол кездегі тарихи жағдайларға байланысты, бірінші дүниежүзілік соғыстың басталып кетуі және патшалық Ресейдің отарлау саясатының бұрынғысынан да күшейе түсуіне байланысты журнал шығару кейінге қалдырылған [32]. Араға біраз жылдар салып алаш ұранды басылым – «Абай» журналы 1918 жылдың 4 ақпанынан бастап Алаш қаласында (қазіргі Жаңасемей) шықты.

Журналдың мақсатын, бағытын алғашқы санында редактор Жүсіпбек Аймауытов «Журнал туралы» атты мақаласында айқын көрсетті. «Журналдың атын «Абай» қойған соң әдеби жолын ғана тұтыну керек еді дер біреу. Оған айтатынымыз: Абай жалғыз ғана ақын (литератор) болды деуге болмайды» [31, б. 1]. Расында да, Абай Құнанбайұлы қазақтың тұрмыс-тіршілігін, қазақ мінезінің кемшілігі мен артықшылығын көрсеткен. Сондықтан да журнал саяси, мәдени, шаруашылық, әдеби бағытын бірдей алып жүруді мақсат еткен. Ошақтың үш бұты сияқты әдебиетті де, ғылымды да, шаруашылықты да қатар қамтыған журналдың негізгі тақырыптары: Абай өнері, Абай ұрпағының шығармашылығы, ғылым, білім, жаңадан ашылып жатқан кооператив, серіктестіктер туралы және әйел теңдігі мәселесі. Сондай-ақ журналдың жиі көтерген тақырыбы – алаш тақырыбы болды. Басылымның үшінші санынан бастап, Алашорда үкіметінің іс-әрекеті үзбей жарияланып отырды. Журнал бетіндегі алаш тақырыбына қатысты жарияланымдардың қазақ елінің шынайы тарихын қалыптастырудағы үлесі қомақты.

«Абай» журналының алғашқы санының соңғы бетінде Шығарушы: Жүсіпбек Аймауытов, Бастырушы: «Жанар» ұйымы деп басылғанымен журналдың 2-санында «Басқармадан» деп түзету енгізілген хабарлама жарияланған. Онда: «Алғашқы нөмірінде шығарушы Жүсіпбек Аймауытов, бастырушы «Жанар» ұйымы деп қате басылған. Түзуі – шығарушы: Алаш қаласындағы Уақ қарыз серіктігі»,- деп түзету енгізеді [33]. Бұл түзетуден аңғаратынымыз, «Абай» журналына қаржылық көмек көрсетіп, шығуына жәрдем берген сол кездегі «Уақ қарыз серіктігі» екені анық.

Осылайша, «Абай» журналы «Уақ қарыз серіктестігінің» қаржылай қолдауымен шығып, қазақ комитеті баспаханасында басылып шығады. Қазақ комитеті баспаханасы Семейдегі ағайынды Нығматуллиндердің «Жәрдем» баспаханасының негізінде ашылған. «Жәрдем» баспаханасы, Семей облыстық қазақ комитеті жанынан сол кездегі ауқатты адамдардың қаражатына сатып алынса керек. Мәселен, Тоқтарбай Қазбалинов «Абай» журналын ашуға қаржы берген Қаражан» мақаласында банкротқа ұшыраған бұл баспахананы Қаражан Үкібаев 11 мың рубльге сатып алғаны, әуелгіде баспахана цехы татар көпесі Садық Нығматуллиннің қала орталығындағы биік екі қабатты сауда үйінің ауласында орналасқаны, 1962 жылы жүргізілген құрлыс жұмыстарына байланысты бұзылып тасталған осы ескі ғимараттың орнында қазір «Дана» сауда кешені тұрғаны, сондай-ақ, кезінде меценат Қаражанның «Абай» журналын жарыққа шығаруға да қаржылай көмек жасағаны» туралы жазады [34].

«Осы уақытқа дейін зерттеушілер тарапынан журнал тарихына қатысты біршама деректер қамтылғанымен, екі мәселеге байланысты тиянақты байлам жоқ екенін байқадық. Бірінші мәселе журналдың қанша саны шыққандығына байланысты туындап отыр. Екінші мәселе журналдың редакторы төңірегіндегі пікір таласы» [35].

Журналдың қанша саны шыққандығы жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Баспасөз тарихын зерттеуші Б. Кенжебаевтың: «Абай» журналы 1918 жылдың ақпан айынан сол жылғы қазан айына дейін Алаш қаласында шығып тұрды. Жиыны 11-саны шықты» [16, б. 21] деген пікірімен үндес пікірлер Қ. Аллаберген [23, б. 87] мен Ө. Әбдиманұлы [18, б. 6], М. Мукашева [36] еңбектерінде көрініс тапты. Ал «Абай» журналының 12 саны шыққан деген пікір 1992 жылы қайта басылып шыққан «Абай» журналы арқылы оқырманға жетеді [37]. С. Мұқанов та журналдың 12 саны шыққандығын айтқан [37, б. 57]. Сонымен қатар академик У. Қалижанов [38], профессор Б. Жақып [11, б. 36], қайта шыққан «Абай» журналының алғашқы шығарушы - редакторы Р. Мұсаұлы [39] журналдың 12 саны шықты деген пікірді ұстанған. Алаштанушы ғалым К. Нұрпейісов те өзінің «Алаш һәм Алашорда» еңбегінде басылымның 12- саны ғана тарады» – деп жазған [40, б. 26]. Ал Жүсіпбек Аймауытовтың өзі «Абай» қалай жабылды?» мақаласында: «Өткен 1918 жылдың ақпанынан бастап «Абай» журналы оқырманға тарап, 12- саны шығып, он ай өмір сүрді», - деп журналдың 12 нөмірі шыққандығын айтады [41].

Бізде өз тарапымыздан «Абай» журналының 12-ші санын іздестірдік, ақыры үмітіміз ақталды. Журналдың соңғы саны, 2017 жылдың наурыз айында, Алматы қаласындағы М. О. Әуезов мұражай үйінен табылды.

«Абай» журналының 12-ші саны 1918 жылдың 15 ноябрінде жарық көрген екен. Ұлттық руханияттың олжасына айналған журналдың соңғы санында Мұхтар Әуезовтің «Өліп таусылу қаупі», Шәріп Ақпанның «Опасыздық, берекесіздік» мақаласы, «Кооперация жайынан», «Жұмсаушы жалшы» (авторлары көрсетілмеген – авт.) мақалалары, Ғайса Тоқтарбековтің «Ғылым тілі туралы» мақаласы, Абай Құнанбайұлының «Есті мен ессіздік парқы» атты қарасөзі, «Жан» (М. Жұмабаев - авт.) деген автордың «Сағындым» атты өлеңі, «Ж.А.» (Ж. Аймауытов - авт.) деген бүркеншік есіммен «Көшу» атты өлең және «Уақ-қарыз серіктігінің жалпы ережесі», Мағауия Абайбаласының «Медіғат-Қасым» поэмасынан үзінді басылған [42].

Яғни, бұдан кейінгі кезеңде «Абай» журналының 12-ші саны шықты деп айтуға нақты дәлеліміз бар. Көзбен көрдік, қолмен ұстадық, көңіл толды. Журналдың 12-саны табылған соң төте жазудан кирилл қарпіне түсіріліп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғ. Мұтановтың алғысөзімен «Қазақ университеті» баспа үйінен басылып шығып, ғылыми айналымға енді.

Журнал 12 санынан кейін шықпай, тоқтап қалғанымен, шығарушы Жүсіпбек Аймауытов басылым жалғасын табады деген сенімде болған. Ол 1919 жылы «Сарыарқа» газетіне жарияланған «Газет-журнал оқушыларға», - атты хабарландыруда былай деп жазады: «Қазақтың бір газет, бір журналы подписшігі жоқтықтан жабылып қалды деп Новониколайскіде шығатын орыс

газетінде жазылды» [43]. Дегенмен де, Жүсіпбек Аймауытұлы журналдың жабылды дегенін бекерге шығарады. «Жас Азамат» газетінің шығып жатқанын, ал «Абай» журналы сәл қаржылық қиындықтарға кезіккенін айта отырып, жалғыз журнал жабыла қоймас, деп Омбы жастарынан бір мың сом, Семей жастарынан бес мың сом көмек келгенін айтады. Егер де тағы да осындай демеушілер табылып жатса, «Абай» журналы оқырмандарына жол тартатынын жеткізеді. Осы ретте, журналдың уақытша шықпай қалуына байланысты 900 алушысынан кешірім сұрауды да ұмытпайды.

Бірақ, өкінішке орай Жүсіпбек Аймауытовтың үміті ақталмады. Дегенімен де тарихшы Тұрсын Жұртбай: «Абай» журналы 1918 жылы Семей қаласында «Жанар» ұйымымен «Уақ қарыз серіктігінің» қаржысына шыға бастады. Ол ақпан-қазан айларының арасында үзбей жарияланып тұрды да қаржы тапшылығынан жабылып қалды. «Абай» қазақтың тұңғыш ғылыми-көпшілік, әдеби, шаруашылық басылымы болып есептеледі. Шығарушылылар: Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов. Жиыны 13 саны жарық көрді. Соңғы 13 саны таралмай қалған», - деп жазады [27, б. 285]. Әрине бұл деректер толық келісуді қажет етпейді. Біріншіден, «Абай» журналы ақпан-қазан айларының арасында емес, журналдың соңғы 12-саны 15 қарашада шыққан болса, ақпан-қараша айларының арасында шығып тұрған. Екіншіден, жиыны 13 саны шықты деген пікір еш дерекке негіз бола алмайды. Өйткені, осы күнге дейін 13-ші саны шықты деген дерек еш жерде жоқ. Ал әдебиеттанушы А. Ісмақованың «Алаш әдебиеттануы» еңбегінде «Абай» журналының 15-санында жарияланған «Екеудің» «Абайдан соңғы ақындар» мақаласына талдау жасалады [28, б. 165]. Негізінен, бұл мақала «Абай» журналының 15-санында емес, 5-санында басылған. Техникалық қателік кетіп, артық сан басылып кетті дегеннің өзінде мұндай дүниелерге абай болуымыз керек.

Журналдың шығарушысына қатысты бірнеше көзқарастың орын алғаны рас. Егемендігіміздің алғашқы жылдарында жарық көрген ғылыми еңбектерде басылымның шығарушылары Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің есімдері қатар аталынып жүрді [44]. Дәл осы көзқарастағы К. Сыздықұлының «Мұхтар Әуезов және «Абай» журналы» деген мақаласындағы мына бір дерек бізді ойлануға жетелейтіндей: «Кейінірек 1953 жылы жазған өмірбаянында жазушы: «Обучаясь в учительской семинарии в 1918-1919 гг., я сотрудничал в журнале «Абай», издавшемся на средств алашского кредитного товарищества силами учащейся молодежи. Общественно-литературный журнал «Абай» не был органом правительства Алаш-орды, но имел в основе своей культурно-просветительной программы националистическую направленность. В нем сотрудничали молодые литераторы и учителя, здесь не сотрудничал ни один из видных деятелей, публицистов, литераторов, членов «Алаш-орды». Являясь членом редколлегии, я никогда не был редактором журнала «Абай», - деп жазады [45].

Ал соңғы жылдары зерттеушілердің біразы «Абай» журналының редакторы Ж. Аймауытов екендігін айқын көрсетіп жүр [21, б. 58], [18, б. 6]. Ақиқатқа жүгінсек, журналдың 2, 3 сандарында ғана «Шығарушы – Басқарма», - деп көрсетілген, ал қалған 1, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12 сандарында «Шығарушы –

Жүсіпбек Аймауытов, кей сандарында Юсупбек Аймауытов», - деп жазылған. Сондықтан журналдың редакторы – Жүсіпбек Аймауытов болды деп сеніммен айтамыз.

1918 жылы 2 сәуірде Сталиннің Мәскеуден телеграф желісі арқылы Семейдегі Алашорда үкіметі басшыларымен қазақ автономиясы туралы сөйлескен хабарын алғаш естісімен Ж. Аймауытов пен М. Әуезов «Абай» журналында: «Қуаныш құтты болсын! Журналымыз басылып қойғаннан кейін мынандай қуанышты хабар алып, теңдікке, билікке сусаған Алаштың ауылын қуантқалы журналдың тысына осы хабарды асығып басып отырмыз. 20 март күні (ескіше) Мәскеудегі Совет үкіметінің басшысы Ленин мен халық комиссары Сталиннен Әлихан Бөкейханұлы мен Тоғжан Ғаббасовтың атына жеделхат келді. Мұндағы Халел, Әлімхан «прямой переводпен» ауызба-ауыз Ленин мен Сталинге телеграммамен сөйлескендегі жауабы мынау: «Әр халықтың өз билігін өзіне береміз деп шашқан закон-жарлығымыз сол қалпында, айтқанымыз айтқан», - деп қол қойған екен. Яғни, Мәскеуден келген жеделхатта қазақ халқы өзінің автономиясын жариялай алады, ол үшін комиссия құрып, істі тездету керек екенін айтып, өз теңдіктеріңіз өздеріңізде болады деген уәделерін береді.

Дәл осы сәтті, осы сөзді тағатсыздана күтіп отырған қазақ жұрты қуанышын жасыра алмай баспасөз бетіне жариялайды. «Ал, Алаш! Қабағың қатып, көңілің жабығып тұр едің. Ілгері басқан аяғың кейін кетуге таянып еді. Бодандық көліне түсіп жоғала жаздап едің... Құдай берді, Жарылқады!» - деп журнал бетіне өздерінің қуаныштарын білдірген болатын [46]. Қазақ ел болғалы еңсесін тіктей алмай, өзге елге тәуелді болды. Енді жақсы хабар келген соң жүрегін ар мен намыс кернеген Алаштың азаматтарына азаттықтың таңы ататын болды, деп қуанады.

Елді жігерлендіріп, елдікке бастаған елеулі оқиғалар Алашорда үкіметі құжаттарынан да көрніс тауып отырған.

«Алаш-Орда телеграммасы РКФСР СНК-мен келіссөздердің барысы туралы аудандық қазақ комитеттеріне

Семей 16 сәуір 1918 ж.

Біз халықтық комиссарлар кеңесі арқылы автономия бойынша тікелей келіссөздер жүргіземіз. Халық комиссарларының кеңесін кеңестік биліктің мойындауына байланысты біздің автономиямызды таниды. Біз Орда атынан ресми түрде тапсырдық. Халық комиссарлары кеңесіндегі біздің өкілдеріміз телеграф жүйесінде: Халық комиссарлары кеңесі біздің ұсынысымызға ресми жауап дайындайды, Қырғыз ұйымдарының қамауға алынған мүшелерін, Алаш-Орда тағайындаған адамдарды босату туралы Министрлер Кеңесіне бұйрық шығарды. Автономия Алаш жақында жарияланатын болады, Ресей Федерациясы ГА-ның тұрғындарын хабардар етіңіз. F.1701. Op.1.D. 6C.51. Жазу көшірмесі [47].

«Абай» журналының әр санында М. Әуезовтың мақалалары басылып отырған. Журналдың – Алаш идеясын ұстанушы басылым болғанына ғалымдардың пікірімен дәлел келтіре кетсек: «Мұхтардың көзқарасын қалыптастырған тағы бір саяси мектеп бар. Ол – Алаш идеясы» [48] «Бұл бала

Мұқтардың көзі ашық, көкірегі ояу кезіне тап келді. 20 жасар Мұхтар Әуезов «Алашорда» үкіметінің мақсат-мүддесін өмірлік мақсаты деп түсінді, әрі оның жұмысына белсене араласты», - деп жазады зерттеуші-ғалымдар [49].

М. О Әуезовтің қолжазба мұрасында «Өз жайымнан мағлұмат» деген жазбасы бар. Сонда Мұхтар Әуезов: «Баспасөзде жұмыс жасауым 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен тығыз байланысты. Ондағы мақалаларым сырлы әдебиет емес, жалпы мақалалар, балалықтың, жастық шақтың әр сайға басын соққан сандалысы, далбасалығы сияқты», - деп жазады. [50]. Осы қолжазбаға орай академик У. Қалижанов: «Атына заты сай келе бермеген журнал қызметі оны қызықтыра қоймады», - дейді [49, б. 5].

Алайда М. Әуезовтің қуатты қаламынан туған «Ғылым», «Философия жайынан», «Жапония», «Ғылым тілі», «Мәдениет һәм ұлт», «Абайдың өнері һәм қызметі» (Екеу), «Өліп таусылу қаупі» т.б. ғылыми-танымдық мақалаларының мән-маңызы зор болды. Мұхтар Әуезовтің Лев Толстойдың «Будда» шығармасының аудармасы «Абай» журналының 1918 жылғы 1-санында жарияланады [33, б. 5-7]. Бұл шығарма – М. Әуезовтің аударма саласындағы алғашқы талпынысы. Осылайша «Абай» журналы – ғылыми, әдеби басылым болғандықтан танымдық мақалаларға да ерекше көңіл бөлді. «Абайдың өнері һәм қызметі» - М. Әуезовтің абайтану саласындағы тұңғыш өмірбаяндық-шығармашылық зерттеу еңбегі. Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 2-санының 1-3 беттерінде жарияланды. Журналдың 2-санында М. Әуезовтің 3 мақаласы қатарынан жарық көрген. «Абайдың өнері һәм қызметі» – «Екеу» деген бүркеншік есіммен берілсе, «Қазақ ішіндегі партия неден?» – «М.Ә», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» – «Мұхтар» деген атпен жарияланған. Төмендегі кестеде біз М. Әуезовтің «Абай» журналының әр санына басқан мақалаларын түсінікті болу үшін кесте түрінде беруді жөн көрдік.

Кесте 1 – М. Әуезовтің «Абай» журналына жариялаған мақалалар тізімі

Журнал, шыққан жылы, саны	Мақала	Автор (бүркеншік есім)
1	2	3
«Абай» 1918, 1	«Будда» (Лев Толстойдан аударма)	Мұхтар
«Абай» 1918, 2	«Абайдың өмірі һәм қызметі»	Екеу
	«Қазақ ішінді партия неден?»	М. Ә.
	«Мәдениетке қай кәсіп жуық?»»	Мұхтар
«Абай» 1918, 3	«Философия жайынан»	М.Ә.
«Абай» 1918, 4	«Япония»	Мұхтар
«Абай» 1918, 5	«Абайдан соңғы ақындар»	Екеу
«Абай» 1918, 6	«Бірінші жалпы жастар съезі»	Мұхтар
	«Жастар ұйымдарына ашық хат»	Мұхтар Әуезов

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
«Абай» 1918, 7	«Ғылым тілі»	Мұхтар
«Абай» 1918, 8	«Қазақ әйелі»	Мұхтар
«Абай» 1918, 9	«Қазіргі қазақ күйі»	Мұхтар
	«Қазақ қашан жетіледі?»	Мұхтар
«Абай»1918, 10	«Мәдениет һәм ұлт»	Мұхтар
	«Земство һәм кооператив қауымдары»	Мұхтар
«Абай» 1918, 11	«Оқу ісі»	Мұхтар
«Абай» 1918, 12	«Өліп таусылу қаупі»	Мұхтар
Ескертпе – кесте автордан		

Осылайша, М. Әуезовтің мақалалары «Абай» журналының әр санына, тіпті бір санына екі-үш мақаладан жариялап отырған. Сондықтан М. Әуезовтің «Абай» журналына көңілі толмаған деген пікірге толық қосыла алмаймыз. Академик У. Қалижанов, мүмкін, М. Әуезовтің әдеби туындылары емес, публицистикалық дүниелерінің көптігінен жоғарыдағы тоқтамға келген болар. М. Әуезовтің «Абай» журналына жазған мақалаларының қай-қайсысын алып қарасақ та, тақырып атауларынан-ақ байқалып тұрғандай, жеңіл-желпі шаруаларды емес, сол кезеңнің негізгі саяси-шаруашлық, әлеуметтік мәселелерін қозғады. Сөзіміз дәлелді болу үшін М. Әуезовтің «Қазіргі қазақтың күйі» деген мақаласына тоқтала кетсек. Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 9-санында жарық көрген, соңына «Мұхтар» деп қол қойған. «Абай» журналындағы нұсқа бойынша кирилл һәрпіне түсіріліп, шығармалар жинағының елу томдық басылымына ұсынған ғалым – Бейсебай Байғалиев [28, б. 359].

Зерттеу барысында журналдың 9-шы санын кездестірмесек те зерттеуші, ғалым Т. Жұртбайдың зерттеу жұмыстары барысында 9-шы санында жарияланған екі мақаланы М.Әуезовтің елу томдығының ішінен кездестіреміз [28, б. 85]. Мақалада автор ақпан төңкерісіне дейінгі ұлттың жағдайын ашына жазады. Халықтың жайын бағамдай келе: «Ол күнді көрген ащы мен тұщыға ешкімді кінәләп уақыт өткізу керек емес. Шүкіршілік. Бұдан былай қазақ жарға жығылса обалы, жақсылыққа жетсе мақтаны – оқыған азаматта», - деп көзі ашық, оқыған азаматтарға үміт артады [28, б. 85]. Қиын заманның өткенін тілге тиек етіп, келер күннен зор үміт күтеді. Ендігі сәтте қазақ өз басшысының етегінен ұстап, дүниеге жаңа түйсікпен, жаңа танымммен қадам басауды аңсайды. Басшылықта қазақтың оқыған азаматтарын көргісі келеді. Бұл мақала «Алаш» партиясы мен «Алашорда» халықтық кеңесінің құрылуының бір жылдығына орай жазылған [28, б. 359]. Мақалада енжарлықтың себептері жекелей талданады. Зеттеуші Т. Жұртбай осы мақалаға ерекше тоқталып, тарихи

тұрғыдан өз бағасын береді: «Қазақ зиялылары мен «Алаш» қайраткерлері «қызыл террордың» қазақ еліне жақсылық әкелмейтінін болжай білді»,- деген [28, б. 359-360]. Ұлт басшылары көрші мемлекеттердің саясатын толық түсіне алмады. Расында да, көрші мемлекеттердің досы қайсы, дұшпанды кім екенін ажырата алмайтын қиын кезең болды. Саяси ахуал ушығып тұрған сәтте халық тығырыққа тірелгендей күй кешті. Күдігі молайды. Көңілдегі күдік шындыққа ұласып, зиялы қауым екіге жарылып, қарапайым халық аңсаған тұтастыққа, бірлікке қол жеткізе алмады. Мақаладағы қайтсек ел боламыз деп тәуелсіздікті аңсаған елдің алдынан шығатын кедергілер сараланып, ұлт оқығандарын таптық-идеологиялық жікке бөлінбей, ұлттық мүдденің айналасына шоғырлануға шақыру мақсатында көпшілік оқырманға ұсынылады.

«Қазақ қашан жетіледі?» [28, б. 88]. Мақалада ұлттың мәдениетке жетіп, санасының оянуына уақыт керек екенін топшылайды. Мәдениетіміз бен өнеріміз, оны дамытудың жолдарын қарастырады. Дегенімен ел еңсесін тіктеп, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін әлі де күш, қайрат жұмсау керек екенін жеткізеді. Сол кезеңде қалыптасқан тарихи жағдайға талдау жасалып, жан-жақты баға беріледі. Ұлттық дамудың қилы-қилы жолдары келтіріледі. Жазушы өз күдігін былайша жеткізеді: «Тек мен уайымшыл (скептик, пессимист) болайын, менің мұным тек сары уайым болып, қазақ тез жетілсін, бірақ тез жетіле алмайды, оған кейінгі себептерді көрсетемін», - деп ойын тереңдете түседі. Ғалым-жазушы Т. Жұртбай «Абай» журналындағы осы мақаланы талдау барысында жеті түйінге бөліп қарастырады:

«Бірінші: адамның өмір сүру тәсілін сол өзі отырған жердегі табиғи жағдай анықтайды. Оларға: жер, су, өсімдік, орман-тоғай, жануарлар мен құстардың көп-аздығы, ауа райы тікелей әсер ететінің ескере отырып, адамның мінезі де сол тіршілік көзіне байланысты қалыптасатындығын топшылайды. Қазақтың жері кең әрі қуаң. Егіншіліктен гөрі мал шаруашылығына қолайлы. Сондықтан да жұрт бытыраңқы орналасқан. Демек, отырықшылыққа бет бұруы қиын. Егер де күшпен, еріктен тыс қоныстандырса, ел күйзеліске ұшырауы мүмкін. Ал шоғырланбаған жұрт мәдениетке, ғылымға тез иек сүйе алмайды. Шабандық танытады.

Екінші: өркениетке тез қадам басуы үшін сол ұлттың ішіндегі экономикалық, кәсіптік, мәдени байланыс үнемі қозғалыста болу шарт. Сол халықтың рухани топтасқан ортасы болуы тиіс. Қазынаны қорландыратын тұрақты табыс көзі де шешуші міндет атқарады. Қазақта мұндай қарым-қатынас жоқ. Малдың төлімен мемлекетті қаржымен, әскермен, ғылыми құрал-жабдықтармен қамтамасыз ете алмайсың.

Үшінші: сол мемлекетпен шекаралас елдердің достығы мен дұшпандық ниеті, даму дәрежесі, шекаралық бөліктері, алыс аймақтармен алыс-беріс жасауға мүмкіндік беретін жол қатынасы қандай? Қазақ елінің көршілері қазаққа ешқашан да достық ниет танытқан емес. Үнемі әскери қоқан-лоқы көрсетіп, қырып-жоюмен келеді. Теңізге шығатын жол жоқ. Шекараның барлығы табиғи бөгеттермен қоршалмаған. Қытай мен Азия елдерінің өзі де сенімсіз, мешеу қалған. Оған қарсы тұрарлық шама жоқ қазақта.

Төртінші: сол ұлттың экономикасын көтеретін фабрика, заводтар қазақтың қолында емес. Өз бетінше өнім шығаруға дәрменсіз. Сауда дамымаған. Айырбас пен алыпсатарлық қана бар. Онымен алға баспайды.

Бесінші: осы кемшіліктерді тез арада түзеп, жолға салатындай ғылыми-мәдени орталықтар жоқ. Бұған қол жеткенше әлі де біраз уақыт қажет. Ол үшін мектеп пен оқу орындарын ретке келтіру керек.

Алтыншы: санаға сіңіп қалған психологиялық бөгеттерді жеңе білу шарт. Қадым мен жәдиттік бағыттардың арасындағы күрес, ескі наным мен таным, ру мен жікшілдік іспетті ішкі кеселдер де кесірін тигізеді.

Жетінші: жоғарыдағы мәселелердің барлығын шешу үшін, сол ұлттың дербес мемлекеттік құрылымы мен саяси, азаматтық азаттығы қамтамасыз етілуі тиіс. Қазақ автономиясының мәселесі толық шешілген жоқ, Ресейдегі көп үкіметтің бірі мойындайды, бірі мойындамайды. Сыртқы жаудан қорғайтын тұрақты қару әскері де жоқ» [28, б. 365].

«Қазақ қашан жетіледі?» мақаласында: «Ішке айбар, сыртқа қорған болатын әскерсіз қай жұрт болсын, жұрттығын сақтап, ілгері баса алмайды» [24, б. 91]. «Міні, осы жоғарғы айтылған себептерді дәлел қылып, қазақ жақын арада жұрт қатарына кіре қояды деген пікірді асығыс көремін», - деп пікір қорытады Мұхтар Әуезов [24, б. 91]. Мақала иесі бұл пікірді «Қазіргі қазақ күйінің» самарқау қалпына ашынғандықтан ел-жұртты шамырқандыру, намыстандыру, жігерлендіру үшін жазылған шығармашылық тәсіл деп те қарауға болады [28, б. 365].

Мұхтар Әуезовтің сол кездегі қоғамдық-саяси көзқарасын айқын аңғартатын мақалаларының бірі – «Өліп таусылу қаупі»,- деп аталады [42, б. 1]. «Абай» журналында жарияланған бұл публицистикалық шығармасында адамзаттың жүріп өткен жолының үйреткен ащы сабағы да, қазақ жұртының сол заманғы хал-ахуалының мүшкіл көріністері де, болашаққа бағыт берерлік ой-пікірлер де баршылық. Профессор Б. Жақып өз зерттеуінде автор шағын жұрттардың құрып кетуіне басты екі мәселе түрткі болатынына назар аударады: «Оның бірі – мәдениеттің төмендігі де, екіншісі – өлімнің көбейіп, өсімінің азаюы екендігіне тоқталады. Белгілі бір ұлттың тарих сахнасынан жоғалуына негізгі әсер ететін – үстемшілдік, отаршылдық», - деген тұжырымға келеді [51]. Мақала «Абай» журналының соңғы, 12-ші санының алғашқы беттеріне жарияланады. «Жұтылып кететін қандай ел: мәдениеті төмен болған ел»,- деп ұлтты мәдениеті жоғары елдердің қатарына қосудың жолдарын қарастырады, халықты оқу-білімге үндеп, өнерге шақырады. Ұлттың құрып кетуінің себептері ретінде тілі мен дәстүріне өзге ұлттың әдет-ғұрпы араласып кеткенде халық алдымен тілін жоғалтады, тіл жоғалған ұлт ақырында өзі де жұтылып кетеді дегенді меңзейді. Қазаққа төнген қауіптің бірі елдің арасында таралған оба ауруы екендігін ескертеді [42, б. 1].

Сондай-ақ, мақалада шоқындыру мәселесіне де ерекше тоқталады. Отаршыл орыс патшалығының 1916 жылғы 25 июньдегі жарлығына қарсылық емеуріні мақаланың өне-бойында өріліп тұр. Отаршылдықты күштеп енгізуге, шұрайлы қазақ жерін тартып алып, жергілікті ұлтты ығыстыру саясатына да

қарсы шығады. Оған: «Қаскүнем хүкімет жырғалған қазақты жақсы жердің көбінен айырған, сыйымсыз көршілерді көбейткен», - деген пікірлер дәлел болады [42, б. 1]. Көшпелі қазақ халқының тұрмысын өзгертіп, өмірге бейімделу қажеттілігін алға тартады. Өйткені бір ғана мал шаруашылығымен айналысатын жұртқа жердің тарылып, жайылымының азайғанын тілге тиек етеді.

Мақаланың түйіні халықтың түрлі-түрлі ауруларға шалдығып, өліп таусылмасы үшін мұқтаждың көптігін, күштің аздығын, саясаттың тұсау болар себептерін сылтау етпей, осылардан құтылудың жолын іздестіру керек дегенді меңзейді.

«Өліп таусылу қаупі» мақаласы – сол кездегі қазақ халқы проблемаларын кең қозғаған, сол арқылы көпшілікке, оқыған азаматтарға ой салған шығарма деп айтамыз.

М. Әуезовтің қарымды қаламынан туған осындай мақалалары жариялана тұра жазушы сол ертерек кезеңде өз қолымен толтырылған жеке іс қағаздарында «Абай» журналындағы қызметі жөнінде еш нәрсе айтпайды.

1919 ж. 19. XI. күні толтырылған анкеталық сұрақтарға:

14. Какие должности занимали или где работали до 1914 г, с 1914 г. по февраль 1917 г. – учился.

15. Где работали с февраля 1917 г. до октября 1917 г. – учился.

16. Где работали после октябрской революции: а) до мая 1918 г. – нигде.

17. Где работали с мая 1918 г. по август 1919 г. – нигде

18. С какого временмни проживаете в Семипалатинске: а) с какими перерывами и куда уезжали: - с 1909 г. каждый год ездил на каникулы» деп жауап береді [52]. М. Әуезовтің «Абай» журналындағы қызметі туралы бұрындары айтпай қалуы ретінде кезінде «Абай» журналына саяси айыптар тағылып, оны «Семейдегі Алашорда облыстық комитетінің тілі»,- деген еді [53]. Сонымен, қалай болғанда да, Мұхтар Әуезовтің журналдың ұйымдастыру қызметіне, оның басынан бастап барлық ісіне ерекше ыждахаттылықпен қызмет еткеніне және оның болашақ шығармашылық, білімпаздық еңбек жолында шығармашылық қаз-қадамының, саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына мықты мектеп болғандығы ешқандай күмән тудырмайды.

Хакім Абайдың қос ұлының шығармаларымен де оқырман «Абай» журналы арқылы қауышты. Ақылбай Абайұлының «Дағыстан» поэмасы романтикалық сарында жазылған алғашқы туындының бірі, адамзаттың мәңгілік мәселесі – әділет пен жауыздықтың айқасын шынайы суреттеген шығарма. Ал Мағауия Абайбаласының ақындық қабілетін айқын көрсететін «Медғат-Қасым» поэмасында әр заманда көрініс беретін әлеуметтік теңсіздік мәселесі көтерілді. Данышпан Абай ұрпағы да әке үлгісімен ар-ұжданды, әділеттікті, адамшылықты ту етіп көтерді.

Сондай-ақ журналда ақын, журналист Сәбит Дөнентаев пен Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетінің тұңғыш редакторы, журналист Мәннән Тұрғанбаевтың материалдары жиі жарияланып тұрды. Әсіресе, заман ағымын ұғындыруда, жаңадан ашылып жатқан кооперативтердің жай-жапсарын түсіндіруде М.Тұрғанбаевтың «Шаруашылық», «Бірлік», «Уақ қарыз серіктігі»,

«Кооператив» атты мақалаларының қарапайым оқырман үшін пайдасы орасан болды. Ол кейде мақалаларын «М.Т.» деген бүркеншік есіммен де жариялап жүрді.

Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шын бақтың айнасы» атты философиялық пайымдауы «Абай» журналы бетінде жарық көрді.

Журналдың «Мысқылдар», «Ескі сөз», «Билер сөзі», «Абай сөзі», «Өлеңдер» (кейде - Өлең), «Тілшілерден», «Уақ-түйек» айдарлары болды.

Басылымда Л. Толстойдың, В. Гюгоның, Қ. Жаффастың, В. Бронцтың шығармаларынан аудармалар басылды.

Журнал бетінде жарнамаға да орын берілді. Әрине, бүгінгі күнгідей сан-салалы жарнама емес, ел руханиятына қосылып жатқан газет, журналдар, қаламгерлердің баспадан басылып шыққан жаңа туындылары жарнамаланды.

Журналдың алғашқы бағасы – 13 сом көлемінде болса, мамыр айынан бастап (5-санынан) жазылу бағасы көтеріліп, 20 сомға жетті. Журналдың 900 жазылушысы болған.

Басылым беттерінде «Әмзе», «Әшім», «Тікқұлақ», «Байымбет», «Жас түрік», «Шаңқан», «Естіген» деген бүркеншік есімдермен материал жариялағандар кездесті.

Қазіргі зерттеушілерді тығырыққа тіреп отырған мәселе – бүркеншік аттардың сырын ашу болып отыр. Кезінде ғалымдар Ү. Сүбханбердина, Б. Кенжебаев, Т. Қожакеевтер лақап аттың құпиясын ашуда біраз тер төккені мәлім. Алайда сыры ашылмаған бүркеншік есімдер қаншама? Бір зерттеушінің ашқан бүркеншік есімін екінші зерттеуші жоққа шығарып жатқан жағдайларда жетерлік. Осы жерде «Екеу» деген бүркеншік есімнің сырын ашып алсақ. Осы уақытқа дейін ғылыми айналымға түскен зерттеулердің барлығында да «Екеудің» бірі – Жүсіпбек Аймауытов делініп келді. Сөйтіп, 1918-1928 жылдардың аралығында баспасөзде «Екеу» деген бүркеншік атпен жарияланған мақалалар мен сыни еңбектердің бәрі де М. Әуезов пен Ж. Аймауытовқа телінді.

«М.О.Әуезов мұражай үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкерлері «Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіре- кітабын» («Ғылым» баспасы, 1997 жыл, көлемі 60 баспа табақ) дайындау барысында және шығармаларының 50-томдық толық жинағын әзірлеу үстінде жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде «Екеу» деген атпен жарық көрген мақалалардың барлығының авторы Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов емес екендігі анықталды. Мұхтар Әуезовтың «Өз жайымнан мағлұматын» [54], Тұрағұл Құнанбаевтың «Әкем Абай» туралы естеліктерін [55], Жүсіпбек Аймауытовтың «Алаш ісіне» байланысты тергеу ісінде берген жауабын [56] өзара салыстыра келіп, «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаладағы «Екеу» - Тұрағұл Құнанбаев пен Мұхтар Әуезов, ал бұдан басқа 1925-жылға дейінгі мақалалар мен сыни еңбектердегі «Екеу» – Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов екендігіне көз жеткізеді», - деп жазады [28, б. 300].

«Абай» журналының 1918 жылғы 5-ші санында жарияланған «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаланы талдау барысында Т. Жұртбай «Екеу» деген бүркеншік есімге байланысты өз пайымдауын былай деп білдіреді: «Мақалаға

қол қойған «Екеудің» кім екендігі туралы екі түрлі жорамал бар. Анығы, екінің біреуі – Мұхтар Әуезов екендігі. Екінші адам Жүсіпбек Аймауытов па, жоқ, «Абайдың өнері һәм ақындық қызметі» атты мақаланы жазуға себепкер болған Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев па, бұл жағын нақты кесіп айту қиын», - деген дәлелді деректер келтіреді [57].

Ж. Аймауытовтың жазған шығармалар тізімінде Абайдың өнері мен ақындық ғұмыры жайлы мақаласы көрсетілмеген. Яғни, оны Мұқтар мен Абайбаласы Тұрағұл жазды дегенге келісеміз. Жүсіпбек Аймауытовтың қолтаңбасы, жазу стилі ерекше, суреткерлігі арқылы көп мақаланың ішінен бірден тануға болады. Сондықтан «Екеу» атымен берілген мақалалардағы бүркеншік есімнің бірі Жүсіпбек деген пікірге тоқталамыз.

Ж. Аймауытовтың өзі туралы жазған жазбасында поэзияға қызығушылық танытып жүрмін деген жазбасына көңіл аударатын болсақ, екі талапкердің поэзия туралы пікір білдіруі әбден заңды деген пікірді ұстанамыз. Сонымен қатар «Абай» журналында «Байымбет» атты бүркеншік есіммен материал жариялаған қаламгерді анықтау – зерттеушілер арасында даулы мәселеге айналды.

«Алашорданың» шежіресі іспеттес «Тұңғыш құрбан» атты репортажды жазған «Байымбетті» Бейімбет деп алғаш көрсеткен Сәкен Сейфуллин болды [58].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Алаштың ақиқатын айтуда көп еңбек сіңірген ғалым Қ.Мұхамедханов та «Тұңғыш құрбанның» авторы ретінде Б.Майлинді атады [59]. Бұл пікір бірер журналистің мақаласында қайталанды [60]. Ал 2003 жылы Ж. Ысмағұлов «Бәйімбет» Б. Майлиннің емес, С. Дөнентаевтың бүркеншік есімі деген тың деректі жария етті: «Дұрысында, «Бәйімбет» деген атпен С. Дөнентаев баспасөзде жиі жазып тұрғаны біраз адамдарға мәлім»,- деп бұл пікірді С. Дөнентаевтың Алматы қаласында тұратын қызы Сәулет апай да кезінде айтқанын жазады [61].

Алаш милициясының бастығы, мұғалімдер семинариясының шәкірті Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктің қолынан қаза тауып, алаштың тауы шағылып, жас мәйітті көріп, жүректері егіліп тұрған сәтте жазылған репортаж. Кімде болса дәл сол оқиғаның басы-қасында болып, «Алаштың» жолында құрбан болған азаматты шынайы жоқтап, егіліп тұрып жазған дүниесі. Дәл сол тұста Б. Майлиннің Семейде болғандығы жөнінде ресми деректер кездесе қойған жоқ. Ал С. Дөнентаевтың Семейге келіп, газет-журнал жағалап жүрген кезі. Айта кететін жайт: «Байымбет» деген атаумен «Сарыарқаның» 1917 жылғы сандарында бірнеше мақала жарияланған. Енді «Байымбет» атымен «Сарыарқаның» 1917 жылғы 24 санында жарияланған «Опат» деген қазанамаға назар аударайық: «Өткен сентябрдің басында Павлодарға қарасты Басқұдық болысының қазағы Мұхамедғалым хазірет Рамазанов опат болды» [62].

Мына қазанамадан «Байымбеттің» Керекулік азамат екенін анық байқауға болады. Қостанай уезінің тумасы Б. Майлиннің керекулік қазіретке көңіл айтуы неғайбыл. Жалпы қазаққа ортақ тұлға болса бір сәрі. Журналға Керекулік үш азамат жазып тұрды: бірі Жүсіпбек, бірі Сұлтанмахмұт, бірі Сәбит. Бірақ, сол

1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Семейде болмаған, Тұрағұлдың ұйғаруымен Абай еліне барып, қымыз ішіп, тынығып жатқан [63].

Ендігі таңдау екеудің біреуіне түседі. Қалай болғанда да «Тұңғыш құрбанды» шығармашылық қуаты зор қаламгердің жазғаны ақиқат. Мұнда сезіну, түйсіну, жан жүрегімен жеткізу бар. Қазыны шын жүрегімен жоқтаған жолдастық көңіл бар. Жүсіпбектің Қазымен семинарияның бір курсында оқыған жолдастығын да ұмытпаған жөн. Бұл бір. Екіншіден, «Байымбет» атымен жазылған «Абай» журналының 1-ші санында жарияланған «Жазушыларға» атты мақаланы барлай оқыған адамға «Басқармадағы», яғни журналдың басы-қасында жүрген азаматтың жазғанын аңғару қиын емес. Журналдың «Ескі сөз», «Билер сөзі» айдарына материал жинақтау мақсатында ел ішіндегі шежіре ақсақалдарды журнал бетіне тарту мақсатында жазылған дүние. Үшіншіден, мақала соңын тақпақтап аяқтауы Жүсіпбектің стиліне ұқсайды. Энциклопедиялық анықтамалықтағы Сәбит Дөнентайұлы жайлы жазылған деректерге назар аударсақ: «Қазы Нұрмұхамедұлының ержүрек азамат, намысшыл тұлға болғандығын сипаттайтын» «Тұңғыш құрбан» мақаласын [64], «Алаштың алғашқы құрбанына» [46, б. 12] өлеңін жазды. «Абай» (1917-1918), «Сарыарқа» басылымдарының қызметіне қатынасып тұрды [65]»,- деп жазылған. Дегенімен де, «Тұңғыш құрбан» мақаласы, «Абай» журналында, 1918 жылдың 20 наурызында жарық көрсе, «Сарыарқа» газетінде 18 мартта жарияланған. Ал «Қазақ» газеті 1918 жылғы 262 санында «Тұңғыш құрбан» (Сарыарқадан) деп жақшаға алып басады. Яғни автор «Сарыарқа» газетінен алынды дегенді меңзейді. «Қазақ» газетінің сол кездегі шығарушы редакторы Жанұзақ Жәнібеков «Алаш құрбаны» деп берген мақаласының соңына өзінің аты-жөнін жазады. Кейіннен зерттеуші ғалымдардың назарына іліккен бұл мақала Жанұзақ Жәнібековтың қаламынан туған деген пікір қалыптасады. «Қалам қайраткерінің «Қазақ» газетінде жарық көрген шығармаларының ішіндегі шоқтығы биігі – «Алаш құрбандары» деп аталатын туындысы», - деп Жанұзақ Жәнібековтың есімі аталады [22, б. 89]. Ал «Қазақ» газетінен бұрын «Абай», «Сарыарқа» басылымдарында жарияланған шығарманың авторы «Байымбет» деген бүркеншік есімнің иесі екенін жоғырыда айттық.

Өткен ғасырдың 18-жылы жарық көрген «Абай» журналының мән-мазмұнын Жүсіпбек Аймауытовтың «Ұлтты сүю», Мұхтар Әуезовтің «Өліп таусылу қаупі», Міржақып Дулатовтың «Алашқа» атты мақалалары арқылы болжауға болады. «Абай» журналының бірінші жолы – ұлтты сүю, екінші жолы – өліп-таусылу қаупінен сақтандыру, ұлттың ұлылығын сақтап қалу. Үшінші жолы – ұлтқа шынайы қызмет ету, ұлтты қараңғылық санасынан жарыққа шығару. «Абай» жолының жасампаздығы «Алаш» жолымен үндес, тілектес болуы. Сөзіміз дәлелді болуы үшін біз «Абай» журналындағы «Алаш» тақырыбында басылған жарияланымдар тізімін келтірдік.

Кесте 2 – «Абай» журналындағы «Алаш» тақырыбындағы мақалалар

Басылым, шыққан жылы, саны	Мақала	Автор, бүркеншік есім	«Алаш» сөзінің қолданылуы
«Абай», 1918ж. №3	Алашқа	Мадияр	13 рет
«Абай», 1918ж. №3	Тұңғыш құрбан	Байымбет	8 рет
«Абай», 1918ж. №3	«Алаштың» алғашқы құрбанына	Сәбит	2 рет
«Абай», 1918ж. №4	Алашқа ашық хат	Жылу жинайтын комитеттен	3 рет
«Абай», 1918ж. №4	Кештік өмірің болса, түстік мал жи	Жас түрік	2 рет
«Абай», 1918ж. №6	Қазіргі саяси қал	Мұқтар	6 рет
«Абай», 1918ж. №7	Әскер өлеңі		6 рет
«Абай», 1918ж. №7	Саяси хабарлар		11 рет
«Абай», 1918ж. №11	Кіндік үкімет		2 рет
Жиыны:	9 мақала		53 рет
Ескертпе – кесте автордан			

Осылайша, «Абай» журналының 3,4,6,7,8,11 сандарында басылған жарияланымдар мәтінінде «Алаш» сөзі 53 рет қолданылған. Осы арқылы «Абай» журналы «Алаш» идеясының ту ұстар басылымы болғанына тағы да көз жеткіземіз.

Журналдың алғашқы санында: «Тұс-тұсынан жау қысып, мал мен басқа дау түсіп, дағдарып, қазақ сасқан соң орысқа келіп бағынды...Береке кетіп азып тозды... Сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды,- деп халықтың еңсесін тіктейтін заман туғанын, сол заманның көшінен қалмай халықтың рухын ояту үшін «Абай» журналы дүниеге келгенін бағамдайды [33, б. 2]. Шығарушылар: «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді. Қалай бітіргенінен емес»,- деп Абай айтқандайын, талабым – таяғым, жігерім – азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай – қазығым деп үмітпен шығарып отыр»,- дейді [33, б. 3]. Журнал шығарып отырған басқарма Абайдың ұлылығына, оның өнегесіне қарап басылымның бағытын, мақсат-мүддесін нақтылайды. Абай ұстанған ақиқат жолын саралайды. Абайды тұлға ретінде жастарға өнеге етеді. Абай жолын ұстанған алаш азаматтары ұлттың жетілуін,

дүниетанымын кеңейтуді көксейді, Жапония секілді дамыған елдердің қатарына қайтсек жетеміз деген армандарын ашық жазады. Өркениеттің үлгісін жасауға күш-жігер, бар ынта-ыждахаттарымен кіріседі. Расында «Абай» журналы өз заманының шындығын жазуды мақсат етті. Шығарушы бес-алты адам өз күшіне сеніп шығарып отырмағандықтарын жеткізеді. «Алдымызға қойған бағыт – ол Абайдың ұстанған ұстанымы. Сол бағыт арқылы халық үмітін ақтаймыз» деп ұлтты оқу білімге үндеді. 1918 жылы «Абай» журналының 1-санына «Қуаныш пен жұбаныш» (Абай сөзі) басылған. Бұл бүгінгі күнде бізге жеткен 23-қара сөзі. Қазақ танымындағы бір қуаныш пен жұбаныш жайындағы философиялық толғам.

Қуанышы не жұбанышы не екен? Соған тоқталсақ. «Оның қуанышы не десең, елде бір жаманды тауып, я бір адам өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Жұбаныш жайлы: «Жалғыз біз ғана ма? Елдің бәрі сөйтіп-ақ жүр ғой., көппен көрген ұлы той, көппен бірге болса, болды», - деген сөзді жұбаныш қылады...» [33, б. 3]. Оқырман санасына сіңірер болса бойын осы екі нәрседен аулақ ұстар ма еді? Қарап отырсақ, бір ғасыр өтсе де, Абай айтқан бұл тұжырым күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Абай журналының жылдық жазылу бағасы 13 рубль болған. 6-айға 7 рубль, 3-айға 4 рубль. «Басқармадан» деп басылған хабарландыруда: «Ақ қағаз таба алмаған соң сыпайы болсын деп сары қағазға басып отырмыз»,- деп жазады. Әрине, журналды сары қағазға басу да, оның көлемін бұрынғысынан кішірейту де қаржы тапшылығын сезіндірсе керек. Қолымызға тиген журналдың түгелдей 12-саны сары қағазбен басылған (9-шы санынан басқасы. 9-шы саны табылмады. авт.). Журналдың 5-санынан бастап, бағасы қымбаттап, журнал көлемі кішірейеді. Ол туралы журналдың бірінші бетінде оқушыларға хабарланады: «Мұнан былай журналдың бағасын көтермесек, зиян мойынға мініп жүре алмай тоқтап қалу шәксіз [33, б. 16]. Журнал 5-ші санынан кейін өзінің көлемін кішірейтіп, бағасын өсіреді. Оның себептерін журналдың жабылып қалуының алдын алып отырғандарымен түсіндіреді. Осылайша, журнал өз бағыт-бағдары бойынша айына бір рет шығып тұрады.

Абайтануды – қазақ әдебиеттану ғылымының саласы ретінде қарастыратын болсақ, абайтану Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық өнері, философиясы, қоғамдық, эстететикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерін қамтиды. Баспасөзде Абайдың өнері мен шығармашылық мұрасын зерттеу Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатұлының жазғандарынан бастау алады. «Абай» журналындағы Ж. Аймауытұлы мен М. Әуезовтің Абай шығармашылығы туралы жазған зерттеу-жазбаларын айта аламыз. Зерттеушілер, қазақ әдебиетінің аса қуатты арнасына айналған абайтанудың ғылыми тұрғыдан зерттелу кезеңін үш салаға бөле қараудың қажеттілігін айтады:

« - 1-ші кезең – (1889-1934); 2-ші кезең – (1934-1961); 3-ші кезең – 1961 жылдан бүгінге дейін» [66].

«Абай» журналы абайтану дәуірінің басында тұрғанын айтамыз.

«Семей қаласында 1918 жылы жарық көре бастаған «Абай» журналында ақын шығармаларын танып білу, халықтық таным тұрғысынан бағалау мақсатында зерттеу мақалалар мен Абай шығармаларынан үзінділер жариялады» [67] .

Екеудің «Абай» журналында жарық көрген «Абайдың ақындық өнері һәм қызметі» және «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында Абай сөздері мен аудармашылық шеберлігіне терең талдаулар жасаған. Қазақ елінің тұрмыс жағдайын, ұлтқа тән ерекшеліктері мен кемшіліктерін суреттеу, шебер сипаттау сөздері Абай Құнанбайұлынан басталады деген пікірді ұстанады. «Абайдан соң қазақтың мінез, қалпын суреттеп берген айна болған жоқ»,-дей отыра өлеңге қойылатын шарттарды айқындап береді [68]. Онда: ойдың еркіндігі, шарықтаған шексіз қиял, нәзік сезім, сурет дәлдігі – көркем. Сегіз қырлы болып шығатын өлең Абайдан кейін аз,- деп бүгінгі күндерде жазылып жүрген өлеңдердің мінін де таратып айтады. Онда: Табиғаттың әр түрлі түрімен сырласып, мұңдаса алмайды. Өлеңдерін оқып отырғанда көңіл көкжиегі шарықтап, жүйрік қиялмен бірге басқа бір әлемге кіріп кеткендей болатын сәт аз. Ақынның қиялы шарықтап, сезімі нәзіктене бермек және ақынның қиялы жәй ақын емес кісінің қиялынан артық болу керек. Абай Құнанбайұлының «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып» атты өлеңдерін жоғары бағалап, бүгінгі ақындарда өлең сезімінің ұшқыр қиялы аз дегенді айтады.

Кейінгі ақындардың тағы бір міні – сыршыл еместігін айтады. «Әркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар». Осылайша, өлеңге қоятын шарттар мен өлеңде кездесетін міндерді көрсете отырып, Абайдың қай өлеңі болсын кейінгі буынды жетектеп, түртіп қозғайтын, сыршылдық, суретшілік қиялы мен сезімінің күштілігін айтады.

Абайдан кейінгі қазақ арасынан шыққан ақындардың шығармаларын жанры жағынан талдағанда Мағжан Жұмабаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыровты «лирик ақындар» тобына жатқызады. Ал Ахмет Байтұрсынов мен Сәбит Дөнентаевтарды халықтық сарындағы ақындар деген. Абайдың ақындық дәстүріне еліктеген шәкірт ақындар ішінен «Ақындардың ішіндегі Абай өлеңіне сырттай болса да ішкі мағынасымен еліктеген кісі – Шәкәрімнің есімі аталады»,- деп Абайдың дүниетанымына тереңірек бой ұрған ерекшелігін сол тұста-ақ дөп басқан.

«Абай» журналының 2-санында «Екеу» деген бүркеншік есіммен берілген «Абайдың өнері һәм қызметі» деген мақала мазмұнында ақынның дүниеге келген күнінен бастап, қолына қалам алған уақытындағы шығармашылығы мен Абай сөздеріне баға беріледі. Ең алдымен Абайдың қиялын, ойының тереңдігін, «қызыл тілді» шешендігін атап айтады. «Абайдың ақындық өнері тар жолды, бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы»,- деп атап көрсетеді [33, б. 1]. Оның сегіз қырына да тоқталады. Философиялық толғамдары, сыни тұрғыдан қарау, шебер суреткерлігі, әсемдікке ұмтылысы, ащы ызаның кернеуі, жүрек үнін атаған. Абайдың аудармашылығына тәнті болады. Абайдың көп өнерінің бірі – аудармашылық екенін білеміз. Мақалада аудармаға шеберлігі мынада деп атап көрсетеді. «Теректің сыйы», «Онегиннің сипаты», Пушкиннің геройларын

өзгертіп, тілін сұлулап перевод қылған» [69]. Орыс классиктерінің өлеңдерін өзінің туындысынан да көркемдеп жеткізе білетін шеберлігіне мән берген. Осылайша, Абайдың артына қалдырған асыл мұрасы, өнері әдебиетіміздің іргетасы. Абайдың пайдасыз сөзі жоқ екеніне көз жеткіземіз.

«Абай» журналындағы Абай мұрасына тоқталар болсақ, журналдың алғашқы санында «Қуаныш пен жұбаныш» (Абай сөзі) деген тақырыпта қазіргі 23-қара сөзі, 5-санына «Абай сөзі» деп 40-шы, 7-санына «Мақал туралы» (Абай сөзі) қазіргі 29-қара сөзі, 10-санына «Қайрат туралы» тақырыппен 14-қара сөзі, 11-санына «Қайрат, ақыл, жүрек» (Абай сөзі) 17-қара сөзі, 12-санына «Есті мен есердің парқы» (Абай сөзі) тақырыбында қазіргі 15-қара сөзі жарияланған. Осылайша, абайтану мәселесіне, XX ғасыр басында жарық көрген «Абай» журналының қосқан үлесі зор.

Қорыта келе, «Абай» журналы арқылы біз алдымен Абайды танимыз. Абай жүрген жолды бағамдаймыз. Абайдың соңынан ерген ақын, жазушы інілерінің қоғам үшін, әдебиет үшін жасаған істеріне баға береміз. Осы жолда Ж. Аймауытов, М. Әуезов сынды қаламгерлердің журналистік, редакторлық қызметін саралаймыз. Журналдың шығу тарихын зерттей отырып, мынандай тұжырымдар жасадық:

- «Абай» журналы ұлттық идеяны насихаттады;
- Халықтың саяси сауатын ашуға күш жұмсады;
- Мәдени-ағартушылық ісін жүргізді.

Сондай-ақ «Абай» журналының абайтану, әуезовтану, жүсіпбектану ғылымдарында үлесі мол екеніне көз жеткіздік. Алаштануда өзіндік орны бар журналдың мазмұндық идеясы, санаға қозғау салған ұлттық бағыты бүгінгі Тәуелсіздік идеясымен сабақтас.

1.2 «Шолпан» журналы және Алаш идеясы

«Шолпан» журналының 1-ші саны 1922 жылдың 15 қазанында Ташкент қаласында шыққан. Журналдың алғашқы бетінде «Бүкіл жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдір!»,- деген ұран жазылған. «Шолпан» – Түркістан АКСР-і ОАК-нің журналы болған. Басылым білім мен әдебиет тақырыбын көтерген, шаруашылық жағын халыққа түсіндіріп саясат тақырыбын да жазған. Оның «Оқу бөлімі», «Түркістандағы халық ағарту ісі», - деген бөлімдерінде оқу-ағарту, бала тәрбиесі мәселелері, алғашқы кеңестік еңбек мектебінің мазмұны, оқу бағдарламасы, сабақ жүргізу әдістемесі, орыс мектептерінің оқыту тәжірибелері таныстырылып, бұл жөніндегі маңызды пікір-ұсыныстар жарияланды. Журналда әдеби, шаруашылық, ағарту жайындағы мақалалармен қоса ғылыми мақалалар да жарияланады. Журналдың жабылу себептері ретінде мынандай пікір бар: «Жеке мақалаларында буржуазиялық-ұлтшылдық қате тұжырымдарға жол берілген. Сол себепті де журнал 8-саны шыққаннан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды» [70].

«Ақ жол» газетінің 1921 жылғы 22 ақпанындағы нөмірінде «Шолпан» журналы» атты хабарлама шығады. Онда: «Қазіргі уақытта баспаханада әріп терушілердің аздығынан һәм қағаздың шамалылығын еске алып, үш ұлт үшін уақытша ортақ журнал шығармақ болды»,- деп алдын-ала хабарланады [71].

Журнал шығарушылар оның 56 бет көлемінде жарық көретінін және ол бірнеше тілде басылып шығатынын жазады. Алайда, 1922 жылдың 15 қазанында 1-саны жарық көрген «Шолпан» журналы қырғыз-қазақ тілінде айында бір шығатын саясат-шаруашылық, білім-әдебиет журналы болып шығады. Айта кетерлік бір жайт, «Шолпан» журналы Халық Ағарту комиссариаты жанындағы Білім комиссиясы атыннан шыққан. «1921 жылдың бас кезінде Ташкентте құрылған бұл ұйым жергілікті халықтың оқу-ағарту ісімен шұғылданған. 1922 жылдың күз айынан бастап Халел Досмұхамедұлы төрағалық еткен» [20, б. 256].

Профессор Т. Қожакеев «Шолпан» журналының шығу тарихы жайлы: «Шолпан» журналының алғашқы саны тек 1922 жылы 22 октябрьде жарық көрді»,- деп жазған [72]. 1999 жылы жарық көрген Қазақ ұлттық энциклопедиясының 4-томының 50-бетінде «Шолпан» (1921-1924) шыққан деп мәлімет береді. Журналды оқырманға таныстыру, оны жарнамалау, оқырман тарту мақсатында 1923 жылдың февраль айындағы «Темірқазық» журналының 1-санына «Шолпан» журналы», - деген мақала жарияланған. Онда: «1922 жылы 15 октябрьден бастап Түркістан партия комитеті атынан қазақ-қырғыз тілінде «Шолпан» аттты саясат, шаруа журналы шыға бастады»,- деп журналдың бірінші санына мазмұнына талдау жасайды. Журналдың түпнұсқа негізіне сүйенсек, «Шолпан» журналы 1922 жылдың, 15 қазанында жарық көрген.

Журналды шығарушылар оның алғашқы санында «Шолпан» журналын «Түркістан коммунистер партиясының Кіндік комитетінің тілі. Саясат-шаруашылық, білім-әдебиет туралы айында бір шығатын қырғыз-қазақ журналы. Шығарушы: Иса Тоқтыбаев. Бастырушы: Түркістан коммунистер партиясының Кіндік комитеті»,- деп жазған [73]. Осылайша, «Шолпан» журналының 1-саны 1922 жылдың 15 қазан айында Ташкент қаласындағы «Туркестанское государственное издательство» баспасынан басылып шыққан. Журналдың алғашқы саны ғана жеке басылған, кейінгі сандары 2-3, 4-5, 6-7-8 болып біріктіріліп шыққан. Журналдың соңғы 8-санында Басқарманың «Оқушыларымызға!», - деген хабарландыруы берілген. Онда: «Журналымыздың қосылып шыққан бұл үш (6-8) нөмірлері, мерзімді уақытынан бір ай кешігіп шығып отыр»,- деп жазған [74]. Журналдың уақытында шықпау себептері ретінде шығарушы баспахананың құрал-жабықтарының істен шығуы мен жұмысының нашар болуы деп түсіндіреді, оқырмандарынын кешірім сұрайды. Журналды шығарушылар тарапынан осындай хабарландыру бола тұра «Шолпан» журналы шықпай қалады. Оның себебі ретінде: «... жеке мақалаларында буржуазияшыл-ұлтшылдық қате тұжырымға жол берілген» деген пікірлер бар [75]. Журналдың соңғы санының екінші бетінде «6-7-8-нші сан. 1923 жыл, март, апрель, май»,- деп жазылғанымен мұқабасында «1923 жыл, 30 июнь»,- деп шыққан күні мен айы анық басылған [74, б. 2]. Сондықтан да журнал 1923 жылдың 30 маусым айында соңғы саны шыққан соң жабылды деп нақты айта аламыз.

«Шолпан» журналына жазылу бағасы:

2 айға 800 сом

3 айға 400 сом

1-саны 150 сом болып белгіленген. Журналдың алғашқы санынан белгіленген баға өзінің шығуын тоқтатқанша өзгермеген. Журналдың бірінші санының соңғы бетінде «Шолпан» журналына сөз жазушы азаматтар, деп мақала авторларының аты-жөндері жазылған. Олар: «Нәзір Төреқұлұлы, С. Қожанов, Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Мұхтар Әуезов, Ораз Жандосов, Халел Досмұхамедов, Иса Қашқынбаев, Аққағаз Досжанова, этнограф Әбубәкір Диваев, Мырзағазы Есболов, Кәрім Жәленов, Сегізбай Айзунов, Жahанша Досмұхамедов, Ә. Сыддықов, А. Арабаев, Олегов, Искалов, Әбдірахман Оразаев, Сара Есова тағы басқалар»,- деп басылған [76].

«Шолпан» журналының шығарушы-редакторы Иса Тоқтыбаев. Ол - 1904-1917 жылдары Перовскідегі орыс-қазақ мектебінде, бастауыш орыс училищесінде орталау білім алып, Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген. 1922 жылға дейін Қазақ ғылымын дамыту, көшпенділер арасында білім тарату комиссиясының төрағасы, мемлекеттік баспа бастығының орынбасары, республика оқу-ағарту комиссариатының коллегия мүшесі қызметтерін атқарады. 1922-1925 жылдары «Шолпан» журналының, «Ақ жол» газетінің редакторы, Актөбедегі жер басқармасының бастығы, Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы қызметтерін атқарады.

Өзбекстан Орталық Мемлекеттік архивіндегі мерзімді баспасөздер анкетасында: «Шолпан» журналының қызметкерлері кімдер?»,- деген сұраққа М. Әуезов пен М. Жұмабаевтардың есімі аталып, редколлегия мүшелері ретінде И. Тоқтыбаев пен М. Әуезовің есімдері көрсетілген [77]. 1922 жылы М. Әуезов Орта Азия мемлекеттік университетінің еркін тыңдаушысы ретінде оқуға түскен М. Әуезовтің аталған мерзімді баспасөздерге белсене ат салысқаны ақиқат. М. Әуезов: «1922-23-жылдың қысында Ташкентте «Шолпан» журналын шығардық, сонда біраз әңгімелер бастырдым»,- дейді [78]. 1922-1923 жылдары Ташкентте «Шолпан» журналын шығарысып, Абай шығармашылығы туралы кеңінен сөз қозғайтын «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты мақала жариялайды. Онда қазақ ұлт әдебиетінің өткенін «Абайға дейін және Абай дәуірі», - деп бөліп, шолу жасайды.

Қазақ баспасөзін зерттеген профессор Бейсембай Кенжебаев: «Газет, журналдарда көбінесе бұрынғы ұлтшылдар, алашордашылар, ескі зиялылар отырды. Олар адал істемеді»,- деген пікірде болған [79]. Журналдарда ұлтшыл мақалалар басылғаннан кейін, олар халықтың арасына тек қана ұлтшылдықты уағыздады деген пікірлер бар. Бірақ оны қызыл идеологияның кезінде жазғаны анық еді. Өйткені Б. Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын сонау «Орхон-Енисей» жазбаларынан бері қарастырған ірі ғалым, батыл азамат екенін өмір кейін көрсетті. Расында да, «Шолпан» журналында тәуелсіздікті аңсаған, ұлтының қамын ойлап, қайтсек ел боламыз деген алаш азаматтары еңбек еткен. «1922 жылға дейін байшыл-ұлтшылдар совет тәртібіне қарсы, контрреволюциялық пікірлерін баспасөз беттерінде именбестен ашықтан-ашық жазып отырды. Ал, 1922 жылдан бастап, Қазақстандағы баспа орындарында байшыл-ұлтшылдық пікірге орын берілген жоқ. 1920-24 жылдарда байшыл-ұлтшылдар Ташкентте басылған «Шолпан», «Сана» журналдарында және «Ақ жол» газетінде жат

идеялық шығармалары аракідік жарияланып отырды» деп жазады [80]. «Шолпан» журналына қатысты жазушы-ғалымдардың «ұлтшыл» бағытты ұстанды деген пікірлеріне орай біз «Ұлтшыл» деген сөздің ұғымын тереңірек түсінуге тырыстық.

Ұлтшылдық құбылысын анықтай отырып, француз зерттеушісі Жан-Люк-Шабо оны былайша бөледі:

- национализм, обозначающий чувство патриотизма, любви к своей нации, к своим корнями;
- национализм как обостренное чувство патриотизма которое приобритает крайнюю форму в случае появления обстоятельств, предоставляющих угрозу существования какой-либо нации:
- национализм как политическую доктрину, претендующую на решение проблем человечества, при которой главенствующая роль отводится одной определенной нации [81].

Расында да, ұлтшылдықты, ұлтты қалыптастыратын белгілер ретінде – тарих, тіл, дін және мәдениет, – деп белгілі бір әлеуметтік қоғамдастықты біріктіретін және олардың өзіндік ерекшелігін білдіретін ұғым ретінде түсінуге болады.

Әлемдік энциклопедияда ұлтшылдық турасында: «Заңды дербес мемлекет пайда болғанға дейінгі жағдайларда ұлтшылдық өзінің тарихи даралығын сезінген қандай да бір қоғамдастықтың ерік білдіруін, өзінің егемен мемлекетін құру мен дамытуды білдіреді»,- деп жазылған [82]. Ал Жүсіпбек Аймауытов «Тәрбие» деген мақаласында ұлтшылдықты жақсы, жаман жағы деп екіге бөліп қарастырады [32, б. 10]. Ұлтшылдықтың жақсы да, жаман жағы да бар дейді. Жеке адамның жағдайы ғана жақсарып қоймауы керек. Алдымен ұлтың жағдайын жасап, елді көркейтсе халық бақытты болады дегенді ұстанады. «Жаман жағы - бір адам бір ғана ұлттың қамын ойласа, өзге ұлтты құл қылса, тартысса, жұлысса», - деп тіршіліктің өз талқысы аласұртып, әр халыққа ұлтшыл болмасқа ерік қоймай отырғанын сөз етеді. Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан тұжырымдарын қорытындылайтын болсақ, ұлтшылдық - заманның ісі деген байлам жасайды. Журналдың басы-қасында «ұлтшыл», «алашордашыл» азаматтар болды деген пікірлерге, тағылған айыптарға қарай сол заманның саяси жағдайы да басымдылық танытқан деп білеміз. Өйткені, заманның қиындығына қарамай газет-журнал шығарып таратты. Теңдікті, елінің тәуелсіздігін аңсаған азаматтар баспасөзді үгіт-насихат құралы ретінде пайдаланып, ел арасында ағартушылық қызметін жүргізді, ұлттың коды болып табылатын өнерді, әдебиетті, мәдениетті, салт-дәстүрді дәріптеді. Халықтың санасын оятуды мақсат тұтты. Мақсат-міндеттерін біз қарастырып отырған басылым беттерінен айқын аңғарамыз.

Енді басылымның мазмұнындағы мақалаларды бөлім-бөлімге бөліп қарастырсақ.

«Шолпан» журналындағы саяси-әлеуметтік тақырыптар журналдың Саясат, партия тіршілігі бөлімдерінде. Ұлттық басылымдағы оқу-ағарту, әдебиет және мәдениет мәселелері; Ағарту, оқу, білім, әдебиет, тарих

бөлімдерінде; Экономикалық және шаруашылық проблемалары; Шаруашылық бөлімдерінде жан-жақты көтеріліп, тақырыпқа терең бойлаған көлемді мақалалар жарияланған. Сондай-ақ журнал беттерінде бұйрық-жарлықтар да басылып тұрды» [83].

Саяси һәм жалпы бөлімінде «Абыр-сабыр заманда сақтану керек»,- деген мақала «Т» атты бүркеншік есіммен берілген. Онда «Төңкерістен бұрын қырғыз-қазақ кедейлері ылғи өгейлік көріп келді. Басынан тоқпақ кетпеді», - деп төңкеріске дейінгі қазақ-қырғыздардың жағдайының төмен болғанын, революциядан кейінгі жағдайының жақсаратынын жаза отырып, өзгеріп отырған уақыттың саясатына да сенімсіздік танытып, қазақ- қырғыз халқы баяғы таз қалпына түсіп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетуі мүмкін екендігін ескертеді [76, б. 22]. Ақпан төңкерісінің басында қазақ-қырғыздардың көрген қорлықтары баяндалған мақалада қырғыз-қазақтарды киізге орап, өртегендерін ашық жазған. Осылайша, басылым, жан түршігерлік оқиғаларды да баяндайды. Мақала авторы – ұлтына, еліне, жеріне жаны ашыған азамат. Баспасөз беттерінде ұлтшылдық мазмұнды жарияланымдардың кетіп қалмауын қадағалап отырғанның өзінде журналдың алғашқы санының бірінші беттерінде жарық көрген.

XX ғасырдың басында Ресейде халықтың саны өсіп, диханшылық бір жолға қойылған соң жерге деген мұқтаждық туындаған. Сол кездері Ресейдегі тұрмысы төмен кедейлерін, патшашыл үкіметі орыс боданында болған Түркістан, Қазақстан секілді елдерге тығып, Қазақстан мен Түркістан жерлерін келімсектерге толтырған еді. Міне, осы жағдайды баяндағын «Азаттықтың жолы осы» деген мақала басылған. Онда: 1) «жергілікті жұрттың жерін іштегі жерсіздерге беріп, бүліншілікті тоқтату; 2) келімсектерге сүйеніп, жергілікті жұрттарды өз дегеніне көндіру еді», - деген ескі үкіметтің көздеген мақсаттарын келтірген [76, б. 67]. Мақалада ескі үкіметтің дегендеріне жетіп, келімсектердің қазақ-қырғызды айналдыра қоршап, олардың қыстап, жаздап жүрген ең жақсы жерлеріне орналасып алғандарын ашық жазған. Бұл жағдайдың қазақ-қырғызға ұнамағаны анық. Сол себепті де алдағы уақытта Түркістанда артық жер жоқ екенін жаза отырып, жерін қорғаштайды. Ендігі тұста, азаттықтың жолы – жердің байлығын қазақ-қырғыз өзі ұқсатса, шикізатты өзімізде пайдалануды ұсынып, зауыт-фабрикалар Түркістанда ашылса пайдалы болар деген ой айтады. Саяси азаттық жерге иелену, мал шаруашылығын аяқтандыру, өнімді молайту дей отыра, шаруашылықты орнықты жолға салмай, алған ел азаттығының жұғымы аз болады, дегенге келеді. Алаштанушы ғалым, Мәмбет Қойгелдиев: «Россия қазақ ұлтының санасында өздері туралы қазақ жеріне алдыңғы, дамыған өркениеттің жетістіктердің жеткізуші, жарылқаушылар бейнесін қалыптастыруға күш салды»,- деген [26, б. 20]. Қазақ жеріне өзге ұлттарды қоныстандыру саясатын қазақ жеріне келіп жеткен өркениетпен байланыстыру ұлтты алдап-арбау тәсілі екені айдан анық. XX ғасыр басында осындай түсініктер Ресей оқу орындарында білім алушы қазақ жастарының санасына ақырындап енгізіле бастағаны жасырын емес. Бірақ, қазақ оқымыстылары бұл бастаманы қабылдай қоймады. Үкіметтің шаруашылық саясаты нәтижесінде

қазақ жерлерінің жарамды аумағы жаппай қоныс аударушылардың пайдасына беріле бастауы, кедейленген ауыл-аймақтардың көбейуіне әкеп соқтырды. Осындай саяси жағдайлар енді қалыптасып, құрылып келе жатқан ұлт арасынан шыққан зиялылар тобын саясатпен кәсіби шұғылдануға, елдік ұстанымды, ұлттық сананы қалыптастыруға, саяси ұйымдарға бірігуге мәжбүр етті. Қазақ оқығандарының ойынша ұлт өзінің жерін, дәстүрін, тілін толығымен иеленбейінше қазақ қоғамында даму болмайды деген көзқараспен тәуелсіздікті аңсай отырып, ұлттық баспасөз арқылы елге жеткізіп отырды.

«Шолпан» журналының үкімет тарапынан қысым көріп, тынысының тарылып бара жатқанын журналдың біріктіріліп шыққан 4-5-ші сандарынан байқаймыз. Журнал бетінде «Оқушыларымызға» деген басқармадан хабарландыру басылады. «Шолпан» журналына, дүние жағынан хүкіметтің беріп келген жәрдемі бұдан былай тоқтатылатын болды. Журналдың бар қаражаты өз мойнына түсіп, өзінен өндірілетін ақшамен шығатынға айналды. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, оның үстіне қымбатшылық күннен күнге өсіп келеді»,-деп қырғыз-қазақ азаматтарынан көмек сұрайды [76, б. 153]. Яғни, журналға 1923 жылдың басынан үкіметтің жәрдемі тоқтатылып, қысым көрсетіле бастағанын аңғарамыз. Басқарама журналдың жабылып қалуынан күдіктеніп, журнал алдырушыларынан ақшаларын кешіктірмей жіберулерін өтінеді. Сонымен қатар, журналды ел арасына, қала-қалаларға тарату, оған жазушыларды жию мәселесінің де реттелетініне сеніммен қарайды.

Басылым оқу-ағарту, әдебиет және мәдениет мәселелерін ағарту, оқу, білім, әдебиет, тарих бөлімдерінде басып отырған.

Білім бөлімінде «Ф» деп қол қойған автордың «Ғылым не береді?» мақаласында: «Шолпан» журналында «Білім бөлімі»,- деген бөлім бар. Бұл бөлімде әр түрлі ғылыми нәрселер жазылып тұрмақшы... Ғылым алатын жер – мектеп, медіресе. Журнал арқылы мектеп, медіресенің беретін ғылымын түгел беру қиын. «Шолпан» журналының білім бөлімінде, қазақ-қырғыз тұрмысына керекті, оқушыларымыздың көбіне түсінікті һәм қызықты мәселелер ғана жазылып тұрмақшы» деп журнал оқушыларынан қандай ғылыми мәселелер оқығылары келетініне де сұрау салады. Осылаша білім бөлімі «Ғылым не береді?», «Дарвин сөздерінің негіздері»,- деп Дарвиннің жауабымен оқушыларды таныстырып отыруды «Шолпан» журналы міндетіне алады деп келесі сандарында да Дарвин ілімін насихаттап отырған. П. Жәленова деген автордың «Емшек баласын асыраудың һәм тәрбиелеудің реті» атты ғылыми мақаласында баланы асырап, бағу, тамақтандырудың түрлі жолдары зеттелген. Мазмұнын оқи отырып бұл ғылыми зерттеудің әдіс-тәсілдері бүгінге дейін өзінің құндылығын жоғалтпаған деуге болады. Медициналық сөз тіркестеріне орай «Басқармадан» деп «Түсініктемелер» беріліп отыр. Мысалы, сол кездері қазақша баламасы табылмаған атауларға түсініктемелер беріліп отырған: «*Белок деген жұмыртқаның ағы. Бұл жалғыз жұмыртқада ғана емес, басқа да тамақтарда болады» [76, б. 173]. Бұл расында да бала бағып, үй шаруасымен айналысып отыратын қазақ әйелдеріне үлкен көмек болды деп ойлаймыз. Мақала мазмұны күні бүгінге дейін маңыздылығын жоғалтқан емес.

Журнал оқу-ағарту мәселесіне ерекше ықыласпен қарайды. «Жұртым жұрт боп көгерсін деген азамат болса, ә дегенде жұртының ағарту ісін жақсы жолға қойсын. Жұртының әдебиеті, мәдениеті алға басып, өсіп-өнуіне себеп боламын десе, жұмыла іске кіріссін» деген ұранмен «Есің бар да етегіңді жап!»,- атты мақала басылады [74, б. 263]. Мақала мазмұны, көтерген мәселесі – тарихи жырларымызды, қисса-дастандарымызды жатқа білетін қария-абыздарымыздың көзі тірісінде қағазға түсіріп қалуымыз керек екенін дәріптейді.

Басылым беттеріндегі Х. Досмұхамедовтың «Қазақ тілінің сингармонизм заңы» және «Х» деген бүркеншік есіммен жазған «Диуани луғат ат-түрік» атты көлемді мақаласы жарияланған. «Бұл еңбек Халел Досмұхамедұлының қолынан шыққан. Бұлай деуімізге осы мақаладан кейін Халел Досмұхамедовтың «Қазақ тілінің сингармонизм заңы» деген мақаласының басылуы»,- дейді [76, б. 9]. Х. Досмұхамедовтың қаламынан туған «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» еңбегі өзінің құндылығымен ерекшеленеді. Онда: «Он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлігінде қазақ елі отырықшы бола бастады. Өзара араласуы кеміді. Көршілес отырған «адабияты» бар ноғай-сарттардың тілі отырықшы елдің арасына жайыла бастады. Осы, ағайындар арқылы, бірқатар парсы-араб сөздері өзгермейінше тілімізге кіре бастады»,- деп өзге ұлттардың жазуы, түрлі тілдік әдістері қазақ тіліне кіріп жатқанына дабыл қағады [76, б. 275]. Халел Досмұхамедов: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең бұл сүйініш, ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең бұл күйініш»,- деп ана тіліміздің қадір-қасиетіне байыппен қарауды өтінеді [76, б. 280]. Өзге тілге еліктеп, сол ұлттың тілінде сөйлеп, ана тілін менсінбеу қате екенін айтады. Бұл зерттеу мақаласының ғылыми құндылығына байланысты айтылған пікірлер бар. Профессор Шора Сарыбаев: «Қазақ тіліне қатысты туындылардың ішінде аса бір білімдарлықпен жазылған еңбек – «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», - деп оның лингвистика саласындағы маңызын жоғары бағалайды [84].

Х. Досмұхамедовтың осы іргелі зерттеуі жайындағы пікірін академик Зейнолла Қабдолов тебірене сабақтайды: «...Бұл қазақ тілінің Конституциясы яки Негізгі Заңы туралы зерттеу.

- Қазақ, ел болам десең тіліңді сақта!- деген өсиет осы еңбектің әр қайырымынан таң самалындай тап-таза леппен есіп тұр»,- деп Халел Досмұхамедовтың еңбегіне жоғары баға береді [85]. Газет, журнал оқушылардың көбіне сингорманизм деген сөздің өзі жат сөз болған. Журналдың алғашқы санында «Сингорманизм заңы не?»,- деген сауалға жауап береді. Қазақ-қырғыз тілінде сингорманизм қай түрде екенін, сондай-ақ қазақ-қырғыз тілінің өзге халықтардың тілінен айырмасын да түсіндірген. Дыбыстарды тексерген. Бұл мақаланың жалғасы журналдың келесі сандарында да жазылады.

Белгілі зерттеуші ғалым Үшкөлтай Сүбханбердина: «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының қазақ арасында мол тараған нұсқасы – Физули дастанының сюжеті бойынша Шәкәрім Құдайбердиев поэма жазған. Ш. Құдайбердиев дастанды 1907 жылы жазған. Ол алғаш рет «Шолпан» журналының 1922-1923 жылғы 2-8 сандарында жарияланып, 1935 жылы Сәкен Сейфуллин алғы сөз жазып жеке кітап бастырып шығарған», - дей келе поэмаға былай деп баға берген: «Поэмада

Ләйлінің аймен, жарықпен, самалмен, шаммен, көбелекпен, жұлдызбен, бұлтпен сырласқан тұстары өте әсерлі» [86].

Шығармада феодалдық құрылыстағы әйелді кемсіту, оны төмен бағалау секілді қоғамдық мәселелер суреттелген. «Шолпан» журналында басылған бұл поэма жайында Ш. Құдайбердіұлы «Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш жазған. Онда: «Баяғы түріктің ақыны (поэт) Файзули өлеңінің басында айтқан: «А, құдай! Менің өлеңімді үш түрлі антұрғаннан сақта. Бірінші, әннің ретін білмейтіннен кісіден сақта, себебі ондай кісіге айтқан жақсы өлең де жаман көрініп байыбына бара алмайды. Екінші, күншілден сақта, оның себебі жақсы өлеңімді жамандап, теріс мағыналап, халықтың жүрегіне азғыру салады. Үшінші, қате жазушыдан сақта, оның себебі менің «көз» деп жазғанымды «көр» деп жазып, ашық көзімді соқыр етеді»,- деген мысалдар келтіреді [63. б, 59]. Мұны келтірудің өз себебі болған, Ш. Құдайбердіұлы «Шолпанға» берген өзінің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын басқан редакция ұжымына ренішін білдіреді. Қате өте көп, жартысы басылмай қалған, өлеңімді қор қылыпты дейді. Бұл пікір арқылы біз енді қалыптасып келе жатқана қазақ баспасөзінде кемшіліктердің де орын алғанын байқаймыз.

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеген ғалым Х. Бекқожин өзінің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі», - деген еңбегінде «Шолпан журналының әдебиет бөлімі көп қателіктер жіберді»,- деп журналдың әдеби бөлімдерінде алашордашы азаматтар жұмыс жасап, олар тек ұлтшылдықты жазды дейді [15, б. 107]. Бұл пікір «Шолпан» журналында ұлтының қамын жеген алашорда азаматтарының қызмет еткенін тағы да дәлелдей түседі. Дәл осындай пікірде болған ғалым Т. Қожакеев те журналдың жабылу себептерін революцияны жырламады, оның жеңілісін теріс түсіндіретін мақалалар басты. Сол себепті де журнал көп өмір сүре алмай, жұмысын тоқтатты деген пікірде болған [72, б. 62]. Журналдың жабылу себебіне келсек, сол бір заманда қазақ зиялыларының басына төнген қауіпті бағамдаймыз. М. Әуезов 1932 жылдың мамыр айында былай деп жазған: «Енді мен саясатпен айналыспаймын, әдебиетке бір жола бет бұрамын»,- деген ой-пікірін «Өзінің саяси қателіктерін мойындау туралы ҚазКСР ХКК председателі жолдас У. Исаевқа» өтініш жазған. «В частности, считаю, абсолютно не соответствующими социальному заказу революционных лет и революционной общественности, свои ранние идеологические вредные высказывания на страницах журнала «Шолпан», о путях казахской литературы дореволюционных лет» [87]. М. Әуезовтің бұл бас тартуын көзі ашық әр азамат дұрыс түсінеді. Себебі, Мұхтар Әуезовтің бұл өтініші ендігі жерде күрес күрделене түскенін толық түсінген, көп нәрсені түйсінген адамның қадамы болатын.

«Шолпан» журналының 1922-жылғы 2-3 санында М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» мақаласының басы, 1923 жылғы 4-5-інші сандарында оның жалғасы ретінде «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі»,- деген атпен жарияланады. Бұл мақалаға «Қоңыр» деп қол қойған. Ол кезде журнал шығарушы, оған жазатын авторлар саны өте аз болғандықтан, бір кісінің бірнеше мақаласы, тіпті түрлі жанрдағы туындылары бір санда жариялана беретін. Негізгі

редакциялық жұмыс М. Әуезовтің үлесінде болғандықтан материалдардың тапшылығын толтыру мақсатында журналдың бір санындағы жазушының бірнеше әңгіме, мақалаларына бүркеншік есімдер молынан пайдаланылатын. Әлгі аталған екі мақала да «Қоңыр» атты жазушының жиі қолданатын бүркеншік атымен жарияланған.

«Шолпан» журналының 2-3-ші сандарында М. Әуезовтің «Қазақтың қалам қайраткерлеріне» деген ашық хаты жарық көреді. Мұнда да әдебиеттің бір сүйенетін діңгегі газет-журнал екендігін айтады. Сол заманда газет-журналдың аз болғандығын, сол себепті де баспасөз өз міндетін толық атқара алмай отырғандығын жазады. «Не басындағы адамы ауысады, не заманы ауысады, көбінің өмірі тіпті болымсыз, қысқа болады»,- деп сол дәуірде шыққан газет-журналдардың негізгі жабылу себептерін айтып өтеді [76, б. 70].

«Шолпан» журналының ғұмыры қысқа болса да, ұлт әдебиетінің, ұлт мәдениетінің өркендеуіне ықпал етті. XX ғасырдың 20-жылдары қазақ қаламгерлерінің қуатты қаламынан туған қазақ әдебиетінің үздік туындылары болып саналатын көптеген шығармалар тұңғыш рет «Шолпанда» басылды. Бұл турасында журналды араб әріптерінен кирилл қарпіне түсіріп, баспаға әзірлеген ақын Ханбибі Есенқарақызы: «Шолпан» журналы өзінің қысқа ғұмырында қазақ поэзиясының жанашыры бола білді»,- деп жоғары бағасын берді [76, б.10].

«Шолпанда» әдебиет, мәдениет мазмұнды қандай жарияланымдар болды, олардың төлиелері кімдер еді десек, онда Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», «Қорқыт», «Батыр Баян» поэмаларын, Мұхтар Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесі мен «Заман еркесі» романын, «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты әдеби сын мақаласын, Бекмұхамед Серкебаевтың «Қонай құлаған тас», Шәкәрім Құдайбердиевтің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, Қырғыз әдебиеті тарихынан Әли Тоқамбайұлының «Құрманбек батыр», Момынәлі Ибраимовтың «Бидайлық» туындыларын, Жаяу сал деген автордың «Қыр суреттерін» атауымызға болады. Осы ретте Бекмұхамбет Серкебаев туралы тоқтала кетсек. «Серкебаев Бекмұхамед Құсайынұлы – қазақ қоғамы үшін орны ерекше тұлғалардың бірі» [65, б. 366]. Кезінде Мағжан Жұмабаевпен бірге Башқұртстанның Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алған. Ол елімізге танымал, әншi Ермек Серкебаевтың әкесі болғанын айта кеткеніміз жөн.

Тарихи өмірдегі қазақ жастарының тағдыры мен рухына бейнелеген еңбектер қазақ қоғамында жастарды ұлттық рухқа, жігер мен намысқа жетелейтін рухани қорған болып қалатындығы анық. Қазақ зиялылары өмір шындығын негіз етіп жазған дүниелерінен жастардың бойындағы рухтың нығайатыны рас. Сол кеудедегі жанып тұрған рух болашақта елдің рухын нығайтып, қорғайтын күш болмақ.

XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-саяси өзгерістермен қатар, қазақ әдебиетінде де тың жаңалықтар мен ізденістер пайда болды. Оның көрністері ең алдымен баспасөз беттерінде орын алды. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті әлемдік көркемдік тәжірибені меңгерген дарынды қаламгерлер жасаған, барлық жанрларда дамыған, сұлулық жүйесі қалыптасқан, биік эстетикалық деңгейге көтерілген маманданған екенін тамаша туындылармен әйгілеп берді» [88]. Осы

орайда, «Шолпан» журналындағы әдеби туындыларды саралап шықтық (*тізім автордан*). Олар:

1) проза (Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев);

2) поэзия (Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғабидаллаһ Балақадырұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов);

3) әдеби-сын (Сәкен Сейфуллин, Бекмұхаммед Серкебаев, Абдолла Байтасұлы);

4) Халық мұрасы (Әбубәкір Диваев).

Қарап отырсақ, бұл кезеңде жазылған әдеби шығармалар мен сын мақалалар қаламгерлердің жазушылық, суреткерлік шеберліктерін айқындайды.

Проза жанрында жазылған туындының бірі – Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі». Шығарма журналдың 4,5,6,7,8 сандарында басылды. Әйел жанына терең үңіле отырып ұлттық психологияға тән элементтерді айшықтап көрсетіп, қазақ танымына, қазақ болмысына сәйкес дүниені ұсынады.

«Шолпан» журналында Шәкәрім Құдайбердиевтің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы [76, б. 120] үзбей басылады, Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» [76, б. 103], «Батыр Баян» [76, б. 182], «Мадияр» деген бүркеншік есіммен Міржақып Дулатовтың «Бүркіт кегі» [76, б. 390] жарық көрді.

Осылайша, «Шолпан» журналы өзінің ұстанған әдеби бағытын жоғары деңгейде атқарды.

Экономикалық және шаруашылық мәселелері де «Шолпан» журналының әр санында жазылып отырды. «Жер хақында шыққан жаңа заң» деген мақалада қазақ-қырғыз облыстарының болашағы туралы көлемді сараптама жазылған. 1921-1922-ші жылдарда болған Түркістандағы жер саясатының өзгермейтіндігін, жаңа шаруашылық саясаты Түркістанның жер заңына зиянын тигізбейтіндігін, қазақ-қырғыз кедейлеріне берілген жерлер сол күйінде қалатындығы толық дәлелдермен түсіндірілген. Қазақ-қырғыздың қазіргі шаруасы, жаңа заңды қалай қолдану жайында айтылған.

«Түркістанда мал шаруасының осы күнгі жәйі һәм оның ілгері басуы» [76, б. 23] және «Түркістан салықтары»,- деген екі мақалада Түркістан жайынан толық мағұлмат берілген [76, б. 31]. Түркістанның мал шаруашылығы, мақта байлығы өткен жылдарда қандай еді, қазір қай күйде екенін бәрін де, дәлел келтіріп түсінікті санмен көрсеткен.

Келтірген сандар бойынша, Түркістанның қай облысында қандай шаруашылық бар; малы қанша, жаны қанша, егін-мақтасы қанша, халыққа түскен салықтар қандай, бәрі де журнал бетінде жарияланып отырған.

Мысал үшін 1922-ші жылғы Түркістандағы мал саны туралы көрсеткен мәліметтерді келтірейік:

Кесте 3 – Түркістандағы мал саны (мыңдап). «Шолпан» журналының 1-санында жарияланған кесте [76, б. 26].

Облыстар	Мыңдап				
	ірі қара	жылқы	қой һәм ешкі	шошқа	барлығы
Сырдария һәм Әмудария	720	709	6084	10	7,522
Самарқанд	224	95	1052	10	1,377
Ферғана	429	367	1034	40	1,834
Жетісу	660	1,113	7,126	530	9,261
Түрікпен	52	146	4,076	-	4,276
Барлығы	2,291	2,430	19,370	106	24,270

Мақала авторы (М. Шағырша) осындай деректерді келтіре отырып, Түркістандағы мал шаруашылығы халық тіршілігінің, күн көрісінің мықты тіреуі екендігін жазады. 4- кестеге де назар аударсақ:

Кесте 4 – Түркістандағы мал шаруасы [76, б. 26].

Облыстар	Десятина	Шөп пұты
Сырдария һәм Әмудария	425	59.371
Самарқанд	39	12.201
Ферғана	133	33.692
Жетісу	492	52.400
Түрікпен	26	4.268
Барлығы	1121	179.933

1922 жылғы Түркістандағы мал саны мен шабындық қылып отырған жерлердің санын көрсете отырып, мынандай қорытындыға келеді: «Жоғарыдағы сандардан көрініп тұр. Малды жайып бақпаса шөп жетпейді»,-деп мал шаруашылығындағы түйткілді мәселелерді қозғап, нақты ұсыныстар айтады [76, б. 26]. Мәселені шешудің жолдарын да қарастырады. Ол үшін малмен айналысатын көшпелі халықтың күн көрісі, жайылымды жердің маңыздылығы нақтыланады. Бұл мақала журналдың келесі сандарында да жалғасын тапқан. Малшаруашылылығына байланысты талдау кеңінен жүргізіліп, 8 түрлі кестеге салынып, нақтыланған. Көлемді мақала оқырманға мал шаруасын өрбіту үшін атқарылатын істер ретімен қорытынды жасайды. Мал шаруашылығында күні бүгінге дейін өзектілігін жоймаған ұсыныстардан мысал келтіре кетсе:

«1) мал шаруасымен тіршілік қылатын аудандарда, келешекте сол мал шаруасы болады деп, түпкілікті қылып жер мәселесін шешу керек;

2) малдың тұқымын асылдандыру жұмысына кірісу керек. Мұның үшін қазақ-қырғыз малына басқа тұқымдардан араластырып, жаңадан кіргізу керек, һәм өз арасында асылдандыру керек;

3) қазына асбап беріп, халыққа міндетті ретте пішен қорын жидыру керек;

4) мал індетімен күресу керек. Мұның үшін жергілікті халықтың жастарын оқытатын школ ашу керек. Олар, сол школдан оқып шығып, малдың індетімен күресетін болсын;

5) Түркістан топырағынан шетке мал шығару тоқтатылсын;

6) малға түсетін мемлекет салықтарын жеңілдету керек;»,- деген ұсыныстарын жаза келе, Жер-су комиссарияты осы мәселелерді қолға алса да жақсы болар еді, «Шетелдік халық шаруасын былай басқарады»,- деп қара халықтың басын қатырмаса деген ойын да жасырмайды [76,б.87].

Шаруашылылық проблемаларын жазып, оны шешу жолдарын ұсынған журнал материалдары өте сауатты, терең талдаумен жазылғандығын байқаймыз. Шаруашылық бөліміне жазушылар: М. Шағырша, С. Асфендияров, Асқаров, Бөриев, Севастьяновтар болған. «Қатаған» атты автордың «Жетісу халқының тұрмысы тақырыбы» деген мақаласы қырғыз тілінде басылған. Осыған орай басқарма тарапынан оқырманға түсініктеме де беріле кеткен. Онда: «Шолпан» қырғыз-қазақ журналы болғандықтан, һәм мақала жазушы жолдас Қатаған басқармадан әдейі өтінгендіктен, бұл мақаланы өзгертпей қырғыз тілінде басып отырмыз»,- дейді [76, б. 96]. Бұдан шығатын қорытынды – басқарма журналға жазушы авторлардың мақаласын оқып, өзге тілде жазушылардың жіберген материалдарын қазақ тіліне аударып басып отырған.

Қорытындылай келгенде, Ұлт баспасөзінің қалыптасу тарихында «Шолпан» журналының алатын рөлі зор. «Шолпан» халықты қоғамдық-саяси хабарларымен қамтамасыз етіп қана қоймай, әрі ағартушылық, әрі әдебиет пен мәдениетті насихаттау қызметін атқарды. Халықтың рухани қажеттілігін толтыру, әдеби шығармалармен сусындату мақсатында «Шолпан» журналының шығарушылары арнайы әдебиет бөлімін арнады. Оның нәтижесінде, қазақ әдебиетінің жауһар туындылары көпшілікке тарады. Әдеби шығармалармен қатар «Шолпан» журналы баспасөз тарихында саясат, шаруашылық, білім-мазмұнында шығатын журналдың үлгісін көрсеткен басылым болды.

Әрине, кез-келген басылымның қызметіне баға беру үшін сол заманның, сол дәуірдің саяси ахуалын екшелей отырып, бағамдау керек. Партиялық идеология «Шолпан» журналы көтерген материалдарды қолдай қоймайтын. Сондықтан «Алашордашыл», «Ұлтшыл» басылым деп оны қаржыландыруды тоқтатты, қудалады. Бірақ, қазақ баспасөзінің тарихында «Шолпан» журналының өзіндік үлкен орны бар. Журнал әдебиет, өнер, шаруашылық, саясат мәселелерін барынша қозғауға тырысты. «Шолпан» жаңа қанаттана бастаған қазақ зиялыларының ой-жүйесі басылған басылымдардың бірі болды. «Шолпан» журналы ұлт сөзін сөйлеген басылым ретінде қазақ баспасөзінің мақтанышы болып қала бермек.

1.3 «Таң» журналындағы көркем әдебиет үлгісі

«Таң» – Алаш бағытында шыққан басылым. Ресми бағдары – Семей губкомы мен атқару комитетінің саяси шаруашылық, мәдени, әдеби журналы. Семей қаласында 1925 ж. орта кезіне дейін ай сайын шығып тұрды. Редакторы М. Әуезұлы. Журнал ел тіршілігіне тұрмыс-салтына, саяси, шаруашылық,

мәдениет мәселелеріне көбірек көңіл бөлді. Хат-хабар, мақала, очерк, т.б. көркем әдеби және өнер шығармаларын жариялады [65, б. 384].

1925 жылдың наурыз айында Семей қаласында шыққан «Таң» журналының мұқабасында «Семей Губисполкомының Губернелік РКП(Б) комитетінің және кәсіпшілер кеңесінің тілі», - деп жазылды [89]. Жазылу бағасы 1 айға – 1 сом, 3 айға – 3 сом, 6 айға – 5 сом, 1 жылға – 8 сом болып белгіленді. Басқарманың мекен-жайы: Семей, «Қазақ тілі» (бұрынғы облостной) көшесі №16 үйде болды. Журнал мынандай бөлімдерден тұрды:

1) жалпы саяси бөлім;
2) шаруашылық бөлім;
3) білім-тәрбие бөлімі;
4) әдебиет бөлімі;
5) отантану бөлімі;
6) ресми бөлім.

Осы уақытқа дейін «Таң» – әдеби журнал болды»,- деп есептелді [15, б. 109], [23, б. 125]. Жоғарыда көрсетілген бөлімдерге қарап, «Таң» журналы саяси-шаруашылық, әдеби-танымдық, ағартушылық бағытты ұстанған. Дегенімен журналда әдебиетіміздің жауһарларына көбірек орын берілген.

2011 жылы Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша «Алаш көсемсөзі» атты көптомдық шығарды. Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры, профессор Намазалы Омашев жетекшілік еткен бұл жоба аясында «Алаш көсемсөзі» кітабының 6-7 томдары «Таң» журналының кирилл қарпіне ауыстырылған нұсқасы басылды.

Тарих қойнауына үңілетін болсақ, 1925 жыл – қазақ жеріне Кеңес үкіметінің түпкілікті орнаған кезеңі. Бұл кезеңдегі Алаш қайраткерлерінің қызметі жөнінде профессор Н. Омашев төмендегідей пікір айтады: «Таң» журналы таза кеңестік сарыннан, ұрандатқан қызыл сөздерден аулақ болды» [90, б. 5]. Бұл кезең алаш қайраткерлерінің көпшілігі жаңа саясаттың ығына жығылған уақыт еді. Ал алаштанушы ғалым Дихан Қамзабекұлы: «1919-20 жылдардан бастап Алаш зиялылары оқу-ағарту, баспасөз саласына топтасты. Газет журналдардың аты кеңестік болғанымен, заты алаштыкі еді»,- деп жазады. Осылайша, ұлттық идея, мақсат-мүдде жаңаша бағытта ұғындырылды. 1923 жылы Әлихан Бөкейханның Дінше Әділұлына жазған хатында: «Кітап жазып, газет-журналға мақала шығарып, Алашқа қызмет қылмасақ басқа жол бөгеулі», - деген [19, б. 5].

Алаш зиялылары сол кезеңнің саясатын өз ыңғайларына бұра білді. 1920 жылы мемлекеттік баспа құрылып, А. Байтұрсынұлының ұйытқы болуымен жаңа оқулықтар шыға бастады. 1922 жылы Мәскеуде ашылған «Күншығыс» баспасының жұмысын Әлихан Бөкейхан мен Нәзір Төреқұлов ел игілігіне айналдырды.

«Таң» журналы туралы ғалым Н. Омашев: «Сырт кейіпі – кеңестік, мазмұны – ұлттық басылым»,- деген баға берді. «Таң» журналының сыртқы мұқабасы ақ, қара түстермен безендірілген. Басылым беті қызыл ту суреті арқылы екіге

жарылып, үстіңгі жағында арайланып келе жатқан Күн бейнеленген. Оның шапағы жаңадан ашылған өндіріс орындарын, егістік алқаптарды нұрландырып тұр. Оның төменгі жағында қазақтың төл тұрмысы бедерленген. Ауыл, қазақ үйлер, салт атты адам, алқалы қауым, т.б., ұлттық ерекшелікті, шыққан тамырымызды айқындап тұр. Түндігі ашық қазақ үйдің кезінде «Қазақ» газетінің де символы болғаны белгілі. Сондықтан да бұл рухани сабақтастық пен үндестіктің белгісі болуы мүмкін» [90].

Журналдың алғашқы санында «Қымбатты жолдастар!»,- деген «Таң» журналының басқармасынан редакциялық мақаласы басылады. Онда: «Қазақ арасында баспасөзге шөлдегендік күштілігін айтпасақ та жұрт түсінгендей. Жиылыс пен топтың осы күнге дейін тапсырғанын атқарып келе жатқан партия мен кеңес орындары өзінің тілі санап осы алдарыңыздағы журналды ұсынып отыр», - деді [89, б. 1].

Дегенімен де, басылымның қазақ еліне керек екені айдан анық. Оның үстіне басқарма «Таң» өзге журналдардан қызықты болады, көкейлеріңіздегі сұрақтарға үнемі жауап беріп отырады деген уәде береді. Бұл басылым сол кезеңде болып жатқан партия жиылысы мен кеңес тобының жастар жиылыстарында талқыланған мәселелер мен қаулы-қарарларды басып отыруға міндетті болған секілді. Өйткені журнал алғашқы санында былай деп жазады: «Партия жиылыс мен кеңес тобының қаулыларын, есептерін де келесі санынан қалдырмай бастырамыз»,- деп осы санына басылмай қалғанын баспахана қызметінің толып жатқан себептерімен түсіндіреді [89, б. 1].

Журналды шығаруға жауаптылар – Шәймерден Тоқжігітов, Асхат Сайдалин, Шайқы Жантілеуов есімдері көрсетілген [91]. Сонымен қатар, «Таң» журналын шығарушылардың бірі ретінде Мұқтар Әуезовтің де есімі аталады. Оны мына дерек растайды.

«Протокол №13
Заседания коллеги агитпрома губкома РКП(б)
От 6 ноября 1924г.
Повестка дня:
4. Об издания Киржурнала
1) В принципе не возражаю и считать необходимым;
2) Подыскание средств, выработку плана и название поручить тт. Джантлауову, Шанину, и Ауэзову, каковым поручить сделать доклад на следующем заседании коллегии;
3) Комиссию, считать за т. Джантлеуовым
Председатель Токжигитов» [90, б. 6].

Бұл – белгілі журналист Шәймерден Тоқжігітовтың Семей губерниялық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарған, әрі сондағы «Қазақ тілі» газетіне редакторлық еткен кезі.

«Таң» журналы да Алаш ардақтылары шоғырланған Семей қаласында шыққан. Ұлы Абай Құнанбаевтан бастау алатын қасиетті жер – әдебиет пен мәдениеттің, зор шығармашылық ортаның бастауы еді.

М. Әуезовтің «Таң» журналында техникалық және әдеби редактор болғанын дәлелдейтін деректер бар. Алдымен, 1925 жылдың 18 шілдесінде Семейгубкомына жазған өтінішіне кезек берейік: «В Семипалатинское Губоно от лектора Кирпедтехникума и бывшего технического редактора журналы «ТАН» органа Семгубкома Губпрофсовета Ауэзова Мухтара»,- деген өтінішінен «Таң» журналында техникалық редактор болғанын байқаймыз. Осы өтініш соңында М. Әуезов былай деп жазады: «PS. О проделанной мною работе в журнале «Тан», в краеведчиских организациях и в качестве лектора совпартшколы считаю излишним распространятся особо, так как моя деятельность во всех отрослях достаточно известна для губоно» [38, б. 11-12].

Өтініш иесі М. Әуезовтің сөз соңынан келтірген жазбасында біз халық ағарту ісінде танымалдылығын және өзіне деген зор сенімділікті байқаймыз. Енді осы 1925 жылдың 23 шілдесінде М. Әуезов Ленинград университетінің 2-семестріне қабылдану үшін өтініш жазады. Өтініш мәтінінде: «...Но по приезде в Семипалатинск ввиду отсутствие культурных сил у киргиз я был оставлен Семипалатинском губоно и другими губернскими организациями для школьной работы и для журналистской деятельности в данной губернии, где до настоящего времени я вел одновременно лекторскими обязанностями в Киргиском педогогическом техникуме и в губсовпартшколе еще журналистскую деятельность в качестве фактического редактора журнала «Тан» органа Семип. Губкома губпрофкома» деп жазылған [38, б. 13].

Осы өтініштің соңына қол қойған М. Әуезов «Лектор Кирпедтехникума, бывш. Лектором губсовпартшколы и технический редактор журнала «Тан» органа Семипалатинского губисполкома. Подпись. 23/VI-25г. г. Семипалатинск»,- деп қолтаңба қалдырады.

Сонымен, М. Әуезов 1925 жылдың маусым айына дейін «Таң» журналында қызмет етеді. Журналдың соңғы 4-саны осы айда шыққаннан кейін, жабылып қалған. Ленинград Мемлекеттік университеттерінің студенттерінің декларация толтыру барысындағы «Ваша основная профессия и где работали, в какой должности по поступления в ВУЗ» деген сұраққа «Журналист и педагог, сотрудничал в киргизских журналах Абай, Сарыарка, Чолпан, Тан, литсотрудник в киргизских газетах»,-деп жауап береді [38,б.19]. Осы жауапқа орай біз М. Әуезовті «Таң» журналының техникалық редакторы дегеннен көрі әдеби редакторы болды дегенге келісеміз.

«Таң» журналының алғашқы санының соңғы бетінде Жауапкер шығарушылар Шәймерден Тоқжігітов, Асхат Сайдалин, Шайқы Жантілеуовтердің есімдері жазылған.

«Ш. Тоқжігітов 1901 жылы дүниеге келген. Туған жері Семей облысы, Абай ауданы» [72, б. 266]. 1925 жылдың басында Шәймерден «Таң» журналын шығарумен айналысады. Алғашқы нөмерінде «Біздің жол» деген бас мақала жазып, журналға бағыт-бағдар сілтейді. Партияның міндеттері арқылы жастарды тәрбиелеу жолдарын ұсынады. «Жастардың ескілікпен байланысы жоқ. Жастар – жаңа заманның шәкірттері. Тегінде біздің ірі күш, зор қуатымыздың бірі осылар. Бұларға үлгілі іс пен түзу тәрбие керек, ұйымшылдық керек»,- деп

жастардың ескіні көксемей, алға ұмтылып, жаңа саяси қағидалармен жүретініне сенім білдірген. Яғни, Кеңес үкіметіне бағына отырып, сол арқылы партияның алға қойған жоспарлары арқылы қазақ даласының проблемасын шешу, халықтың тұрмысын жақсарту, көзін ашу, елдің мұңын шешуді көздеген.

Журналды шығарушылардың қатарында Шайқы Жантілеуовтың есімі аталады. Ш. Жантілеуов (1889ж.т., Орал о., Жымпиты у., Өленті б.-26.11.1938). Ол – Алаш қозғалысына қатысушы, Қазақстанда мәдени даму ісін ұйымдастырушы қайраткер [65,б.185]. Энциклопедиялық анықтамаларда «Таң» журналының шығып тұрған уақыттарында Жантілеуов Шайқы – Семей уездік атқару комитетінің төрағасы (1924-1925 қаңтар); Семей губерниялық жер басқармасының меңгерушісі (1925 қаңтар-1926 мамыр)»,- деп көрсетілген.

«Журналдың алғашқы сандарынан-ақ Абай шығармашылық мектебінің мол үлгісі сезілді» [91, б. 7]. Әдебиет бөлімінде «Абайдың басылмаған сөздері», «Абайдың кейбір өсиет сөздері (афоризмдер)» «Қара сөздері», М. Әуезовтің «Ескілік көлеңкесінде», «Қайғылы жетім», «Қазақ қызы» әңгімелері, С. Дөнентаевтың «Дәуітбек (оқшау өлең)», Шәкәрімнің өлеңдері, Тұрағұл Абайбаласының М. Горькийдің «Челкаш» шығармасының аудармалары, Ұлттық театрдың негізін қалаушылардың бірі, режиссер Жұмат Шаниннің «Хан мен уәзір» секілді туындылары басылып тұрды.

Журнал халықтың ең асыл өнері – бай ауыз әдебиеті арқылы өзінің тарихын, халықтық рухын бейнелеген. «Таң» журналы арқылы бүгінгі ұрпаққа «Бұқар жыраудың толғауы», «Жаман бақсының сарыны», «Берікбай бақсының сарыны», «Жеке би», Ізбасты би», «Наурыз жайындағы өлеңдер», «Бөгенбай батыр өлгенде Үмбетбай жыраудың Абылай ханға естірткен сөздері» секілді ел-аузынан жинап алынған асыл қазыналар мұра боп қалған. Шешендік сөздерді зерттеу, жинақтау, баспасөзде жариялау ісіне атсалысқандар – М. Әуезов, Р. Жаманқұлұлы, Ә. Біләлұлы.

Профессор Б. Жақып «Шешендік сөздер – халқымыздың дарындылығы мен ақыл-парасатын, тапқырлығы мен әділеттілігін, кеңпейілділігі мен қонақжайлылығын көрсететін, қазақ халқының сом тұлғасын сөзбен соққан асыл қазынамыз»,- деп тұжырымдайды [11, б. 102]. Бұл пікірде қазақ шешендік өнеріне зор баға бере отырып, публицистиканың бастауы ретінде бағалайды.

Халық ауыз әдебиеті әр салада, әр түрлі жанрда дамыған болса, «Таң» журналының әдеби бөлімі осы жанрлардың негізгі түрлерінің барлығын қамтыған. Тұрмыс-салт әдебиетінің негізгі түрлеріне жататын лиро-эпостық жырлар, тұрмыс салт жырлары, айтыс өлеңдері, тарихи жырлар, шешендік сөздер «Таң» журналында басылып тұрған. Журналдың әдеби бағытына баға берген ғалым Х. Бекқожин «Таң» журналы әдеби шығармаларындағы кейбір кемшіліктері болмаса дұрыс бағытта шықты»,- деп жазған [15, б. 110]. Алайда, ұлы ақын Абайдың шығармаларынан бастау алған журналдың бағытына берілген бұл пікірге толық қосыла алмаймыз. Өйткені М. Әуезовтің жоғарыда айтып өткен «Қаралы сұлу», «Қайғылы жетім», «Қанды түн», «Қазақ қызы» секілді туындылары басылған журнал қазақ халқының басынан өткерген

тарихын баяндайды. Оның тақырыптарынан-ақ ұлы жазушының ішкі сезімін сезінуге болады.

«Сол қайғыға толған қаралы табиғат ортасында әлсіз жүрегі шерге толып, рақымсыз өмірден ешбір жанашырды көрмей егіліп жылап, жалғыз сенген, жалғыз үміт қылған Алласын іздегендей болып келе жатқан бала сорлы жетім еді»,- деп суреттейді М. Әуезов «Қайғылы жетім» әңгімесінде [90, б. 124]. Жетімнің күйін, жан тебіренісі мен жалғыздығын қараңғы түнмен, ызғарлы табиғатпен байланыстырған шығарма оқырманды бей-жай қалдырмайды. Дүниедегі адамның тұла бойын жаншып, жігерін жасытатын қараңғылық, жалғыздық, үрей секілді ұғымдарды қазақ қоғамында болып жатқан жағдайлармен астарлап жеткізеді. Елдің жағдайын жетімнің күйіне балайды. Профессор Н. Омашов осы шығармаға байланысты өз ойын былайша түйіндеген екен: «Жетім балаға қысастық көрсетіп, өлімге итермелеген дәстүрлі кеңес әдебиетіне тән «бай» емес, сенімсіз, дүниеқоңыз кедейлердің бірі»,- деп әңгіме мазмұнындағы назар аударарлық жайтқа мән берген [90, б. 18].

Шайбай Айманұлының «Тұрмыс тұтқыны» [91, б, 140], «Айрылысқандар» [92], «Бұлбұл дауысы» [91, б. 293] әңгімедерінде қазақтытың кең, еркін даласы суреттеледі. «Ел жайлауда, ауыл маңайы жатқан құлын көрінбейтін көк шалғын. Мейірімді күн төбеңнен төніп, жерге алтын нұрын құйып тұр. Ен даласын еркін жайлап, жасыл кілемге аунап жатқан ел!...» [91, б. 140].

Шығарма сипаттауынан біз қазақтың мамыражай күйін, тыныш санасын, жанға жайлы тұрмысын сезінеміз. Автор жайлауда еркін жайылып жүрген жылқылар арқылы жылқы мінезді қазақ санасының тыныш қалпын аңсайды. Еркін даласында асыр салып жүрген табиғат еркелері арқылы ұлттың мінезін суреттейді.

«Таң» журналының алғашқы санының беттерінен «Құттықтауларға» да орын беріледі. «Қыр қазағы» деген бүркеншік есіммен берілген өлең шумақтары былай дейді:

«Таң» деген атыңды ақта, шығар күнді!
Кем-кетік бойымызда көрсет мінді.
Көптен сені тіледік жаңа тудың,
Атқару қызметіңді міндет енді!»,- деп көптен бері журналдың жарыққа шығуын күткендігін жасырмайды [91, б. 177]. Семейдегі қазақ техникумының шәкірттері атынан Жаманқұлұлы Рахымжан деген азаматтың хаты басылады. «Ардақты «Таң» журналы! Бізді, түн қараңғылығын ұзақ мезгіл жамылып, жаңа ғана ұйқы төсегінен ояна бастаған оқушыларды, туып келе жатқан жарық нұрың өте қуантты!»,- деп алдағы уақытта үзбей оқитын оқырманыңызға айналамыз деген қуаныштарын білдіреді [91, б. 177].

«Таң» журналының 1-санындағы «Әдебиет бөлімінде» «Абайдың басылмаған сөздері»,- деп Абайұлы Әбдірахманды жоқтап айтқан өлеңдері басылады. Журналдың осы санының соңында басқарманың атынан «Әдебиет бөліміне түзету» енгізіледі. Қысқаша үзінді келтірсек: «Әбдірахманға арналып айтқан өлеңі бір-ақ өлең емес, үш өлең еді. Алғашқы өлеңі «Кешегі өткен ер Әбіш» деген жерге шейін келеді. Екінші өлеңі осы сөзден басталып, «Сабырлық

керекті» деген сөзбен бітеді. Одан кейінгі үшінші өлеңі болады»,- деп әрқайсысының жазылған мезгілі бөлек-бөлек болғанын ескертеді [91, б. 177].

Осылайша журнал шығарушылар басылым бетінде басылған әр шығармаға, жазылған әр мақалаға үлкен жауапкершілікпен қараған. Сондықтан да көп кешіктірмей оқырмандарына талап-тілектері мен ұсыныстарын айтып түсіндіріп отырған.

Оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, тіл мәселесі «Таң» журналының көтерген басты тақырыптарының бірі болды. «Журналда Кеңес өкіметінің қойып отырған талаптарына, саяси бағыт-бағдарына қазақ қоғамы әлі дайын еместігі, халықтың көп бөлігінің хат танымайтын сауатсыздығы, онымен күрес жолдары айқын көрсетілді» [90, б. 8].

Қазақ тілінің қолданыс мәртебесіне байланысты нақты іс-шаралар жүзеге асырылып, «Қазақ елінің ішінде мектептің құрылысы, неше жылдық болу, қай тілмен оқытылуы, сауатсыздықты бітіру жайында»,- деген проблемалық мақалалар басылды [91, б. 98]. Мектепті 1-ші және 2-ші басқыштан құра отырып, 1-ші басқыш 4-жылдық мектепте оқушы тек қазақ тілінде оқу керек дегенді ұстанады. Қазақ тілінде оқу процесіне өзге тілді, оның ішінде орыс тілін араластыруды тек 2-ші оқу жылында ғана қосу керектігін жазады. «Мемлекеттік қызметкерлерден қазақ тілін білуді талап ету қажет, деген батыл байламдар жасалады. Бұл әлі де рухы сөне қоймаған Алаштық идеяның көрнісі екендігі айдан анық», - деген тұжырымға келеді [90, б. 8-9].

Асхат Сайдалиннің «Гүбірнедегі халық ағарту ісі»,- деген сараптамалық мақаласында 1900 жылдан бастап 1925 жылға дейінгі оқу ағарту ісінің жай-күйімен таныстырады.

«1900 жылы Оқу министрлігі жайынан – 25 мектеп;
Басқа мекемелердің һәм жеке түрде ашылған – 19 мектеп;
Діншілдер тұсынан ашылған – 13 мектеп;
Қазақ- орыс халқынан – 56 мектеп;
Барлық жиыны – 113 мектеп. Мектепте оқыған балалардың саны – 5448.
Кітапхана – 5;
Нардом – 2;
Музей – 1.
Бұлардың бәрі орыстар үшін»,- деп жазған [91, б. 92].

Сондай-ақ, бұл есепте көрсетілген қазақ арасындағы мектеп санының қанша екендігін біле алмағандығын жазады. 1911 жылғы көрсеткіш бойынша, «Семей губернесінің мектеп жасындағы балалар санын алсақ, мектепте әрбір жүз баладан: орыстан 37 бала; қазақтан 1 бала ғана көреміз»,- деп нақты мәліметтерді алға тартады.

1913 жылғы есептік көрсеткіштер бойынша мектеп пен оқу ағарту орындарының барлық саны 246 болған, соның ішінде қазақ үшін арналғаны 42 деген деректерді алға тарта отырып, мектеп санының қазақ арасындағы аз болу себептерін патша үкіметінің көздеген мақсатының дұрыс еместігін сынға алады. Олардың көздегені қазақтың көзін ашу емес, орыстандыру мақсаты екендігін айтқан. Осындай саясаттың негізінде қазақ даласындағы халық ағарту

жұмысының толық қанды жүргізілмегенін байқауға болады. «Қазақ халқының көзі ашылып, қатарға ене бастағаны Руссияда болған 1917 жылғы февраль төңкерісінен былай қарай. Бірақ нағыз 1920 жылға шейін тиісті жол-жобамен шама-шарыққа аяқ тіреп, халық ағарту жолымен жүрген жоқ»,- дей келе 1921 жылдан 1924 жылға шейінгі ағарту ісін кесте түрінде белгілейді:

Кесте 5 – 1921-1924 жылдар аралығындағы ағарту ісі [91, б. 94-95]

Мектеп, Саны		I басқыш				жиыны
		Орыс мектебі	Қазақ мектебі	Ноғай мектебі	Неміс мектебі	
1 январь 1920	Мектеп	300	127	-	-	427
	Оқытушылар	683	143	-	-	826
	Оқушылар	18998	3807	-	-	22085
1921 жылдың Аяғында	Мектеп	598	472	10	9	1089
	Оқытушылар	1481	750	26	20	2287
	Оқушылар	41044	2201	1000	700	64755
1922 жылдың аяғында	Мектеп	276	232	8	9	522
	Оқытушылар	726	376	41	20	1163
	Оқушылар	19406	6522	810	510	27248
1923 жылы	Мектеп	297	180	10	12	499
	Оқытушылар	796	292	37	20	1145
	Оқуышылар	23960	10282	985	441	35889
1924 жылы	Мектеп саны	316	193	14	12	534
	Оқытушылар	596	270	35	12	913
	Оқушылар	23847	6944	859	433	32083

II - басқыш орыс мектебі – 13, бала саны – 2265, қазақ мектебі – 1, бала саны – 110 болған. Жоғарыдағы көрсеткіштерден қазақ ішінде ағарту жұмысының әлі де ақсап жатқандығын көруге болады. Оның себептерін мақала авторы халық ағарту ісінің қазақ даласында кешірек қолға алынуы, мектеп үйі, тәжірибелі оқытушысы, мектеп құрал-саймандарының жетіспеушілігі, деп түсіндіреді.

«Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек?», - деген мақалада «Жаңа программның түбірі – асыл», «Мұғалімдердің міндеттері», «Мұғалімдердің білімін, санасын кеңейту жұмысы» деген арнайы тақырыптар негізінде ағарту жұмысын бір жолға қою барысындағы басты шараларды қарастырады. «Мұғалім – ел ішіндегі мәдени күш, елге басшылық қыларлық азаматтың бірі. Сол себепті өзінің құлық-пылығын елге үлгі берердей жаңа жұртшылық орнату жолында қоюы керек»,- деп жас ұйымдармен араласып жұмыс істеу, оларға дұрыс жол

көрсету мұғалімдердің басты міндеттері екендігін айтады [91, б. 274]. Осыдан барып мұғалімнің қоғамдағы орны мен дәрежесінің қаншалықты жауапты әрі жоғары болғандығын байқаймыз.

«Сәтбайұлы» атты автордың «Оқытушы деген кім?» деген мақаласында қазақ қоғамына жаңадан енген «Оқытушы» сөзіне және оның қызметіне тоқталады. «Оқытушы құрсын, әйелді бұзып алудан басқа түк бітірмейді. Тегін қазынаның ақшасын алады», «Оқытушы деген – шайтандық! Балаларды бұзады, көңілге ұнарлық бір қылығы жоқ»,- деген жаңсақ пікірлердің көптігіне тоқталады. Оқытушының кім екенін түсіндіру үшін ең алдымен «білім деген не?» дегенді айта келе, «Осы білімді адам санасына егетін, өсіретін, адам баласына анық адам атын кигізетін адамдарды оқытушы деп айтады»,- деп тұжырымдайды [91, б. 109]. Бұл мақаланың мақсаты қазақ қоғамына еніп жатқан мамандық атауы «оқытушыны» түсіндіру, халықты әртүрлі алып-қашпа әңгімелерден алыстатып, шын мәніндегі жағдаймен таныстыру, бағыт-бағдар беру.

«Білім-тәрбие» бөлімінде «Құрт ауыруы» деген көлемді материал екі бірдей санында жарияланады. Құрт ауыруы тұрмыстың жайсыздығынан күшейетін науқас екендігі, ауырудың алдын алу мен оған жасалатын ем, ауырудың түрлері нақты баяндалады. Құрт ауыруы жайлы көлемді мақаланың журналдың екі бірдей санына жариялануы сол уақытта ауырудың кең таралған кезеңі болса керек. Мақалада бұл ауырудың қазаққа көшпелі болған кезінде таза ауада көп жүріп, малының көп, жем-ішімі жеткілікті болған кезінде зиян келтіре алмағанын айтады. «Қазіргі уақытта елдің көбі жатаққа айналып, қысы-жазы қорасының маңайында иә қысқы үйінде күн көріп, таза әуеден да бұрынғы мол тамақтан да айырылып келеді»,- дей отыра оқырмандарға құрт ауыруының – жазылатын науқас екенін ескертеді [91, б. 260]. «Қазақстан аумағында санаторийларда құрт ауыруын емдеуге науқастарға қымыз беріледі. Қымыздың құрт ауырудан жүдеп, әлсіреген адамдарға пайдасы зор»,- деген ақпарат береді.

«Таң» журналының көтерген тақырыптары – саясат, шаруашылық, әлеуметтік мәселелер. Журнал заман талабына сай сол уақыттың өзекті мәселелерін көтерді. Үкімет хабарларынан Қазақстан республикасының астанасы Ақмешіт болуы туралы үкімдер мен қарарларды басып отырды. Құн, барымта, қалың мал, әйелді еріксіз күйеуге беру, көп қатын алу туралы заңдарға енгізілген қосымшалар да журналдың ресми бөлімінде жарияланып тұрды. Кеңес үкіметі құрылғаннан бергі уақыттағы жағдайды «Коммунистер партиясының еңбекшілдері байлардың тырнағынан босатып, ортақшылдық дәуірге бастап бара жатыр»,- деп жазады [91, б. 196-197]. Журналдың саяси бөлімі кеңес үкіметі құрылғаннан кейінгі қазақ қоғамында болып жатқан саяси өзгерістерді оқырмандарына түсіндіру, жариялау мақсатын атқарып отырды. Мәселен, кәсіпшілер одағына және оның жұмысшыларға деген қамқоры қандай? Ресей жұмысшылары мен қазақ жұмысшыларын салыстырмалы түрде баяндайды. Қазақ жұмысшылары одаққа жазылып, қолдарына қағаздарын алғанымен оның тәртібін түсініп отырмағандығын айтады. «Әр жұмысшы өз одағынан мынандай жәрдем көреді:

1 – жұмыссыз жүрсе, жұмыс тауып береді;

2 – еңбекақысын, киім-кешегін, демалыс күндерін шартқа қояды;

3 – жалдаушы мен жұмысшылар арасында шарт қағаздарының орындалуын бақылап отыратын еңбек қорғау комиссиясын сайлайды;

4 –мүшелердің жұмыссыз қалған күндеріне жәрдем беріп отырады;

5 – қамсыздандыру кассасына мүше болады;

6 – одақ өзінің мүшелері білім жөнінен ілгері басуына күзетші болады»,- деген ақпараттарды баса отырып, басылым түсіндіру жұмыстарын да қоса атқарып отырғанын байқаймыз [91, б. 40-41] .

Шаруашылық бөлімінде жарияланған «Қазақты қоныстандыру мәселесі» атты мақалада төмендегідей өткір мәселелер жазылады. «Біздің қазақ еңбекшілерінің өмірі де сол қара жерге байлаулы. Оған өлсе де тірі жүрсе де сол қара жер керек. Өлсе көмуіне, тірі жүргенде күн көруіне керек»,- деп жер мәселесін басты назарда ұстайды [91, б. 232]. Патша үкіметі қол астындағы ұлттарды қысыммен ұстағаны, қазақты алдымен жерінен айыруды көздегенін, ұсақ ұлттарды құл ретінде пайдалануды көздеді деген пікірді ұстанады. Осындай жерге қатысты мақалаларды оқи отырып, жер дауының күні бүгінге дейін өткір де маңызды мәселе екенін бағамдаймыз. Жер мәселесі көтеріліп жатқанда ұлттың намысына тиетін сөздер айтылғанын ашына жазады. Қазақ егін екпесе жердің қажеті қанша, малға құнарлы жердің болуы маңызды емес. Ал орыс халқына шөбі құнарлы, суы тұрақты жерді қарайластыру деген қате пікірлер екенін мақала мазмұнында нақты жазылған. Жер мәселесінің түбінде қазақ халқының мүддесі жатыр.

Бюджет пен салық мәселесі журнал беттерінде көтерілген өзекті тақырыптардың бірі болды. Мемлекет шаруасын түсіндіру үшін мемлекет дегеннің өзіне қысқаша тоқталып кетеді. «Мемлекет дегеніміз – жерінің көлемі біріңғай тұтас, айнала шегі белгілі, бір өкіметтің қол астына қараған бір жік қоғам, бір тайпы халық»,- деп мемлекет деген ұғымға теориялық жағынан талдау жасап, оқырманға түсіндіріледі [91, б. 47]. Журналдың 2-ші санында жалғасын тапқан «Бюджет не нәрсе?», «Мемлекет шаруасының шығыстары» деген тақырыптарында мемлекеттік бюджеттің жұмысы кәсіби түрде талданып, оған теориялық баға беріледі, салыстырмалы түрде сараптама жасалады. Мақала авторы С. Ержанұлы экономикалық тақырыпты сауатты түрде талдап, жан-жақты шаруашылық саласы бойынша таратып жазған.

Егін шаруашылығының жаңа, жақсы әдістері туралы мәселелер де журнал беттерінде көтеріліп отырды. Бұл мақала Губернелік агроном көмекшісі А. Саенко деген автордың есімімен журналдың 1,2-ші сандарында басылған. Мақала – егіншілікке ден қойған қазақ халқына қажетті де пайдалы ақпарат. Десек те, мақала былай басталады: «Семей губернесіне орыс егіншілері жақында келіп орнаған. Олардан бұрын мұнда ылғи ғана көшпелі мал өсірген қазақ елі мекен еткен»,-деген сөзіне қарағанда жері шұрайлы, суармалы жерлерді орыстарға беріп, мал бағып отырған қазақтарды қырға, тек қана мал жайылатын жерлерге қуған. «Жерінің ауданы аса үлкен болса да, Семей губернесіндегі халықтың отырысы өте сирек. Сондықтан Еуропадағы Руссияға қарағанда жан

басына келетін жер мөлшері мұнда анағұрлым көп. Осы жан басының үлесіне тиетін жері көп болса да соңғы жылдарда ауыл шаруасы мұнда бәсеңдеп келеді», - деп оның себептерін ауыл шаруасының ескі әдістермен жүргізілуі деп түсіндіреді [91, б. 67]. Мақала орыс тілінде жазылып, аударылып басылған болуы керек, өйткені мәтін барысында «Көп егіндікті шөпті тұқым ауыстыру жолымен жерді тыңайту»– «орысшасы – многопольно-травяной севооборот», «көп егіндікті»– «многопольный», «ала-құла» – «пестропольный», «аңызды шаруа» – «залежной» деген секілді түсініктемелерді қатар берген. Сондай-ақ жер жыртудың тиімді екі жолы ұсынылған. Олар:

1) Тың жермен асылдандыруға қалдырылған аңызды жырту.

2) Егін салынып келе жатқан аңызды жырту реттері. Осы екі жолдың тиімді жақтарын жан-жақты талдап жазған. Бұл мақала шаруаларға, егістік алқабын қолдану жөніндегі көмекші құрал ретінде, пайдасы зор болған деп айтамыз.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде шыққан журналдардың ішіндегі жалғыз «Таң» журналында ғана «Отантану» бөлімі болды. Бұл бөлімді журналдың алғашқы санында Мәннан Тұрғанбайұлы «Аймақты білу мәселесі» атты мақаласымен ашып берген. Автор жайлы қысқаша тоқталсақ, «Тұрғанбаев Мәннан Тұрғанбайұлы 1886 жылы Семей губерниясы, Қарқаралы у.,Абыралы б.,Сарыапан а., – 1937ж. Алаш қозғалысына қатысушы. 1937 ж. 20 тамызда ату жазасына кесіледі» [65, б. 398-399].

М. Тұрғанбаев өзінің мақаласында осы уақытқа шейін дүние жүзіне шыққан қазақ тіліндегі баспасөздерде аймақты білу жайында айрықша бөлім ашылып, сөз қозғалмағанын баса айта келе, алдымен «Аймақты білу деген сөзді қалай түсіну керек?»,- деген мәселені көтереді. «Аймақты білу деген сөз – сол аймақтағы өмірдің тіршілік шарты болған жаратылыс жайларын, бұрынғы һәм қазіргі жалпы шаруашылық жайларын, өмір сүруші жан иесі заттардың жайын, жерінің үстіндегі һәм ішіндегі байлықтың жайын бұрынғы басынан өткерген (тарихи) халдарын, бұрынғы һәм қазіргі мәдениет дәрежесін білу деген сөз», - деп оқырмандарға мағынасын түсіндіреді [91, б. 188].

Аймақтану арқылы бұрынғы өткен тарихымызды зерттеп-екшелейміз. Осы бөлім барысында оқырманды қазба жұмыстары арқылы табылған кез келген дүниелердің құнын жоғары бағалап, оның астарында тарих жатқанын бағамдауға шақырады. Көнеден қалған ыдыс-аяқ, ескі суреттер, қару-жарақ, абдыра-сандықтар, қолдан жасалған бұйымдардың барлығын жинап ғылыммен айналысып жүрген азаматтарға беріп, зерттеу жұмыстарына айналдыруға болатынын еске салып, қазақ қоғамына ғылым саласының тағы да бір зерттеу нысанын нақтылап береді. Тек қана құрал-саймандар емес, ескіден бүгінге жеткен аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар, қисса-өлеңдер де сол өңірдің салтын, дәстүрін анықтауға қажет екенін айтады.

Сонымен қатар, қазақ арасындағы көзі ашық адамдар Қазақстан аймағына қарағанда шетелдік аймақтарды жақсы таниды. Өйткені Франция сияқты дамыған елдер өздерінің аймақтарын зерттеп, кітап басып шығарғанын айтады. Ал біздің еліміздің әлі күнге дейін аймақтары зерттелмеген, кітаптар жазылмағанын айтып, өлкетану мәселесін көтереді.

«Отантану» бөлімі журналдың келесі 2,3,4 сандарында Чеканинский деген автордың «1916 жылы Жетісу аймағында болған қазақ-қырғыз көтерілісі»,- деген тақырыпта шілде-қыркүйек аралығында болған қозғалыс тарихынан деректер басылып отырады. Осындай тарихи жарияланымдар арқылы «Таң» журналын 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліске әділ баға берген басылым ретінде тануға болады. Журналдың 2-ші санында жарияланған тарихи мақала соңында «Басқармадан» деген редакциялық мақала басылған. Онда тарихи уақиғаның маңызына тоқтала отырып, бұдан былай «Таң» журналы «Отантану» бөлімінде 16-жылдың қозғалысын бірталай уақытқа дейін басып тұруды мақсат тұтқанын жазады Алайда, 16 жылдың тарихи оқиғасы журналдың 4-санындағы жарияланымның соңына «Аяғы бар» деп жазылады да, аяқталмаған күйі журнал өзінің шығуын тоқтатқан.

«Таң» журналының жабылу себептерін профессор Т. Қожакеев былайша түсіндіреді: «Бір губернияда әрі газет, әрі журнал шығару ауыр болғандықтан 1925 жылы маусымда «Таң» журналы жабылды» [72, б. 82]. Журналдың 4 маусым айында шыққан соңғы санындағы жарияланған М. Әуезовтің «Ескілік көлеңкесінде» [92, б. 315] деген әңгімесі, Иса деген автордың «Алтай ертегісі» [92, б. 343] деген поэмасы, басы 3-ші санында жарияланған «1916 жылы Жетісу аймағында болған қазақ-қырғыз көтерілісі» жайлы тарихи материалдар аяқталмай қалған [92, б. 357]. Яғни, авторлар шығармаларының жалғасын журналдың келесі санына жариялаймыз деп ойлаған. Сондықтан да, журналдың шықпай қалуы тосыннан болған жағдай деп тұжырымдаймыз. Журналдың алғашқы санында «Таң» басқармасынан деп басылған алғысөзінде: «Бізді тосырқататын қауіптің зоры – қаражаттың кемдігі»,- деп жазған [92, б. 25]. Бұдан шығатын қорытынды журналдың шығып тұруы қаржы мәселесі мен таралымына келіп тірелетінін айтады.

Профессор Н. Омашев «Таң» журналдарының мақалаларын сараптай отырып, төмендегідей ерекшеліктерін атап өтеді:

«Біріншіден, журналдың өте сауатты, терең байыптылығын байқауға болады. Екіншіден, кәсіби журналистикаға тән нақтылық, деректілік, цифрмен жұмыс істеу байқалады. Үшіншіден, «Таң» Семей өңіріне ғана тән аймақтық емес, жалпыұлттық басылым болды деуге негіз бар», - деген [90,б.19]. Журналдың сауатты шығуын, оның М. Әуезов бастаған авторларының жоғары деңгейдегі ақыл-ой иелері екендігін ескеруіміз керек. Басылым халықтық мәселелерді көтерді. Қазақстанның түпкір- түпкіріне тарады.

«Таң» журналының жарық көрген 4-санының құрылымы, мақалалар саны мен олардың авторларын кестемен келтіріп отырмыз.

Кесте 6 – «Таң» журналы

«Таң» журналы	Бөлімдер	Мақалалар саны	Авторлар
1	2	3	4
1 сан, 1925 жыл, март	Жалпы саяси	4	Шәймерден, Дүйсенұлы, Құндақбайұлы, А. Барлыбаев

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Шаруашылық	3	С. Ержанұлы, Карро, У. Саенко
	Білім-тәрбие	6	А.Б., Сыдықұлы, Асхат Сайдалин, Ермекұлы, Сәтпайұлы, Моргайлик
	Әдебиет	20	Р. Жаманқұлұлы, Мұхтар, С. Дөнентаев, Ш. Айманов, Жұмат Шанин, Жаяу сал, Забайұлы, Қыр қазағы
	Отантану	1	Мәннан Тұрғанбайұлы
	Ресми	2	Байсалықұлы, Исаұлы
Барлығы	6 бөлім	36 мақала	24 автор
2 сан, 1925 жыл, апрель	Жалпы саяси	8	Жұмажан, Ж. Тәттібайұлы, Шәймерден, Шайқы, Дүйсенұлы, Доропеева, Құндақбайұлы
	Шаруашылық	5	Шайқы, Б.Г., Саенко, С. Ержанұлы, Берғалиұлы
	Білім-тәрбие	5	Асылбек Сейіт, Ермекұлы, Сыдықұлы, К. Моргайлик
	Әдебиет	17	Ш. Айманов, Рақымжан, Жаяу сал, Сәбит, Мұхтар
	Отантану	1	Чеканинский
	Ресми	2	
Барлығы	6 бөлім	38 мақала	20 автор
3 сан, 1925 жыл, май	Жалпы саяси	4	Жұмажан, Шайқы, Құндақбайұлы
	Шаруашылық	5	С. Ержанұлы, А. Барлыбаев, М.Л., Шайқы, К. Филатов
	Білім-тәрбие	5	М. Тұрғанбайұлы, А. Сыдықұлы, К. Моргайлик, Қыдырбайұлы
	Әдебиет	17	Жаманқұлұлы Рақымжан, Мұхтар, Шайбай Айманұлы, М., Байбекұлы Уайда, Тұрағұл Абайбаласы
	Отантану	1	Чеканинский
Барлығы	5 бөлім	34 мақала	19 автор
4 сан, 1925 жыл, июнь	Жалпы саяси	5	А. Жиенғалиұлы, Жұмажан, Хакім, Оболикшт
	Шаруашылық	5	Б. Мицев, Шайқы, М.Л., А. Самохвалов, А. Барлыбайұлы
	Білім-тәрбие	3	А. Сейіт, А.С., Левитан

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Әдебиет	13	Есентайұлы Забан, Тұрағұл Абайбаласы, Мұхтар, Шәкәрім, Әлкей Марғұланов, Иса
	Отантану	1	Чеканинский
Барлығы	5 бөлім	27 мақала	19 автор
Жиыны: 4 журнал	6 бөлім	135 мақала	49 автор
Ескертпе – кесте автордан			

Қорыта келгенде, «Таң» журналының бар болғаны 4-саны жарық көрсе де қалың көпшілікке жол сілтеген, ұлттық рухты, намысты оятуға үндеп, болашаққа бағыт-бағдар берген баспасөз жаршысы болды. Алға қойған мақсаты арқылы функциясын дұрыс атқарды. Араға жылдар салып, бір ғасыр уақыт өтсе де журналда басылған дүниелер өзінің құндылығын жойған жоқ. Кеңес дәуірінің қолтығына амалсыз кірген қазақ халқының көзі ашық зиялылары партияның жолымен жүре отырып, қазақ халқының қамын ойлады, баспасөз арқылы оқу-ағарту ісін қолға алды, әдебиетпен сусындатты, деректер мен тарихи оқиғаларды жазып, ел құлағына жеткізді, бүгінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

2 ҚАЗАҚ ЖУРНАЛДАРЫ: ҚОҒАМДЫҚ САНА МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ (1920-1925 ЖЖ.)

2.1 «Қызыл Қазақстан» журналындағы тақырып пен идея

«Қызыл Қазақстан» журналы 1921 жылы 15 сентябрьден Орынборда шықты. Облыстық партия комитетінің айына бір рет шығатын саяси-шаруашылық, мәдени ағарту журналы деп аталды» [17,б.34]. «Қызыл Қазақстан» – тұңғыш кеңестік журнал [11,б.217].

«Қызыл Қазақстан» журналы РКП(б)-ның Қазақ облыстық комитетінің органы, Кирревкомның үгіт-насихат бөлімі айына екі рет шығарған. Қол қойған: Редколегия. Ол жалпы қоғамдық-саяси шаруашылық және мәдениет мәселелерін қамтитын журнал болды. «20-жылдардың бірінші жартысында оған Е. Алдоңғаров, А. Асылбеков, Н. Нұрмақов, С. Сәдуақасов, О. Жандосов, Ә. Байдилдиндар редакторлық етті» [72,б.30]. Жаңа саясаттың мақсат-мүддесін халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізетін таза саяси журнал болды. Негізінен журналда:

1) Жалпы бөлім;
2) Санитария;
3) Аштық;
4) Әдеби бөлім;
5) Жастар бөлімі;
6) Әйелдер бөлімі;
7) Партия өмірі;
8) Хроника;
9) Аштықпен күресу;
10) Ресми бөлімдері болды.

«Қызыл Қазақстан» журналының редакторы Абдолла Асылбековтың редакторлық қызметін ерекше атап өтуге болады. А. Асылбеков туралы қазақ журналистикасының тарихын зерттеген ғалым, профессор Т. Қожакеев «Жыл құстары» атты еңбегінде «Тумысынан большевик» деп ерекше тоқталып өткен. «Батыр да бір оқтық», «Ұлтшыл фашист», «халық жауы» деген жалған, саяси айыптармен А. Асылбеков 1938 жылы атылған.

Енді осы жаламен қара таңба басылған азаматтың өмір жолына, революция жеңісіне сіңірген еңбегіне, сол жолдағы көрген қорлық, тартқан азабына, сөйлеген жалынды сөз, жазған пікірлеріне құлақ қойыңыздар», - деп Абдолла Асылбековтың азаматтығы мен қаламгерлік қызметі жайында кеңінен тоқталады [72, б. 123]. Зерттеуші-ғалым, А. Асылбековтың өмір жолын зерттеп-зерделеу барысында оны қалайша «халық жауы», «ұлтшыл фашист» деді екен деген таңданысын да жасырмайды.

«А. Асылбеков 1921 жылы 21 наурызда Омбыдағы Сіббюроның қарамағына кірді. Сіббюро оны Ақмола губерниясындағы көтерілісті басуға өкіл етіп жіберді. Қызыл Армияның Петропавл, Ақмола, Көкшетау, уездеріндегі контрреволюциялық көтерілісті басу жөніндегі штаб бастығының орынбасары болып істеді. Губком, губревком мүшесі болып сайланады. Бұдан кейін ҚАССР

Халық ағарту комиссариаты саяси ағарту бөлімінің бастығы қызметтерін атқарады. Республика партия ұйымының II конференциясында РК(б) Қырғыз (қазақ) обкомының секретары, әрі оның органы «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы етіп сайланады» [72, б. 127].

Осы кезде А. Асылбеков қалам қайраткері ретінде кең танылады. «Қызыл Қазақстан» журналында А. Асылбеков, «Ғ.А», «Ғ», «Кедей баласы» атты бүркеншік есімдермен «Октябрь төңкерісінің бесінші жылы», «Октябрь төңкерісі һәм қазақ әйелі», «Октябрь һәм жастар», «Өзгеріс құрбандары», «Әділбек Майкөтов», «Біздің де күніміз туады» деген әңгіме, очерк, мақалалары жарияланады. «Октябрь төңкерісінің бесінші жылы» мақаласында: «Біріншісі – айналдара қоршап қамаған, ежелгі дұшпан – ішкі, сыртқа жаулардан бейнетқорлар өзгерісін қорғап, аман сақтап қалу; екінші – жер жүзін қанға бояған патшашылдар соғысының салдарынан бұзылған шаруашылықты жолға салып, түзету; үшінші – бейнетқор еңбекшілердің тұрмысын жөндеп, қандарын төгіп, қанша қиындықты көріп алған бейнетқорлар өзгерісінің жемісін жегізу»,- деп алдырында тұрған үш үлкен істі теріп жазған [72, б. 128]. Осы міндеттер арқылы жаулары жеңіліс тапқан соң, олар Кеңес дәуіріне мойын ұсынған.

«Октябрь төңкерісі һәм қазақ әйелі» атты мақаласында революцияны жырлайды. Әсіресе әйелдер қауымы еркіндікке қол жеткізді, жеке бастарын кемсіту азайды. Енді олар ерлермен терезесі тең оқып, білім алуға мүмкіндік алды. Патша заманындағы малдан да қадірсіз болған әйелдер қауымының бағын ашқан қазан төңкерісі мазмұнындағы мақалалар әйелдерді жігерлендіре түсті.

1921-1925 жылдар аралығында «Қызыл Қазақстан» журналының 48 нөмірі жарық көреді. Қағаз, қаржы тапшылығынан кейде оның 3-4 нөмірі біріктіріліп шықты [15, б. 95]. Журнал алғаш 2000 таралыммен шығарылып, губерниялық, уездік, аймақтық саяси-ағарту үйлеріне, болыстық клуб, ауылдық қызыл отау, кітапханаларға, мектептерге тегін жіберіліп тұрды.

Кейінірек дүние қымбаттап, оны ақылы етіп, халыққа сүйенбесе болмайтын болды. 1923 жылы наурыз айында А. Асылбеков Ақмола, Семей жағына барып, журналдың 1600 данасын таратып қайтады. Мұнан соң «Әр азамат ескеру керек» деген материал жарияланды. Онда «Қарағаңғы қазақ кедейлерінің көзі ашылып, өз теңдігіне ие болып, дүниеден хабардар болуы үшін газет-журнал алдырып оқу керек»,- деп халықты газет оқу арқылы қараңғылықтан құтылатын жол – баспасөз екенін ұқтырады.

Халық жаппай оқу мен білімге бет бұрса газет-журналдарда жазылып жатқан хабарларды да естіп, біліп отырады. Меңіреу адам сықылды хабарсыз адам болмаңдар, деген үгіт-насихат, тәрбие жұмыстарын жүргізіп отырады. Оқысаң көзің ашылады деп жазады. «Жайшылықта бір-бірінен қонақасы есебінде жеп кететін бір тоқтының пұлынан тартынбай, әрбір ел адамына «Қызыл Қазақстанды» алдыртып тұруы міндет. Ел еңбекшілері, газет, журналды оқы. Дүниеден хабарсыз тұрма!»,- деп оқырмандарына қарата жазады.

1925 жылдары журналға С. Сәдуақасұлы редакторлық етті. Мұрағат қойнауынан табылған «Қызыл Қазақстан журналының сарғайған тігінділерінен С. Садуақасұлының осы басылымға 1924 жылдың қараша айы мен 1925 жылдың

шілдесі аралығында редакторлық еткендігі мәлім болып отыр [93]. Сирек қордың журнал тігінділеріндегі С. Сәдуақасұлының редакторлық қызметін «Қызыл Қазақстан» журналында 1924 жылдың №11, №12; 1925 жылдың 1,2,3,4,5,6,7-сандарынан кездестіреміз. С. Садуақасұлы осы жылдар ішінде ұлтқа, қазақ еліне, жеріне қатысты мақалалар жариялайды. «Жаңа жұртшылық негізі – ғылым» [94] мақаласына байланысты «Осы журнал Қазақстандағы мерзімді басылымдардың ішінде бірінші болып ұлт оқығандарының қоғамтану ғылымына назар аударуын, төңкеріске дейінгі алаш жұрты басындағы саяси ахуалға қазақтың өз тұрғысынан баға беру керектігін көкейкесті мәселе есебінде күн тәртібіне қойды»,- деп баға береді [93. б, 32].

С. Садуақасов жазған еңбектерінің көбісіне дерлік «Смағұл Садуақасұлы», - деп қол қойған. «Смағұл С.», «С», «Біреу», «Сауықшы» атты бүркеншік есімдерді пайдаланған. Ғалым Ә. Нарымбетов библиографиялық көрсеткішінің 1-томының алғы сөзінде «20-жылдардағы әдебиетті жетік білетін біраз жолдастардың айтуымен ғана кейбір псевдонимдерді анықтауға мүмкіндік болды», дей отырып, аталған еңбегінің ішінде «Біреу» мен «Сауықшы» бүркеншік есімдер Смағұл Сәдуақасұлына тиесілі екенін жазады [95].

С. Садуақасұлының бүркеншік есімдеріне байланысты мына пікірге назар аударсақ. «Қай қаламгер болсын бүркеншік есімді өзі таңдайды. Біздіңше, «Біреу» – жалғыз деген жинақтық сан есім («әйтеуірі біреу» деген сөз емес) Айталық, бұл кезде М. Әуезұлы мен Ж. Аймауытұлы бірігіп «Екеу» деген бүркеншік атпен мақала жазғаны белгілі. Ал, «Сауықшы» – бүгінгі тілмен айтқанда театршы деген сөз. 20-жылдары театрды-қазақша «сауық», - деп атаған [93, б. 150].

С. Садуақасовтан соң журналға Ораз Жандосов қол қойды. 1926 жылға қарай журналдың жаңа міндеттері белгіленді. Журналдың негізгі кемшіліктерінің бірі ретінде басылымның уақытында шықпайтындығы. Тіпті кейбір сандары біріктіріліп шығады. Журнал шығарушыларының өздері де мазмұнына көңіл толмайтындықтарын ашық айтып отырған. XX ғасыр басындағы қазақ журналдардың басынан өткен қаржы тапшылығы «Қызыл Қазақстанды» да айналып өтпеген. Оған себеп журналды жаздырып алушылардың аздығы. Барынша тақырып алуандығын қарастырған шығарушылар көбінесе партия, жастар ұйымы, Кеңес қызметтеріне қатысты тақырыптарға қалам тартқан.

1927 жылы журналдың шығарушылар алқасында О. Жандосов, Ә. Бәйділдин, Ж. Сұлтанбеков, Ғ. Тоғжанов, О. Исаевтар болды. Сол жылдары 12-ші санында журнал ұжымы оқушыларына мынандай уәде берді: «Қызыл Қазақстанда партия, кеңес, кәсіпшілер одағы, оқу, шаруашылық, төңкеріс заңы, денсаулық, тағы басқа мәселелелерден толық жөн сілтеніп отырылады. Партия, кеңес, басқа да мекемелердің алдағы күнде істейтін істері күні бұрын талданады. Оған Қазақстандағы саяси бастықтар, қаламы жүйріктердің қатынасы күшейтіліп, маңызды мәселелер жазылады. Ай сайын үзбей шығып оқушыларды тарықтырмайды. Журналдың соңғы беттерінде әдеттегідей жеңіл әдеби сөздер мен қысқа өлеңдер жариялап тұрған. Кейіннен өзінің әдеби бөлімінің

жабылатынын да жазады. Оны елімізде әдеби басылымдардың дүниеге келуімен байланыстырады.

Бұған дейін журнал әдебиет мәселелерінен мол орын беріп тұрған еді. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Талақ», «Шариғат бұйрығы», «Өтірікке бәйге», «Қырмызы», Сәкен Сейфуллиннің «Қашқынның ауылы», «Айша», «Тар жол тайғақ кешу», «Қыр балалары», «Ақсақ киік», Сәбит Мұқановтың «Құрдас», «Сақып», «Жұмаштың өлімі», «Жайлаудың үстінде», Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні», Смағұл Сәдуақасовтың «Күміс қоңырау» сияқты көркем дүниелері алғаш осы журнал бетінде жарияланды.

«Қызыл Қазақстан» журналында баспасөз жайына да көп көңіл бөлді. «Қабырға газетін қалай шығару керек» [96], Ә. Байділдиннің «Баспасөз мәселелері» сияқты мақалаларын жариялады [97].

Баспасөздің кемшілігіне қарсы күрес құралы, жар салатын шешен, жөн сілтейтін көсем, топ бастайтын жолбасшы, ел айнасы, білім бұлағы екені паш етілді. Сол тұста өлке бойынша 21 газет болды, оның оны қазақ, тоғызы орыс, біреуі қарақалпақ, біреуі ұйғыр тілінде екені, олардың үшеуі күнде, екеуі жұмасына төрт рет, біреуі үш рет, сегізі екі рет, тоғызы бір-ақ рет шығатыны айтылды. «Қызыл Қазақстан» журналында жарнамаға да орын берілді. Сол уақыттың жарнамасы – жеке баспасөз ұйымдарын жұртқа таныстырып, насихаттау еді. «Кедей айнасы» журналын қазақ қоғамына келіп қосылған үлкен олжа, қадамы құтты болсын деп ақ жол тілейді. «Оқушы кедей жастардың пікірлерін, білім тәжірибелерін көптің алдында түсіретін «Кедей айнасы» журналы келешекте өз кемшіліктерін түзеп, өркендеп шығып тұруына тілектеспіз»,- деген ақжарма тілектерін жазады [98]. Жаңа шыққан баспасөзді қолдап, басылым бетінен жарнамаға орын беруі қазақ баспасөзінің бір-бірін демеу, қолдау білдіру дәстүрінің әріде жатқандығын білдірсе керек.

Журналдың 4-ші санының мұқабасында араб қаріптермен «Қызыл Қазақстан», - деп жазылса, екінші жағында орыс тілінде «Красный Киргизстан»,- деген атпен журналдың мазмұны орыс тілінде берілген. Осыған байланысты С. Сейфуллин: «Біз «киргиз» деген атты жоғалтып, өзімізді «қазақ» деп атасақ, басқаларда бізді «қазақ» деп осы атты қолданып кетпек. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осы күнгі басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз. Әуелі біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Красный Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді», - деген үндеу тастайды [99]. Тіпті, қазақ оқымыстыларын бұдан былай қырғыз сөзін қолданбауға үндеп, жарлық шығаруын талап етеді.

1921 жылы шыққан «Қызыл Қазақстан» журналында арнайы «Аштық бөлімі» болды. Онда редактор А. Асылбековтың «Ресейдегі аштық көлемі», «Қырғыздағы аштық мөлшері» атты мақалалары басылған. Ал «Аштықпен күрес» бөлімінде «Шетелден», «Россияда», «Қырғыз Республикасында», «Көрші Республикаларда» деген тақырыптармен материалдар жарияланған. Жарық көрген материалдардан бізге ерекше әсер еткені «Аштық жайында» деген тақырыппен жарияланған Қазақстандағы және Ресейдегі аштық туралы мақала. Онда мынандай құнды деректерді кездестіруге болады. «Аштық ауданы һәм

керекті жәрдем Россия құрамы Кеңес мемлекетінде егін өнбей қалып, ашыққан жерлер толып жатыр. Сол жерлердің ішіндегі көбінесе сөз болып хал-жайлары газетке жазылып, қолдан келгенше жәрдем беріліп тұрған жер – Еділ жағасындағы жерлер. Еділ жағасынан басқа егіні шықпай, астықтың зарын тартқан Нижегорд, Екатеринбург, Пермь, Пенза, губерниялары мен Донской облысы һәм Украинаның бұнша жері бұларға жәрдем бермек түгілі, олар туралы дұрыс ойланған жоқ. Егіндік жер мен жан иесіне келсек, Батысы бар, Шығысы бар барлық Россия мемлекетіндегі егіндік жерлер – 36 миллион 988 мың десятина. Бұларға қараған 89 миллион 137 мың жан бар, бұлардан 13 миллион 344 мың десятинаға егін шықпай 25 миллион 889 мың жан ашығып отыр. Мұның үстіне Украинада шыққандары мен егін шықпай қалғандарын қоссақ барлық егін өнбеген жер – 20 миллион 724 мың десятине (50 миллион десятине жердей) ашыққан жанның саны 37 миллион 201мың жан (114 миллион 742 жаннан). Россия мемлекетінде егін шығымды, жазығы көп болатын Еділ мен Жайық жағасында теп-тегіс егін бітпей қалып отыр. Ол жерлердегі күн айтылып отырған 20 миллион халық ашығуда. Басқа жерлердегі егіні бар жаққа ертерек орналасқандықтан айтарлықтай ашаршылық көрген жоқ. Бірақ сол жерлердің өз елдері оншама ашаршылық көрген жоқ. Бірақ, өз елдері оншама ашаршылық көрмегенімен егіні теп-тегіс бітпеген Еділ жағасындағы ашыққандарға жәрдем беру ісіне қайшы болып тұр. Себеп: ел жерлерден аштарға жәрдем үшін азық-түлік, керек-жарақ жинай алмайды. Олар да өздерінен артыларлық болмаған соң ашыққандар үшін нәрсе артылтырып бере алмайды. Еділ жағасындағы елдердің хәлі көрер көзге өте жаман. Бұл туралы сан рет жазылып та жатыр. Мына кейінгі сандар Еділ бойындағы шыққан губерниялардың астығының кемдігінің, һәл қаншама астық керек екендігін білдіреді.

Еділ жағасындағы Уитск облысы мен Уятск губерниясының басқа жердің бәрінде өз егіні өзіне жетпек түгілі осы уақытында есепке алып қарасақ ол жылдың қырылмай шығуына 85 миллион азық керек. Бұл кемдік өткен жаздағы егін бітпей қалған себепті бұрынғыдан да зорайып барады. Осы көрсетілген кем-кетік барлық керекті заттардың үштен бірі. Бұл кем аз қылды дамыту керек, егер бұл кемді толтырмай һәм аздықтаратуда осы күнгі біреуге артық біреуге кем үлестіру жолымен бара берсе Еділ жағасынындағы кейбір жерлерді қарасақ аштық өте жаман болса керек. Себеп: неміс отаршылдығының кем кетігі барлық керегінің үштен екісі болып тұр. Егер осы күнгі қалпымен тұрса Самар, Уфа һәм басқа губернияларда нағыз қырғын болатын» [100]. Оқырмандарға салыстырып отыру үшін журнал бетіндегі кестені ұсынып отырмыз.

Кесте 7 – Азықтың есебі [100, б. 15]

Губерниялар	Мыңдап, азықтың барлық есебі	Барлық саны (елде қалғанын қосып айтқанда)	Сібірге керек	Адам һәм мал жиынына керек	Барлық керегі	Жетпей тұрғаны
1	2	3	4	5	6	7
Астрахань	1,087	1,552	157	4,6431/2	3,7001/2	3,2481/3

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Башқұртстан	8,5861/2	7,7372/5	5,22	7,3913/5	12,6113/5	4,8761/5
Уитски	10,756	10,765	4,9231/2	45044/2	9,428	1,436
Убански	30,452	31,102	133,661/2	12,05445	25,4204/5	5,6811/5
Қазақстан	12,015	13,275	6,58	16,734	32,614	9,237
Маринская	2,756	2,878	2,442	2,38	4,821	1,985
Неміс ортаршылдығы	676	976	9311/2	2,079	3,241	-2,265
Самар	12807	14,387	8,225	200355	28581	-14,193
Саратов	19,228	20,328	14,046	20,977	25,023	-1,4685
Сибирски	11,615	12,531	9,612	12,496	22,108	-9,577
Татар республикасы	18,794	19,774	15,523	16,918	32,451	12,677
Уфа	1,028	11,33	7,287	12,906	20,584	-9254
Царицински	13,021	13,401	4,748	9,418	14,166	0
Чувашски	5,858	6,028	3,644	3,954	7,598	1,57
Барлығы	154,4101/2	166,13	97,106	146,743	243,85	-84,337
						X7,198

Бұның 13 жарым миллион пұтын күздік тұқымға, 15 миллион пұтын жазғы тұқым үшін жиып, халық азық комиссариатына бермекші болды. 8 миллион пұтын шет мемлекеттерден сатып алмақшымыз, Және де мемлекет тарапынан шыққандарды бағуға деп, келешек өнімге дейін 12 миллион пұт азық беріліп отыр. Бұлардан басқа мемлекет өзі бағуға міндетті қызмет адамдарымен жұмыс малдарына 24 миллион пұт азық даярлап қойған. Енді осы кезде 85 миллион пұт киім азықтың 79 жарым миллион пұты табылып 13-12 миллиондары ғана жетпей тұр. Бұл қалған кемдігін қайдан болса да толтыру керек. Анығын айтқанда 85 миллион пұттан көп жинау керек. Себебі, есеп болғаннан да айырмасы жоқ бір тегіс жан басына айына 19 қазақтан есеп болған және басқа кем-кетіктері қосылмай қалған. Дұрысы, отырықшы елдің көбісі 19 пұтты 2-3 реттен алып шыққанда, басқалары күн тірлігіне жететін ауқат ала алмай қалатындар да бар. Сол себепті жоғарыда көрсетілген кем-аз қалды, жарым есе көбейту керек. Ашыққандар үшін мемлекет тарапынан болатын жәрдемнен басқа ай сайын бір жарым-екі миллион пұттан жаңа өсімге дейін 20 миллион азық керек. Осы айтқан азықты тауып беріп жәрдем айту жер жүзінің еңбекшілерімен Россия еңбекшілерінің мойнында. Еңбекшілердің ішінде өте қиындық түсетін Россия еңбекшілері. Оның себебі, ашыққандар үшін ай сайын 1 жарым миллион пұт астық жинап тұру керек. Осы кезде ай сайын жинаған азық жарым миллионнан

артық болып тұр. Азық жинау ісін тездету керек. Аштық күтетін емес. Құрбандығын шалып жатыр,- деп дабыл қағатын материалдар басылды.

«Аштарға көмек кезінде қаңғып қалған балаларға ерекше назар аударылды. Балалардың тұрмысы мен өмірін жақсарту жөніндегі комиссия ашыққандарға көмек көрсететін республикалық Орталық комиссияның балалар арасындағы аштықпен күрес жөніндегі арнаулы бөлімі болып қайта құрылды» [101]. Республиканың аштық жайлаған барлық губернияларында бөлімнің жергілікті органдары ұйымдастырылды. Осы ұйымдардың жұмысы нәтижесінде 1922 жылдың бірінші жартысында республиканың 5 губерниясында аш және қараусыз балаларды тамақпен және киіммен тегін қамтамасыз ететін 575 балалар үйі мен 9 станция пайда болды. Ресей Федерациясының жағдайы қанағаттанарлық деп есептелген кейбір губернияларына 18 496 қаңғып қалған балалар мен жетім балаларды тиеген 16 әскери-санитарлық поезд жөнелтілді [102].

Ал журналдың 1922 жылғы 4-санында «Аш жетімге жәрдем» деген өлең басылады. «Кімнің шуы сардаланда, Тыңдашы, кім жылаған көл боп ағып көз жасы?»,-деп сұрау қойды да:

«Ол жас жетім, жас балалар жетпеген.
Өмірлері жаңа гүлдеп беттеген.
Жүздеп, мыңдап күтіп отыр өлімін
Жас періште емшек табы кетпеген,-деп жауап береді.
«Тоқ ағайын, аш бауырды көріңдер!
Барың болса, аш балаға бөліңдер!»,- деп баспасөз арқылы жұртты аш балаларға жәрдем беруге шықырады [100, б. 37].

Шет мемлекеттерден ашыққандарға жәрдем беру үшін жасалған «Ара» сияқты ұйымдарға сене беру мүмкін емес және бұл ұйымдардың ашыққан балаларға жәрдем үшін жасалып һәм сол ашыққан балаларға керекті заттардың жетпей жатқан кемдігін толтырмақшы. Бұл ұйымдардың ерлегенде 1 жарым миллион бала бағуға күші жетеді. Бұл 1 жарым миллион барлық ашыққан балалардың 4-тен яки 5-тен бірі-ақ болса керек. Сол себепті аштарға жәрдем ісінде мықты, зор сүйеніш қорғанымыз жер жүзінің еңбекшілері. Анық хабар болмағанымен де соңғы уақыттағы мағлұматтарға қарағанда 15 октябрьге дейін жәрдемші комитеттер 30 миллион пұл жинаған көрінеді. Ноябрь айында болатын аштарға жәрдем жеткілігі жақсы жүріп барады. Жәрдемші, еңбекшіл комитетінде аштар үшін қайдан да болса қарызға пұл табу мәселесі қаралып жатыр. Бұл ойға алған ашыққандарға жәрдем ісі жақсы орындалып жатты [100, б. 39].

1922 жылдың алғашқы айларындағы деректерге сүйенер болсақ, Қазақстанның барлық 4 миллион 854 мың 751 жанынан 1 миллион 465 мың 753 адам аштық зардабын тартты. «Қызыл Қазақстан» басылымының беттерінде «Аштық декабрь айынан басталатын түрі бар. Және де дұрыс тарқатылмаған себепті, жерлердегі ашыққан кедейлердің халдері өте нашар. Осы жоғарыда айтылған қиыншылықтар 85 миллион пұт киім аз қалды. Қапиясқа қоятын емес. Бұл қайдан табылады?»,- деген хабарламалар таратылады [100, б. 15]. Басылым бетінде Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы да сарапталды. Онда Қазақ

Республикасындағы аштық болуына екі түрлі себебі бар деп түсіндіріледі. «Бірінші, халықтың шаруасы күйзеліп, мал, егіншілік шаруасының төмендеп кетуі. Екінші, биылғы құрғақшылықтан егін, шөптің шықпай қалғандығы» [100, б. 16].

Журнал бетінде былтырғы деректер де келтіріледі. Ол кезде аштықтың зардабынан қазақ болсын, орыс болсын бірдей тартты. Тіпті жаз мезгілінде жиған шөбі таусылып, қолдарындағы бар малдары қырылған. Малмен күн көріп отырған елдің аққа аузы жарымай, жүдеп-жадап шығады. Орыс шаруаларының астығының басым бөлігі қазынаға алынды. Жаздың құрғақшылығынан шөп шықпай қалғандықтан аштыққа ұшыраған. Ендігі шаруалырдың тұрмысын жақсарту үшін біршама уақыт керек болды. Шаруаның жағдайын түзейміз деп жүргенде құрғақшылықтан болған аштық жығылғанға жұдырық боп тиеді. Осындай қуаңшылық жылдардың тақырыбын көтерген басылым беттерінде талдау, сараптау материалдары жазылған.

Қазақ Республикасының басына түскен аштықтың жалпы ауданын, ондағы тұрғылықты жұрттың бәрі бірдей егін шаруасымен айналысатынының өзінде де нақты көрсеткен. Сөйтсе де, аштықтың қандай екенін, неден шыққанын анық түсініп, мөлшерін толық біліп, онымен күресу ісін ырғақты бір ретке келтіру үшін алдымен ашаршылықтың көлемін білу керектігін ұғынып, сараптама жасап, анықтаған.

Қазақ Республикасының негізгі шаруасы үш түрге бөлінеді: бірінші – егішілік, екінші – мал бағушылық, үшінші – жоғарғыдағы екеуін де істеу. Малды да бағып, егінді де егу.

Журналда осы аталған үш негізгі кәсіп түрі былайша бөлінеді:

Кесте 8 - Жалпы шаруа есебі [100, б. 16]

Шаруа түрі	Үй саны	%%	Егін жай десятина	Мал	Үй басына келеді	
					Егін десятина	Мал
Егіншілік (жер кәсібі)	484,000	55	2,830,000	4,67,000	6,9	9
Жарты кәсібі мал бағу, жартысы егін	185,000	21	236,000	22,30000	1,3	12
Мал бағу	211,000	24	9000	3,200000	00	15
Бәрі	880,000	100	3,075,000	9,700000	9,5	11

Бұл кесте бойынша мал бағатын көшпелі халықтың саны – 211 мың деп көрсетілген. Жарты шаруасы мал бағу, жартысы егін шаруашылығымен айналысатындар саны – 185 мың. Ал егінгшілікті кәсіп ететіндер саны – 484

мыңды құрайды. Алайда, отбасы, әр үй өз егінімен өздерін асырап сақтай алмайды дегенді алға тартады. Сондықтан да, біразы егін бітік шыққан күннің өзінде астықты сатып алады. Ал астықты шаруа кімнен сатып алады деген сауалды алға тартады. Әрине, ол егінмен кәсіп қылатын шаруалардан сатып алады. Егер де жер кәсібімен айналысатын шаруалардың егіні жақсы шығып, өздерінің қажеттіліктерінен артылатын болса ғана сыртқа сата алады. Революцияға дейін Қазақ Республикасының астығы өзіне жететін. Егін шаруасымен айналысатындар егіндікке жарайтын жердің бәріне егін салатын. Егін жақсы шыққан кезде өздеріне де, сатуға да астық жетіп артылатын. Халық осылайша ашаршылық нәубетінен аман қалатын.

Қазақ елінің шаруашылығы 1917 жылдан бері біршама өзгерді. Бұрынғы шаруа күйзеліп шаруашылық бүлінді. Жыл сайын шаруа бұрынғысынан да нашарлады. Шаруашылықтың бүлінуіне себеп жұт, құрғақшылық болғанымен әсіресе, көптеген өзгерістерден соң азамат соғысының әсері болды. Шаруаның негізі соңғы төрт жыл ішіндегі өзгеруін мына кесте арқылы белгілейді.

Кесте 9 – Қазақ Республикасы шаруасының 1917 жылдан берігі өзгеруі [100,б.17]

Қандай нәрсе	1917	1920	1921	Кемдік % 1917 жылдан	
				1920	1921
Егін (десятина)	4,84000	3,075 000	2093000	20	47
Мал (басы)	29,700 000	9,700 000	5200000	97	83

Жоғарыдағы сандарға қарағанда егін 1917 жылдағыдан тең жартысы азайғанын байқаймыз. Мысалы, мал басы 1920 жылы 97 процентке, ал 1921 жылы 83 процентке кеміген. Мұның барлығына азамат соғысының кері әсері бар екендігін тұспалдап жеткізеді. Ақтар мен қызыл әскерлердің ары-бері жүрістері де себепкер деп топшылайды. Артық нәрселерді екі жағына, дұшпандарына төсемес үшін, шегінген кезде тұрған жерлерін өртеп кеткен кездері болған. Керекті дүниелерін өздерімен алып кетіп, халықты зар қақтырған. Мәселен, 1920 жылғы Торғай еліндегі қыс қатты болып, шөп шықпай қалған. Ал ары-бері жүрген әскерлер қарапайым халықтың шөбін аттарына берген, бар қоңды көліктерін тартып алған. Қалада ас-ауқатты карточкамен алатындарын білген солдаттар, ауыл-аймақтағы елдің сойған соғымдырын жеген. Ат-көліктерін айрылған халық қырдағы малдарына жете алмай, екі ортада қараусыз қалған мал қырылып қалып отырған. Азық-түліктерін әскерлер жеп тауысып, сырттан сатып алуға егін шықпай, Октябрь жұтына ұшырап, жұрт аштыққа ұрынған.

«Қазақ ішінде 1920 һәм 1921 жылдары ұдайы жұт болды. Бұл екі жыл елдің бар мал тұқымын тауысуға жақындады. «Қызыл Қазақстан» журналының бетінде тек қана аштықтың себеп-салдары мен оған көрсетіліп жатқан жәрдемдер мөлшерін ғана айтып қоймай, «Аштық һәм Қазақ Республикасының бір жылдық

астық расходы» атты зерттеу мақала басылады[100, б. 17]. Онда Қазақ Республикасында жазғытұрым ойлағандай астық бітік шықпай қалып, салынған егін қалпымен Қазақ Республикасының Орынбор, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губернияларында шықпай қалады. Бұл губерниялардың халқының саны 2 220 000. Егін аумағы 1 130 000 десятина бұдан 700 000 десятина егіннен бір дән шықпай құрып кеткен. Қалған 340 000 десятинадан бүкіл десятинасынан 6 пұттан екі жарым ғана пұт астық алынады.

Кесте 10 – 1921 жылғы астық шығыны [100, б. 18]

Расход	Бар астық	Жиынтығы
22 100 000	4 720 000	17 385 000

Кесте 11 – Аштардың саны [101]

Аштардың саны										
Губерниялар	Халық саны	Декабрь-январь		Январь-март		Март-май		Май-июнь		Июль-сентябрь	
		Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %	Аштың саны	Жүзден %
Бөкей	260	176000	80	177000	80	190000	25	190000	25	190000	25
Ақтөбе	474	292000	61	292000	61	325000	68	325000	68	325000	28
Қостанай	451000	265000	68	265000	67	301000	67	301000	68	301000	27
Орал	388000	288000	76	388000	76	405000	79	405000	79	405000	79
Орынбор	555000	288000	23	279000	61	317000	66	337000	60	338000	60

Кесте 12 – Аштарға керек астық [100, б. 19]

Губерниялар	Аштарға керек астық, өздерінде бардан басқа					
	Декабрь Январь	Январь март	Март май	Май июль	Июль сентябрь	Барлығы
Бөкей	00059	96000	103000	103000	103000	428000
Ақтөбе	251000	251000	274000	284000	285000	1.354000
Қостанай	277000	277000	311000	311000	311000	1.487000
Орал	254000	249000	264000	264000	264000	1.275000
Орынбор	21100021	374000	424000	365000	27700	1.929000
Барлығы	10066000	1.247000	1.376000	1.327000	1.429000	1.575000

1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 4-ші санында жарияланған аштардың саны жайлы мәлімет осылай берілген екен.

Желтоқсан мен қаңтарда аштардың саны 2,39900 жанды құраған. Аштар губерниялардағы барлық жанның жүзден 59 проценті. Аш губерниялардың соңғы хабарларына қарағанда аштық күннен күнге көбейген. Нан таусылған. Жұрт шөп, топырақ, ағаштың тамырын, өлексе жеген. Ол аузына түскенді тамақ қылып, аштан да ауырудан да өлгеннің көбейгендігін білдіреді.

Аш губерниялардың ішермендікке керек астығы 9,575000 пұт, бұған келесі пұт астықты қосып есептегенде 13,20000 пұт болады. Бұл халыққа ең аз мөлшерін бергендегісі. Мұны патшалық беруге міндетті болған. Егер де бұл астық табылмаса халықтың бәрі аштан өліп, құрып таусылмақ, дегенді жазады.

Оның басты себептері ретінде, қазақ даласында инфрақұрылымның дами алмай жатқанын алға тартады. Далада астық апаратын шойын жол, халықтың денсаулығына бақылайтын дәрігер, аурухана жоқ, жері шалғай, халық бытыраңқы орналасқанын тілге тиек етеді. «Сол үшін қалған халықты аман сақтап алып қалу үшін жылдамырақ жәрдем ісіне қатынаспаса қазақ халқынан тарихта бар еді, енді жоқ болды деген қана сөз қаламақ» ,- деп ұлттың жойылып кетуінен қауіптеніп, аштықтан шығар жолды қарастырады, себеп-салдарын іздейді [100, б. 19].

Тарихшы Талас Омарбеков: «Қазақстандағы ашаршылықтың шығуы ауа-райының қолайсыздығы емес, азамат соғысының тұтануынан шаруашылықтың күйзелуі, яғни большевиктердің біржақты саясат жүргізуінен», - дейді [103]. Ал Манаш Қозыбаев 1921-22 жылдардағы аштық турасында: «Үкімет жағынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына жетті, сол уақытта онда қазақтардың екі-ақ проценті орныққан еді, дені ауылдарда болатын», - дей келе, осы жағдайды орталық билік дер кезінде көріп, оған мән бере білмегендігін айтады. Қазақ санының төмендеуі де осы зұлматтың кесірі. Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Дзержинскийдің бөлімшесі Түркістан, Ақмола, Семей губернияларындағы шаруалардың қолындағы астықты артық деген сылтаумен күшпен алып кеткен [104].

Тарихи деректерге сүйенсек, 1921 жылғы ашаршылық тұсында «Аштарға көмек» комиссиясы құрылады. Қазақ ұлтын сақтап қалудың бірден-бір жолы ашаршылыққа қарсы күрес қозғалысы екенін түсінген Міржақып Дулатов бастаған Семейдегі алаш азаматтары бұл науқанға шұғыл кіріседі. Ашаршылыққа қарсы күрестің ресми емес ұйымдастырушысы міндетін Жүсіпбек Аймауытов атқарады. Алаш қаламгерлері сол уақыттың ащы шындығын баспасөз беттері арқылы насихаттай бастайды. Кейіннен осы еңбектері үшін жала жабылып, жауапқа тартылады.

Жүсіпбек Аймауытовтың тергеу барысындағы соңғы сөздері сол кездегі Кеңес өкіметінің жазалау саясатының бетін қайтармады. «Еңбегім – салауат, ниетім – арам, жүрегім – қара, қазаққа – зиянды адам болып табылсам, бұ да бір уақыт шығар. Жазаға мойнымды ұсынамын, аштар үшін мен-ақ құрбан болайын. Елімнің заңына көнемін»,- деген жүрек сөзінен Ж. Аймауытовтың ішкі зары мен өкінішін, халқына деген адал қызметін пайымдаймыз[105].

20-шы жылдардың басында алашордашылардың іс-әрекеттеріне қатысты мақалалар «Қызыл Қазақстан» журналының беттерінде жарияланды. Мысалы, 1922 жылы М. Атаниязовтың «Алаш партиясының тарихи сыны»,- деген мақаласы басылады. Мақалада «Алаш» партиясының құрылуы мен партияның тұңғыш съезі туралы жазады. Мақала авторы алашордашылар өз істерінде қателікке бой ұрып, дұрыс жасамады деген. Алашордашылардың басты кемшілігі Дутов әскеріне қолдау көрсетуі дегенді айтады [106]. Журналдың келесі санына С. Мендешұлы «Қазақстан республикасының үш жыл жасауы» мақаласын басады. Онда: «Алашорда» үкіметінің төңірегінде тек «ұлтшыл», «өзімшілдер» ғана топтасты», - дегенді айтады [107].

Бұл уақыт «Алаш» партиясы мүшелері М. Дулатов, Ә. Бөкейханов және басқа да алаш қайраткерлеріне «ұлтшыл» деген айыптар тағылған кез болатын. 1923 жылы 1 ақпанда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің жанындағы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың (БМСБ) РКП(б) Қырғыз (Қазақ) облыстық комитетінде жасалған «Алашорда мен қазақтың ұлтшыл топтарының 1922 жылдың 1 қазанынан 1923 жылды 1 қаңтары аралығындағы қызметі мен жағдайы» деген баяндамасында Ә. Бөкейханов пен Р. Мәрсеков қазақ зиялыларының біразы Кеңес өкіметіне қарсы бола тұра өз істерін жалғастырып, өз пайдаларына асырып отырғанын айтады. Бұл ұйымдасқан топ, өз адамдары Шәймерден Тоқжігітовті Семейдегі, Қарқаралы уезінің делегаты етіп сайлағанын да тілге тиек етеді.

1923 жылы А. Кенжиннің «Алаш партиясы туралы тарихи мағлұмат» атты мақаласы басылады. Мақала мазмұнында «Алаш» партиясының бағдарламасын талдайды. Онда партия бағдарламасының кемшіліктері ретінде Алашорда басында жүрген басшылардың саяси таяздығына тірейді [108].

Осындай жарияланымдардан кейін «Қызыл Қазақстан» журналына басылған мақалалардың көпшілігі өлкелік партия комитетінің арнайы нұсқауымен жазылғандығын байқауға болады.

Қорыта келгенде, «Қызыл Қазақстан» журналы кеңес дәуірінде шыққан басылым болса да, қазақ халқының сол дәуірде басынан кешкен оқиғаларын ел

құлағына жеткізді. Әсіресе, аштық жылдары журнал халықтың хәлін, мұңы мен зарын ашық жариялады. Осы жолда аянбай халқына еңбек еткен алаш арыстары Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтың күрескерлік қырларына тағы да көз жеткіземіз. Заманың қиындығына қарамай баспасөз арқылы халыққа қолдау білдірген қалам-қайраткерлері Ерғали Алдоңғаров, Абдолла Асылбеков, Нығмет Нұрмақов, Смағұл Сәдуақасовтардың кісілік келбетін бағамдаймыз.

2.2 «Темірқазықтағы» өркениетке ұмтылыс және әлеуметтік реализм

1923 жылдың ақпанында Мәскеудегі «Күншығыс баспасөзі» басқармасынан «Темірқазық» атты саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы шаға бастады. Журналдың мұқабасында «Шығарушысы: Нәзір Төреқұлұлы, Бастырушы: Ұлттар комиссарияты жанындағы Күншығыс баспасөзі»,-деп жазылған. Алғашқы санының безендірілуі де ерекше. Жерге қадалған қазық және сол қазықтың жоғарғы жағында нұрын шашып тұрған «Темірқазық» жұлдызы бейнеленген. Сары қағазға басылған журналдың 1-ші саны 40 беттен тұрады. ГлавЛит№ 4884 деген нөмірмен белгіленген. Таралымы – 2000. Ал біріктіріліп шыққан «Темірқазық» журналының 2-3 сандарының мұқабасы «Темірқазық» жұлдызымен безендірілмеген. «Темірқазық», - деп араб қаріптерімен жазылған және жақша ішіне (Путеводная звезда) деп орыс тіліндегі аудармасы берілген. Біріктіріліп шыққан 2-3 саны 226-беттен тұрады. Таралымы 1-ші санына қарағанда 500-ге өсіп, 2500-ге жеткен. «ГлавЛит №4895»,- деп нөмірленген.

Журналдың екі санының мұқабасындағы тағы бір ерекшелікке тоқталар болсақ, араб қарпімен жазылған «Жер жүзінің еңбекшілері бірігіңдер!», деген жазу 1-санында жеке өзі қазақ тілінде басылған болса, 2-3 сандарында «Пролетарий всех стран соединяйтесь!», деп журнал мұқабасында қазақ және орыс тілдерінде жазылған.

Назар аударатын тағы бір жайт бар. Ол 2-3 санының мазмұны екі тілде берілген. Журналдың соңғы бетінде «Содержание», - деп журнал бөлімдерінің аты, онда шыққан мақалалар мен авторлар туралы орыс тілінде анық басылған. Осы мәселеге орай туындайтын ой, «Темірқазық» журналының алғашқы 1-санын түгелдей араб қарпімен қазақ тілінде басылып шыққан болса, 2-3 сандарындағы мұқабадағы журналдың аты мен ұран сөзі, мазмұнының орыс тілінде берілуінің өзіндік себептері бар деп тұжырымдаймыз. Баспасөз қашанда бақылауда болған. Ал «Араб қарпінде жазылған қазақ тіліндегі журнал қалай аталады, оның ұстанған бағыты қандай және де онда қандай мәселелер жарияланып отырды, авторлары кім?», деген дүниелер оқуға қиындық тудырмай, «тайға таңба басқандай» анық көрініп тұруы талап етілген болуы керек. Журнал үш ай ғана өмір сүріп, февраль айында шығып, март-апрель, 1923 жыл, 2-3 саны басылып шыққан соң, ары қарай шығуын тоқтатқан.

Журналдың жабылып қалуын түсіндіретін баспасөз тарихын зерттеген зерттеуші-ғалымдардың тұжырымдары мынандай: «Темірқазық» журналы ең алдымен Октябрь революциясының жеңісін дұрыс көрсетпеді. Ол ескінің жаршысы, өткендегілердің жоқшысы болды. Журнал Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік мәнін де жоққа шығарды. Көп материалдарында ұлт

мәселесін теріс түсіндіріп, ұлтшылдық ұранын көтерді. Міне, сондықтан да тиісті орындар «Темірқазық» журналын 3 нөмірінен кейін жауып тастады», - деп жазады [15, б. 109].

Ендігі бір ғылыми пікірлерде былай деген: «Қазақ Россия қолтығына кірген соң-ақ шетпұшпақтап жерінен айырыла бастады Қазақ жерін дойбының тақтасындай етіп кескілеп қорған, дуан салды. Қазақтың өз жерін басқаны үшін қазақтан тұяқ басын алды», - деп ұлт достығына зиянды пікірлер айтты. Көп материалдарында ұлт мәселесін теріс түсіндіріп, ұлтшылдық ұранын көтерді. Міне, сондықтан да тиісті орындар «Темірқазық» журналын 3-нөмірінен кейін жауып тастады»,- деп жабылу себебін түсіндіреді [109].

«Темірқазық» журналының 90-жылдығына орай журналист, ғалым Амантай Шәріптің «Қазақтың кемдікте өскен айнасы бұл»,- деген мақаласы жарық көреді. Онда: «Темірқазық» журналының бастауында сол баяғы Алаштың маңдайалды газеті – «Қазақты» дүниеге әкелген ұлт көшбасшыларының бірі Әлихан Бөкейхан тұрды»,- деп жазады [110]. Мәскеу төрінен қазақ даласына тараған журналдың бар жоғы 3- саны қазақ оқырмандарының қолына тисе де ұлтқа рухани азық болды. Журналда «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен Әлихан Бөкейхановтың жазғандары басылып тұрды. Қазақ халық әдебиеті үлгілерінің жиналуына ерекше ден қойған Әлихан белгілі фольклоршы Әбубәкір Диваевтың 1922 жылы Ташкент қаласында Түркістан Республикасының баспасөз шығарушы мекемесінде басылған «Бекет батыр» [111], «Мырза Едіге» [111, б. 35] атты кітаптарына рецензия жазды. «Кешегі өткен уақыттағы Арыстан ханның заманында Орынбор-Петербор деген жер бар екен. Алшын-Жаппас деген ел бар екен»,- деп Бекет батырдың жыры басталады»,- деп жазған автор тарихқа көз жіберіп, жырдың шыққан уақытын былайша болжайды: «Арыстан ханы осы күнгі Бөкей, Орал, Торғай, Ақтөбе, Адай губернелеріндегі кіші жүзді билеген Әбулхайыр ханның әулеті Арыстан төре болса керек. Әбулхайыр хан орысқа 1732 жылы қараған. Бекеттің замандасы Арыстан 19 ншы ғасырда болса керек. Бекет батыр орыс қазақты ноқталап мінген уақытта шыққан болады» [111, б. 34-35]. «Арыстандай айбатты, Рүстем – дастандай қайратты, арыстан жүректі, жолбарыстай білекті»,- деп жырдың үзінділері арқылы Бекет батырды оқушылармен таныстырады. Бекет батыр тағы, ақылды. Орысқа өзге жұрт қарағанда Бекет батыр қарамайды»,- деген. Осылайша, оқырманға Бекет батырды ерекше тұлға ретінде сипаттайды. Батыр қолға түскен соң, Сібірге айдалған.

Бекет батырдың айдалып бара жатып айтқан сөздерінен үзінді келтірсек:

Түменнен шығып Ор барып,
Аруақ, ұран қолға алып,
Әлдімін Бекет дегенге,
Жоғарымын төменге,
Алшын, Жаппас шоминге,
Жасынан шықты дабысым,
Мен қазақпын дегенге.
Хандар менен қас болып,

Барлық жұртқа бас болып,
Жұрттан астым деп едім
Хан ақысын жегенге,
Екі кісі бас қосып,
Бітім қылса кәпір мен,
Бекет жан білсін дегенге.
Елге барсаң сәлем де!
Есет ағам беренге,
Бекназар ұлым Зеренге,
Бекет қапыда қалды деп
Сұрай қалса Есекем;
Бекетің түсті дегейсің
Шықпайтұғын тереңге.
Есет еді жолдасым,
Жолдас болған жолбарысым,
Ауылы кәпір келгенде
Арыстан ханды өлтіріп,
Астынан міндім жорғасын,
Мен мұсылман дегенге
Үйлестірдім олжасын.

Жырда «Есет еді жолдасым, жолдас болған жолбарысым» дегенге қарағанда бұл Есет тарихтағы белгілі Есет батыр болады, кіші жүзде Есет батыр қазақ орысқа қараған соң төрелер мен көп алысқан.

Талтаңдаған төрені
Сақалынан ұстап алып;
Қонаққа сойған қозыдай
Қолымнан өлім бергенмін.
Өлтірген неше төрені
Салмойын Бекет дегенмін! [111, б. 34-35].

Бекет батырдың қатыны артынан айдалған батырды қуып барып, қашуға көмек қылады. Жырдың дәл осы тұсына жазған пікірінде Ә. Бөкейханов қазақ әйелдеріне деген көзқарасын былайша білдіреді: «Орыс жұртында айдалған байына ерген қатын көп болады. Біздің әйеліміз жақсы деп, орыс жұрты мақтан қылады. Бекеттің жырына қарағанда біздің қазақ әйелі де мақтануға жарайтын», - деп қазақ қоғамындағы әйелдің мәртебесін өсіріп, мерейін үстем етеді. Қазақ әйелдерін декабристтердің жарларымен теңестіреді. «Бекет батыр» жыры мектеп балалары жатқа алатын кітап»,- деп мектеп жасындағы балаларға кітапты оқуға ұсыныс қалдырады [111, б. 34-35]. «Бекет батыр» жырына жазған пікірі арқылы оқырман өзінің тарихын, елінің басынан кешкен тағдыр-талайын, қазақ әйелдерінің сол дәуірдегі жанкешті өмірін барынша ашып көрсеткен. «Бекет батыр» жыры арқылы жас ұрпақты елін сүюге, батыл, ержүрек, намысшыл болуға шақырған.

«Мырза Едіге» жырына байланысты пікірінде «Қыр баласы» былай деп жазады: «Шоқан жазған Едігенің жырында арабша, парсша бір ауыз сөз жоқ.

Қазақтың тілі өзге тілге араласпай тұрған уақытта Едіге жыры шыққан болса керек»,-деп оқыған дүниесінің түбіне терең бойлап барып, қорытынды жасайды, қазақ тілінің болашығына алаңдаушылық білдіреді [111, б. 35-36]. «Мырза Едіге» мектепте балалар оқитын кітаптың бірі деген пікір қалдырып, болашақ жастарға аманат етеді.

Түркі әлемінің тұтастығын көксеген Әлихан Бөкейханов танымал археолог, орыс генералы Никандр Александрович Маркстың 1913 жылы Мәскеуде жарияланып, қолдан-қолға жылдам тарап кеткен «Қырым аңыздары» атты жинағынан «Герейдің ажалы» [111, б. 23], «Пайғамбарға хат» [112] атты хикаяттарды қазақшаға аударып басып, бауырлас халықтардың бірі туралы «Хакас» [112, б. 123] атты сипаттама жазып, журналға жариялайды.

Заманауи жаңалықтарға құштар, ел ағарту мәселесін ұдайы назарда ұстаған Әлихан Бөкейхановтың «Білім күші» [112, б. 87], «Луи Пастор»[112, б. 74] атты танымдық мақалалары журналдың «Ғылым» бөлімінде басылып, оқырмандармен қауышқан. Журналдың бір ерекшелігі жарияланған мақалаларына терең талдау жасап, сілтеме келтіріп отырады. Ол дәлдік мен дәйектілікке әкелетінін білеміз.

Мысалы, журналға басылған жұмбақ болсын, өлең болсын «Ол қайдан алынды, бұрын-соңды жарық көрген бе, жарық көрсе оны қайдан алды?», - деген нақты сипаттағы ақпаратқа жүгінеді. Ал ол еш жерде жарық көрмеген болса дереккөздерді де келтіріп отырады. Мұның барлығы баспасөз материалдарын зерттеушілер мен деректанушылар үшін құнды мәлімет болып табылады.

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалайтын жыр-дастандар, жұмбақ, қара өлеңдер өте көп. Ол біздің тарихымызды бағамдауға қосар үлесі де мол. Журналдың атқарған бір – қызметі осы уақытқа дейін жарияланбаған мұраларды басып отырған. Әр жарияланымның соңына: «Мұны В.В. Радловқа Семей облысының қазағы айтқан. Айтқанынан 60 жылдан артық», «Бұл жұмбақты В.В. Радлов Семей облысындағы қазақтан естіген», деп түсіндірме бере отырып, «Қыр баласы» атты бүркеншік есіммен оқырманға ұсынып отырған [112, б. 115]. «Ақ бала» - қыз бен жігіттің айтысы түрінде беріліп, сол заманның келбетін өлеңмен өрген шығарма. Сүйген адамына қосыла алмаған, қыз баланың тағдыры бейнеленген. Жоқтаудың зерттелуіне келер болсақ, ол ауыз әдебиетінің бағалы үлгісі ретінде жинап, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы ақын-жыраулардың шығармаларында әр түрлі жоқтау үлгілері кездесіп отырады. Осындай жоқтаудың бірі журнал бетінде басылған. Автор әр жарияланымына түсініктеме беріп отырған. Онда жоқтаудың қысқаша тарихы, оқиғаның шыққан аумағы, мен жыл мөлшері белгіленген. Оқырманға оқиғадан толық ақпарат беру тәсілі қолданылған. Қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерін басылым беттеріне жариялап, бүгінгі ұрпаққа зор мұра қалдырған ұлт оқымыстыларының еңбегі, журнал мазмұнын түрлендірудегі тәжірибелері, оны дамыту, қызықты ету, оқырман тарту секілді тәсілдері сол замандағы саясатқа «сай келмеген» де болуы керек. Зерттеуші ғалымдардың еңбегіне сүйенер болсақ, «Темірқазық» қазақ тіліндегі басқа да журналдардан ескіні жақтауды, би-бектерді дәріптеуді талап етті. Журнал «Халық ескіні өте жақсы көреді, қызыға оқиды. Себебі ескі әңгіме,

өлеңдерді оқығанда ел қазағының көз алдына бір кездегі төрт түлігі түгел, сол заманы еске түседі», деп жазып, Қазақстанның Ресейге қосылуын жақтамады деген пікірде болды [109, б. 34].

Міне, журналға қатысты осындай пікірлер «Темірқазықтың» жабылу себептері ретінде көрсетіледі. «Темірқазық» ең алдымен Октябрь революциясының жеңісін дұрыс түсіндірмеді. Октябрь революциясы жеңген соң халық жолдан адасып, тұманда қалды, жылан-шаянның қамауында қалды. Ел шаруасы күннен күнге күйзелуде. Ел қамына, ел жайына негізделіп істелген іс жоқ. Қазақстанда оқу ісі де түзелген жоқ»,- деп революцияның барлық жемісін жоққа шығарды»,- деген пікірлер де бар [109, б. 34].

Х. Бекқожин еңбегінде: «Москвада Ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссариятына қызметке орналасып алған Шығыс елдерінің байшыл, оқығандары татар, түрік тілдерінде «Қызыл шырақ», қазақ тілінде «Темірқазық» журналдарын шығарды»,- деп жазады [15, б. 109].

Осы орайда «Темірқазық» журналын шығарушы Нәзір Төреқұлов туралы мәлімет бере кетсек. Н. Төреқұлов – Түркістан маңындағы Қандоз деген жерде туылған. 1900-1903ж. Қоқандағы медреседе, 1903-1905 ж. осындағы орыс-түзем школында, 1905-1913ж. Қоқан коммерция училищесінде, 1913-1916 ж. Мәскеу коммерция институтының экономика факультетінде оқыған. 1916 ж. Минскіде Батыс майданындағы «Земсоюзде» нұсқаушы болған. Сол ж. «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрған. 1917 ж. Орынборда өткен I Жалпықазақ сиезіне қатысқан. Сол жылы бүкілресейлік «Земсоюздың» Торғай облысындағы нұсқаушысы, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің редакторы (Орынбор), Қоқан совдепі ревкомының хатшысы, «Халық сөзі» газетінің редакторы (Қоқан), 1918-1919 жылдары Ферғана облыстық ревкомының төраға орынбасары, халық ағарту комиссары, осы жылы Түркістанның халық ағарту комиссары, «Вестник просвещение и коммунистической культуры» басылымының шығарушысы, 1920-1922 жылдары Түркістан ОАК төрағасы, сол шақтағы барша сиездерге қатысушы, 1922 жылы КСРО халықтары орталық баспасы басқарамасының төрағасы (Мәскеу), 1923 жылы Мәскеуде «Темірқазық» журналының редакторы қызметін атқарады. Қайраткер 1937 жылы 15 шілдеде ұсталып, 3-қарашада атылды [65, б. 397].

Нәзір Төреқұловтың өміріндегі маңызды кезеңдері ретінде «Темірқазық» журналының редакторы болғанын келтірген:

«Основные даты жизни Назира Торекулова (1892-1937)
1923, февраль– редактирует журнал «Темірқазық» («Полярная звезда») деп, «Темірқазық» журналына редактор болғандығы жазылса,
1937, 15 июля– взят под стражу.
1937, 3 ноября– приговорен к расстрелу, растрелян в тот же день.
1958, 23 января– реабилитирован по решению № 4н-0743257 Военной Коллегии Верховного Суда СССР».

Осы құжатта Н. Төреқұловтың қамауға алынып, атылғаны жөнінде және кейіннен ақталған жылдары анық жазылған [113].

«Мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, алғашқы қазақ елшілерінің бірі, дипломат Н. Төреқұлов 1922-1928 жылдары Мәскеуде КСРО Орталық Атқару Коммитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Бұл қызметке кіріскеннен кейін В.И. Лениннің қабылдауында болып, автономия алған халықтардың тілін мемлекеттік тілге айналдыру мәселесін көтерді. Орталық баспа басқармасының төрағасы ретінде қазақ тілінде «Темірқазық» атты журнал шығаруды ұйымдастырып, оған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев секілді қазақ зиялыларын тартты» [114].

«Темірқазық» журналының алғашқы бетінде журналдың жалпы мазмұны берілген. «Күншығыс баспасөзі басқармасынан», - деп алдымен елдің жағдайына тоқталған. Онда «Қай елдің болсын, қашанда болса заман ыңғайын бақылайтын, тұрмыс заңына түсінетін елдің оқығаны болады. Қалың елді дұрыс бастасын, қыңыр бастасын елдің оқығаны бастайды». Осылайша, қазақ халқын оқып, білім алуға шықырады, ел ішіндегі оқыған азаматтарға үміт артады. Көзі ашық, ел тізгінін ұстайтын азаматтар елді теңдікке жеткізіп, тура жолға жетелейді. Көрші Россия тізгінін оқыған азаматтарға беріп отырғанын айтып жеткізеді. Қанша жерден саяси азат болса да сауатсыз, надан ел азат бола алмайды.

Міне, осы ұстанымды ұстаған журнал басында білімді азаматтардың отырғандығы ақиқат. Халық жақын арада өзін басқару үшін көзі ашық сауатты болуын, ал надан халық үшін әлі де 15-20 жыл керек екенін жазады. Елдің тұрмысын, жағдайын түзеу үшін шаруашылық түзелу керек. Шаруасы түзелген халық әдебиетке де бет бұрады. Бүгінгі жағдайда газет-журнал оқымадың деп сөгудің өзі артық. Осылайша журнал басқармасы елдегі жағдайға алаңдаушылығын білдіреді. Осы кемшіліктердің барлығына жол көрсететін баспасөздің рөлі зор екенін меңзеп, «Темірқазық» журналы арқылы шешімін таппақ болады.

Күншығыс елдерінде саясат кіндігі – жол көсемі, іс көсемі, ел тәрбиешісі бола алатын, әдебиетке негіз салатын, елге білім кілтін ашатын журналдың керектігі көптен сезілетіндігін айтады. Ел жоғын білетін, ел тілегіне – ел мұңына құлақ салатын журнал, елге тура жол сілтейтін, терісін-қисығын тергейтін журнал – елдің шын қамқоры, шын досы болып көрінбек. Елдің осындай журналға осы кезде сусап отырғанын жеткізеді. Н. Төреқұлов журналдың көтерер жүгі ауыр екенін сезеді. Өйткені журнал арқылы ұлттық құндылықты халықтың өзіне ұсынады. Ел көркейсе, қазақтың көкірек көзі ашылып, білімге сусап отырған жұрт өзіне қажетін алса деген армандары анық байқалады. Басында түркі тілдес халықтардың тілінде «Қызыл шырақты» шығарып, ал «Темірқазық» журналын жеке қазақ тілінде шығаруы да үлкен ерлік. Осылайша Мәскеу төрінен шыққан басылым қазақ еліне еркін таралады.

Журнал айына бір рет шығатын болып келісіледі. Журналға жазушы авторларды сөз жазуға шақырады. Басылымның мақсат-міндеті нақтыланады. Саналы, оқыған азаматтардан қолдау күтеді. Журнал бетінде ел қамын ойлайтын өзекті мәселелерді көтереміз деген жазушыларға журналдың беті бос, деп жазушылар назарына салады.

Осылайша журналдың алға қойған мақсат-міндеті бас мақалада айқын беріледі. «Темірқазықтың» 1- саны мынандай бөлімдерден тұрады:
1) Саясат бөлімі;
2) Оқу бөлімі;
3) Әдебиет бөлімі;
4) Жаңа кітап-журналдар;
5) Басқармадан.

«Темірқазық» журналының алғашқы бетінде редакцияның мекен-жайы былай деп көрсетілген: «Москва қаласы, Трубинков көшесі, 19 үй, Орталық Шығыс Баспасы, «Темірқазық» журналының редакциясы».

Бұл тарихи орын осы күнге дейін сақталғаны туралы мәліметке жолықтық. «Редакция Мәскеу қаласының Трубниковский тұйық көшесіндегі 19-шы үйде – 1912 жылы сәулетші П. Малиновскийдің жобасы бойынша салынған тарихи ғимаратта орналасыпты»[110]. Яғни, «Темірқазықты» шығарған ұлт зиялыларының ізі қалған ғимарат әлі күнге сақталып, бүгінгі күнде тарихи орынға айналған.

Семей қаласындағы мұрағаттан алынған мына құжаттар қазақ ұлтына жасаған қиянат деп білеміз.

Совершенно секретно.

Всем начальником ОблЛитов, ГлавЛитов КазССР.
Приказ №1323, от 19-21я/VI-35 года
По Главному управлению по делам литературы и издательства

Приказываю

2. Изъять из библиотек и складов контрреволюционную троцкистко-зиновьевскую литературу; строго в соответствий сприлогаемым списком (см. приложение).

Уполномоченный СНК СССР по охране военных тайн и печати и начальник ГлавЛита РСФСР-Волин.

Не для печати, ноябрь, 1936 год

Список

Троцкистко-зиновьевской контрреволюционной литературы подлежающей изъятию из библиотек общественного пользования.

Общее количество изъятих книг – 42. И плюс три казахских литературы:

1. Сейфуллина – «Домбыра», издание 1924 года.
2. Тогжанова: 1) «Поэт Магжан» критика Юсупбека», издание 1926 года, 2) «Вопросы казахской литературы», Критика, издание 1928 года.
3. **Первый и второй журналов «Темирказик», издание 1923 года.** Ответственный исполнитель особого сектора Обкома ВКП(б) – Мальков» [115].

Осындай құпия бұйрықтар бола тұра 1923 жылы Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан шыққан «Темірқазық» журналдарының 1,2,3 сандары еліміздің кітапханаларында сақталып қалған. Бұл дегеніміз ұлтқа, әдебиетке, қазақ баспасөзіне жаны ашитын, болашақты ойлаған азаматтардың ісі деп білеміз.

«Темірқазық» елден жырақта, Мәскеу қаласында шықанына қарамастан журнал редакциясына Ташкент, Орынбор, Қызылжар, Көкшетау, Кереку, Қарқаралы, Омбы, Қостанай, Ордадан тілектестікке толы хаттар легі толассыз келіп жатқан. «Темірқазыққа» түгел басып оқушыларымызды таныстыруға, көптің сөзі де, көңілі де бір болғандықтан лайық көрмедік. Сондықтан хаттардағы сөздерден іріктеп қана басып отырмыз»,- деп редакцияға келіп түскен мына шумақтарды жариялайды.

Ескендір Шынтас ұлы – ел қазағы хатында жазады:

Қайырлы құтты болсын «Темірқазық»,
Саналы аңсағанға бұл бір азық.
Етеді жолбасшылық, жөн көрсетіп,
Адассақ бағыт ауып, жолдан азып.
Қазақтың кіндікте өскен айнасы бұл,
Өз мінін өзіне айтар тергеп қазып.
Аз сөзбен елден көңіл білдіремін,
Сүйелді қолдарыммен өлең жазып.

Ахмет Жантелі ұлы, Мұқан Әлімбет ұлы, Сабыр Жамантай ұлы деген ел қазақтары да ел атынан осы сықылды сөздермен тілектестіктерін білдіреді.

Керекуден жазып отырған Уалихан Омарұлының сөзінен қысқаша үзінді келтірсек: «Темірқазықты оқып қуаныстық. Өзі жасы ұзақ болып, қадам жолы, ұсынған беті жұғымды болсын! Бар әлімізше барымызбен «Темірқазыққа»-жәрдемдес болуға біз әзірміз».

«Темірқазықтың» ұстанған жолы, ойлаған ойына түсініп қарсы алған азаматтарға, елге басқарма мүшелері шын көңілімізден жақындық ризашылығымызды білдіреміз, тілектес сәлемімізді жібереміз» [112, б. 226].

Нәзір – тура пікірлі, қаламы өткір публицист. Қазақ тілін кеңсе тіліне айналдыру мәселесі оны қатты толғандырған. Әсіресе партияның XII сьезінің әуел баста тәтті үміттерді оятқан шешімдеріне сүйенген ол «Ұлт мәселесі жайынан» атты мақаласын жариялайды [112, б. 1-6]. Мақала тіл мәселесін көтереді. «Қазақ тілін іс жүргізетін үкімет тілі жасау керек, бірақ ол үшін басын ауыртып жүрген бір адам жоқ» деп налиды. Салыстырмалы түрде татар тілін алады. Татар республикасында татар тілі іс-қағаздары үшін жүріп тұр. Ал Қазақ республикасында қазақ тілінің дәрежесі төмен екенін айтады. Тіпті, 1921 жылы Лениннің қабылдауында болғандарында ол кісінің өзі «Кеңсе тілін өз ана тілдеріңде жүргізіп жүрсіңдер ме?» деп сұраған екен. Елдегі жағдайдың тіл мәселесіне келгенде қиын жағдайда отырғанын, даладан келген қазақтар тілмаш іздеп, өз тілдерінде жауап ала алмай қор болатынын жазады. Журнал бетінде тіл мәселесін көтерген автор Орынборда отырған комиссарлар Қазақ республикасына кеңес нұрын төгемін дегендерге сенбейтінін ашық жазған. Қазақ халқының санасы оянып, үкіметпен жақындаса отырып тіл мәселесін шешудің жолдарын іздейді. Расында да қазақ халқы үшін тіл мәселесі ежелден келе жатқан ұлттық мәселе. Тіл - біздің тамырымыз. Ұлт оқығандары баспасөз арқылы тіл мәселесін жалпы ұлттық мәселе ретінде көтеріп басылым беттерінде үзбей жариялаған.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі баспасөзді тіл тағдыры қатты алаңдатады. Журналға Нәзір Төреқұлов «Қашан болады?» атты мақала жазған [116]. Онда «қазақ тілінің үкімет тілі, мемлекет тілі деп жарияланғанына талай уақыт өтті. Сөйтсе де бүгінге дейін қазақтың не дара әліппесі жоқ, не жазу машинкасы жоқ... Осы жоқтарды созып жатудан Қазақ республикасының мәдениетіне, елдігіне қанша зиян екенін білсек етті» деп реніш білдірді. Тіл кабинетте жасалмайды. Үкімет кеңесіне кіріп күн сайын жұмсауда болғанда ғана ұлт тілінің белі, буыны қатаяды. Сонда ғана ортада жүрген «тілмәштарды» шығарып тастап, қалың кедей кеңестер маңына топтасады, деп ескертті. Нәзір баспасөзге қатысып, оны пайдаланып қана қойған жоқ, оның қажымас насихатшысы да болды. «Ақ үстінде қара танығандарың газет, журнал алып, дүниенің халінен хабардар болып тұрыңдар... Газет оқымасаң, дүниеде не болып жатқаннан хабарсыз қаласың»,- деп үнемі ескертіп отырды [72, б. 118].

Мақала барысында: «Біздің Қазақ республикасында кеңсе түзеу, жергілікті халықты жақындастыру дегенді кім ойлап отыр. Мен ойлаймын: Сейфуллин жолдастай он мың «Асау тұлпар» жазып «пролетариат ақыны» болып даңқын көтерген үлкен санасыз коммунистен екі-үш уиезде жақсы, арзан, іске епті кеңсе құрып берген жабайы даңқсыз коммунист анағұрлым артық», деп те жібереді.

Сәкенмен арадағы салқындықты, әсіресе, ақынның «Асау тұлпар» өлеңдер жинағына [111, б. 25], «Бақыт жолына» [112, б. 120] пьесасына жазған рецензияларында айқын аңғартады. (Сәкен) Садуақас Сейфоллаұлының 1914-1922 жыл арасында жазған өлеңдеріне сын жазады. Абайдың өлең жолдарын эпиграф етіп алады.

Содан кейін барып Сыншы (критик) мен доктор арасында бір-ақ айырма бар деп аздап түсінік бере кетеді. Ауыру кісі мен оны емдейдің дәрігердің ара қатынасын мысалға келтіреді. Науқастың хәлі мүшкіл болса, дәрігер оған күнің жақындап қалды деп айтпайды. Шынын айтса, науқастың жағдайы нашарлап кетуі мүмкін. Шынын айту, айтпау дәрігердің өз еркінде. Оның шындықты жасырып қалуынан жұртқа зиян жоқ. Ал сыншы дәрігер емес, ол шынын айту керек. Оның өтірігі бір адамға ғана емес, бүкіл жұртқа зиян келтіруі мүмкін. Жазушы ол сыннан өлмейді, көңіліне ауыр тиетін жағдайдың өзінде сыншы өз міндетін адал атқаруы керек. Осылайша, Н. Төреқұлов Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпарына» сын жазып, оны басылым бетіне басады.

«Маржан», «Марияға», «Жазғы түнде», «Надежда, Үміт, Ұмила», «Айт күні», «Азия», секілді өлеңдері мен аудармаларына сын жазады. Мысал келтірсек: «Надежда, үміт, ұмила» деген өлеңін оқыңыз:

«Албырап, биік саяда»
«Уыздай болып піседі»
«Не шіриді, не құрт жеп»
«Не бір бәнді үзеді»
Сен алмасың биікте»
Сен әлі жас баласың»
«Білмей қалқам қаласың» (?)
Бұл «өлеңнің» астында «1922» нші жыл тарихы тұр!

Кітаптағы 68 өлеңнің төрттен бірі әйел, махаббатқа арналған. «Бірақ байқұстың білген әйелі осы. Бөтенін білмейді, көрмейді. Бірақ трагедия мұнда емес. Білмегендігін өзі сезбейді»,- деп көптеген лирикалық өлеңдерін түкке тұрғысыз етеді [111, б. 27]. Журналист А. Шәріп: «Драма авторының «тіршілік-тің мәнісі – сүю, құшу»,- деген түйініне сыншы әбден шүйлігіп: «Сәкеннің қай философиясы болсын, жүрегіңді айнытпай қоймайды. 1923 жылда, кеңес хүкіметінің алтыншы жыл дәуірінде халықты бұлай ағартуға болмайды»,- деп «Революцияға не пайдалы?», деген сауалға жауап іздеу керектігін алға қояды. Нәзірдің бұл көзқарасында социологиялық тұрпайылау түсініктің басымдығы анық», - деген пікірде болады. Сын мақаласына орай әдебиеттанушы ғалым, фольклор зерттеушісі, сыншы Рахманқұл Бердібаев: «Бұл тақырыпқа қалам тартқандардың көбі «Нәзір бұл мақалаларына С.Сейфуллиннің «Асау тұлпар» және «Бақыт жолында» деген кітаптарын тым қатал сынаған» деумен келеді. Біздің ойымызша, Нәзір Сәкен өлеңдері мен пьесасындағы жасандылықтар мен қара дүрсін сөз қолданыстарды дәл танып, әділ көрсеткен»,- деп жазады [113, б. 19].

Н. Төреқұлов С. Сейфуллиннің тек өлеңдеріне ғана емес аудармаларын да сынайды. Мысалы:

«Шайх Сағдыдан» (Асау тұлпар, 34):

Әнмен күйге түйеде (?)
Шаттанар, хайуан десек де
Сезбейтін оны адамды
Салпаң құлақ есек те».

Осы тәжірмасына орай аударманың оқырманға беретін тәрбиесіне, оқушының білім алуына қажетті еңбектерді аудару керектігін баса айтады. Аудармасының өзіне көңілі толмайды. Басқа ұлттың әдебиетін аударғанада да бұл біздің халыққа не береді, оқырман өзіне не алады, жастар үйренетін өнер бар ма деген пікірде болу керек екенін қадап айтады. «Алайда, біз Сәкеннің аудармаларынан мұны көре алмай отырмыз» деп қынжылады.

Сын жазудың бірнеше себептерін бағамдауға болады. Біріншіден, сол заманда қазақ оқырмандарының қолына ұстататын кітап аз болды. Н. Төреқұлов жұрттың қолына осы мәндес кітапты ұстата салу үлкен қателік болар еді, дегенді айтады. Кітап - жұртқа тәрбие беретін, білім беретін, танымын ашатын дүние болу керек, деген принципті ұстанады. Екіншіден, кітап- оқырманның қолына тигенше сыннан әбден өтуі керек деген. Олай болмаған жағдайда әдебиет көрінгеннің ермегіне айналуы мүмкін. «Ал Сәкеннің «Асау тұлпары» оқырманға білім болмайды, пайдасы жоқ» деген. Қазақ Республикасы аяғынан енді тұрып, есін енді жинап келе жатқанда мұндай кітаптің шығып, оқырманға тарауы дұрыс емес дегенді айтады.

«Неге десеңіз:

Сана орнына «ботқа» берген,
Ахылақ орнына порнография берген,
Революция рухы орнына «асаулық» берген,
Кім оқыса бұл кітапты?

Қазақ кедейіне беруге болмаса,
Мектеп баласына жарамаса,
Әйел қыздарға көрсетуге ұят болса,

Сәкен өзін де келеке қылған, әдебиетімізді де! «Кітаптың» осы «қасиеттері» критиканың ауыр болуына себеп болды»,- деп жазады.

Нәзір Төреқұлов мұны 1923 жылдың 11 қаңтарында жазған. Бұл сын «Темірқазық» журналының 1-санына басылған. Н. Төреқұловты әдебиетші, сыншы, ақын ретінде танимыз. Бұл салада С. Сейфуллиннің «Асау тұлпар» жинағына [111, б. 25], «Тар жол, тайғақ кешу» романына жазған сындары белгілі [117]. Бұл еңбектерінде ол әдебиетті жақсы түсінетінін, әлсіз тұстарды дәл басатынын, ой-пікірін өткір де әсерлі етіп жеткізе алатынын танытқан. Сәкеннің «Асау тұлпарындағы» «біраз өлеңдерінің саяси-идеялық қате, кемшіліктерін көрсеткен, сынаған. Шынын айту керек, өте орынды көрсеткен, әділ сынаған. Оны Нәзірге жазған жауабында Сәкеннің өзі де мойындаған»,- деген профессор Б. Кенжебаев пікірі дұрыс. Тек қана кей тұстарда басараздықтың, эмоцияға берілудің салдарынан ағат пікір, артық айыптауларға орын беріп алғаны өкінішті [72, б. 119].

Белгілі оқымысты Ғаббас Тоғжанов қазақ тарихында түңғыш рет «Ұлт деген не?» атты көлемді теориялық мақала жазып, оны «Темірқазық» журналында бастырды [112, б. 76]. Ол Еуропа ойшылдары Отто Бауэрдың, Карл Каутскийдің, Карл Реннердің, Сталиннің алуан арналы тұжырымдамаларын талдай отырып, Карл Каутскийдің ұлт болу үшін ең керек екі шартын құптайды. «Ұлт болу үшін ең керек шарт – тіл бірлігі. Екінші керек шарт – жер бірлігі»,- деген тұжырымына тоқтайды. Бір ел бір бірінінің тілін ұқпаса қалай ұлт болады деген мәселені көтерген. Ұлтта жер болса ел болады, ел болса шаруашылығы дамиды, шару жағдайы көтерілсе өнері де, әдебиеті де өркендейді деген ұстанымдарды алға тартқан.

Ал Сталиннің «Ұлттың ең елеулі белгісінің бірі – экономика ортақтығы» деген пайымына талас білдіреді. Сталин, «Шаруа байланысы – жиі қатынас болу қажет шарттың бірі»,- дейді.

Біздің ойымызша, шаруа қатынасы ұлттықты тудыратын қажет шарттың бірі деп ерекше бап қылу артықша дейміз. Жері бір болса, тілі бір болса, тұрмысына, тіршілігіне қарай мінез-жан сипаты бір болса, шаруашылық байланысы, жиі қатынас дегеніміз өзінен өзі туады. Ғаббас өзінің осы күнге дейін маңызын жоймаған үш шартты ұстанатынын жазады: «Алдымен ұлт болу үшін керек шарт – тіл бірлігі. Бір тілде сөйлеу, жазу керек. Бұл – бір. Екінші – жер бірлігі. Бір жерде орнығу керек, бұл – екі. Үшінші: тұрмыстан, тіршілік қамынан, кәсіптен туған мінез – жан сипатының бірлігі керек. Бұл – үш»,- деп қорытындылайды. Осы үш негізгі шарт болған жағдайда, яғни жері, тілі, ұлтық мінезі бар жұрт, ел болып, халық болып ұйысатынын алға тартады.

«Темірқазықтың» ендігі көтерген мәселесі «Ұлы ма? – ов па?» атты тақырыппен шыққан. Онда: «Біздің қазақ хат жазып қол қойса, кісі атын жазса орысшалап кетеді: «Жаманбай Аманбайов», - деп жазады. Жаманбай хат жазып, қол қойса, өзі де Аманбайов, деп қол қояды. Бұл Иван Ивановичтың тәржімасы»

[112, б. 99] Мақала түйіні «ов»- ты орыс ұлтының» өзіне қайтарып, «ұлы» деп жазуды ұсынады. Осылайша журнал шығарушылар сол дәуірдің өзінде-ақ әлі күнге дейін бір ізге түспей келе жатқан мәселенің түйінін тарқатты. Әрі оны жәй декларация күйінде қалдырмай, журнал бетіндегі мақалаларының астына аты-жөндерін тек қана «-ұлы» деген үлгімен жазып, өзгелерге өнеге көрсетті. Ғасыр өтсе де бұл мәселе Тәуелсіз елімізде әлі де бірізділікке түскен жоқ.

«Темірқазық» халық әдебиетінің бай қазынасынан алынған жұмбақ, жоқтау, айтыс, т.б. фольклорлық мұра материалдарын ел ішінен жиыстырып, жариялап отырды.Сонымен қатар, ұлттық жазба әдебиеттің де мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Мысалы, «Ел асылын жасытпаңдар!» атты редакциялық мақалада әдебиет мәселесін көтереді. Ел арасында ақын-жазушылардың өлең-жырлары, жазған сөздері жарығып, елге ұсынылмайды. Себебін – тұрмыстарының, күн көру жағдайларының төмен екенімен байланыстырып, үкімет тарапынан жазушыларға қолдау көрсетуін сұрайды. Бұл – ел руханиятына журнал тарапынан шын жанашырлықтың белгісі.

«Темірқазық» журналының бірінші нөмірінде жазылған алғысөзіне байланысты профессор Т. Қожакеев былай деп жазады: «Яғни журналды шығарғанда елге өнер-білім таратам, ел тілегіне, ел мұңына үн қосам жұртқа түзу жол сілтеймін, елдің қисығын, теріс-тетігін түзетем деп ниет етті. Бірақ оған ескі оқығандар отырып алып, журналды таза советтік бағытта, коммунистік идеяда шығаруға мүмкіндік бермеді» [72, б. 118]. Ал редакция алқасының аты-жөндері журнал бетіне былайша басылған еді:

«Темірқазық» журналына жазушылар:
Әбдолла Бөкейханұлы, Әбдірахман Байділдәұлы, Әміржан Сыдықұлы, Ш. Наушаруанұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Санжар Аспандияұлы, Ғаббас Тоғжанұлы, Ғапар Мырзәліұлы, Қыр баласы, Қошмұхаммет Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Смағұл Қазбекұлы, тағы басқалар». Бұл тізімнен біз тәуелсіздікті, елдікті аңсаған және де сол жолда аянбай күрескен тұлғалар мен олардың ұрпақтарының есімдерін оқимыз.

Оқу бөлімімінде Сыдықұлы Әміржан, Мырзаұлы Ғапар деген авторлардың «Еңбек мектебі» [111, б. 16], «Қазақ елінде мектептер қалайша құрыла бастау керек ...» «Мәскеудегі қазақ оқушыларының халі» деген мақалалары басылады, «А. Қ.»,-деген бүркеншік есіммен «Қазақша жазу тақырыбы» деген мәселелер көтеріледі.

Қазан төңкерісінен кейін Россияда еңбек мектебі құрыла бастағаны белгілі. Бірақ еңбек мектебінің негізгі жолдары оқытушылардың көбінде түсініксіз болды. Тәрбие білімін, оқыту жөнін жақсы біледі деген семинария, иниституттарда оқып шыққан орыс учительдері де ұғына алмағанын айтып, оны Еңбек мектебінің бұрынғы мектептен айырмасы ретінде:

1. Еңбек мектебінде, алғаш баланың сабағы тұрмысында бар, баланың көзі көрген, балаға таныс нәрседен алынады.

2. Балаға не үйретілсе де, қандай сабақ берілсе де бала өзі ықыластанып, сабағына илігіп отырады.

3. Бала үйренетін білімінің көбіне іспен қанады. Қолы мен ұстап, көзі мен көріп біледі. Әліне қарай еңбек қылады, білгенін өзі істеп үйренеді.

4. Бала өзінің істеген еңбегінің пайдасының іске жарарлығын біліп отырады.

5. Бала тұрған жерінің шаруасын, жер-суын, тұрмысын үйренеді. Мектептен шыққанда сол жердің шаруа, тұрмысын жақсы білетін қызметкер болады.

6. Еңбек мектебінде бала денсаулығын түзейді. Еңбек мектебі баланың бір жағынан көңіл көтеретін, сауық сайранмен уақытын өткізетін қызықты орны болады.Еңбек мектебінде жоба бойынша оқылатын ғылымдар тізіміне мына пәндерді енгізген:

1) ана тілі;

2. есеп;

3) жағрапия;

4) жаратылыс;

5) сурет салу, әдемі сызу;

6) басқа халық тілдері.

Мақалада осы еңбек мектебінде оқытылатын ғылымдарды қай жолмен балаларға оқыту керек деген мәселенің түйінін тарқатады.

«Темірқазық» журналы Мәскеуде шыққан соң сол елде білім алып жүрген жастардың жағдайы оларға жақсы таныс болды. Мәскеудегі студент жастардың жағдайы туралы көптеген мақалалар жазды. Білім алып жүрген жастардың жағдайына алаңдаушылық білдірді. Қазақ Республикасынан жәрдем беруін сұрайды.

Ескі үкімет құлап, азаттықтың таңы атқанда қазақ халқы еркін тыныстап, жан-жағына қарап, қамданып, өркениетке ұмтылып, білім алуға деген құлшынысы артқаны табиғи іс екені рас. Журнал осы ретте білімге ұмтылған қазақ жастарының жағдайын барлап, зерттейді. Қазақтың білімге ұмтылған ниетіне орай барлық жағдайын жасап, оқуға кеткен жастардың жәрдемақыларын көтеруін, уақытында төленуін талап қылады. Сараптамалық мақаланың мақсаты – оқырманға жағдайды барынша ұғынықты етіп беруге тырысып, арнайы кестеге түсіру. Өткен жылы (1921) Мәскеуде (Түркістан, Қазақстаннан) 18 қазақ жасы оқиды.

Тізімде мына түрде:

Кесте 13 – Мәскеуден оқитын қазақ жастарының көрсеткіші (1921ж) [111, б. 19]

Қай мектептің қай бөлімінде	Қай республикадан	Неше адам
1	2	3
Жоғары дәрежелі шаруашылық иниституты	Түркістаннан	1
Инженерлік бөлімі	Қазақстаннан	1

13-кестенің жалғасы

1	2	3
Жұмыскерлер факультеті	Қазақстаннан	1
	Түркістаннан	1
Жоғары дәрежелі Күншығыс тану мектебі	Қазақстаннан	1
Жоғары дәрежелі соғыс ғылымын үйретететін академия	«	1
Горный академия	«	1
Жоғары дәрежелі халық ағартатын жұмыскерлер дайындау мектебінде	«	1
Күншығыс ортақшылдар университетінде	Екі республикадан	10
	Барлығы	18 адам

Бұлардың ішінде соңғы екі мектепте һәм жоғарғы дәрежелі әскери академияда оқушылардың халі, қазынадан тамақ киім беріліп тұрғандықтан жаман болған жоқ, басқаларының халі өте нашар болды. Жіберген республика түк қаражат бермеді. Туған-туысқандары өздері аштық апатына ұрынып жатқандықтан жәрдем ете алмады. Өлермендік пен үй тауып алса жағатын отын, ішетін астары жоқ болып оқушылардың бір сыпырасы көлденең жұмыс тауып тамағын асырады. Мәскеу көшесінде жыртық шинелді, етігінен шұлғауы шығып, қабысып, еңкеңдеп жүрген адамдар көрінсе, олардың қазақ студенттері екенін сұрамай-ақ білгендей болды. Хал жайларын білдіріп хүкімет басындағы азаматтарға шаққан мұң жауапсыз қалды. Бірақ аштық жалаңаштық жолдас болып, бастарынан қандай ауыртпалықтар өткізіп жүрсе де оқушы жастар оқып, біліп, еліне іс істеу қасиетті тілектері екен дегенінен таймады. Бәріне де шыдады. Оқуын жақсы оқып өтті. Биыл 22-23-ншы жылда оқушылардың жалпы саны екі есе артты.

Кесте 14 – Мәскеуде оқитын қазақ жастарының көрсеткіші (1922-1923жж.) [111, б. 20]

Қай мектептің қай бөлімінде	Қай республикадан	Қанша адам
1	2	3
Жоғары дәрежелі шаруашылық институты, шаруашылық бөлімі	Қазақстаннан	4
« »	Түркістаннан	1
Инженер бөлімінде	Қазақстаннан	1

14-кестенің жалғасы

1	2	3
Жұмыскерлер « - »	Қазақстаннан	3
	Түркістаннан	1
Университеттің дәрігерлік бөлімінде	Қазақстаннан	2
Фонда	«	2
Күншығыс тану мектебінде	«	1
Горныйда	«	1
Жоғары дәрежелі соғыс академиясында	Қазақстаннан	1
Карл Маркс атындағы шаруа институтында	«	1
Жоғары дәрежелі халық ағарту жұмыскерлерін даярлайтын институтта	«	1
Пречистенкенің жұмыскерлер факультетінде	Түркістаннан	2
Күншығыс ортақшылдар университетінде	Түркістаннан	42
	Қазақстаннан	18
	Барлығы	92 адам

Бұл көрсетілген 92 оқушылардың тең жарымының жәйі жақсы. Даяр оқу, даяр тамақ, даяр киім, бәрін Мәскеу береді. Тең жарымысынан азының халі өткен жылғыдай. Кейбіреулерінің әлі үйі де жоқ. Көбі үш-төрт ай сандалып жүріп пәтерлерін әзер тауып алды. Қазақстан хүкіметінен беріліп отырған мардымды жәрдем жоқ», деп бөлінген стипендияның жоқ екенін жаза отырып, Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастарының қиын жағдайларына тоқталады.

Салыстыру мақсатында, мысалға Түркістаннан келіп оқитын жастар жағдайын баяндайды: «Түркістан республикасы оқушыларына 100-ден аса Мәскеуге деп степендия ашып отыр. Степендия 400-500 миллионнан ақша береді. Оқушылардың даяр үйі бар. Кітап керек болса онысын қарастырып тауып беруге тырысады. Біздің Қазақстанға осы Түркістан да үлгі болуға жараса керек», деп Мәскеуде тұрмысы жаман, ең сорлы оқушылар Қазақстаннан келген оқушылары деп ашына жазады. «Әліде болса, Қазақстанның Мәскеу оқушыларына жәрдемін күтеміз», деген үмітпен автор, журналға жазушы Ғапар Мырзаәліұлы өзінің проблемалық мақаласын аяқтайды. Бұл мақала арқылы оқырман 1920 жылдарды Мәскеуде оқыған жастардың хәлімен толық таныса алады.

Журналдың 2-3 сандарында «Елдің күйі» атты мақала басылған. Онда жеке тақырып ретінде «Соттар туралы», «Милиция», «Халық билері», «Елге шыққан инструктор, инспектор, агенттердің» қызметін сынға ала отырып «Малай» атты бүркеншік есіммен жазған ұлт жанашыры: «Қазақ елі хүкіметке сене қалмайды. Қазақ елінің сенімін алу үшін, қазақ даласындағы хүкіметтің ұстап отырған

бетін, әдісін өзгерту керек. Қазақ даласындағы қазіргі хүкіметтің ұстап отырған беті, әдісі еш бір уақытта қазақ елінің сенімін ала алмайды», деген.

Басылым ұлтқа қатысты көтерген тақырыптардың барлығында да елдің, жердің қамын ойлаған. Жер жайына келгенде: «Қазақ Россия қолтығына кірген соң-ақ, шет бұшпақтап жерінен айырыла бастады»,- деп сол кездегі саясатты ашық жазады. Оқу жайы қалай көтерілді дегенде: «Орыстастырудың аяғы келіп ауылнай школына соқты. Қазақтың балдырғандай жас баласын, ана тілінен айырып орыс тілімен оқытатын қылды....Үстірт қарағанда хүкімет те қазақ үшін тырысқан сияқты, бірақ хүкімет ісінің ішін ақтарсаң арамдығы аңқып шыға келеді. Хүкімет қазақ баласын оқытқанда білім алсын, ел ағартсын деп ойлаған жоқ, қазақтың жас баласын елінен айырып орыстық рухын сіңдіріп қазаққа орыстық идеясын тарататын үндеуші қылу мақсатында болды», дейді «Темірқазық» басқармасы.

«Коммунист партиясының ұлт мәселесі туралы жобасы»,- атты мақаласын Партия кіндік комитеті мақұлдаған жолдас Сталиннің нұсқасы ретінде ұсынған [118]. Бұрын біздің қазақ жүнін тоқып шекпен қылып, терісін илеп тон қылып киген. Малын сауып сүт ішіп, ірімшік, құрт қайнатып тамақ қылып жеген. Ет керек болса, қорадағы малын сойған. Желі-арқанды, көгенді, өзге жіп-шуды өз малының қылынан, жүннен ескен. Ол уақытта не керек болса, өзінен тапқан», деп қазақ базарды білмеген, әр кімнің шаруасы өзімен-өзі болғандығын,қазіргі жағдай өзгеріс заманы туғанын, алайда «Бұл өзгерісті, сақал шыққанын білмей қалған бозбаладай, адам өзі білмей қалады»,- деп жазады. Ұлт мәселесінің шешуі былай болмақ деп Сталиннің айтқандарын басады. Онда ұлтқа деген құрметке баса назар аударылып, Әр ұлттың еркі өзінде, қай жерге барып, тұрады, қайда көшіп барады деген секілді мәселелерді өзі шешеді деген. Сондай-ақ, ұлттың өзінің әдебиеті болсын, әдебиетін дамытсын, өз тілінде жазсын деген ұсыныстарды алға тартады. Жастар мәселесін көтеретін күштің жұмылдырып қадағалауды ұсынады. Журнал осыған орай былай деп жазады: «Бұл кеселдің жоғары шық деп орын беретін ақсақалы бұрын аз ұлттарды құлданып, құлдың басына қамшы үйіріп қалған біздің үлкен ауылдың баласы орыстың өзімшілдігі, менменшілдігі өзгені құл орнына ұстап құл деп қарағаны. (1)» деген тұжырымына мақала соңында мынандай түсінік бере кетеді. «(1) Бұл жерде жолдас Сталиннің айтқаны мынау болады. Карл Маркс, бұл ақсақалдың тілі ащы, қаламы улы болатұн, А. Гертсенге ашуланып:

«Орыстың таз басын тырнасаң, астынан қалмақтың қаны, ноғайдың қамшысы шығады» деген Маркс. Николайдың заманында мұны өзгертіп: «біздің патшаның төрелерінің таз басын тырнасаң, астынан көкпеңбек болып жандарым шығады», дейтұн.

Осы күні Николайдың төрелерінің балаларының бұрқыраған шашын тарасаң, құжынап өзімшіл, ұлтшылдың биті шығады.

«А! Ит қазақ! Саған автономия керек екен. Мә!», деп қамшымен басқа салып кетеді. Өзі коммунист жолдас Сталин ескі ауыру мінез мерезі деп, осыны айтады [118. б. 20].

Мәскеу қаласы, «Күншығыс» баспасынан шыққан «Темірқазық» журналы туралы тұжырымдай келе, елден жырақ шықса да қалың қазақ елінің оқырмандарына тараған:

1) ұлт мәселесі көтерілген;

2) қазақтың саяси – тарихы тұрмысынан мәселелер қозғалған;

3) қазақ оқушыларының жәй-күйі, білім күші бағамдалған;

4) қазақ елінде мектептер қалайша құрыла бастау керек, еңбек мектебі дегеніміз не?, қазақ тілінің жазу мәселесі қалай шешілмек, деген ойларды қозғаған;

5) ауыз әдебиетінің үлгілері басылды.

Осылайша, Мәскеудің төрінен елге тараған «Темірқазық» журналы қазақ баспасөзінің тарихында ғана емес, оның қоғамдық сана соқпағының дамуында да өзгеше із қалдырды.

2.3 «Жас қазақ» – ұлт жастарының үні

1923 жылдың 1-қазанынан Қазақстан аймақтық жастар комитетінің органы, «Жер жүзінің жастары бірігіңдер!» деген ұранмен «Жас қазақ» журналының алғашқы саны жарық көреді. Журнал 1925 жылға дейін өмір сүріп, 13 саны жарық көрді. Басылымның түпнұсқасы толығымен ҚР Ұлттық кітапханасының «Сирек қолжазбалар» қорында сақталған.

Алғашқы саны 60-бет көлемінде басылған. Мұқабасында: «Жас қазақ, Қазақстанның аймақтық жастар комитеті, саясат, әдебиет, һәм өнер, білім журналы, Шығарушысы: Жазушылар алқасы, Қазақстан мемлекеттік баспасы. Орынбор 1923 жыл», деп жазылған. «Журналда әртүрлі саясат, әдеби, өнер-білім, жаратылыс һәм ескі тарихи материалдар, романдар, сын, күлдіргі сияқты сөздер жазылып тұрады. Барлық қауым, авком, тілектес жас жазушылар, ақындар, әдебиетшілер, тарихшылар, көрші республикалардағы талапкер азаматтар үшін жұрттағы, төмендегі адрес бойынша алдыртып, жазылып та, тезірек алуын өтінеміз. Басқарма адресі: Оренбург, Троицкая, 37. Облком. Редакция журнала «Жас қазақ». Алдыртушыларға журнал: Жеке томдары алтынмен 25 тиын, көбірек алушыларға 20 тиын», деп Қазақстанның аймақтық жастар комитеті тарапынан журналдың соңғы бетіне жариялайды [119]. Таралымы – 1500 дана. «Қазақстанның Аймақтық Жастар Комитеті 1923 жылдың қазанынан «Жас қазақ» журналын шығарды. Оның алғашқы шағарушылары – Е.Алдоңғаров, А. Оразбаев, А. Сегізбаев. Журнал 1925 жылға дейін өмір сүріп, 13 нөмірі жарық көрді» [119, б. 2].

Журналдың 1-ші санынан-ақ ең бірінші жоспарымыз ол - жалпы еңбекші жастарымыздың арасында істелетін екпінді, міндетті жұмыс, жаңа жұмыс – коммунист тәрбиесін алу, саяси билік алу дегенді негізге алады. Журналдың бағыт-бағдары ретінде басылым қазақ жастарының қолына тиіп, оларды өркениет жолына бастайды. Жастар ұйымдасып, оқып, білім алсын, ел арасына шығып көшбасшылық қабілеттерін көрсетсін. Адамшылық секілді қасиеттерін дамытатын, тәрбиелейтін журнал өз міндетін атқаратынына сенеді. «Жас қазақ» жастарды болашаққа бастайтын құбылнамасы ретінде адастырмайтынына зор сенім білдіреді. Журналды кіндіктегі, не болмаса 2-3 кісінікі ғана қылмай,

жалпы жас еңбекшіл қазақтікі (көптік) қылу. Елмен араласып, халықпен бір жасау, елдің ішіндегі жағдайдан хабардар болу, солардың тұрмыстарын, жақсы-жаман ұйымдардың істеген істерін жазып, республиканың аумағына ендіру, жастар арасынан қалам ұстайтын журналистер даярлауды мақсат етеді. Ауыл жастарын ұйымдастыру, олардың ауыл шаруашылығын дамытудағы жұмыстары жайында үнемі хабарлар, мақалалар жариялау, халық ағарту ісіне қатысты іс-шаралардың жүргізілу барысын қадағалау, жастардың тұрмысынан, мәдени іс-шараларға қатысуын, жалпы олардың арасында жүргізілген саяси жұмыстар және т.б. жайында хабардар ету екендігін келтірді. «Ұзақ өмір жасап, өз қажетінше ойдағыдай пайдалануы үшін еңбекшіл жастар журналды ұдайы оқып жүрер», - делінді соңында [119, б. 1-3].

«Жас қазақ» журналында «Әдебиет», «Өнер-білім», «Саяси», «Оқу-тәрбие», «Балалар», «Ресми», «Сыртқы хабарлар», «Жалпы» сияқты бөлімдер бар. Осыған байланысты лайықты материалдар да басылды. Журналдың 1-ші санында «Тілектес» есімді автор «Жастардың міндеті» атты мақаласын жариялайды. Мақалада жастардың болашақта атқаратын басты міндеттерін тізіп берді. «Заман заңы бойынша болашақ жастардікі. Жастар бала емес, аға болды» деп, жастарға зор үміт артады, сенім білдіреді, «Осы күні жастардың оқымағандығынан көріп жүрген қорлығымыз көп, надандықты салт қалып бара жатқандар да бар. Жастардың ұйымы мұндаймен бар күшімен күресу керек. Жастардың міндеті көп. Әсіресе ең басты міндет – олар оқу керек»,- деп жазады [119, б. 11].

«Жас қазақ» журналының мазмұны жақсарып, онда саяси мәні, жастарға тәрбиелік маңызы бар материалдар көптеп жариялана бастады. Е. Алдоңғаров, Б. Майлин, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, С. Дөнентаев М. Мурзин, Ж. Сәрсенбаев, С. Сәдуақасов, И. Игенов және т.б. жастар мәселесіне қатысты түрлі мақалалар жариялады.

Журналдың редакторы ретінде Ерғали Алдоңғаровтың есімі аталады. Ал Смағұл Сәдуақасов 1923 жылы «Жас қазақ» журналының шығарушылар алқасының құрамына енеді [93, б. 7].

Ерғали Алдоңғаровтың журналдың шығарушы редакторы болған қызметі жөнінде жазылған естеліктер мазмұнында оның әдебиетті ерекше жақсы көргенін оқимыз. Сол әдебиет арқылы жасөспірім балаларды тәрбиелеп жүргені туралы деректер де кездеседі. Ерекше сүйген ісі баспасөз болған. «Ерғали баспасөз жұмысын сүйеді. Бұған беті-қолы, аузы-мұрнын баспахананың қара бояуына бояп, көк түтінге шашалып, баспа жұмыскерлері арасында газет-журнал жұмысында жүргені дәлел» [120].

Бұл орынды пікір, даусыз шындық екенін профессор Т. Қожакеев Ерғали Алдоңғаров жайлы жазған «Аққан жұлдыз» естелігінде былай дейді: «Ол жастарды топтастырудағы, баулудағы әдебиет пен баспасөздің рөлін жақсы білді. Олар үшін газет-журналдар шығарып, «жаман қара балалардан» жас тілшілер тәрбиеледі» [72, б. 197-198]. Жастармен жұмыс ұйымдастыра білген Е. Алдоңғаров жастардың намысын қайрап, сауатсыздықпен күрескен.

«Жас қазақ» журналының барлық сандарында бүркеншік атпен жазылған мақалалар көптеп кездеседі. Профессор Т. Қожакеев Е. Алдоңғаровтың бүркеншік есімдері ретінде: «Шұбартеңіз баласы», «Тамшы», «Қорғалшы», «Сартай», «Ер», «Е. А.» бүркеншік аттармен әр жанрда жиі жазған Ерғалиды замандастары жас әдебиетіміздің аз уақытында «Көп еңбек сіңірген еңбек батыры», деп біледі [72, б. 198]. Журналдың шығарушы-редакторы ретінде танылған Ерғали Алдоңғаровтың өмірбаянына қысқаша тоқтала кетсек.

Ерғали Алдоңғаров Қостанай облысы, Қарабылық ауылындағы Шұбартеңіз ауылында 1901 жылы туылып, 1930 жылы Тройцк қаласында дүние салады [72, б. 198]. Ресми журналистік қызметін Ерғали Алдоңғаров 1921 жылы «Еңбекшіл қазақ» газетін ұйымдастырып, шығарысудан бастайды. «Еңбекшіл қазақты» аяғынан тұрғызып... не қиыншылыққа шыдап, басқарманың бар жұмысын мойындарымен сүйреп, қызмет істеген, 21-22 жылғы «Еңбекшіл қазақтың» өзегі мына төмендегі үш жолдас еді», деп жазып, Жүргенұлы Темірбектің, Байділдәұлы Әбдірахманның және Алдоңғаруұлы Ерғалидың суреттерін басқан [121].

1921 жылы комсомол орындары оны Түркістан жастарының «Жас қайрат» газетіне редакторлық қызметіне жібереді. «Жас қайрат» газетін бір жолға қойған соң комсомол ұйымы Е. Алдоңғаровты Орынборға қайта алдыртып, «Жас қазақ» журналын шығарту жұмысын тапсырады. 1923 жылы қазан айында шыққан 1-санында: «Осы күнге дейін жас ұрпақтың басын уландырып, «кірсіз көңіліне ашытқы салып, жүрегін айнытқан» тоғышарларға, қара басының ғана қамын ойлайтын өзімшілдерге, байшылдарға, саясаттан қашық саудагерлерге, жалған ұлтшылдарға, жалпылдақ жарамсақтарға, сөзқұмар бөспелерге қарсы қайран қылар, өткір тұмсық қаруымыз – Маркстің ілімімен қаруланған төңкерісшіл жастар, кедей ұл қыздары. Сондықтан оларды тәрбиелеу, өнер біліммен қаруландыру – бүгінгі таңдағы зор міндет. Бұл орайдағы олардың көзін ашатын мектебі – еңбекшіл жастардың өз әдебиеті, өз баспасөзі», деп көрсетті. Осы айтылған міндеттер расында да жастар арасында ерекше қозғау салған. Жастар баспасөзінің енді қалыптасқан кезеңінде журналдың тәрбиелік мәні ерекше болғаны даусыз.

Журнал беттерінде қазақ жастары, оның ішінде қазақ қыздарының мәселелері жан-жақты көтеріліп отырды [119, б. 30-40]. «Жастар ұйымының қазақ қыздарын ұйымдастырып, оларды тәрбиелеу жолындағы міндетті жұмыстары» атты «Жөнеу» деген бүркеншік есіммен берілген көлемді мақала басылады. «Осы уақытқа дейін қазақ қыздары арасында ешбір жұмыс басталған жоқ. Әрине, бұған бірнеше себептер бар: қазақ қыздары жасынан малға сатылып, надан, қараңғыда қалып, өздеріне берілген бостандық үшін жүзеге шығаруға белсене жұмысқа кірісуге, білім күші жоқтығы. Бірлі-жарым оқыған көзі ашық қазақ қыздары: әйел бөлімінде жұмыс етсе де, жастар ұйымының жұмысына араласы жоқ, болса да аз», деп қазақ қыздарының қоғамдық жұмыстарға араласу, білім алу мәселелерін қозғайды [119, б. 30]. Жастар арасындағы қазақ қыздарының қоғамға араласуы, ер азаматтармен қатар білім алуын қолдап жазған

журналдың қазақ әйелдеріннің арасында беделге ие болғанын да айта кеткеніміз жөн.

«Жөнеу» деген бүркеншік есімге келетін болсақ, ол журналдың жауапты хатшысы Аманғали Сегізбаевқа тиесілі екені мәлім [72, б. 48]. «Жас қазақ» журналында «Әйелдер бөлімі» бойынша «Қазақстандағы комитет жастар ұйымына ескерту», «Қазақ қыздары», деген Жанәліқызының мақаласы басылады. «Қазіргі уақытта бүкіл Қазақстанда аймаққа кірген қыздар жүзге алтау ғана. Қызметке қатынасып жүрген қазақ қыздары болса, бір-ақ проценті болар, міне, осы себептерді еске алып, октябрь айында болып өткен аймақтық еңбекшіл жастар комитетінің II-ші жиылысында мынадай қаулы шығарылды:

1) Губерниялық жастар ұйымы әр шақта ауыл қыздарынан қызметкерлер дайындап отырсын.

2) Бұл қызметкерлер әйел бөлімімен қатынас жасап партияда жоқ қыздардың арасында түрлі жиылыстар құрып, жастардың барлық уставымен таныстырып, жастар ұйымына қызық жағынан бейімделсін.

3) Әйел бөлімімен істесіп, әр түрлі үйірмелер өткізсін, мысалы, сауатсыздықпен күресу, әдебиет үйірмелері тағы тағылар.

4) Ел ішіндегі ескі әдеттерді жоюға шын ниеттерімен кіріссін. Мысалы: Ел арасындағы зорлық, жас қыздарды малға сату тағы сол секілді.

Міне, осы айтылғандар туралы губерниялық, жаңа болыстық жастар ұйымына пленум міндетті қылып отыр. 24-нші жылға шейін комсомолға алынатын қазақ қыздары жер жерге былайша бөлініп отыр:

- Орынбор 50 қыз ұйымдастырылсын (мұнда қазақ аз болған себепті аз түсіп отыр);
- Семей 200 қыз ұйымдастырылсын;
- Ақмола 200 қыз ұйымдастырылсын;
- Ақтөбе 100 қыз ұйымдастырылсын;
- Орал 100 қыз ұйымдастырылсын;
- Қостанай 100 қыз ұйымдастырылсын;
- Бөкей 200 қыз ұйымдастырылсын;
- Адай 80 қыз ұйымдастырылсын;

Барлығы: 2400 қыз ұйымдастырылсын.

Мұның ішінде 1400 қыз басқа ұлттардың үлесінде, мың қыз қазақ үлесіне тиеді. Қараңғылықтың уысынан шыға алмай жүрген қазақ қыздары! «Біздің бірінші міндетіміз: Байларға қарсы күрес ашып, коммунизм дәуірін орнатуға адал ниетімізбен кірісуіміз керек. Біздерге осындай дәуірде, Ленин жолына түсіп, өз хақымызды жақтауға, әлеумет тәрбиесін алуға комсомолдан дос ұйым жоқ. Ұйымға асығыңдар!» - деген ұран тастайды [122].

Мұқамбет Қанапия Қазанқапұлының «Баспасөз» мақаласында қазақ жеріндегі баспа өнерін үйрену, алғашқы баспа өнімдері жайында жазылған [119, б. 27]. «Қазақ тарихынада болмаған ең бірінші баспа өнерін үйретететін 23 балалық курс ашылып, өнер курсына оқушы алып, кедей қазақ балалары курстың ашылғанына үш-төрт ай болса да осы күнде олар істерін жақсы түсініп, жаңа бірнеше кітаптар да басып шығарды. Бұл курсты Қазақстанның қазақ кедейіне

шақырған көп еңбектің ішінде тиісті жеміс берген үлгілі курс деуге болады. Қазақстан баспасөзі үстіміздегі 23-жылдағы төменде айтылған мынандай кітаптар шығарды:

1. Қазақ календары;
2. І-ші тіл құралы;
3. ІІ-ші тіл құралы;
4. ІІІ-ші тіл құралы;
5. Қирағат кітабы;
6. Педагогика;
7. Саяси кітапша;
8. Денсаулық;
9. 4-жылдық мектеп программасы;
10. Асау тұлпар;
11. Қызыл сұңқарлар;
12. Алтын сақина;
13. Салақ қыз;
14. Қазақша [119, б. 28-29].

Журнал беттерінде танымдық мақалаларға да орын берілген. «Өнер, білім» бөлімінде «Жер» деген танымдық мақалада «Арқа» атты автор былай депті:

«Бұрынғы заманның оқығандарының күні егер жер домалақ болса, онда жердің астындағы адамдардың басы төмен, аяғы жоғары қарап тұру керек. Олардың біліп деуінің «мәнісі» бұлар әлемде жоғары, төмен деген сөздердің жоғын біздің төмен деп айтатынымыз, жердің ортасына қарай деген сөз екенін және адам баласы қай жерге барса да, аяғы төмен, басы жоғары қарап тұратынын сезбеген, болжап шеше алмаған», дей келе, «Марстан ары Сатурнға барсақ біздің жер көрінбейді. Күнге сонша жақын тұрады да күннің сәулесінде жоғалып кетеді. Күн тұтылғанда ғана жерді кішкене жұлдыз сықылды көруге болады. Сатурннан ары кетсек Жер шеті көрінбейді. Біздің Күн мен оның айналасындағы айтылып жүрген планеталар әлемінің бір бөлігі», деп мақаласын аяқтайды [122, б. 40].

Аспан денелері жайындағы танымдық дүниелердің жастар басылымында басылуы журналдың ғылыми-танымдық қызметін танытады. Жастарды астрономия ғылымына қызықтырады. Осындай тақырыптар арқылы оқушыларына жаңа білім береді.

«Жас қазақ» журналының біріктіріліп шыққан 12,14-ші санының 42 бетіндегі «Қазақша сөздер аттары» мақаласын жариялайды. Мал шаруашылығымен айналысатын халық, біртіндеп егін егумен, жерді игерумен шұғылдана бастайды. Осы кездері ауылшыруашылық саласына еніп жатқан сөздерді қарапайым халық ұғымына таныстыру мақсатында оның қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі тұрмыстық атауларын басады:

1. Ақ селек боз - Перистые ковыл.
2. Ақ жол - Ива лядебура
3. Айыр ағаш - Веник обыкновенный
4. Ақ мамық - Атропис дистанс

5. Ай жарық - Элуропус металарис

6. Ақ мая - Тухмян

7. Ақ жайсан - Полынь морская» [122, б. 97].

Журналдың қай санын алып қарасақ та, жастар мәселесі алдыңғы орында. «Жастар арасындағы жұмыс» атты мақалада жастар арасында жүргізіліп жатқан жұмыстың қиындығына тоқталады. Бірінші мәселе – ол жұмыс қолының жетіспейтіндігін, жұмыс болса жастардың тәжірибесінің жетіспеушілігін мәселе етіп көтеріп, оқырманға ой салады. «Жұмыстың болуы үшін нешелер өткерілген әдістер керек. Жұмыстардың тәжірибелері керек. Бұлар жоқ. Сондықтан тап осы уақытқа шейін жалшылар арасында жұмыс күшінде кедей жүрмей келді. Енді бұдан былай қарай жалшы жастар арасында жұмыс істейтін ұйымдарымен бірігіп істегелі отырмыз. Оқушыларды пайдаланып губерниядан ашылғалы тұрған «жарлы» ұйымдарын күшейтуге талап бар» [122, б. 97].

«Жас қазақ» журналында Жүсіпбек Аймауытовтың жазғандарын байқаймыз. Әсіресе, журналдың біріктіріліп шыққан 5-6 сандарындағы «Орынбордағы қазақ институты, оқушылары ортасындағы саяси-ағарту ережесі», ұйым мақсаттары жарияланады. Бұл ереженің жалғасы журналдың келесі 7-8 сандарының «Ағарту-білім» бөлімінде де басылған [123].

Журналда «Орынбордағы қазақ институты, оқушылары ортасындағы саяси-ағарту ережесі» жарияланған. Ұйымдарды «Саяси- ағарту үйірмесі» деп төртке бөледі:

1. Әдебиет үйірмесі;

2. Театр үйірмесі;

3. Ән-күй үйірмесі;

4. Саясат үйірмесіне бөліп оның барлық жұмыстары театр ұйымдарынан түскен ақшадан, еркін жәрдемнен құралады» [124].

Үйірменің құрлысы ретінде «Әдебиет» үйірмесіне баса тоқталған.

Әдебиет үйірмесінің мақсаты:

- «Жазуға қабілеті бар балалар күндегісін күнде, көрген білгенін, естігенін жазып отыратын, күнделік дәптер болса тым жақсы, күнделікке жазған сөздерін: ауылдастарының, жолдастарының, қызметшілердің мінез құлығы туралы күнделікті жазып балаларға жүгіртіп жазуға да, әр кім өзі үшін жазуға да болады.

- Жазба газет, журнал шығар: мазмұны көбінесе оқу, білім, әдебиет жағына аударлығаны жөн. Газет журналды бастыруға қымбат, қолдан жазу көбейтуге күш, уақыт керек. Сондықтан, көбейту үшін түрлі саймандар тауып алу керек.

- Халық аузындағы мысқыл сөздері, ертегі, мақал, жұмбақ, тақпақ, жыр, һәм билердің, ақындардың батырлардың сөздерін, әңгімелерін жинап, жазып, жолдастарына да соны тапсырып, жиналған сөздерді әр кітап, газет-журналдарға басу, яки оқу мекемелеріне сату.

«Оқу институттары қасындағы оқушылар арасындағы саяси ағарту үйрету мақсаты» мақаласы 7-8 санының 41,42,43-беттерінде басылған, басы 5-6-шы сандарда деп басталатын мақалада былай деп жазылған:

1. Театр жайымен танысып білу;

2. Талапкерлерге театр өнерін түсіндіру.

Осы мәселемен істелетін істердегі ән- күй үйірмесінің мақсаты:

1. Неше түрлі әндерді шәкірттерге көп айтқызып, дауысын күшейтіп, құлаққа жағымды келтіруге тырысу;

2. Қазақ күйлерін, жырларын, домбыраға яки басқа мәдениетті жұрттардың аспаптарында шертіп, тартып үйрету;

3. Қазақ домбырасының дауысы театрларда естілмейді. Домбырамыз өнер бағып, ілгері басқанша Европаның аспаптарынан қашу жарамайды. Шама келгенше, мүмкінді болса, Еуропа аспаптарына үйрету керек. Мәселен, гитара, мандалина, флейта, сыбызғы, труба, рояль тәрізді» [123, б. 41-43].

Жас қазақ журналының сәуір-мамыр айларында біріктіріліп шыққан 7-8 сандарының 17-бетінен Жүсіпбек Аймауытовтың «Тұңғиық теңіз астында» деген (Өлеңмен жазылған сөз) аудармасы басылған. Бұл өлең туралы Жүсіпбек Аймауытовтың «төл туындысы» деген жаңсақ пікірлерді де байқаймыз.

«Жаңа бір қызық стильде жазылған өлең – «Тұңғиық теңіз астында». Бұл өлеңнің жаңалығы – қазақ өлеңіне үйреншікті сыртқы ұйқасты сақтауда емес, ішкі ырғақ байлығында. Ол ақ өлеңмен жазылғандай еркін оқылады. Ақын суды тіліп, көк теңізде келе жатқан кемені теңіз тулап мерт еткенін әдемі суреттермен береді»,- дейді ҰҒА академигі, филология ғ.д., профессор С. Қирабаев [125].

Ал біз, ҚР Ұлттық кітапханасының «Сирек қолжазбалар» қорында сақталған «Жас қазақ» журналының түпнұсқасынан «Тұңғиық теңіз астында» өлеңінің астынан «Аударған Жүсіпбек» деген жазуды оқыдық. Бірақ журнал басқармасы өлеңнің бас иесін анық жазбаған. Жүсіпбек Аймауытовтың баспасөздегі бүркеншік есімдерін қарастыратын болсақ, зерттеуші ғалымдардың мына деректеріне жолығамыз: «Ғалым Бейсенбай Байғалиев 1989 жылы «Жүсіпбек Аймауытовтың бүркеншік есімдері» деген арнаулы мақала жазып, оның «Қызылтаулық», «ЖК», «Қызылбас», «Жанақ», «Келешек», «Тоқашбай», «Екеу» деген бүркеншік есімдерін атаса, сол жылы ғалым Т. Қожакеев бұларға қоса публицистің «Ермағамбет», «Қып-қызыл», «Шоғарақы» деген тағы үш бүркеншік атын көрсетеді. Ал жүсіпбектанушы ғалым Н. Қуантай өзінің «Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы» еңбегінде «Қызылбас» екі ғана әңгімесінде («Томарбай мен қатыны» және «Жаңабайдың жанындағы трагедия») қолданған аты»,- деп көрсетеді [21, б. 16].

Ж. Аймауытовтың «Томарбай мен қатыны» және «Жаңабайдың жанындағы трагедия» шығармалары «Қызылбас» деген бүркеншік есіммен журналдың 7-8 сандарында басылған.

«Тамшы», «Сартай», «Шұбартеңіз баласы», «Қоғылшы» бүркеншік есімдері журналды шығарушы Е. Адоңғаровқа тиесілі [72, б. 48]. «Тамшы» бүркеншік есімдермен Ерғали Алдоңғаровтың «Мектептегі біздің бір жұмыс», «Шұбар теңіз баласы» атымен «Жастар ұйымының жол жобасын үйрену керек» деген мақалалары басылған.

Журнал шығарушылардың мақсаты – журналды шығарып қана кою емес, оны оқырман қолына жеткізудің жолдарын да қарастыру. Сондықтан да, басылым беттерінде «Жас қазақ» журналының алушыларына өтініштер

басылған. Мәселен: «Әрбір губерние уездерінен «Жас қазақты» алдыртып тұрушы жолдастар! Ақшаларын тезірек басқармаға жіберуі тиіс. Ақша жіберілмесе бұдан былай журнал жіберілмейді. Жаңадан алушыларға журнал бағасы:

1-айға 30 – тиын;

2-айға 60 – тиын;

3-айға 1- 80 тиын;

6 айға 3- 60 тиын.

Жеке нөмірі 30 тиын, Ұйым ячейка үшін алдыртушыларға – 25 тиын, газет журнал басқарламаларымен тегін айырбасталады.

Басқарманың адресі: Оренбург, Троицкая 37, обкомол, редакция журнала «Жас қазақ». Тираж 1500 дана» деген жарнамалық хабарландыру басылып отырған [123, б. 64].

Тұжырымдай келе, «Жас қазақ» журналы жастар арасында үлкен ықпалға ие болғанын бағамдаймыз. 1923 жылдың қазанынан жарыққа шыққан журнал 1925 жылға дейін өмір сүріп, 13 саны жарыққа шықты. «Жас қазақ» журналы жастар арасында кең тараған, жастар мәселесін үндеу арқылы жастарға ой сала отырып, оларды жұмылдырып, армандарына қанат бітірген тұңғыш жастар журналы деуге негіз бар.

3 АЛҒАШҚЫ САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

3.1 «Сана» журналындағы ғылыми-танымдық контент

1923 жылдың қаңтар айында Түркістан мемлекеттік білім кеңесінің тілі «Сана» журналы жарық көре бастады. Журнал редакциясы Ташкент қаласында орналасты. Алғашқы санындағы оқырмандарға арналған «Қазақ- қырғыз білім комиссиясынан» деген мақалада қазақ қоғамындағы оқу, білім мәселелері сөз болады. «Заманымыз мәдениет заманы. Мәдениетке білім жеткізеді. ... Білім алудың жолы көп. Жолдың ең төтесі – жақсы мектеп, білімді мұғалім... Білімді мұғалім бізде жоқ. Мұғалімдеріміздің шала-шарпы білімі бар. Ауыруын жасырған жазылмайды. Мектеп пен мұғалімнің нашар екенін ашық айтып, анық түсіну керек» деп оқырмандарға ой тастайды [126]. «Сананы» шығарғандағы мақсатымыз– аз болса да жоғарғыда айтылған кемшіліктерді жойып, аңсаған елге, алақтаған мұғалімдерге, жасөспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру» деп журналдың алға қойған мақсатымен таныстырады [126, б. 33]. Журнал шығарғандағы біздің ұстайтын жолымыз – мынау, деп негізгі 8 бағытты ұсынады. Мұнда 1-ші бағытының өзі 10 тармақтан тұрады:

1) басынан бастап әр пәндерге түсінікті етіп білім беру;

2) ғылым-қисап (математика);

3) дүниенің жаралу түзілісімен, аспандағы жұлдыздармен, жердегі болатын жауын шашын секілді өзгерістермен таныстыру;

4) жануарлармен, жер жүзіндегі ағаш-шөп секілді өсімдіктермен, тас топырақтармен таныстыру, жердің қалай жаралғанын, неден түзілгенін білдіру;

5) бұрынғы өткен халықтармен, олардың мәдениетімен, салтымен таныстыру, бұрынғыдан қалған тамтықтарды қалай іздеу жайында, оны қалай пайдалану жайында баяндама жасау;

6) қай жұртта қандай шаруа бар, қандай заң бар, қандай тұрмыс тіршілік бар, сонымен таныстыру;

7) жер жүзіндегі елдермен, жерлермен таныстыру;

8) санақ туралы баяндама беру, жер жүзіндегі елдердің түсінің, өлімінің, оқу үйінің, сауатсыздығының, түрлі қажетіне жұмсайтын бұйымдарының санағын беру:

9) адамның, малдың ауырулары, саулық сақтау туралы мағлұмат беру;

10) қаріп түзу, баспахана түзу, кітап бастыру, сурет туралы мағлұмат беру [126, б. 33-34].

Міне, осы міндеттерді алға қойған журналдың шығарушы редакторы Халел Досмұхамедұлының мақаласы арқылы біз «Сана» журналының негізгі мақсаттары арқылы бағыт-бағдарының басымдылығы ғылыми-танымдық екенін анық бағамдаймыз.

Досмұхамедұлы Халел (1894, қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсоған) – Алаштың көрнекті қайраткері, білімдар ғалым...Өмірінің Ташкенттегі кезеңінде «Шолпан», «Сәуле», «Сана» журналы мен «Ақ жол» газетіне жиі қатысып тұрды. ... Ол – Алаш қозғалысына белсене араласқан

қайраткер, «Қазақ автономиясын алуға күш-жігер жұмсаған азамат. 20-ж. Халық ағарту ісі мен ғылымының көшбасында тұрған азаматтың бірі. Осындай ірі ғалым 1937 ж. Тоталитаризмнің қарамағына ілініп, 1939 ж. ресми құжаттарға қарағанда абақтыда «науқастан» дүние салған» [65, б. 155-156].

Халел Досмұхамедұлының публицистикасын зерттеген ғылым Аманқос Мектеп-тегі оның шығармашылығына төмендегідей баға береді: «Халел Досмұхамедұлы қазақ баспасөзі тарихында салалық журналистиканың негізін қалаушылардың бірі екендігін атап айтқан орынды. Ол – дәрігер-публицист; ол– тарихи-очеркші, ол – тілші-лингвист; ол – әдебиетші-фольклоршы; ол – саясаттанушы; ол– табиғаттанушы; ол – кинорецензент: ол – баспагер-редактор; ол – кітаптанушы» [20, б. 139].

Жоғарыдағы ғалым А. Мектеп-тегінің Х. Досмұхамедов туралы айтқан болмыс, қасиетінің барлығы да «Сана» журналының көтерген тақырыптары болды. Журнал беттерінде жануаралар мен адамзат жаратылысы, медицина, астрономия, химия, тарих, фальклор, тіл мәселесі жан-жақты таратылып жазылды.

Баспасөз тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде «Сана» журналына қатысты мынандай пікірлерді жолықтырдық: «Санада» саясат болмады, яғни, онда партия саясатын насихаттау, партия жолы үшін күресу көрінбейді. Журнал материалдары халықтың ой-санасын, қоғамдық пікірді сол кездегі саяси-әлеуметтік мәселелерге аудармайды. Сол күннің, сол таңның көкейкесті әлеуметтік, саяси мәселелерін көтермейді, ол жөнінде өз пікірлерін айтпайды, жаңаны насихаттамайды. Үнемі ескіні, өткен-кеткенді сөз етеді. Ел назарын артқа аударып, күні өткен нәрселерді уағыздайды. Бұрынғы би-бектерді мадақтап кетеді. Ескі салт-сананы дәріптейді «Сана» кей ретте әдебиеттің тазалығы, идеялығы дегенді ескермейді. Онда жарияланған бірсыпыра шығармалар ұлтшылдықты уағыздады. Мысалы, «Аруақпен айтысу» атты өлеңде бір әйел жау қолынан қаза тапқан ерінің моласына барып тіл қатады. Сонда күйеуі кәпірдің қолынан өлдім, обалың кәпірге болсын дегенді айтады. Кәпір дегені – орыс. Әрине мұндай жат идеялы, саяси бағыты теріс материалдардан халықтар достығына зор нұқсан келетін еді. Міне, осындай қателіктері үшін «Сана» үш номерінен соң 1924 жылы ноябрьде жабылды»,- деп журналдың жабылу себептерін оның тікелей мазмұнында кеткен «қателіктермен» байланыстырады [109, б. 33].

Біз бұл пікірге толық қосыла алмаймыз. Өйткені, мұнда журналдың алғашы санындағы жарияланған басылымның мақсат-міндеттері ескерілмеген. Журнал өзінің алғашқы санында-ақ бағыт-бағдарын ашық айтқанын. Ол жерде «саясатты насихаттап, партия ісін жариялаймыз», деп жазған жоқ. Журналдың міндеті: «Қазақ-қызғыз жұртының тарихымен, салт-дәстүрімен, тұрған жерімен таныстыру», деп әдебиет пен мәдениет, білім, салт-дәстүрімізді насихаттауға күш салған. «Біздің кейбір ойын-сауықтарымызға Еуропа таңданарлық», деп қазақтың ұлттық ойындарымен журнал беттерінде оқырмандарын таныстырып, қазақ халқының би-шешендері мен ақындарын, батырларын дәріптеуді мақсат тұтқан [127].

Журнал қазақ халқының «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деген мақалын негізге ала отырып, ата-бабамыздың өткен өмірінен, салт-санасынан мағлұмат беруді көздеген. Ал жоғарыда айтылған «журналда саяси бөлім болмады»,- деген айыптаулар негізсіз болған.

Бұл пікірімізді профессор Н. Омашевта қостағандай: «Шын мәнінде «Сана» журналының о бастағы ұстанған мақсаты «жаңа саналы» адам қалыптастыру емес, ұлттық негізден білім алған ұрпақ тәрбиелеу еді. Ол журналдың кемшілігі емес, артықшылығы деп бағалау еді» [126, б. 10].

Ал алаштанушы ғалым А. Мектеп-тегі: «Журналдың бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі хақында ғалым зерттеушілердің шынайы ақиқатты жазуға еркіндігі жетпеді. Тіпті, көп жағдайда баспасөздің түпнұсқасымен танысудың да мүмкіншілігі болмағандай әсер етеді. Себебі журналдың шыққан, жабылған жылдарына байланысты жаңсақ айтылған пікірлер соны байқатады. Мәселен, қазақ баспасөзінің тарихына іргелі еңбектер жазған профессор Бейсенбай Кенжебаев: «Сана» журналы, 1924 жылы Ташкентте шықты. «Қазақ-қырғыздың мәдениетін өркендетушілердің «Талап» қауымы шығарды», деп жазған [20, б. 212-213].

Зерттеушілеріміз кезінде кеңестік идеологияны шеңгелінен шыға алмады дегенімізбен де, еліміз тәуелсіздік алған жылдары басылған Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразаевтар жазған «Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008жж.)» еңбегінде де «Сана» журналы туралы «Саясат» бөлімі болмағандықтан сол күннің, сол таңның көкейкесті әлеуметтік, саяси мәселелерін көтеріп, жаңаны насихаттамағаны және ескіні, өткенді сөз еткені үшін деген айып тағылып, 1924 жылдың қараша айында жабылды», деген ескі көзқарастағы пікірлерді кездестіреміз [23, б. 131].

«Сана» журналы алғаш шыққан күнінен бастап қаржы тапшылығын сезінген. «Білімі бар саналы азаматтар, әсіресе, мұғалімдерге жәрдемші болып сүйеңдер, деген өтініш айтамыз. Ақшамен болсын, жазумен болсын жәрдем беріңіз», деп өтініш білдіреді. Жазушыларға ескертулерін де ұмытпайды [126, б. 35]. Журналды шағарған соң оның мазмұнының да, басылған қағазының да жоғары сапалы болғаны маңызды. «Сана» журналын шығарушылар көмек беретін демеушілер іздейді. Тіпті журналға мақала жіберушілердің өзі сапалы дүниелерін салуын өтінеді. Басқармаға келген мақалаларды редакциялап отырудың өзі уақыт алатынын, ал уақыттың өзі қаржыға келіп тірелетінін түсінуге болады.

Қазақ-қырғыз білім комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедов те журналдың алғашқы саны көңілінен аса шыға қоймағанын білдіреді. «Бірінші себеп– істің жаңалығын, бұрынғыдан үлгі болмағандығы. Екінші себеп – көп адам сөз жазбақшы болып уәде берде уәделерінде тұрамады, бірқатары журналымызға лайықты сөз жаза алмады», дей отырып Білім кеңесінің журналға берген ақшасы журналдың техникалық жұмыстарынан артыла қоймағанын, ал ақысын сұрамаған жазушыларға еңбегін сатпай, халық үшін бос қызмет еткендерге алғысын білдіреді [126, б. 36]. Оның «Сананың» алғашқы санына

көңілі толмауы заңды. Өйткені, Халел Досмұхамедұлы интеллектуалдық өресі биік, зор білім иесі болды.

Халық Ағарту Комиссариаты Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің тілі «Сана» журналына міндетті түрде жазушы тілшілердің қатарында «Арабайұлы Ишанғали, Асфандияръұлы Санжар, Әуезов Мұхтар, Байғурин Әлжан, Тынышбайұлы Мұхамеджан, Жандосұлы Ораз, Жәленұлы Кәрім, Жұмабайұлы Мағжан, профессор Шмит Александр, Қожанұлы Сұлтанбек, Досмұхамедұлы Жанша, Досмұхамедұлы Халел, Досжанова Аққағаз, Диваев Әбубәкір, Рысқұлұлы Тұрар, Сүлейұлы Білəл, Ғалымжанов Файзолла, Қашқымбайұлы Иса, Оликов Федот, Есболұлы Мырзағазы, Омаръұлы Уәлихан, тағы басқалар»,- болды деп түйіндейді [20, б. 200].


«Сана» журналын ғылыми-көпшілік басылым ретінде қарастырсақ, Х. Досмұхамедұлының өзі де: «Сана» – шындығында журнал емес, бөлек басылып шықпайтын уақ білім сөздерінің жиынтығы. Оқу кітабын жазу – қиын жұмыс, ұзаққа созылатын, жиі шығарып тұру қолымыздан келмегендіктен, білім беретін уақ сөздерді жиып, журнал ретінде шығарып тұруға ойладық»,- деген [126, б. 35].

Журналдың 1-саны 1923 жылдың қаңтар айында шықса, 2-3 сандары біріктіріліп 1924 жылдың қараша айында шыққан. 1-санының мұқабасында жазылу бағасы: Алтын бағасымен бір-бірлеп 20 тиын деп белгіленген. «Бүтін жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!» деген ұранмен шыққан журналдың «Шығарушысы: қазақ-қырғыз білім комиссиясы», деп жазылған. Ал 2-3 сандарының мұқабасында «Басқарма адресі: г. Ташкент. Киргизский Институт Народного просвещения. Для «Сана». Жазылу бағасы: 1-жылға 10 сом, 6-айға 5 сом, 3-айға 2 сом 50 тиын, нөмірлеп алғанда 1 сом 50 тиын» деп белгіленген журналдың таралымы 1500 болған [128].

«Сананың» тұңғыш санында «Ғылым», «Әдебиет», «Мектеп», «Ойын-сауық», «Мәдениет майданы» бөлімдері болса, біріктіріліп шыққан 2-3-сандарында «Тәлім-тәрбие» бөлімі, «Білім бөлімі», «Әдебиет бөлімі», «Сын бөлімі», «Халық әдебиеті» бөлімдері болды. Журналдың осы үш санында Халел Досмұхамедұлының 11 мақаласы жарық көрген. Олар: «Қазақ-қырғыз білім комиссиясынан», «Ұйқы деген немене?», «Машинаның күші», «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?», «Миллион деген немене?» деген ғылыми-танымдық мақалалары басылса, «Ойын-сауық» бөлімінде «Ай құлақ», «Дүмпілдек» деген балалар ойындарының шарттары жарияланған. Ал «Халық әдебиеті» бөлімінде «Қалмақтың қарғысы», «Аюдың қойға батасы», «Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған жұрнақ», «Аруақпен айтысу» басылған. Бұлардың барлығын Халел Досмұхамедұлы «Х.Д», «Қара бала» деген бүркеншік есімдермен жариялаған.

«Сана» журналының құрылымы мен мазмұнын диаграмма түрінде көрсетіп отырмыз.

1- диаграмма



Сурет 1 - «Сана» журналының бөлімдері

Десек те, «Сана» журналын ғылыми-танымдық дүниелерге басылымның алғашқы беттерінен орын беріп, қазақ оқырмандарына тың дүниелерді ұсынған ғылыми-танымдық, салалық журнал ретінде қарастырамыз.

Басылым беттерінде Мұхамеджан Тынышбайұлының «Түрік-монғол тарихы», Кәрім Жәленұлының «Химия өзгерістері», Әбубәкір Диваевтың «Бұрынғы заманнан қалған заттарды қалай һәм қайдан іздеуге», Мұхтар Әуезовтің «Қазақстан, Түркістанның жерінің, халқының саны», «Жас жүректер» шығармасы, Кәрім Құлназарұлының «Қымбат намаз», Мағжан Жұмабайұлының «Ақан сері», «Сәрсембайдың жері», «Жұлдызды – жүзік, айды – алқа ғып берейін», Халел Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз Білім Комиссиясынан», «Ұйқы деген немене?», «Машинаның күші», «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?», «Миллион деген немене?», «Шәкірттер саулығын сақтау» секілді тарихи-этнографиялық, ғылыми танымдық, әдеби-мәдени өмірдегі жаңалықтарға байланысты әр түрлі жанрдағы мақалалар мен зерттеу еңбектер, өлең-жырлар, жұмбақтар жарық көрді.

Журнал бетінде жарияланған Мұхамеджан Тынышбайұлының «Түрік-моңғол тарихы» атты зерттеу еңбегі ғылыми құнды ой-пікірлерімен ерекшеленіп, осы күнге дейін құндылығын жоғалтқан жоқ. Сөз басында тарихтағы жұртты екіге бөліп қарастырған. Дамыған елдердің өнері де, мәдениеті де, техникасы да, шаруашылығы да алда келеді. Өздері еңбекқор. Екіншісі, ілгері баспаған, тоқырауға ұшыраған, тарихы жоқ, тұрмысы жабайы халықты сөз етеді. Дамыған елдерге Еуропа, Азия, Американы жатқызады да ал дамымаған елдерге деп Африка, Америкадағы үнділер, Австралия жақтағы малайларды айтады. Осы тұста «Түрік - монғолдар» қай елге жатады дегенге

тоқталады. Тақырып аясында «Ескі заманнан Шыңғыс ханға шейін» бөлімінде түрік жұртының бастапқы жүрген жерлері сөз болады. Сондай-ақ, «үнні (hунны), үйсін, қырғыз, сақ, иуз, қаңлы, сәнбі, жужан (ауар), ұйғыр, тоғыз, өгіз, қарлық, пижнек, бұлғар, хазар, мажар, башқұрт, қыпшақ» секілді ру-тайпалар мен этностар туралы мол мағлұмат береді.

Халел Досмұхамедұлының «Ұйқы деген немене?» деген танымдық мақаласында ұйқының адам ағзасына тигізер әсеріне байланысты талдау жасай отырып, оқырманға ой тастайтын деректерді келтіреді. Адам ұйқысыз өмір сүре алмайды, Оның денсаулыққа пайдасы мен зияны жайлы сараптама жасалады. «Ұзақ ұйықтамаса, адам өледі. Ұйықтаған мезгілде адамның есі, ойы, тоқуы, еркі жойылады, демалысы сирейді, жүрек соғуы кемиді, сирейді, қан ағысы жайланады, боршалары (еті) босайды. Дененің барлық мүшелерінің жұмыстары жайланады, тамақтануы (тамаққа мұқтаждығы) кемиді», деп ұйқының қайдан, неден пайда болғаны әлі күнге дейін белгісіз екендігін айтады. Ұйқы адамға қаншалықты қажет болса да ұйқы – ауру деген болжам жасайды. «Ұйықтау – ауру болу. Ұйқы мидың ауруы мен өзінің әрекетінен пайда болған нәрселерден уланады. Сондықтан ауырады – ұйқы пайда болады» [126, б. 56]. Осылайша, адам ұйықтағанда миы демалып, ауруынан айығады деген пікірді ұсынады. Яғни адам ұйықтағанда миға жиылған улар жойылып біткенде ұйқының қанатынын дәлелдейді. Егер миға демалыс бермесе, мидан бөлінетін токсиндер миды өлтіреді. Ми өлген соң, адам да өледі, деген тұжырымды ғылыми түрде дәлелдейді. Ғылыми қорытынды жасау үшін, итке жасалған тәжірибенің қорытындысын жариялаған. Мәселен итті 10-15 күн бойы ұйықтатпай отырса оның өліп қалатынын дәлелдеген. Тіпті Қытай еліндегі адамдарға қолданатын «ұйықтатпау» жазасын да дәлел ретінде ұсынады. Ал тәжірибе барысында, ұйықтамаған иттің қанынан улы токсиндер табылған. Осылайша, автор ұйқыны жоятын антитоксинді оқымысты білгіштер іздеу үстінде екендігін шебер баяндайды.

Халел Досмұхамедұлының «Машинаның күші» атты танымдық мақаласында: «Үстіміздегі киімді машинамен тоқиды, машинамен тігеді. Шөпті машинамен шабады. Жерді машинамен жыртады. Мақтаны шиетінен машинамен айырады. Машинамен сүттің майын айырып алады. Отарбаларды темір жолмен айғыр (паравоз) сүйрейді. Қара айғырдың іші толған машина. Көшедегі трамвайлар да машинамен жүреді...», деп машинаны адамзат баласының жұмысты жеңілдету үшін ойлап тапқан құралы екенін оқырмандарына жеткізеді [126, б. 59].

Егер машиналардың барлығының көзін жойып, олар атқарған жұмысты адамдар істейтін болса адамның бәрі құл қылып істетсе де үлгермейтінін, сол кездегі адам санының аздығын тілге тиек етеді. Ал енді осы жұмыстың барлығын адам мойнынан алып, жансыз машиналардың істеп отырған-ғылымның өркендеуі екендігін басса айтып жеткізеді. «Ғылымды іздеп тауып, тексеріп, бәрін шешіп отырған – адамның ақылы. Адамның ақылы, ақылдың баласы–ғылымнан айналса болмай ма?», деп осы кереметтердің барлығы табиғаттанудан шыққанын, осының бәрін істетіп отырған – білім, сондықтан

білімге ұмтылуымыз керек деп жұртты білім алуға шақырады [126, б. 60]. Білімді ел азат ел болатынын айтып, құлдық санадан шығудың бірден-бір жолы елдің дамуы мен әлеуметтік жағдайының жақсаруы – ғылым мен білімді игеру жолында деген ұстанымды алға тартады.

«Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?»,-деген шығын мақала аспан әлемі туралы қызықты жайттарды баяндайды. «Бұл сұрауға жұрттың көбі ойланбай-ақ болмайды деп жауап береді. Мұндай жауап дұрыс емес, жұлдыздарды көруге болады», дейді автор [126, б. 62]. Осындай қызықты, тапқыр тақырыптармен оқырманды тартып, баурайды, таным-түйсігін кеңейтіп, қызығушылығын оятады. Жұлдыздардың түрлерімен таныстырып, олардың ерекшеліктерін бағамдайды. Астрономия ғылымындағы «телескоп» деген құралдың қызметімен таныстырып, жұлдызды түнде қалай көруге болатынын егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Халел Досмұхамедұлы публицистикасының ерекшелігі – тілінің өте қарапайым бұқарашылдығы. «Ол не туралы жазса да оқырмандарының қабалдауына жеңіл әрі көкейіне қонымды етіп жазады. Қиналып қалың ойды сірестіріп жазу, күшеншектік оның қаламгерлік машығына жат», деген пікірлерге қосыламыз [20, б. 139].

Шындығында да XX ғасыр басындағы қазақ қоғамына енді-енді келіп жатқан ғылым саласының құпияларын, оның ерекшеліктері мен қоғамдағы мәнін түсінікті тілмен, ұғынықты етіп жеткізу Х. Досмұхамедұлының өте білімді, интеллектуалды, көтерген тақырыбын жан-жақты аша білетін көсемсөз шебері екенін көрсетеді.

«Сана» журналында тәлім-тәрбие бөлімінде «Басқыш мектепте қолданылатын жиынды программа» жарияланған. Мақалада мектеп өміріндегі түрлі ұйымдастырушылық жұмыстардың реті көрсетілген. «Есеп шығара білу. Балалардың өз еркімен маңайдағы заттардың суретін сала білуі. Жазу таңбаларымен (қаріптер) танысып, таңбалармен жеке сөздерді жаза білу. Үй сыпыру (үй сыпырған уақытта есік-терезелерді ашу, балалардың бойына қарай сыпырғыш жасау, есік-терезелердің жақтаулары, еденді сулы шүберекпен сүрту), дәретханаларды таза ұстау», деп балаларды мектеп істерімен таныстырады [126, б. 186].

Балалардың денсаулығына байланысты мына тәртіпті ұсынады:

1. Балаларға науқас, сау адамдар жайынан ұғым беру. Балалар ауыруы, жұқпалы ауырулар.

2. Балалардың бойын, салмағын өлшеу (ұзындық, салмақ өлшеулері, жарты, ширек бөлшектері) Балаларды жеке сөздерден қостырып, сөйлем жаздыруға, оқытуға үйрету. Балалардың саулығын сақтайтын жабайы істерге жаттықтыру (бет-аузы, аяқ-қолдары, төсек-орны, киімдерінің таза, кірсіз болуы. Партаға түзу отыра білу [126, б. 187].

Жоғарыда келтірілген мысалдар, мектеп пен оқушы бала өмірінде әлі де өзінің қажеттілігін жойған жоқ деп айта аламыз. Бағдарламада «Күз-қыс мезгілінің соңында жалпы алған білімдерін көрме ретінде көрсету», деген ереже бар. Бұл дегеніміз, тоқсан соңында білім деңгейінің жиынтық қорытындысын

көрсету, бүгінгі таңдағы мектеп оқушыларының бөлім бойынша, тоқсандық бойынша жиынтық бақылаулар тапсыратын тапсырмаларымен сәйкес келіп тұр.

«Тәлім-тәрбие» бөлімде Жүсіпбек Аймауытовтың «Әдет заңы» деген мақаласы басылған. «Әдеттің жақсысы да, жаманы да бар. Шылым шегу, насыбай ату, арақ, апиын ішу, бейәдептілік – жаман ғадет. Ал шыдамдылық, қанағатшылық, батылдық, тәуекелшілдік тәрізділер – жақсы әдет» [126, б. 208]. Осындай әдеттерге бағындыратын мидың жұмысына тоқталады. «Әдет адамның екінші табиғаты», «Әдеттің күші табиғатынан он есе артық», «Әдет – бір сақтаулы қазына (капитал)»,- деп әдеті ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, оқырманына жан-жақты түсіндіреді. Адам өзін – өзі тәрбиелеуде, жаманнан жиреніп, жақсыны үйрену үшін тағылымы мол өнеге ретінде әдет заңы шебер баяндалады.

«Сана» журналының жарық көргеніне бір ғасыр болса де әлі күнге дейін қолданыста дұрыс ретін тапай келе жатқан адам аты-жөнінің жазылуына үлес қосқан. «Қазақша жазғанда, сөйлегенде пәмилие артынан «ов», «ев», «ин» дер келмесін. Оның орнына жәй сөйлескенде, жазысқанда әркімнің өз аты аталсын. Кітап сыртына немесе, ресми қағаздарда, документтерде әкесінің (ұлы, қызы болып) содан соң өзінің аты қойылсын», деген «Пәмилие туралы» 1924 жылы, шілде айының ішінде болып өткен қазақ-қырғыз білімпаздар жиылысының жасаған қаулысында жазылған [126, б. 242].

Журнал көтерген жүктің бірі – «Сын бөлімі» болды. «Жаңа шыққан кітапқа сын жазу – мәдени елдің ата кәдесі. Мәдениет өресіне қол сермеген біз-дағы «сабасына қарай піспегі» деп қолдан келгенше сын дегенді жүргізгелі отырмыз. Ешкіммен алты аласымыз, бес бересіміз жоқ, ұзыннан өшіміз, қысқадан кегіміз жоқ, біреудің өз басын мақтау емес, не жамандау емес кітаптың маңызын байқау. Сондықтан кітап иелері біздің сынымызға салқын қанмен қарауларын өтінеміз.», деп Абдолла Байтасұлының «Жануарлар туралы әңгімелер», «Физикалық жағрапия», Есполұлының «Су, ауа туралы әңгімелер», Абраш деген автордың «Дарвин білімінің негізі», Жүсіпбек Басғараұлының «Күн күркіреу мен найзағай», Ф. Ғалымжанұлының «Геология» атты аударма кітаптарына «Арқа» деген автордың сын пікірі басылған [126. б. 299]. Кітаптардың барлығы ғылым-білім, танымдық дүниелер екені атауларынан-ақ көрініп тұр. Яғни, «Сана» журналы ғылым-танымдық дүниелерге ерекше мән берген.

Басылымдарға тек қана сын-пікірлерлер беріліп қоймай, журнал оқырмандарға жарық көрген кітаптарды таныстыру да көзделген. Мысалы: «Жануралар туралы әңгімелер». Аударушы Абдолла Байтасұлы. Бастырушы Түркістан Республикасының баспасөз таратушы мекемесі. Ташкен, 1942 жыл. 126 бет, 10000 дана. Бағасы 50 тиын. Бұл кітаптың тілі ұғымды. Бірақ сүрінбестен ұғыну үшін осы күнде ауыз сарсаңда жүрген жат тілдерді (термин) білу қажет... Аударушы араб тілі өкпелейді деген бе? Кейбір жерлерде ғияpат, алһам, жаһад сияқты сөздер кіргізіп жіберген. Желбезек орнына жабраны, гидросымақ дегеннің орнына гидроид деп орысты өкпелетпеген», деп басқа кемшілігінің жоқ екенін айта отырып, жоғарыдағы сөздерді түзесе балаларға түсінікті болатынын айтады [126, б. 298].

«Күн күркіреу мен найзағай». Аударушысы – Жүсіпбек Басғараұлы. Түркістан Республикасының баспасөз таратушысы мекемесі. Ташкен, 1923 жыл, 44-бет, 5000 дана. Бағасы 40 тиын. Кітап ұғымды тілмен жазылған. Найзағайдың әлденеше түрде, түсте болатынын, электрдің қандай нәрселерден шығатынын, найзағайдың электрден пайда болатынын, найзағайды тексерген білімпаздардың тәжірибесі, күн күркіреудің себебі, найзағайдың қандай зиян келтіретіні, найзағайдан сақтану жолы толық жазылған. Мұндай таныстыру оқып отырған адамның осы кітапқа деген қызығушылығын оятатыны рас.

«Сын» бөлімінде Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» (сөздері) деген сын-пікірі жарияланған. Мұнда Мағжан «Ақан серінің сөзінен өмірі сұлу» деген пікірді ұстанады. «Ақанның сөздірін мағына жағынан тексермес бұрын біз Ақанның тілінен бастамақшымыз. Бұған себеп – Ақанның тілінің таза еместігі», деп қазақ ақыны Ақанның қазақ тіліне араб, парсы, жаза қалса орыс сөздері кіріп кеткенін дәлелдейтін мысалдар келтіреді [126, б. 268]. Тілінің таза еместігін Ақанның өмір сүрген заманынан көреді. «Ақан – заманның баласы. Ол заман, өткен тоқсан тоғыз, жүзінші жылдар қазақ дадасының оңтүстік пен солтүстіктен екі албастының келіп басқан заманы. Біреуі – Бұхардан ишандардың, хазіреттердің, молдалардың, қалпелердің, шаңырақтай сәлдедеріне, шүнбелеріне, күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастылары. Екіншісі – болыстардың знак, мөрлерін, тілмаш-учительдердің, қақиған қартоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген орыс албастылары. Ол дәуір осы екі албастының кесірінен елдің іріп-шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі» [126, б. 269].

«Хат жаздым қағаз алып қалам-сия,
Көптен- көп сәлем айттым Гүлназия.
Тағырифын тамат қылып таныған дай,
Діл бардан ділмар керек шаһбазия», - деген өлең жолдарына «Ақанның шұбар тіліне рақмет айтарлық еш нәрсе жоқ», деп жазған [126, б. 270]. Мағжан Ақанның ғашықтық тақырыбындағы өлеңдерінен шеберлігі көрінеді, онда Ақанның әрбір сөзіне тамсанып, жоғары баға береді.

«...Етегі ақ көйлектің ілмелеткен,
Қастарың қаріп мәттай сүрмеленген».

Бұл Ақанның «Ақ көйлек» өлеңінен алынған. «Ақан ғашықтыққа тереңірек қараған адам. Ол ғашықтықты «Ақ төске білектің артылуы - артылмауымен» ғана байлап қойған емес», деп бағасын берген [126, б. 275]. Журналдың осы бөлімінің аясында М. Әуезовтың «Бәйбіше-тоқал» шығармасына да сын жазылған. Алайда, Даниял деген автордың бұл сын-пікірі «Сана» журналының келесі санының шықпай, жабылып қалуына байланысты аяқталмай қалған.

«Халел Досмұхамедұлы 1923 жылы 13-желтоқсанда Ташкентте оқыған зиялылардың басын қосып, мемлекеттік Ғылыми кеңестің жанынан «Талап» қауымын құрады. Қауымның мекен-жайы: Карл Маркс даңғылы, 14 үй, 35-пәтерге орналасты. Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы «Талапқа» мүше болғандар саны қысқа мерзімде 103-ке жетті. Қауымның төрағасы Халел Досмұхамедұлы, ал мүшелерінің қатарына шығыстанушы, профессор

Александр Эдуардович Шмид, инженер Мұхамеджан Тынышбайұлы», деп ұйымға қатысып жүрген студенттердің де тізімін басқан [20, б. 210]. «Сана» журналының 1-ші санының «Мәдениет-майданы» бөлімінде «Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы – «Талаптың» жолы» атты бағдарламасы жарияланады. Ол «Қауымның мақсұты, һәм істейтін істері», «Қауымның қаражаты», «Қауымның құрлысы» деген бөлімдерге бөлінген. Негізгі мақсаттары ретінде мыналар белгіленген:

«а – Қазақ-қырғыз халқының әдеби тілін, ғылыми атауларын (терминология) емілесін һәм басқа мәселелерді тексеру;

б – Ұлт өнерін (искусствосын) тәптіштеу;

п – Қазақ-қырғыз халқының тарихын һәм салтын тексеріп қарастыру;

т – Қазақ- қырғыз мектептерінде оқыту мәселесін реттеп, жөнге салу;

ж – Қазақ-қырғыз халқының білім қызметкерлеріне һәм өнер қайраткерлеріне жәрдем көрсету...»[126, б. 172].

Осы жасалған арнайы бағдарлама өзінің жұмысын өзге де аймақтарда жүргізсек деген зор үміттері болған. Алайда ұйым өзінің атқарып отырған қызметін көп ұзамай тоқтатады. Бұл жөнінде зертеуші-ғалым Аманқос Мектеп зерттеу жұмысында былай деген: «Қазақ қоғамын зерттеу қоғамы басқармасы Ташкент қаласындағы қазақ мәдениетін жан-тәнімен қолдаушы «Талаптың» қызметін 21 қараша 1925 жылдан бастап бұл қоғамдық ұйымды тарату мәселесі көтерілді. Қабылданған қарар бойынша: Ташкент қаласында «Талап» қоғамы қызметі тоқтатылды» [20, б. 211].

«Сана» журналының біріктірілген соңғы 2-3 сандары 1924 жылдың қараша айында басылып шығады. Ал Түркістан Республикасы халық ағарту Комиссариатының Мемлекеттік Ғылыми Кеңесі 1924 жылдың 30 желтоқсанында бекіткен «Сана» журналына қаламақыға жұмсалған ақша есебі көрсетілген ведомость сақталған екен. Онда: «Х. Досмұхамедұлы журналдың редакциясына – 24 сом, жарық көрген мақалаларына – 24 сом, 38 тиін; Қ. Кемеңгерұлы журналдың материалдарын редакциялағаны үшін – 24 сом, жарық көрген мақалаларына – 58 сом 13 тиін: Д. Ысқақұлы журналдың материалдарын редакциялағаны үшін – 24 сом, жарық көрген мақалаларына – 153 сом, 76 тиін, корректорлық қызметіне– 36 сом; Ғ. Байтасұлы жарық көрген мақалаларына – 111 сом 58 тиін, корректорлық қызметіне – 12-сом, Ж. Аймауытұлы жарық көрген мақалаларына – 28 сом, 13 тиін; М. Тынышбайұлы жарық көрген мақалаларына – 30 сом, журнал қосымшасына – 11 сом, 25 тиін; І. Жансүгіұлы жарық көрген мақаласына – 13 сом; М. Жұмабайұлы жарық көрген жарияланымдары үшін – 52 сом 50 тиін қаламақы алған», деп жазылған [20, б. 212].

Жарияланған бұл мәліметтер арқылы біз «Сана» журналының жұмысына атсалысып, мақала жазған жазушыларды, олардың басылым ісінде атқарған қызметтерін бағамдаймыз.

«1931 жылы 4 мамырда Біріккен саяси Бас басқарманың тергеушісіне берген түсініктемесінде Халел Досмұхамедұлы өз қолымен былай деп жазды: «...Халық Ағарту Комиссариатының тағайындауымен «Сана» журналының редакторы мен

болдым. Сол бір шақтағы әдеби жұмыстарға бейімділігі бар жандардың тым жетіспеушілігінен журналды үзбей шығарып тұру өте-мөте қиынға соқты, сондықтан ол басылым екінші санында тоқтады» [20, б. 203]. Бұл кезең қазақ интеллегенциясының жаппай қуғын-сүргінге ұшырап жатқан кезі еді. Өйткені Х. Досмұхамедұлы журналға жазып тұрған авторлардың бірлі-жарымдарының есінде қалғанын айтып, толық мәлімет бермеген. Көптеген авторларды жасырып, журналдың редакциялық жұмыстарына араласуға қолдары да тимеді деген деректерді алға тартқан.

«Сана» журналының бар болғаны үш-ақ (№1; №2–3 сандары бірге) саны жарық көрсе де елдің көңілінен шыққан, бағыт-бағдары айқын, үлгі тұтарлық, ізашар басылым ретінде қазақ баспасөзінің тарихында алтын әріппен мәңгі жазылып қалды» [129].

Тұжырымдай келе, аз ғұмырында артына өшпестей із қалдырған «Сана» журналының шоқтығы биік, өз заманының төрінен орын алған, болашаққа батыл қадам жасап, көрегендік танытқан бірегей басылым болғанын айтамыз. Оның ұлтқа жеткізсем деген армандарын әлдекімдер ерте аңдап, өз уақытынан ерте тұншықырғаны шындық. Журнал зиялы қауымның мінбері бола білді. Журнал ғылым-білімнің көкжиегіне айнала алды. Бірақ ғұмыры қысқа болғаны да тарихи шындық. Ақиқаты, журналдың өміршеңдігі, жарық көрген мезімімен өлшенбесе керек. Оның ғұмырнамасы аз уақытта болашаққа не бергенімен құнды болуында болса керек.

3.2 «Шаншар» журналындағы жаңа заман сатирасы

1925 жылы Ташкентте «Шаншар» журналы шығарылды. Ол «Ақ жол» газетіне қосымша саясат, әлеумет, әдебиет мазмұнды күлкі журналы деп аталды. Журналдың алғашқы санындағы «Шаншар кім?» деген мақалада журнал өзінің мақсат-міндетін былайша аңғартады: «Біздің «Шаншар» «Шаншудан» өрбіген ұрпақ. Бірақ ауырудың шаншуы емес. Қазақты онсыз да ауыру жайлап жатқанда «Қотыр үстіне шиқан жамап» қастығымыз бар ма? Біздікі – тілінің бізі бар «Шаншар». «Шаншардың» мақсаты: елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан аяғын қиыс басқанды біздеп жараламақ» [130].

Осыдан журналдың идеялық бағыты мен алға қойған мақсатын басмақаладан анық аңғаруға болады

Қазақ баспасөзінің тарихын, қазақ сатирасын зерттеген ғалым Т. Қожакеев: «Шаншар журналының бір-екі саны ғана жарыққа шықты», деп нақты шыққан саны туралы жазбайды [131]. Осы уақытқа дейін жазылған ғылыми-зерттеу еңбектері мен энциклопедиялық көрсеткіштерге сүйенсек, «Шаншар» журналының жалғыз саны жарық көрді және ол тұңғыш сықақ журналы болды, деп жазады. «Түркістан компартиясы ОК-ның органы «Ақ жол» газетінің жанынан 1925 жылы Ташкентте шықты. Жалғыз номері жарық көрді... Журнал алдына бай-молдалардың және шаруашылыққа кесірін тигізушілерді әшкерелеу мақсаты қойылды. Бірақ оның сатираларында жеңіл шенеу, нысанасын дәл баспау, нанымсыз әрекеттерді сөз ету жайттары байқалды... Дегенмен, «Шаншар» қазақ совет сатирасы тарихында тұңғыш сықақ журналы болды» [132]. Сатирик Ғ. Қабышев оқырмандарды «Ара» журналына жазылуға

шақырған мақаласында «...оқырмандарға сатиралық журналымыздың өмірбаянынан да кейбір дерек бере кетсек дейміз. Мәселен, бұл өмірбаян «Ара» болып аталып шыққан кезінен емес, қазақтың тұңғыш әзіл-сықақ журналы «Шаншардан» басталады деген дұрыс. «Шаншар» 1924-1926 жылдары Ташкентте айына екі рет шығып тұрған», деп жазады [133]. Алайда, «Шаншар» журналының араб қарпіндегі түпнұсқасының мұқабасында:

«Шаншар», «Ақ жол» газетіне қосымша. Саясат, әлеумет, әдебиет мазмұнды күлкі журналы. Айына екі шығады. 1925 жыл», деп басылған [130, б. 1].

«Шаншар» журналының 1925 жылы шыққанын зерттеуші-ғалым Т. Қожакеевтің «Сатира – күштілер қаруы» атты еңбегінен де кездестіреміз [131, б. 254]. 1925 жылдың мамыр айында шыққан «Таң» журналының 3-санында М. Әуезовтің «Шаншар» журналы деген мақаласы жарық көрген. Онда «Апрельдің аяқ кезінде Семейде «Шаншар» журналының бірінші саны алынды. «Шаншар» – қазақтың тұңғыш күлкі журналы» дейді [134]. Сонымен қатар «Шаншар» журналы 1926 жылға дейін шықпаған. Тек бірінші саны ғана шыққан. Шықпай қалған себептерін профессор Т. Қожакеев: «Шаншар 1926 жылға дейін шықпаған, бір-екі номерінен соң-ақ тоқтатылған. Оған сол жылы Түркістан республикасының ұлт ретімен қайта құрылуы, Ташкентте шығарылып тұрған қазақ тіліндегі газет, журналдардың Қазақ АССР-іне ауысуы себеп болған» деп жазады [131, б. 254].

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші ғалымдардың еңбегіне және «Шаншар» журналы туралы жазылған энциклопедиялық анықтамаларды оқи отырып журналдың бір ғана санының жарық көргенін, сондай-ақ осы уақытқа дейін араб қарпімен басылған журнал материалдары кирилл қарпіне толықтай түспегеніне көз жеткіздік. Журналды толыққанды зерттеу мақсатында «Шаншардың» түпнұсқасын Ұлттық Ғылым Академиясының кітапханасынан көшірмесін алып, кирилл қарпіне түсірдік. Журнал көмекші оқу құралы ретінде «Қазақ университеті» баспасынан 100 данамен басылып шықты. Журналдың кирилл қарпімен басылған нұсқасына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты Сағатбек Медеубектің «Шаншар – шаншыған-ақ екен!», филология ғылымдарының докторы Айгүл Рамазанның «Алаш баспасөзінің ақтаңдақ беті ашылды» деген пікірлері жарияланды.

С. Медеубек өз пікірінде: «Сөзде қаңқу, ауруда шаншу жаман» деп қазақ тегін айтпаған. Мәтел астары қашанда шындыққа сүйенеді, өзегінде өмірлік ақиқат болмаса, өміршең болмайды. Шындығында аурудың жаманы – шаншу, олай болса, осы кесел тисе кім-кімді де аямасын, «ойбай» дегізіп түйреп өтетінін білген шығарушылар кекесін, мысқыл, әзіл, әжуә, күлкі, оспақ, сықақ қыларлық шындықты астарлап айтып, шаншудай қадалар журналдың атын «Шаншар» қойыпты» деп журнал беттерінен сатира жанрларының орын алғандығын тілге тиек етеді [135].

Жарияланған мақалаларға талдау жасап, Алаш ардақтыларының ерен еңбегі жылдар өткен соң ұрпақ назарына қайта оралуына қуаныш білдіреді. Журналға пікір білдірген филология ғылымдарының докторы А. Рамазан: «Қазақ

баспасөзінің тарихын қалыпқа келтіру – ел тарихын қалыпқа келтіру, ел тарихын жаңғырту, жақсарту. Кеңестік идеологияға сай жазылған «жасанды» тарихты тәрк етіп, қазақ елінің шынайы тарихын жасауға деген ұмтылыс» екендігін ескерте отырып, зерттеуші А. Ақынбековадан бұрын сатира жанрын зерттеген ғалым Темірбек Қожакеевтің «Шаншарды» парақтағанын ғылыми еңбектерінен жақсы білеміз. Жас ғалымның мақсаты – «Шаншарды» қазақтың алғашқы салалық журналы ретінде зерттеу объектісіне айналдыру және бүгінгі оқырманмен таныстыру. Бір саны жарық көргенімен, қазақ сатирасының бастау көзі саналатын «Шаншардың» қазақ журналистикасы тарихында өзіндік орны бар деген пікірін білдіреді [135, б. 33].


Осылайша, «Шаншар» журналының кирилл қарпіне түскен нұсқасы оқырмандарға жол тартты. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Сағымбай Қозыбаев «Люди мы, не боги» эссе жинақтар кітабында былай деп жазады: «Пытливости казаха спривкусом смешинки нет границ – шек жоқ. На вопрос «Что такое магнит?» казах отвечает «Наверное, это красивая женщина». Сказано это было в далеком 1925 году, когда в степи началось знакомство с этой необычной железкой» [16, с.165-166].

Академик, қазақ қоғамына жаңа келіп жатқан «магнит» сөзін «Шаншар» журналы астарлап, мысқылмен жеткізген жеріне ерекше тоқталып өтеді. Сондай-ақ С. Қозыбаев: «В начале 20-х годов ушедшего века вся казахская письменность и зарождающаяся новая пресса существовала на арабской графике. Сегодня ее могут читать лишь избранные. Поэтому ценен каждый перевод письма того времени на современный казахский язык, пока еще живущий на кирилице» деп XX ғасыр басындағы басылымдардың бүгінгі ұрпақ оқи алмайтын жағдайына баса назар аударып, кирилл қарпіне түскен журналдың құндылығын ерекше бағалайды [136].


Журналдың 1-саны жарық көріп тоқтап қалды деген сеніммен жүрген кезде зерттеу тақырыбыма байланысты Алматы қаласы, Орталық Мемлекеттік архивінің «газет» бөліміненің тізімінен «Шаншар» журналы, 1925 жыл» деген жазуға көзім түсті. «Бұл қай Шаншар?» деген оймен мұрағаттан журналды алдырттық. Алдымызға алдыңғы «Шаншар» журналынан мүлдем басқа «Шаншар» келіп түсті. Сақталуы өте жақсы. Сары түсті қағазға басылған журнал қағазы жап-жаңа, еш жері бүлінбеген. Бірден көзге түскені «Шаншар, 1925 жыл, 26 февраль» деп шыққан жылы мен күні анық басылған. Дереу көшірмесін түсіріп, бір жылда шыққан «Шаншардың» екі нұсқасын салыстырып, саралап, зерттеуге көштік. Толық зерттеу үшін бірден кирилл қарпіне ауыстырдық.

Екі журналдың басты ерекшелігі әр түрлі қағазға басылғандығы. Бірі – ақ түсті қағазға басылып, ондағы суреттер түрлі-түсті бояумен берілсе, екінші нұсқасы – сары қағазға басылған, суреттері ақ-қара түсті. Көлемі мен таралымында да өзгешелік бар. Екеуі де «Севвосток» баспасында басылған. Ақ қағазға басылған «Шаншардың» таралымы 6700 данамен басылса, сары қағазға басылған журналдың таралымы – 3000. Соңғы табылған журналдың мұқабасында: «Шаншар» «Ақ жол» газетіне қосымша, саясат, әлеумет, әдебиет мазмұнды күлкі журналы, айына екі шығады, 26 февраль 1925 жыл, №1» деп

шыққан жылы мен күні анық жазылған. Төменде «Шаншар» журналының бір жылда шыққан екі нұсқасының суреттерін қойып отырмыз.



Сурет 2 - «Шаншар» журналы, №1 (1925 ж. 26 февраль)



Сурет 3 - «Шаншар» журналы, №1 (1925)

Журналдың полиграфиялық ерекшеліктері мен көлеміне, таралымына, онда жарияланған жарияланымдарға қарап, ҚМОА табылған «Шаншар» журналы алдымен шыққан деген тұжырымға келдік. Өйткені сары қағазға басылған журнал 3000 данамен алғаш рет шығарылып, кейіннен ақ қағаз бен түрлі-түсті бояулармен бастырып шығу мүмкіндігі туған сәтте басқарма ұжымы журналды көркемдеп, мақалаларды сұрыптап, 6700 данамен қайта басып шыққанға ұқсайды. Қалай дегенімен де, екі журналдың да бір санмен басылып шығып таралуы таңданыс тудырды. Журналдың екінші нұсқасы табылғаннан кейін «Egemen Qazaqstan» газетінде «Тарихи журналдың екінші нұсқасы табылды» деген мақала жарық көрді [137]. Мақалада «1925 жылы «Ақ жол» газетіне қосымша ретінде жарық көрген қазақтың тұңғыш сықақ журналы «Шаншардың» шығу тарихына қатысты мәліметтер ғылыми ортаға жақсы таныс. ...Алайда, «№2» деп көрсетілмей, №1 санының қайталай басылуы ғалымдарды біраз тығырыққа тірегендей» деп жазады. Расымен де журналдың екінші нұсқасы табылды дегенде алғаш сенбей, күдікпен қараған ғалымдар да болды. Журналдың кирилл қарпіне ауыстырылған нұсқасы және факсимильді түрі «Қазақ университеті» баспасынан көмекші оқу құралы ретінде басылып шықты.

Зерттеу барысында, осы уақытқа дейін қазақ баспасөзі тарихын, қазақ сатирасын зерттеуші ғалымдардың еңбегінен «Шаншар журналының екі нұсқасы жарық көрген» деген деректерді кездестіре алмадық. Тіпті М. Әуезовтің сол жылдары «Таң» журналына жарияланған «Шаншар» журналы туралы жазған шолу мақаласында да ол туралы сөз болмайды. Яғни алғашқы саны ретінде

М. Әуезовтің қолына ақ қағазға басылған «Шаншардың» түскені анық. Өйткені мақалада сары қағазға басылып, 1925 жыл, 26 февральда шыққан «Шаншар» туралы сөз болмайды. Ал сатира жанрын зерттеген ғалым, Т. Қожакеев өзінің «Сатира-күштілер қаруы» монографиясында М. Әуезовтің «Таң» журналының 3- ші санына жариялаған мақаласына ғана сілтеме жасаған [131, б. 254].

Журнал мазмұны мен онда басылған суреттерді салыстыратын болсақ, «Шаншардың» екі нұсқасының мұқабасындағы ерекшеліктерді айта кету керек. Сары қағазға басылған алғашқы нұсқасындағы мұқаба бетінде «Бәрі ұлт қамы»,- деген тақырыптағы карикатуралық төрт түрлі сурет бейнеленген. Осы суреттерге мағыналас бейнелер «Бәрі де ұлт қамы» деген атпен журналдың екінші нұсқасының 12-бетінде басылған. Сондай-ақ молда, бай-төрені мұғалім, комсомол шоқпармен «тоқпақтап», «Сауатсыздықты осылай жоймаса бола ма?» деген мағынадағы «Жоғалсын сауатсыздық» атты сурет басылған, Осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпайтын «Уақытты босқа өткізбейік», «Салықтан құтылу амалы», «Жоғалсын шылым шегу» деген тақырыптағы карикатуралар журналдың әр беттерінде басылған.

Бұл суреттер журналдың екі нұсқасында да бар, алайда ерекшеліктері байқалады. Журналда басылған суреттердің авторы жазылмаған. Зерттеу барысында кездестірген деректерге келсек, біріншіден, журналдың шығарушысы Жүсіпбек Аймауытов болғандықтан журнал беттерінде басылған суреттерді Ж. Аймауытовтың өзі салған деген тұжырымға келдік. Оған дәлел ретінде абайтанушы, ғалым Қайым Мұхаметхановтың жеке мұрағатынан табылған құжатты дерек көзі ретінде ұсынамыз. Мұрағат құжаттарынан табылған хатты Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова жазған екен. Хат мазмұнына келсек: «...Қашанда жазушы ағаларым Мұхтар, Жүсіпбектер өздерінің баспаға даярлап әкелген шығармаларын алдымен Міржақыптың қолынан өткізіп, пікірін алатын. Жүсіпбек аға жазған ертегілерінің суреттерін өзі бояуымен салып келетін, бала алдымен суретке қарайтын әдеті емес пе, менің есімде Жүсіпбек үлкен суретші (художник) болғанын ұмытқам жоқ» деген жолдары бар [138].

Және бір дерек: Жүсіпбек Аймауытовтың ұлы Бектұр (Виктор) Аймауытовтың 2006 жылдары Алматы қаласына келген жылдары филология ғылымдарының кандидаты Ақеділ Тойшанұлына берген сұқбатында да кездеседі. Онда: «Біз лагерьде неміске қарсы соғысайық деп 1943 жылы арыздандық, ешкім құлақ аспады, керісінше азаптай түсті. Бір күні бір генерал келді, мен оның суретін акварель етіп салдым», - деген [139].

Виктор Аймауытұлы әкесі Жүсіпбек туралы айтқан естеліктерінде әкесінің жас кезінде сурет салуға үйреткен өнері оның басына түскен қиын сәттерінде де көмек болғанын тебірен әңгімелеп берген. Әке рухы оны қашан да қорғап отырғанын байқаймыз. Оның Қазақстанға келіп, қазақ зиялылармен кездесіп, өмірінің соңында да оған қазақ топырағының бұйырғаны кездейсоқтық емес.

Осындай құнды деректерге сүйене отырып, Жүсіпбек Аймауытовтың талантты суретші болғанына көз жеткіземіз және де журнал беттеріндегі карикатураларды Ж. Аймауытовтың қолтаңбасы деген тұжырымға келіп

отырмыз. Сурет авторы кім болуы мүмкін деп журнал беттерінен бір белгі іздеу барысында «Шаншардың» ақ қағазға басылған нұсқасындағы «Салықтан құтылу амалы» тақырыбындағы карикатура астында «Утв.__ППЯ» деген жазуды көзіміз шалып қалды. Бұл жазу сары қағазға басылған басылымның беттерінде де кездеседі.

«Утв.___ ППЯ» – Совет үкіметі кезіндегі БАҚ материалдары партбюроның келісімінен өткен болу керек. Осыған орай «Шаншар» журналы және онда басылған суреттер де партия бақылауында болғандығын білдіреді. Сонымен, «Утв.___ ППЯ» деген қысқартылған сөз «Утверждено____ ППЯ (Первичной Партийной ячейкой)» деген мағынада екендігіне көз жеткіздік.

«Шаншар» журналының алғашқы саны Семейге алынған соң, М. Әуезов «Шаншар» журналы»,- деген көлемді шолу-мақаласын жазады. Онда «Қазақтың аз да болса ілгері қарай басып келе жатқан өнер білімінің тұсында «Шаншар» мезгілімен шыққан журнал. Білімді елдің үлгісімен қазақ оқушысы аз танысқандай болып, осы күнде баспасөздің неше алуан түрлерін көріп келеді. Қазақ баспасөзі түр тауып молайған сайын оқушы да қалыптанып екшеле бермек» дейді [134, б. 119].

Қазақ баспасөзінің осындай түр тауып, күлкі журналының шығуы сол заманның баспасөзінің дамуына қосқан үлесі болды десек қаталеспейміз. 1924 жылы мамыр айының 23-31 күндері өткен СӨКП XIII съезі «Баспасөз туралы» қаулысында жергілікті ұлттардың баспасөзін дамытуды, оның түр-саласын молайтуды міндеттеген [140].

Осы нұсқауға жауап ретінде қазақ баспасөзінің жаңа тың түрі, тың көрнісі ретінде «Шаншар» журналы оқырманға жол тартқан. «СОВВОСТОК» баспасында жарық көрген журнал таралымы 6700 дана болған. 16 беттен тұратын журналдың 8-беті сол тұстағы әлеумет тіршілігінің кемшіл тұстарын сынаса, қалған 8-бетінде журналдың маңызы мен пішінін білдіретін суреттер жарияланған. Мақалалар тақырыбына келсек, «Шаншар» кім? «Ақжолдың алаңғасарлығы», «Шаншардың өлеңі», «Нептің қатыспайтын жері жоқ», «Анкета», «Сорлы газет қайдан білсін?», «Жауап күтеміз», «Жарнама», «Не жазайын?», «Америкеде жаңа сағат», «Шаншардың оқуларына қосылыңдар!» атты сын-сықақ, фельетондар жарияланған. Журнал жарияланымдарында авторлары журналдың мазмұнына сай – «Шаян», «Қылжақбас», «Бақалшы», «Құжақ», «Найзагер», «Жасқаншақ» деген бүркеншік есімдермен берілген. «Жауап күтеміз» деген мақалада «Молпық», «Солпық», «Балпық» – үшеуіміз таңбамызды салдық»,- деп аяқтаған екен. Осылайша, «Шаншар» журналындағы мақала авторлары нақты журнал бетінде басылмаса да баспасөз тарихын зерттеген ғалымдардың еңбегінде, сықақ журналын шығаруды қолға алған деп Ж. Аймауытовтың есімі аталады.

«Шаншар» журналы «Ақ жол» газетінің қосымшасы ретінде шыққандығын жоғарыда айтып өттік. Профессор Б. Жақып «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» атты еңбегінде «Шаншар» журналының шығарушы – редакторы Ж.Аймауытов екендігін жазады. «Ақ жол» газетінде қызметте жүріп, Жүсіпбек сол басылымның қосымшалары ретінде «Сәуле» әдеби

журналын (1924) және «Шаншар» сықақ журналын (1925) шығаруды қолға алады. Сол журналдардың редакторы болады» деп жазған [11, б. 305].

Ж. Аймауытов «Шаншар» журналы туралы таныстыру-мақаласында «Қазақты ел қыламыз, жұртшылық жасаймыз, кедейдің сауатын ашып, саңылау жібереміз, өнерлі – ғылымды жұрт санатына қосамыз, шаруасын берекелендіреміз деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, аяқтай басы шарадай болып жүрген азаматтарды көзден шоласыз…

Заманға мойын ұсына алмай, жаңалыққа көне алмай, ескіні қолдан бере алмай, сең соққан балықтай оршып, арындап жүргендер де аз емес… «Шаншардың» мақсұты: елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан қия басқанды біздеп жараламақ»,- деп күлкі журналының шығу мақсатын көрсетеді [130, б. 2].

Жүсіпбектанушы ғалым Н. Қуантайұлы да Ж. Аймауытовтың бұрын жарық көрмеген шығармалары деп «Шаншар» журналында жарияланған «Шаншар кім?», «Не жазайын», «Америкеде жаңа сағат», «Шаншардың оқуларына қосылыңдар», «Басқармадан жауаптар», «Ақ жолдың алаңғасарлығы» атты мақалаларын араб қарпінен кирилл қарпіне ауыстырып басқан [21, б. 272].

«Ақ жол» газетінің қосымшасы ретінде шыққан «Шаншар» айына екі рет шығып, оқырманға тегін тараған. Ж. Аймауытов «Күлкі журналы шығарылады» атты мақаласында сатиралық журналдың шығатынын қуана хабарлайды: «Журнал газетке қосымша ретінде, ал газет оқушыларға тегін таратылады» деп жазады [141].

Сондай-ақ, Ж. Аймауытов: «Күлкі журналы – қазақтың тұңғыш тәжірибесі. Тұңғышы күле алмайтын қара қабақ, тұнжыр болып туа ма? Әйтпесе тілінің бізі бар, күлегеш, жайдары бала болып туа ма? Жұртты күлдіре ме? Өзі күлкі боп жүре ме?» деп «Шаншар» журналының қазақтың тұңғыш сатиралық журналы екендігін, оның болашағы қазақ қаламшыларының күлкісіне, көңіліне, көмегіне байланысты екендігін айтады [141, б. 261]. «Басқа журналдарға басыла қоймайтын күлдіргі әңгімелерді күлкі журналы баса алады. Жазушылардың қаламақысы кезінде жіберіліп тұрады. Еңбегіміз босқа кетеді деп қауіптенбеңіздер» деп қолына қалам ұстаған жігіттерді жазуға үндейді. Қаламақы туралы журналда жарияланған «Ақ жолдың алаңғасарлығы» деген мақаласында да айтылады. Онда: «Ақ жол» енді жұртты ілгері бастыру үшін шын шаралар түк болмайтынына көзі жеткендей күлкімен, сықақпен түзетпек. Күлкі журналын шығармақ болса болсын, бірақ кімді әжуалап түзетеміз?... «Ақ жол» бізді ақшаға қызықтырады-ау, жазғандарың үшін гонорар төленеді, дейді. Ақшаны тәуір көретінімізді абдан біліп алған. Бірақ алған ақшамызды әлде біреу мұрынымыздан шығарып жүрсе біздің обал-сауабымыз кімге? «Ақ жолдың» мұнысы арандату болмаса жарар» деп қауіптеніп, сынап-мінеуден сескенетіндерін жасырмай жазады [130, б. 2].

«Таң» журналының бетінде М. Әуезов: «Күлкі журнал ой жетілдіріп, сезімді ұстартпақ. Сондықтан ол күле отырып, біле отыр дейді. Ойнап отырып, ойлап отыр. Біреудің мініне күлсең, өзің сол міннен бойыңды арши отыр дейді…,-деп баға береді, сықақ журналының оқырманы да көп болатынын атап өтеді» [134, б.

119]. Күлкі адамның іс- қимылын, мінезін, мінін түзететін құрал екенін нақты мысалдармен өреді. Біздің қоғамға қажет журнал екенін айтып, басылымның қажеттілігіне оң баға береді.

«Шаншар» журналының мұқабасында «Өзіме пайдалы жерде және пайдасыз жерде», «Салықтан құтылу амалы» деген жазумен берілген сәтті суреттер жарияланған» [142]. Бұл материалдарды М. Әуезов журналға жасаған шолу-мақаласында «Қазақ пішінді күлкісі бар, қазақша мысқылы, сайқымазағы бар, көп күлкісін қазақтың бүгінгі әлеумет тіршілігінің мініне арнаған, есті, орынды күлкі» деп бағалады [24, б. 13].

Сондай-ақ күлкі журналы басқа баспасөздерге қарағанда күрделі боп келетінін де айтады. «Күлкі журнал да барлық баспасөздің «үйретемін, үлгі айтамын, бастаймын» деген негізімен жүреді, бірақ олардан ісі қиынырақ. Олар ұзынсонардың, өрісті сөздің бетімен жүрген болса, мынау аз сөзбен, емеурінмен, нобай тұспалмен, күлкімен білдіру керек»,- деген пікір білдірген [24, б. 12].

Журналда мәнсіз материалдар да, ақылға қонбайтын пікірлер де орын тапты. «Қатын аламын» деген хабарландыру былай жазылған: «Әдрісім: город Албасты, Сұмырай көшесі, Оспанқажының сиыр қорасына қарсы дом, Боқбасар». Мұнда, әрине, тапқырлық та, өткірлік те жоқ екені даусыз. Бұл сияқты одағай пікірлер «Анкетада» да жіберіледі. Мысалы: «Көшпелі не нәрсе? – Қазақ», «Килло не нәрсе? – Біз білмейтұғын нәрсе», «Магнит не нәрсе? – Сұлу әйел болса керек», секілді сұрақ-жауаптарда үлкен мән, мағына бар деп айта алмаймыз.

Журналдың «Бәрі де ұлт қамы», «Жоғалсын уақытты босқа өткізу» деп аталатын карикатуралары да сәтсіздікке ұрынды. Бұл жөнінде де М. Әуезов шолу-мақаласында да айтып өтеді. «Тәуір суреттер: «Өзіме пайдалы жерде, пайдасыз жерде», «Салықтан құтылу амалы». Бұлар көп жерде кездесетін көп қауымның міні сияқты. Одан басқа суреттердің көбі ұсақ жайларға арналған, жаппай күлдіргі боларлық та суреттер емес [24, б. 15]. М. Әуезов суретерді сәті және сәтсіз шыққан деп жеке-жеке талдау жасайды. Орынсыз тұстарын да жасырмай айтып өтеді. Қазақ басылымдарына жаңа түрдің қосылғанын ерекше атап өтіп, оның болашақта ғұмырының ұзақ болғанын қалайды.

«Шаншар» журналының беттерін парақтай отырып онда басылған сықақ материалдарының мазмұндарынан XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ қоғамында болып өткен түрлі қоғамдық процестерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректерді де байқаймыз [143]. «НЭП»дің қатыспайтын жері болсайшы» деген білімпаздар мәжілісінде болған екі адамның диалогы берілген. Онда латынға көшудің дұрыс-бұрыстығы, ерте-кештігі әңгіме болады.

- «Сендер «Қаһарман»ды, «Жиһан»ды, «Ай-хай»ды, «ха-ха-ха» деп күлгенді қалай жазбақшысыңдар?

- Сен ұсақтап кеттің ғой. Бізге әдебиет «Не важно», бізге пән кітабы керек қой?

- Сонымен «Ш»ға келісесіңдер ме?...

- «Ы» ны қалдырсаңдар келісейік...

- Охо! Біздің шымбайымызға қатты батып отырған «Ы» емес пе? Ол қалса, қазақ тілін заңынан айырады. Одан соң қазақтың құрығаны.

- Ал, сендер «Ы» біткенді алдың, ірек «Ш»ды кіргіздің. Сөзіміз енді шұбаландап кетпей ме?»- деп, латын әліпбиіне көшу мәселесін диалог тәсілін қолдана отырып, қозғайды, тіл мәселесінің проблемаларын айтып, оны сықақпен, күлдіргі әңгімемен шешпек болады [130, б. 6].

Журналдың «Анкета» деген сұрақ-жауабы жөнінде М. Әуезов өзінің шолу-мақаласында «... анкетаның да сұрағы мен жауаптарының көбі орынды, мезгілді сөздер». Мәселен, Закон не нәрсе? - Аяғынды қия бассаң, сарт ететұғын бір қақпан. Мұғалім не нәрсе? - Ілгері еңбегі еш, тұзы сор, адамзаттағы нағыз қор, бір жан болса да кеңес келгелі есеге жетіп халықтың көзін ағартуын қоймай келе жатқан бір қарлығаш. Нәсіл не нәрсе? - Бұл күнде ұрлықтың малындай жасырылатын бір пәле [130, б. 7].

Дәл осы анкетадағы «Нәсіл» туралы жауап «История отечества в судьбах его граждан», - деп аталатын автобиографиялық жинақтың «История и этнография государственных программ «Культурное наследие» секциясының алғысөзінде, зерттеуші (А.С. Зулкашева) сол заманның шындығы жазылған журналдан былайша мысал келтіріледі: «Однако в Казахстане первые годы советской власти значительный процент грамотных местных работников состовляли выходцы из зажиточных слоев, поэтому были нередки случаи сокрытия социального происхождения. Последующем, при партийных чистках, именно эти люди получали выговоры, их отстроняли от должности, исключали из партии, а в годы «большого террора» расстреливали. Как отмечалось еще в начале 1920-х гг. в сатирическом журнале «Шаншар» «Происхождение это то что скрывают больше, чем ворованную вещь», - деп журналдағы бірауыз сөзді тарихпен байланыстырған [144].

Журналдың жабылуының тағы бір себебін профессор Т. Қожакеев: «Журналды шығаруға бұрынғы алашордашылар, ұлтшыл бағыттағылар қатысты. Соның салдарынан «Шаншар» нағыз жаңа өмірдің жаршысы, коммунистік идеяның жаршысы бола алмады... Көп суреттерінің, көп материалдарының идеясы күңгірт, сын нысанасы белгісіз жатты. Жалпылай сынады» деп жазды [131, б. 255].

Бұл әрине, сол кездегі саясаттың ырқымен жазылғанын және де журналдың басы-қасында тәуелсіздігімізді аңсаған алашорда азаматтарының жүргеніне көз жеткіземіз. М. Әуезовтің пікірінше «Шаншар» қазақ жураналдарының ерекше түр тапқан тұсында, өз уақытында, шыққан журнал болды. Жеке міндеріне қарамастан, қозғаған тақырыптары, сынаған кейіпкерлері жағынан мәнді, маңызды, тіл кестесі, айшығы жағынан күлкілі болар деген үміт туғызды. Қазақ баспасөзіне қосылған жаңа түр, жаңа өрнек деп танылды.

Журналдың алғашқы нұсқасы деп танып отырған, сары қағазға басылған санындағы «Бүгелек» атты бүркеншік есімнің «Несі?» деген тақырыптағы сауалдардан мысал келтірсек. «Жайшылықта ұлтшыл, Алаш-Ордашылдар, ұлт жұмысына кіріскен кезде дыбысы шықпай қалатыны несі?

Кей біреулер үлкен орынға мінгенше, партияда жоқтарды Ш-ордашыл, Алаш орданы байшыл, партия мүшесін ұлтшыл деп, лағнеттеп жүріп, орнынан тайған күні, не орны төмендеген күні отаршылдар жұмысы істететін емес деп, ұлтшыл болып, әйтпесе оқуға жөнелетіні несі?

Кей бір «ұлтшыл» жігіттер Кеңеске қызмет істегенше елге барып жатқанымыз артық деп алды-артына қарамастан кетіп қалып, қаланың сырасы еске түскен күні қаладағы достасына мені қызметке шақырыңдар деп хат жазатыны несі?» [145].

Осы тұста «Алашордашылар» сөзі кездескендіктен бе, журналдың екінші, ақ қағазға басылған нұсқасында «Несі?» атты материал алынып тасталған. Сонымен қатар, басылым беттеріндегі: «Мекемеге орыстан бастық болса, қазақ орынбасарына ақылдаспастан жұмыс істей береді. Егер қазақ бастық болса, орынбасарсыз түк, істей алмайтыны несі?» деп басылған жолдары да екінші нұсқадан алынып тасталған. Бұл жолдардан біз қазақ халқының азаттықты аңсаған, өзге ұлттың қас-қабағына қарап жаутаңдап отырғанын, тәуелсіздігін аңсаған ұлт екендігін байқаймыз. «Шаншар» журналының алғашқы нұсқасы деп болжамдап отырған санында «Құқ-қ» деген бүркеншік есіммен берілген автордың «Ау, шаншарым,шаншарым!» деген өлеңі басылады.

«Ау, шаншарым, шаншарым!
Қайдан келдің жауқарым?
Шошаңдайды құйрығың:
Неге ауып тұр аңсарың?
Шабатында түрің бар,
Қалай еді қауқарың?
Шапқаныңа мынау көп,
Білесің бе не айтарын?
Талабыңа қуанып,
Күліп, мейірі тарқарын;
Шыққаныңды құп алып,
Құныңды біліп байқарын» [145, б. 13].

Міне, осы өлеңнен біз журналдың мән-мазмұнын, көтеретін жүгін, бағыт-бағдарын анық аңғарамыз. Шыққаныңа ел қуанар ма екен, жоқ әлде өзің мазаққа қалар ма екенсің деп қағытады. Өзің қорғанбасаң сенен де күштілер мүйізіне іліп алып, жаншып тастар ма екен деген ішкі күдіктерін өлеңмен келтіреді. «Шаншардың» екі нұсқасында да еш өзгеріссіз берілген алғысөзге назар аударсақ, бұл журналдың «екі тізгін, бір шылбыр» ұстағанын байқаймыз. «Екі тізгін» деп отырғанымыз, бір тізгіні – Кеңес қамын қолдау, екінші тізгіні – Кеңеске қарсыларды жоққа шығармау. «Бір шылбыры» деп отырғанымыз – Кеңеске де, Кеңеске қарсыларға да ортақ адамзаттық құндылықтармен өмір сүру заңдылықтары.

Енді осы сөзімізге мысалдар келтіріп көрелік:

«Қазақты ел қыламыз, жұртшылық жасаймыз, кедейдің сауатын ашып, саңылау жібереміз, өнерлі, ғылымды жұрт санатына қосамыз, шаруасын

берекелендіреміз, деп жарғақ құлағы жастыққы тимеді» деген сөйлемнің астарында «екі тізгіннің» де, «бір шылбырдың» да мүддесі көрінеді [145, б. 11].

«Қазақты ел қыламыз»,- деп Кеңес үкіметі ұрандаған жоқ. Ол - Алаш қайраткерлерінің аңсары болатын.

«Кедейдің сауатын ашып, саңылау жібереміз» дегені – таза кеңестік мақсат болатын. Бұған бірақ алаштықтар қарсы болмаған.

Қазақты... өнерлі, ғылымды жұрт санатына қосамыз, шаруасын берекелендіреміз деген кім десеңіз, ол – алаштықтықтар еді. Ал кеңестіктер «қайтсек кедей үкіметін орнатамыз» деп алашапқын болған-тұғын.

«Заманға мойынұсына алмай, жаңалыққа көне алмай, ескіні қолдан бере алмай, сең соққан балықтай шоршып, арандап жүргендер» екі жақта да бар, бұл жалпыға ортақ өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-жансезімдік ахуал болатын. [145, б. 11].

«Әлеумет міндеті, адамгершілік, ар-ұят деген қасиеттері бойына әлі қона алмай» деген сөйлемдердің астарынан барша адамзаттық асыл құндылықтарды айтып отырғанын аңғарамыз [145, б. 11].

«Кеңес ісі бойына сіңе алмай» деген тіркестің әдібіне қарап, шынымен кеңестік мүддені жан-тәнімен қолдап отыр екен деп айтуға болмайды. Бұл қазақ қоғамында ғана емес, большевизм жеңіске жеткен елдердің бәрінде орын алған идеологиялық шындық болатын. Шала идеология шаласауаттылар санасына қалай бірден сіңсін?! Кеңес үкіметі деген қандай үкімет екендігін аңғара алмай, байыбына жете алмай кеткен кедейлер қаншама, тіпті, кеңестік қозғалыстың басы-қасында жүргендердің өзі толық түсініп болмаған күйі құрбан болғаны да тарихи шындық. Демек, бұл сөйлемде екі майданның да адамдарына тән мінез менмұнадалайды.

«Қара басының қамын қампитып, жұртшылыққа оралғы болып жүргендер» қара бұқараның ортасында «Шаншар» айтқандай, «ұшан теңіз», әйтседе, кеңесті жақтаушылар арасында да, жақтамаушылар арасында да бар еді.

«...шындық, түзулік, әділдік қылышын қолына ұстаса» журналдың барша адамзаттық құндылықтарды көксегені. Бұл – біз жоғарыда айтқан «бір шылбырлық» саясат.

«...кеңес жолына түсіп, шын кедейлер жаршысы болғысы» келсе, кедей қазағына жақтасқаны. Кедей қазаққа жақтасу – алаштықтардың да негізгі азаматтық парыздарының бірі болатын.

Журналдың мақсаты ретінде ұсынылған елді аралап, кем-кетігін түзейміз, түзелмесе сынап, мінейміз, бізбен түйрейміз деп алдын-ала ескертеді [145, б. 11]. Шындығында «елді араламақ» болса, елге жақын болғаны. «Жақсы мен жаманды ажыратпақ» болса, баршаға ақыл-парасат нұрын шашпақ болғаны, «ақ пен қараны сараламақ» болса, әділеттің ақ туын биік көтермек болғаны.

«Шаншардың» мүйізіне үлкен де, кіші де, қара да, төре де, молда да, бай да, шешен де, көсем де, әйел де, еркек те айланып кетсе ғажап емес» деген сөйлемнен біз журналдың тек кеңесті ғана сөз етпек ниетте емес екендігін көреміз [145, б.11]. Аталған әлеуметтік топтар кеңестер жағында да, алаштықтар тарабында да бар болатын.

«Бірақ «Шаншардың» мақсаты – кісіні түйреу емес, ерсі мінезді, әлеуметке жағымсыз қылықты түйреу деп ұғыңыздар» дейді [145, б. 11]. Бұл сөйлемнен шаншарлықтардың жеке бастың, жекелеген тұлғаның қара басына ғана тән дара қылықты емес, бүкіл әлеуметке, жалпы бұқараға, түменге түгел ортақ келеңсіздіктерді сынап-мінеп қана қоймай, соларды түзетуді көздегенін байқаймыз. Осы сөйлемнен кейін: «Шаншардың» мақсаты...-Кеңес жолына кесірлерді шаншу деп түсініңіздер» дегеніне толық қосыла аламыз ба? Қосылсақ, біз мына мәнде ғана қосыламыз: «Шаншар» журналы дүниеге келген жылдары, яғни Кеңес өкіметі алғаш құрыла бастаған жылдары большевиктер «әділдік», «теңдік», «қалың бұқара қамы» деп ұрандап келгенде, шаншарлықтар да бұл ұранға иланған. Сондықтан да әділдік пен теңдікке кесірлік қылғандарды шаншымақ болғаны шындық.

Қалай дегендеде, Алғысөзден біз «Шаншар» журналының белгілі бір саясаттың қолшоқпары ғана болудан аулақ әрекет еткенін аңғарамыз. Бұған екі нұсқаның да мазмұнына– тақырыбы мен идеясына, пішініне, құрылым мен сюжетіне, тілі мен безендірілуіне зер салғанда да көз жеткіземіз.

Алғашқы нұсқада да, соңғы нұсқада да жарияланған мына мысқылға назар аударып көрелікші. Мұнда автор «Шаншарға» не жазсам екен?» деп сұрақ қоя отырып, ақылдасқан болып, көздеген нысанын шаншып өтеді.

Тізбелеп айтқан әр сөйлемінің астарында ащы шындық, сатиралық сарказм бар. Мұнда нақты бір адамның атын атамайды. Демек, ондай өрескелдік әр ауылдан кездесетінін, жалпыға ортақ келеңсіздіктер жаңа қоғамға тән екенін түсінесіз. Осында біз жоғарыда айтқан «екі тізгін, бір шылбыр» тағы көрінеді.

«Бұрын бір қарасы жоқ исполкомның бір жыл ішінде алдына төрт түлік мал салып алғанын жазайын ба?» деген сөйлеммен кеңес үкіметін құрушылардың өзі жең ішінен жалғасып, сыбайлас жемқорлықпен айналысқандығын әшкерелейді [145, б. 17]. Демек, «Шаншар» кеңес үкіметін шаншып отыр. Кеңес үкіметін тағы бір тезге салған тұсы мынау: «Бір сайлаушының кедейдің үйіне барса, астынан су шығып, байдың үйіне барса, астынан май шыққанын жазайын ба?»

Бұл сұрақпен автор кеңес үкіметі сайлаушыларының «бармақ басты, көз қыстымен» айналысқанын мазақ етеді [145, б. 17]. Кедейдің үйіне аялдамай, байдың үйіне кіріп майға бөккенін, сөйтіп, соның сөзін сөйлейтін болғандығын әжуалайды. Кеңес өкіметінің милитсесі де (қазіргі полиция) тауансыз, екіжүзді, қарау, әділетсіз екен. Соны біліп, шыдамаған «Шаншар» авторы: «Бір милитсенің байдың алдына түсіп жорғалағанын, кедейдің артына түсіп аяқтан шалғанын жазайын ба?» деп келеке етеді [145, б. 17]. Кеңес үкіметінде түрмеде де пара алған немесе күзетке дұрыс қарамаған, яғни, тәртіп болмаған: «Құдайдың құдіретімен бүгін абақтыға алған ұрының ертең шығып кететінін жазайын ба?» деп келемеждейді [145, б. 17].

«Газет оқыңдар!» деген мысқылында сол кезде шығып тұрған кейбір қазақ газеттерінің тілдік сапасын тезге салады. Кекетеді, мұқатады, мазақтайды, тіпті өз оқырманына көрсетіп, кемшілігін әшкере етеді. Мысалы, мына үзіндіге көңіл аударып көріңізші. «Газетке басылған сөйлемнен сіз де ештеңе түсінбейсіз». Осындай сөйлемдерді жариялап отырған газет қызыметкерлерін мақтамен

бауыздайды, өз сөзімен өзін ұрады: «К» газеті мінеки: «Өткен дәуірлердің әуелгісі ақырап төңкерісі болып өкімет билігі жұмысшы қара шаруа қолына көшумен қатар еңбекшіл халықтың орындарда тағынан тайған патшаның орынбасарлары «құдайдан басқадан кері келмейтін «әкеден артық туған» әкімшілік ел билеу ит терісіне жазылып берілген февраль төңкерісі әсер етпеген, жуан қарын болыс ауылнайларға қарсы көтерілісі – билік таласы».

Оқы тағы, оқышы,
Көзің сенің жайнайды.
Қайта, қайта оқысаң,
Миың ашып көзіңнен жас парлайды.

«Х» газеті мінеки:, «Біздің жоғарыдағыларымыздың төменмен байланыстары төңкерістік әдебі кезіндегі көзге көрінгендерден басқа, кейіннен тұрып, орын басып келе жатқан жас жұмыскерлер һәм оған себеп жоғарғы, жоғарғы мен төменнің тұтаспағаны. Төменді жоғары қарап тартынбағандығы, мұндай хәлді жою үшін не лаж қылу керек?» [135, б.1 3].

Шындығанда түсініксіз құралған мына сөйлемнен де не ұға аласыз?

Демек, «Шаншар» сол кезде-ақ қазақ тілінің тазалығын, газет тілінің түсініктілігін басты назарда ұстаған. Сөздің шұбарланбауы үшін күрескен.

«Анкета» деген атпен берілген сауалнама түріндегі жарияланымдағы сұрақ пен жауап сатиралық сарында берілген.

«- Кітап не нәрсе? - Қазақ баласына ұстатпай жүрген бір қашаған

- Ғадет не нәрсе? - Күнде жиын, күнде айғай, білімге олақтық, міндетке салақтық

- Көшпелі не нәрсе? - Қазақ.

- Студент не нәрсе? - Ұққаны аз, атына мәз, көше таптап жүрген бір жандар...» деген сұрақ-жауап үзіндісінен аңғаратынымыз – «Шаншар» қамтыған тақырыптың ауқымының кеңдігі [135, б. 18]. «Анкетада» қоғамдық өмірдің бар саласына қатысты әлеуметтік мәселелерді көтерілген.

Берілген сатиралық суреттер мен штрихтардан да ел мүддесі, қоғам мұраты негізгі ұстаным болғанын көресіз.

Қорыта келгенде, «Шаншар» журналының пайда болуының әлеуметтік-қоғамдық һәм саяси алғышарттарын зерделеу арқылы қазақ елінің өтпелі кезеңдегі болмысының бүгінге дейін елеусіз келген тұстарын пайымдаймыз. Журнал жарияланымдарында айтылған, көтерілген тақырыптардан талай ақиқатты аңғарамыз. Қазақ әдебиетінің сатиралық жанрларының журналдық нұсқаларының бастауларына барлау жасау мүмкіндігіне ие боламыз. Бейнесөздің карикатура түрлерінің ұлттық нышандарын анықтаймыз. Көсемсөздің сатиралық туындыларына ғылыми екшеу жүргіземіз. Сол кездегі қазақ зиялыларының шығармашылық ізденістеріне қанығамыз. Ең бастысы – мәдени-рухани тарихымыздағы ақтаңдақтардың орнын толтырамыз. Заманына сай «Шаншар» да өз ролін атқарды. Қазақ баспасөзінің салалық деңгейіне жол салды.

3.3 «Мұғалім» басылымындағы педагогика, білім беру мәселелері

1919 жылы Халық комиссариаты жанындағы Бөкей бөлімшесінен «Мұғалім» атты журналы жарық көре бастады. Редакциясы Орда қаласында орналасты. Журнал Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде «Мұғалім» журналының нақты неше саны шықты дегенге тиянақты байлам жоқ екенін байқадық.

Ғалым Хайыржан Бекқожин: «Журналдың 1919 жылы барлығы 7 нөмірі шығып тоқтады» [15, б. 78] десе, профессор Бейсембай Кенжебаев: «Мұғалім журналының 7-8 саны шықты» - деп жазады [17, б. 27]. Ал Қазақ Совет Энциклопедиясында: «Мұғалім» – тұңғыш қазақ совет журналы. Ұлттар істері жөніндегі халық комиссариаты қазақ бөлімінің Бөкей бөлімшесі мен қазақ мұғалімдері кәсіподағының органы. 1919 жылы не бары 10 номері жарық көрді» деген деректерді кездестіреміз [146].

Е. Тілешов, Д. Қамазабекұлы құрастырған «Алаш» қозғалысы» энциклопедиялық анықтамалығы: «Мұғалім» журналының 10 нөмірі жарық көрді» деген ақпарат ұсынады [65, б. 313].

Осы уақытқа дейін журналдың толық нұсқасы төте жазудан, бүгінгі ұрпақ оқи алатын, кирилл қарпіне түспеген күйі «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітаханасының «Сирек қолжазбалар» қорында сақталған екен. Басылымды толық зерттеп, зерделеу мақсатында, алдымен, журналдың табылған 7-санын кирилл қарпіне түсірдік. Сондай-ақ, баспасөз тарихын зерттеген ғалымдардың «Журналдың 7 саны шығып, одан кейін тоқтады» деген сөздеріне тоқтағанды жөн көрдік. Өйткені, қазақ баспасөз тарихын зерттеуші профессорлардың еңбектерінде тек 7-саны туралы ғана қысқаша жазған. Ал 8,9,10- сандары туралы мүлдем сөз болмайды, жарық көрген 1-ші және 6-шы саны туралы мәлімет те, онда жарияланған мақалалар туралы да ақпарат жоқ.. 1981 жылы басылған Х. Бекқожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» атты еңбегінде де «...Біз бұл журналдың басқа нөмірлерін кездестіре алмадық» деп 7-нөмірінен басқа сандарындағы мақалаларға сілтеме жасайды. Ғылыми еңбекте «Журналдың 2-нөмірінде К. Маркс пен Ф. Энгельстің қысқаша өмірбаяны аударылып басылды» деген дерек бар [15, б. 78]. Яғни, бізден бұрын да баспасөздің тарихын қарастырған ғалымдардың зерттеулерін оқи отырып, «Мұғалім» журналының басқа санын кездестірмегендіктеріне көз жеткіземіз.

«Мұғалім» журналын ұйымдастырушылардың бірі, әрі шығарушысы ретінде 1880 жылы Бөкей ордасында туған тарихшы, қоғам қайраткері, заңгер Мұсағалиев (Мусин) Ғабдолғазиздің есімі аталады. Ғ. Мұсағалиев бірнеше тілді меңгерген білімді адам болған. Жастайынан ілім-білім іздеп жүріп, Шығыстың кітап қорларымен танысады. Ғылыми еңбектерін «Мұса Ғ.», «Мұса Ғабдолғазиз», «Мусин Ғабдолғазиз» деген есімдермен жариялаған. Ғ.Мұсағалиев «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тұрақты авторларының бірі болған. Газет-журналдарда әр түрлі өзекті тақырыптарды қаузайды. Әсіресе, қазақтың арғы-бергі тарихынан көптеген мақалалар жазған. 1917 жылы Ордада «Ұран» аталатын жартылай ресми газет шығарады. 1918 жылы сәуір-мамыр айларында өткен Бөкей ордасы Кеңестерінің бірінші съезіне төрағалық етті.

Мұсағалиев Ордада 2-5 қыркүйекте өткен мұғалімдердің бірінші съезінде төралқаның тұрақты төрағасы міндетін атқарды. «Дұрыстық жолы» газетін, «Мұғалім» атты журналды шығарып, таратуға үлес қосты. 1923 жылдан бірыңғай әдеби қызметпен айналысты. Ғ. Мұсағалиевтің бұдан кейінгі өмірі жөніндегі деректер тым аз. 1933 жылы Алматыда қайтыс болған [65, б. 313].

«Мұғалім» журналының 7-санындағы «Ғ.Қ» деген бүркеншік есіммен «Педагогика» атты еңбек басылғандығын білеміз. Оның авторы Ғұмар Қараш деген дәлелдерді де кездестірдік. Ғұмар Қараш шығармашылығын зерттеген Жұмағұлов Сағымбай Ботбайұлының еңбегінде: «Ақын 1919 жылы Бөкей губоткомында қызмет атқарып, Ордада жарық көрген қазақтың тұңғыш педагогикалық «Мұғалім» журналының алқасын басқарды. «Мұғалім» журналының алқа мүшелері ретінде Ғ. Мұсағалиев, М. Көкебаев, Ғ. Бегалиев, Х. Есенбаев, Ғ. Бөкейханов, Н. Манаев сайланды. Журналда ағартушы Ғұмардың «Педагогика» атты құнды еңбегі жарық көрді. «Педагогика» 1919 жылы РКФСР Ұлтхалкомның Бөкейдегі қазақ бөлімшесі шығарып тұрған «Мұғалім» журналының бірнеше сандарында жарияланды» деп жазады [147]. Ғұмар Қараш XX ғасырдың басында қазақ даласына кең тараған «Айқап», «Мұғалім» журналдарымен қатар «Қазақстан», «Дұрыстық жолы», «Қазақ дұрыстығы» сияқты газеттерде сол дәуірдің көкейкесті мәселелері хақында өлеңдер мен мақалалар жариялап тұрған. Шығармаларын, негізінен «Ғ. Қарашбаласы», «Ғұмар әл-Қараши», «Ғ. Мұштах», «Қазақов», «Оразақай» деген атпен басқан деген деректер келтірілген [148].

«Мұғалім» журналында Ғ. Қараштың «Ғ.Қ» деген аты-жөні бас әріптерімен берілген «Педагогика» еңбегі басылған. Бұл жайында Ғ. Қараш туралы монографиялық еңбектен мына жолдарды оқимыз: «1919 жылы тұңғыш арнаулы педагогикалық әдістемелік басылым «Мұғалім» деп аталатын журналды шығарып, оның әдеби редакторы қызметін атқарды. Осы нөмерде Ғұмардың баяғы Уфада жазылып, басуға үлгере алмай кеткен «Педагогика» деген көлемді еңбегі жарияланған» дейді [149]. Сонымен, біз «Мұғалім» журналының шығарушылары ретінде Ғ. Мұсағалиев пен Ғ. Қараштың есімдерін сеніммен атай аламыз. Ал енді журналдың өзіне келейік.

Біздің қолымызға тигені – журналдың 1919 жылы 15 маусымда жарық көрген 7-саны. Бұл журнал Бөкей педагогика бөлімінің баспаханасында басылыпты. Бастырып таратушы – Халық комиссариаты жанындағы қазақ бөлімінің Бөкей бөлімшесі. Мұқабаның жоғарғы оң жағына «Қой жылы» деп жазылған. «Мұғалім» деген журнал атының астына Абайдың:

«Махаббатсыз дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар,
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар».

Деген бір шумақ өлеңі эпиграф ретінде ұсынылған [150].

«Неге?» деп бірден өзіңе өзің сұрақ қоясың. Шындығында, шығарушылар неге Абайдың осы шумағын алған? Біз мұны былай түсінеміз. Кез келген істі бастауға да, атқаруға да ең алдымен махаббат керек. Іс тек адамдар еңбегімен

атқарылады. Адамдардың бір-біріне деген маххаббаты болмаса іс оңалмайды. Бала тәрбиесіне де үлкен сүйспеншілік керек. Өйткені, ол – өмірлік мәні бар ең маңызды мәселе. Мейірім жоқ жерде бала тәрбиесі болмақ емес. Мейірім негізі махаббатта. Махаббатсыз басталған және жүргізілген бала тәрбиесі оң нәтиже бермейді. Өзге қызықтың бәрінің қасында қалатын айнымас жандар жарың, балаң, досың – міне, осы үшеуі бала тәрбиесінің негізгі ұстындары. Журнал шығарушылар Абай шумағын осы мағынада алса керек.

Одан кейінгі бетінде біз «мазмұны» деп жүрген сөз «Жинағы» деп берілген. Яғни, журнал ішіндегі барлық мақалалардың жиынтығы дегені. Біздің қазіргі ұғымымызда «мазмұны» деген атаудың басқа да мағынасы бар. Ол белгілі бір шығарманың ішкі болмысын танытады. Онда туындының құрылымы, тілі, сюжеті, басқа да сипаттары түгел назарға алынады. Журнал қолданысындағы «мазмұны» деген атауда тек шығармалардың тізбесі ғана беріледі. Осы шығармалар тізбесіне «Мұғалім» журналында берілген «Жинағы» деген атаудың жақынырақ болатыны сондықтан.

Шығарушылар журналдағы мақалаларды алты бөлімге бөлген. Бес бөлімде салалық мазмұндағы материалдар жарияланса, соңғы «Орын хабарлары» деген бөлімде жергілікті хабарлар басылған.

Бес бөлімнің атауларына назар салайық. Рим цифрімен саналған бірінші бөлім «I –Тәрбие (педагогика) бөлімі» деп аталады. Бұл бөлімде бас әріптермен «Ғ.Қ.» деп бүркеншік атын берген автор бала тәрбиелеу жолдары туралы айтады. Мақаласының атын «Педагогика» деп қойған, астына рим цифрімен III деп жазған, соған қарағанда «Мұғалім» журналының бұған дейінгі сандарында бірінші және екінші бөлімдер жарияланған болса керек. Сөзінің басын «Ерікті тәрбиелейтін 3 жолдың екеуі қысқаша айтылып өтілді» деп бастайды. Ары қарай үшінші жол туралы айтады. Үшінші жол дегеніміз – үйрену жолы» деп ойын сабақтап әкетеді [151].

Әдістемелік мақаланы оқи отырып, автордың орыс педагогикасынан да, шетел педагогикасынан да хабары барын байқаймыз. Бұл тұрғыда алдымен көне дәуірлер данышпандарының көзқарасына көз салады. Ол өз сөзінде Сократқа сын айтады, Аристотельді жақтайды. Шопенгауердің іліміне көзқарасын білдіреді. Неміс философы, педагог Ф.В. Фёстердің үйрету методикасына сүйене жазғандығын «Ф.В. Фёстер жасөспірім балалармен әңгімелесудің жайын көрсеткен» деген сөздерімен білдіреді [151, б. 19].

Жалпы тәрбиелік мақалада автор балаға үйретудің жолдарын, ол жолдардың қыр- сырын ашуға тырысады және түсіндіруге ұмтылады. Әлі қалыптаса қоймаған жазу стиліндегі бізге беймәлім кей сөз қолданыстарды бірден қабылдау ауырлау.

Әрине, өз заманының ортасына бағыттап отырғандықтан, автор алдымен соларға түсінікті болуын баса назарда ұстағаны анық. Өз тарапынан балаға үйретуде қандай әдістерді қолданған дұрыс дегенге жауап іздейді. Үйретудің реті әуелі ашық баяндап, одан соң бірте-бірте кеңейте түсіндіру, түсіндіргенде баланың «ақылына сіңетін, қызықтыратын», сондай-ақ «тыятын, түзететін сөздерді» қолдау деп біледі. Бұл кезде балаға ұрысу, жекіру қажет емес деп

ұғады. Алда-жалда тентектік жасап қойған бала онсыз да жаза күтіп тұрады, оны «жаза тартып болысымен үгіттеуден сақтану керек» дейді. Үйретудің мынадай екі жолын да көрсетеді: бірі – көрсету арқылы түсіндіру, екіншісі жаттату – арқылы түсіндіру. Осы екеуін артынан тексеріп тұруды ұмытпау керектігін де еске салады.

Журнал санының келесі бөлімі «Ғылыми-фәни бөлім» аталады. Бұл да бұған дейінгі сандарда жарияланған әдістемелік мақаланың жалғасы екен. Өйткені, тақырыптан кейін жақшаның ішіне «басы өткен нөмірде» деп берілген осы сөйлемнің астында «М-дыбыс» деп көрсетілген. Бұл бөлім бір-біріне сабақтас үш тақырыпшаға бөлінген. Алғашқыда балаға дыбыстарды айту машығын; келесі тақырыпшада әр дыбыс таңбасын жазу машығын; одан кейінгі тақырыпшада жазуға қол, саусақ икемін қалыптастыру амалдарын түсіндіруді мақсат еткен. Мұнда осы машықтарды теориялық ұғым, түсініктерді тарқатудан гөрі практикалық әрекеттерді көбірек ұсынуды жөн деп тапқан. Ол әр дыбысты қалай шығару, қай дыбысты қалай дауыстау, дыбыстау керектігін нақты мысалдармен таратады. Оқушының әрекеті мен мұғалімнің әрекетін кезек-кезек сабақтастыра келтіріп, нақты тәжірибе ұсынады. Назар аударайық. Автор әр машықты үйрету тәсілін өзі таныстыруға тырысады. Мысалы:

« Ау»...

Тыңдаңыз, мен қалай айтамын – («а»-ны созып): аа-ау. Тағы да тыңдаңыз: а-ау... осындай етіп сіздер де айтыңыз!

Басында не айтылды? (яки, басында сіз не айттыңыз?) – «А»

Енді тыңдаңыз: («у»-ды созып): ау-у. Сіздер де осыны айтыңыз!»

Автор мұғалімге былай деп нұсқау айтады: «Балаларды (әу) бастан дыбыспен таныстыру үшін «ау», (уа) секілді екі дауысты дыбыстан құралған, яки (ар) секілді бір дауысты , бір дауыссыз дыбыстан (құралған) бір буынды сөздерді алу керек...» [151, б. 20].

Осылайша, әріпті дыбыстау, сөзді айту амалдары мен тәсілдерін, нақты тәжірибе, іс-әрекет үстінде үйрету жолдарын көрсетеді. Бұл туралы ұсыныстарын қорытындылай келе автор: «Балалар буындағы дыбыстарды айыруға һәм айырып айтуға жаттыққан соң дыбыстардың таңбаларымен (шрифт) таныстыра бастау керек... Құлағымен естігенін көзімен көру балаға көңілді һәм жылдам қара танып кету үшін де пайдалы» деп дыбыстау, айту машықтарын үйретуге арналған бөлімшені аяқтайды [151, б. 21].

Келесі бөлімше реттік саны бойынша бесінші, яғни «Жазуға үйрету» деп аталады. Жазуға үйрету сабағын алдымен баланы партаға отырғызу жөндерімен таныстырудан бастайды. Дұрыс отыру, икемді де қолайлы жайғасу әдеттерін қалыптастыру, екі қолды, екі аяқты қалай орналастыру керектігін еске салады. Әріптерді жазуды үйретпестен бұрын балалардың күнде көріп, қолына ұстап жүрген қарапайым заттардың сұлбасын сызудан, түзу заттардың, имек құралдардың, доғал, дөңгелек жіңішке бұйымдардың нобайын сызудан бастауды жөн деп біледі. Баланың қолы түзу, имек, ирек, иір, доғал, шеңберлі заттардың тұрқын сызуды үйренгенінен кейін, әр әріпті бөлшектеп сызуды, сосын ол бөлшектерді қосу машықтарын қалыптастыруды дұрыс көреді. Бір жазғанын

қайта көшіру арқылы машықтануды қолайлы санайды. Сонымен қатар, мұғалімнің өзі де жеке машығын тақтаға жазып көрсетуі керек. Оны жазғанда үнсіз емес, балалардың назарын өзіне аудара отырып, өзінің әр әрекетін коментарий беріп, түсіндіру, көрсете жазуы керек. «Бала жазып жатқанда қасында мұқият қадағалап тұрып, мүлт кеткен жерін сол мезетте-ақ түзетуге жәрдемдесіп отырғаны дұрыс» дейді автор [151, б. 22].

Келесі бөлімше – алтыншы. Оны «Қол қызметі»,-деп атаған. Мұнда автор қолөнеріне баулу сабағы туралы айтады. Баланың тек айтып, жазып қана емес, қолымен бұйым жасап та машықтанғаны жөн екенін ескертеді. Сөйтіп, соңына бүркеншік атын «Ғ.М.» деп көрсеткен автор әдістемелік мақаласын бұған дейінгі барлық бөлімге қатысты қорытынды ойларымен тұжырымдайды.

Журнал шығарушылар оқырмандарын шетелдегі оқыту ерекшеліктерімен таныстыру ниетінде болғандығын «Шетелдерде оқу, оқыту тәсілдері» деген шағын заметкадан байқаймыз. Мұнда Хабиб Аллах Фатих деген автор Салықбек деген білімгердің Швейцария, Франция, Англия елдеріне сапар шегіп, Түркияға келген соң бұл елдерде оқыту тілдері жөнінде түркі тілінде көлемді мақалалар жариялағанын, осы жарияланымдардың қазақ мұғалімдеріне де қажет болып қалатындығынан үміттенеді. Салықбектің жазғандарын түгел оқып шығып, олардан көп нәрсе білгенін және өзгелерге де пайдалы болып қалатындығын еске салады. Алдағы уақытта оқудың пайдалы тұстарын үйретіп жазатындығынан хабардар етеді.

Журналдың «Әдебиет бөлімі» деген айдарында прозалық шығармалардан Жолды деген автордың «Жәркенің егін салуы», мұғалім Ғабидин Аязбаевтың «Қоянға тымақ кигізу» деген әңгімелерін, сондай-ақ фольклорлық материалдар, ауызша әдебиет нұсқаларын да таныстырып отыруды мұрат еткен шығарушылар «Сары Әлжан» деген бүркеншік ат иесінің «Ескі сөз» деген тақырыппен ел аузынан жазып алған Алпамыс хан заманынан жеткен аңызды жариялайды. «Сары Әлжан» деген бүркеншік есім иесі жариялаған «Жабынды жылқы» деген қара өлеңмен жазған туындысы туралы айтпасқа болмайды. Өйткені, мұнда астары терең ой бар. Қазақтың жүйрік, сұлу, еркін жылқысының атамекенінен айырылғанын, өз жайлауын тастап, бөтен өріске кеткенін, орнының ойсырап қалғанын қабырғасы қайыса, мұңдана айтады.

«Аяғы болат, арқасы арыс» жылқыға мінген бөтеннің көңілі артатынын, ал өзінің намысының жоқтығын ашына айта отырып, «жеріңді өскен тастап қайда кеттің» деп жоқтайды [151, б. 27].

Еліңді тастап ары кеттің жылқы,
Жүреккке ауыр қайғы септің жылқы,
Болсаң да күні кеше жүздеп, мыңдап,

Сарқылып сар далада қалдың жылқы, дегеніне назар аударсақ, айтушы нені меңзеп отыр деп ойланасыз [151, б. 27]. Ол кешегі 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілістен кейінгі жаппай жазалау отрядтарының қырғынынан амалсыз туған жерін тастап, жат елге босып кеткен жылқы мінез қазақты айтып отыр ма, әлде, бергі тәркілеу кезінде тағы да кеңестік кесепаттан лажсыз жер ауған босқын қазақты айтып отыр ма, болмаса сол кәмпеске мен колхоздастыру заманында

қолды болған қырғыннан қашып жат жерге ауып кеткен қазақты айта ма, немесе сол солақай саясаттың зардабынан жаппай қырылған қазақты айта ма? Қалай дегенде де, осы қан-қасапты оқиғалардың қай-қайсы да тарихи шындық екені даусыз. «Сары Әлжан» деген автор бұл өлеңінде жерінен айрылып қана қоймай, басынан еркіндігі кеткен қазақты айтқысы келген. Сөйткен қазақты «Жылама! Қайғы сүтін ембе» деп жігерлендіріп алып, «қылыштап, асып, кесіп, өлтірсе де сырыңды ашып бұйым берме, жылқы» деп ескертеді.

«Жылқы» деп отырғаны шындығында қазақ екендігін осы жолдардан аңғарасыз. Өйткені, жылқыны қазақ қылыштап та, кесіп өлтірсе де ешқашан асып өлтірмеген. «Асып» дегенде ол дарға асуды айтып отыр. Кеңестік солақай саясаттың жасаған зобалаңын, қазаққа қылған қысастығын жылқыға айтқан болып жеткізіп отырғанын түсіну қиын емес. Мына өлеңнен жазып отырған адамның саяси сауаты барлығы, оқыған-тоқығанының молдығы, ұлттық рухқа жаны ашитындығы ұлттық құндылықтарды жинауға, жариялауға мән беретіндігі, («Бұрынғының сөздері» деген тақырыппен берілген мақалдар мен мәтелдер соның айғағы), сол арқылы халық мұрасының сақталып қалу-қалмауына алаңдайтындығы айқын көрінеді.

Т. Төремұратов деген автор «Жас бауырларға» деген 7-8 буынмен жазылған терме сипатты туындысын жариялаған. Тегінде ақындықтан құралақан емес оның мына өлеңінде де қазақ бауырларына бағыт беру ниеті бар. «Ақ жүрегің әділдік, Көңілде жоқ, тілде бар...» дегеніне мән берсек, қазақ бауырларының жүрегі – ақ. Сол ақ жүрек әділдікті аңсайды, бірақ аңсау тілінде ғана бар, ал көңілінде жоқ екендігіне алаңдайтындығын бірден байқатады. «Өзгерістің шапанын төсін бұзып жамылған» деген жолдардан жаңа келген кеңестік өзгерістің мазмұнын емес, сыртқы пішінін ғана алып, бұрыннан қалыптасқан қазақы төсін қақырата жамылып жүргеніне көңілі толмастығын аңғартады. Жаңа заман басталғанда «жалпы халық қамы деп жауға жалаңаш шапқан ерлер де бар» деп кекетеді [151, б. 27-28].

Шындығында кеңес үкіметінің кешегі кедейлерге теңдік бергені рас, бірақ кедейдің қолында билігі жоқ, санасында азаттық жоқ, босқа ел қамы деп далақтағанын онша ұната қоймайды. Елең-алаң заманда қара халықтың арасында бірлік жолын күйттеген адамдар аз екендігін де көңіл толмастықпен айтады. Бұқара арасында әділдік таба алмай орысқа жалтаңдаған жастардың баршылық екенін де ашына жазды: «Әділдікті таба алмай, жаутаңдаған орысқа толып жатыр балалар» дейді. Осындай заманда жастарға үлгі айтатын қарттарға, «кеңінен ойлап жұмыс айт, баласы қазақ бауырлар!» деп аяқтайды [151, б. 28].

Ақыл, өнеге, өсиет сарында айтылған бұл терме тұрпатты жариялануымнан да журнал шығарушылардың өз заманының кейпін сипаттауға талпынысын аңғарамыз. Жоғарыдағы Сары Әлжанның да, осы Т. Төремұратовтың да көркемдігі аса жоғары болмаса да өз өлеңдеріндегі ойларының астарында сол кездегі кеңестік идеологияның көңіл толмас жақтарын айтқысы келгендігін түсіну қиын емес. Демек, журнал шығарушылар осындай жариялануымдар арқылы мұғалімдердің де, сауат ашушылардың да санасына саңылау салып,

оларды қоғамдық ой-пікірге ортақтастырғысы, саяси өресін ашқысы келгендігі байқалады.

Бұдан кейінгі жарияланым «Бұрынғының сөздері» деген тақырыппен берілген бірнеше мәтел, мақал және нақыл өлеңді құрайды. Бұрын айтылып, кейін естен шыға бастаған мәқал-мәтелдер бала тәрбиелеу барсында пайдалану үшін әдейі ұсынылған. Жеткіншек тәрбиеленушіге ұсынылған «арғымақ аттың жорғалап барып желгені ұят» немесе «Ер жігіттің сөйлеп барып күлгені ұят» болмаса «Жаугердің жаудан қажып жүргені ұят» яки «Тазы иттің үйден шығып үргені ұят» деген тәмсілдерден жариялаушының шындығында «адамдардың өзіне табиғи тән мінезінен ауытқуы – ұят» деген ұғымды санасына сіңіруге ниеттенгендігі анық [151, б. 28].

Шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар негізіне сүйенсек, «The folklore samples serve as examples to promote the education of young people» деп қазақтың ауыз әдебиеті, оның ішінде фальклор туындылары жастарға білім беруді насихаттау міндетін атқарады дегенді айтады [152].

Журналда жарияланған «Әдет құрбаны» деген әңгіме әйел теңдігі мәселесіне қатысты. Мұнда алдымен құдаласқандардың арасындағы психологиялық – әлеуметтік әділетсіздік салқынын Баймағамбетке қызын ұзатпақ Жәрдемнің, ұзатылып бара жатқан Айжөкен арудың көңіл күйінен айқын аңғарылады. Бұлардың жан дүниесіндегі арпалысты айналасындағы жақын-ағайынның қарым-қатынасынан да байқайсыз. Құрбысы Жамалмен қосылып Айжөкеннің кетерде айтқан аужары мынадай:

Аман-сау болыңыз, қайран халқым,
Жан көкем ойламады-ау істің артын.
Кеткеін ойнап-күлу қайда мұндай,
Қолымнан өттің, күнім, қымбат алтын.

Жат елде, құлжақыда жүремін бе,
Күң болып жат есіке кіремін бе?
Кеткесін өз елімнен атар таң жоқ,
Бір мезгіл тартып езу күлемін бе?

Бәріңіз қош, қалыңыз аман болып,
Көңілім қайғырады жаман болып.
Не пайда баста билік болмағасын,
Дүнияда жаратылып адам болып..

Байқап тұрсаңыз, мұны жазып отырған автордың әйел теңдігі мен азаттығын айту арқылы адам құқының аяусыз аяққа тапталып жатқанын ашық білдіреді [151, б. 29].

Сонымен қоса мұнда қыздың ғана емес, жалпы адам баласының өз билігі өзінде болуы керектігін де меңзейді. Осы меңзеу арқылы жеке адам басындағы тәуелсіздік пен теңдік қана емес, бүкіл ұлттың өзге елмен тең құқықты және бостан болуы керектігін көксейтіндін де аңдатады. Бас кейіпкер Айжөкеннің аузына салған сөзін байқасаңыз, ол қарабасының қамын немесе отбасы, ошақ

қасының жайын ғана ойлайтын жан емес. Оның жүрегі елім, жерім, халқым деп соғады. Демек, автордың жалғыз қазақ қызының аузына осындай азаматтық-патриоттық рухтан туатын кесек сөздерді салу арқылы осы әңгімені оқып отырған оқушының да санасына сондай сезімді ұялатпақ ниетте болғаны айдан анық көрінеді. Жалпы әңгіме авторы Ғ. Сұлтанов осы әңгімесімен қаламы төселіп қалған саяси сауатты қаламгер дейгейінде көрінеді.

Журналдың келесі бөлімі «Тұрмыс жазушылық бөлімі» деп аталады. Мұнда З. Зұлқайыров деген автордың «Құдалық» атты мақаласы да жоғарыда аталған әңгімеде көтерілген мәселемен сабақтас. Мұнда да қазақы құдалықтың кертартпалығын, адам құқының ескерілмейтіндігін, арада адами құндылықтардан гөрі дүниеге қызығушылықтар бірінші орынға шығып, адамдар арасына алауыздық, түсініспеушілік тудыратындығын, оның кесірі отбасын құрған жастарға тиетіндігін жазады. Адамдар арасындағы қалыптасқан әдеттердің ұлт дамуына кері әсерін тигізетіндігін баса айтады. «... өзді өзімізбен қиысып, дауласып жатқанымызда қатар ауылда, анадай жер озып кеткенде, біз артта қаламыз шексіз» дейді автор [151, б. 30]. Бұл жерде адам тағдырының артында ұлт тағдыры тұрғанын айтпақ болғаны анық аңғарылады.

Бүркеншік атын «А.А.» деп жазған автор өзінің «Қазақ халқының оқуы жайында» деген мақаласын «Саясат» бөліміне енгізген. Бұл мақалада патшалық Ресей кезінде бодандықта болған қазақ даласындағы оқу туралы, оның негізінен миссионерлік бағытта болғандығын, астыртын шоқындыру пиғылымен жат дін жүргізілгендігін, ашылған мектептерде алдымен ақсүйектердің, бай-шожарлардың балалары оқығанын, қазақ балалары барса, «киімі орта бұзады» деген сылтаумен қабылдамайтындығын, сөйтіп бүкіл ұлт ұрпағының оқудан мақұрым қалып отырғандығын айта келе жаңа заманда жаппай оқуға жол ашылғандығын қуана айтып жұртты білім алуға үндеумен сабақтап, «Жаңа уақыт жақындап, әр жерде ту көтеріліп көріне бастады... Қазақ халқы бостандық елдігін жариялауға бара жатыр. Соған жолбасшы керек. Таң атты, күн шығып келеді. Жарық етсін ол бүтін дүнияны! Қазақ халқы оны қарсылап алуға даяр болсын! деген асқақ ұранмен аяқтайды сөзін [151, б. 32].

Журнал шығарушылар үгіт-насихат мазмұнындағы қысқа жарламаларды және коммерциялық мәндегі жарнамаларды жариялауды да ұмытпаған. Мысалы, «Орын хабарлары деген айдарда «Жігер» атты жастар қауымының ашылғанын, оның мақсатын айта келе қауымға мүше болуға шақырады. Ал одан кейін жаңа шыға бастаған «Дұрыстық жолы», «Мұғалім» және «Соғыс комиссариатының хабарлары» деген басылымдардың қысқа-қысқа шығарылымдық мәліметтерін ұсынады [151, б. 36].

Қорыта келгенде, «Мұғалім» журналының бір ғана санында жарияланған мақалалардың тақырыптық-идеялық және құрылымдық сипатын бағамдағанда біз мынадай ой түйеміз:

– Кәсіби қазақ баспасөзінің алғашқы ізашарларының бірі;
– Ұлттық оқу-ағарту бағытындағы алғашқы журнал;
– Баспасөз мәдениетін қалыптастыруда өзіндік тарихи орны бар журнал:
– Тұңғыш педагогикалық басылым.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу жұмысы еліміз үшін күрделі де жауапты кезең – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ журналдарының тарихын, бағыт-бағдарын, атқарған қызметін саралауға бағытталған. Диссертациялық жұмыстың міндеттері ретінде алдымызға қазақ журналдарының шығу тарихы мен функциясын, типологиясын тәуелсіздік тұрғысынан қарастыруды көздеген едік. Қазақ баспасөзі тарихына қатысты ғылыми мұраларды жинап, әр жылдары айтылған зерттеу тұжырымдарының негізіне сүйене отырып, тарихын таразыладық. Тарих – дәлдікті сүйеді демекші, нақтылық пен айқындыққа көз жеткізу мақсатында журналдардың түпнұсқасын негізге алдық. Зерттеу нысаны болып табылатын журналдардың барлығы дерлік араб алфавитімен төте жазуда жазылған. Белгілі ғалым, профессор Н. Омашевтің жетекшілігімен «Абай», «Таң», «Сана» журналдары бүгінгі ұрпақ оқи алатын кирилл қарпіне көшірілген болса, 1922 жылы Ташкентте шыққан «Шолпан» журналын ақын Х. Есенқарақызы кирилл қарпіне ауыстырып, жеке кітап етіп басып шығарды. Зерттеу нысанына айналған журналдардың ішкі мазмұнына тереңірек үңілу мақсатында «Шаншар» журналының бір жылда шыққан екі нұсқасын, «Темірқазық» журналының 1-2-3 сандарын, «Мұғалім» журналының табылған 7-ші санын араб қарпінен кириллицаға ауыстырып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақ университеті» баспасынан шығардық.

Зерттеу барысында қазақ баспасөзін зерттеген ғалымдар Х. Бекқожин, Б. Кенжебаев, Т. Қожакеевтердің зерттеу еңбектерінде «Абай» журналының 11-саны ғана шығып, жабылды, деген ұстаным болды. Қазақ журналдарын зерттеу барысындағы ізденісіміздің нәтижесінде ғалымдар назарына ілікпеген «Абай» журналының соңғы 12- санының толық нұсқасы М. О. Әуезов мұражай үйінен табылды. 1918 жылы Алаш қаласында «Абай» журналының 11-саны емес, 12-санының шыққанына нақтылы дәлелдер тауып, ғылыми айналымға қостық. Сонымен қатар, қазақтың тұңғыш сатиралық «Шаншар» журналының бір жылда шыққан екі нұсқасы ҚР Орталық мұрағат сөрелерінен табылып, кирилл қарпіне түсірілді. Осылайша, жұмыстың зерттеу нысаны ретінде алынған «Абай», «Таң», «Шолпан», «Темірқазық», «Шаншар», «Қызыл Қазақстан», «Сана», «Жас қазақ», «Мұғалім» журналдарының барлығы түпнұсқа негізінде зерттелді. Басылымдардың бағыттарына қарай атқарған қызметтерін саралап, негізгі бағыттары айқындалды. Журналдардың тақырыптық, мазмұндық негізі зерделеніп, басылымдардың типологиялық ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу жұмысының әдістері ретінде ХХ ғасыр басында жарық көрген қазақ журналдарын тарихи кезеңдерге сай бөліп қарастыруды көздедік. Алғашқы тарау алаш туын ұстанған журналдар ретінде зерттеліп, алаш қайраткерлерінің журнал шығарудағы дүниетанымы мен халықшылдығы, тәуелсіз ел болу идеясын баспасөз арқылы бағамдағанын ашып көрсетуге тырыстық. Алаш қайраткерлерінің журнал беттеріне жазған мақалаларының идеялары күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Тәуелсіз ел болу идеясы ұлт арманы ретінде бағамдалды. ХХ ғасыр басында-ақ бұл ой халық жүрегінен орын алған.

Сондықтан да олар жазған көсемсөз бүгінгі ұрпаққа өте қажет. Ұлт қалыптасыруда, ұлттық сананы жетілдіру жолында қызмет еткен ұлт жанашырлары – Әлихан Бөкейханұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедұлы, Мәннан Тұрғанбайұлы, Иса Тоқтыбаев, Ғабдолғазиз Мұсағалиевтардың редакторлық-баспагерлік қырлары диссертациялық жұмыста жан-жақты қарастырылады.


Замана сөзін айтқан басылымдар ретінде екінші тарауда кеңес дәуірінде шыққан «Темірқазық», «Қызыл Қазақстан», «Жас қазақ», басылымдары кеңінен зерттеліп, сараланады. Кеңестік жүйенің рухани сұранысты таптау саясаты мақсатында жүргізілген идеологиялық қысымына байланысты тың көзқарастар негізінде қарастырылды. Диссертациялық жұмыста алаш идеясының ұстанымдарын алға тартып, ұлттық демократиялық мемлекет құру жолындағы олардың ізденістеріне баға беріледі. Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан шыққан «Темірқазық» журналының редакторы Нәзір Төреқұловтың журналистік, баспагерлік, публицистік, сыншылық қырларына ерекше орын беріледі. Сондай-ақ, «Темірқазық» журналының қызметіне араласып, оған өзінің мақалаларын басып тұрған алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың идеялары туралы жан-жақты талдау жасалады.

Ғылыми жұмыста 1921-1922 жылдары қазақ халқының басынан өткен ашаршылыққа «Қызыл Қазақстан» журналы ерекше орын бергені, оның арнайы ашқан «Аштық» және «Аштықпен күресу» бөлімдері арқылы ұлттық басылым болғанына ғылыми деректер келтіріледі. Журнал беттеріндегі 1921 жылғы ашаршылық тұсында «Аштарға көмек» комиссиясының құрылып, қазақ ұлтын сақтап қалудың бірден-бір жолы ашаршылыққа қарсы күрес қозғалысы екені бағамдалды. Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов ұйытқы болған Семейдегі алаш ұлдарының қызметтерін зерделедік. Журналды шығарушы ұлт зиялылары Абдолла Асылбеков пен Смағұл Сәдуақасовтардың көсемсөз мұралары зерттеледі.

Кеңес өкіметі толықтай орнағаннан кейін жастар баспасөзін қалыптастыру мәселесі үкімет пен партия комитетінің мәжіліс, конференция, съездерінде арнайы түрде қарастырылған. Осылайша «Жас қазақ» жастар журналының 1923-1925 жылдар аралығында 13 саны жарық көреді. Бұл журналдағы мақалаларды сараптай келе Ерғали Алдоңғаров, Бейімбет Майлин, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәбит Дөнентаев Смағұл Сәдуақасовтардың жастар басылымында атқарған рухани-ағартушылық істеріне баса мән берілді.

XX ғасыр басындағы журналдар алғашында саясат, шаруашылық, әдебиет, білім, өнер бағытында болса, кейіннен тақырыптық сипатқа ие болды. Олардың траекториялары анықталды. Сондықтан да үшінші тарауда салалық басылымдардың кәсіби тұрғыдан бөліну процесі жіктелді. Басылым мазмұндары арқылы олардың атқарған қызметтері айқындалып, журналдардың мақсатына қарай типологиясы анықталды.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысы бойынша зерттелген 9 журналдың 1918-1925 жылдар аралығында шыққан нөмірлерінің саны төмендегі диаграммада көрсетіледі.



Сурет 4 – Журналдар саны (1918-1925)

Әрине, кез-келген басылымның қызметіне баға беру үшін сол заманның, сол дәуірдің саяси ахуалын екшей отырып, бағамдау керек. Сондықтан да баспахананың жоқтығына, қаржының тапшылығына, заманның қиындығына қарамай журнал шығарып, халықтың санасын оятуды мақсат тұтқан ұлт зиялыларының еңбектері тарихта қалып, бүгінгі ұрпаққа жетті. Олар жазып қалдырған көсемсөз бүгінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Жұмысымның практикалық мәні ретінде қарастырылған «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мегажобалар мемлекет тарапынан қолдау тауып отыр. Ол – журналдарға тәуелсіздік тұрғысынан қарап, зерттеуге мүмкіндік берді. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Архив 2025» жобасы диссертациялық жұмысымның негізгі өзегіне айналғанын да айта кеткім келеді.

Өткен 2018 жылы «Абай» журналының 100 жылдығы республика бойынша атап өтілді. 1918 жылдары шыққан «Абай» журналында хәкім Абайдың қара сөздері басылған болатын. Осыны ескере отырып, біз де өз тарапымыздан журналдың 100 жылдығына үлесімізді қосу мақсатында, «Абайдың қара сөздері» атты аудиохрестоматиясын 100 дана етіп басып шығардық. Аудио кітаптың тұсауы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінің Ғылыми Кеңесінде кесіліп, «Қазақстан» Ұлттық арнасының эфирінен көрсетілді.

Абай журналының 12-ші санын іздестіру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының, Семей, Өскемен қалаларындағы кітапханалар мен архивтерге сұрау салғанымызда «Абай» журналы шыққан өңірлерде журналдың бір де бір санының сақталмағанына, тіпті көшірмесінің жоқтығына көзіміз жетті. Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласындағы А. С. Пушкин атындағы кітапханада

«Абай» журналының 100 жылдығына орай өткен шараға қатысып, «Абай журналы және абайтану мәселелері» атты баяндама жасадым.

Сапар барысында Семей және Өскемен кітапханаларына, Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейіне, қазіргі «Абай» журналының редакциясына 1918 жылы шыққан журналдың көшірмелерін және жеке кітап болып басылған журналдың 12-ші санын, «Шаншар» журналын, «Абайдың қара сөздері» аудиохрестоматиясын табыстадық.

Бұл шаралардың барлығы республикалық басылымдар, оның ішінде еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» газетінде «Абай журналының 12-ші саны қалай табылды» [153], Халықаралық «Түркістан» газетінде «Олжа түсті қазақтың қоржынына» деген көлемді мақалалар жарық көрді [154]. Сондай- ақ «Шаншар» журалының екінші нұсқасы табылып, жеке кітап ретінде басылып шыққан кезде де республикалық басылымдар мен телеарналар, сайттар бетінде ақпараттар беріліп, насихатталды.

Ғылыми тағылымдамамды Нью-Йорк қаласындағы Колумбия университетінде өткіздім. Колумбия университетінің кітапханасына да «Абай» журналының 12-ші санынының жеке кітап болып шыққан нұсқасын табыстадық. Ал Түркияның Анкара қаласында орналасқан Гази университетінің профессоры, мағжантанушы Ferhat Tamir мырзамен шығармашылық байланыста болып, зерттеу тақырыбым бойынша шығарылған Абай журналының 12- санын, «Шаншар» журналдарының екі нұсқасын, «Темірқазық» журналдарын, «Абайдың қара сөздері» аудиохрестоматиясын университет кітапханасына өткіздік. Мұндағы мақсат – қазақ журналдарын шетелдік оқырмандарға, зерттеушілер мен ізденушілерге таныстыру, кеңінен насихаттау.

Қазақ баспасөзінің тарихында журналға жазушы қаламгерлер бүркеншік есімдермен жазғаны белгілі. Осыған орай зерттеу жұмысымда «Ж.А» – Ж.Аймауытовтың, «Жан» – М. Жұмабаевтың, «Ғ.Қ» – Ғұмар Қараштың, «Ғ.М» – Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің бүркеншік есімдері екендігі нақтыланды.

Баспасөздің тарихы, оның атқаратын функциясы, типологиясы бір ғасырлық тарихы бар басылымдардан бастау алады. Олар ұлттық көсемсөз мектебінің қалыптасуында зор роль атқарды. Журналдың мақсаты ұлттық сананы ояту, қоғамда болып жатқан құбылыстарды және ұлт әдебиетін қалыптастыруға, салалық баспасөзді дамытуға ықпал етуді мақсат етті. Әрі сол діттеген мақсаттарынан шыға білді. Журналдар қазақ баспасөзінің тарихына ғана емес, қоғамдық сананың дамуына да ерекше әсер етті.

Қорыта келгенде, диссертациялық жұмыс қазақ баспасөзі тарихының көкейкесті кезеңі туралы жан-жақты ғылыми сараптау жасайды. Өз заманының рухани сұранысын ақтағанын айғақтайды. Сондықтан да диссертациялық жұмыс өткен тарихымыз бен бүгінгі тарихымыздың сабақтастығын көрсетеді. Оның жаңа ұрпақты ұлттық патриоттық рухта тәрбиелеуге әлі де қажет екендігі тұжырымдалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html. 24. 08.2018.

2 Рамазан А. Қазақ баспасөзі және қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары: монография. – Семей, 2014. – 368 б.

3 Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. 12.04.2017.

4 Омашев Н. Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: Өнер, 2011. –Т.5. –320 б.

5 Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Қазанат ғылыми-танымдық журнал. –2017. – №27. –79 б.

6 Қожакеев Т. Тарих дәлдікті сүйеді //Қазақ әдебиеті. – 1964. – 5

7 Омашев Н. Алаш көсемсөзі, 10 томдық. – Алматы: Өнер, 2009. –Т.3. –334 б.

8 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

9 Қамзин К. Қазақ публицистикасы жанрларының эволюциясы: Филол.ғ.д. ...автореф.: 10.01.10. – Алматы, 2010. – 45 б.

10 Қазақстан Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2006. – Т.8. – 704 б.

11 Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Генезис, эволюция, поэтика. – Алматы: Білім, 2004. – 368 б.

12 Философский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1983. – 839 с.

13 Акопов А.И. Типология советских научно-технических журналов: дисс. … канд. филолог. наук: 10.01.10 / МГУ. – Москва, 1979. – 47 с.

14 Акопов А.И., Методика типологического исследования периодических изданий (на примере специальных журналов). – Иркутск: Изд-во Иркутского университета, 1985. – 95 с.

15 Бекқожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1981. – 239 б.

16 Қозыбаев С. Люди мы, не боги (цикл эссе «Этюды на полях»). – Алматы: Palitra-press, 2018. – 208 с.

17 Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1950. – 37 б.

18 Әбдиманұлы Ө. М.Әуезов және алашшыл баспасөз тарихы //PR и СМИ в Казахстане: сборник научных трудов. – Алматы: Қазақ университеті, 2013, – 6 б.

19 Қамзабек Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел шежіре, 2008. – 360 б.

20 Мектеп-тегі А. Көсемсөздің көсемі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 384 б.

21 Қуантайұлы Н. Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы. – Өскемен: Alatay- Пресс, 2013. – 292 б.

22 Сақ Қ. Ұлттық сана ұйытқысы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 183 б.

23 Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразаев Ф. Қазақ журналистикасының тарихы, (1870-2008 жылдар) үшінші басылым. – Алматы: Рауан, 1996. – 307 б.

24 Әуезов М. М. Әуезов шығармаларының елу томдық шығ.жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы. 2014. – 464 б.

25 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII- XX ғ.ғ)., Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 398б.

26 Қалижанов У. Әуезовке жол. М. Әуезов шығармаларының елу томдық шығ.жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – Т. 1. – 464 б.

27 Жұртбай Т. М. Әуезов шығармаларының елу томдық шығ.жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – Т. 1. – 464б.

28 Ісмақова А. Алаш әдебиеттантуы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 480 б.

29 Құлақтандыру //Сарыарқа. – 1917, 26 декабрь – 26.

30 Құлақтандыру //Сарыарқа. – 1917, 27 декабрь – 27.

31 Жүсіпбек. Журнал туралы //Абай журналы. – 1918. – №1. – Б. 17.

32 Омашев Н. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. – Алматы: Өнер, 2011. – Т.8. – 384 б.

33 Басқармадан //Абай журналы. – 1918. – № 2, – 15 б.

34 Қазбалинов Т. Абай журналын ашуға қаржы берген Қаражан //Абай журналы. – 2003. – № 3.

35 Акынбекова А., Рамазан А. Абай журналы- ұлт руханиятының алтын қазығы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Хабаршы, Журналистика сериясы. – Алматы, 2017. – № 1(43). – Б. 29-33.

36 Мукашева М. История казахской журналистики: учебное пособие. – Алматы: Қазақ Университеті, 2018. – 468 с.

37 Әуезов М. Өліп таусылу қаупі //Абай журналы. – 1992. – № 4, – Б.70.

38 Қалижанов У. Студенческий Петербург Ауэзова // Керуен ғылыми және әдеби-көркем журнал. – 2014. – №1(34), – Б. 4-10.

39 Мұсаұлы Р. Ұлы ақын есіміндегі ұлағатты басылым //Абай журналы. – 2002. – №3, – Б. 3.

40 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 251 б.

41 Еспенбетов А. Шәкәрім энциклопедия / бас. ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей: Тенгри. – 2008. – 864 б.

42 Әуезов М. Өліп таусылу қаупі //Абай. – 1918. – №12. – Б. 20.

43 Аймауытов Ю. Газет-журнал оқушыларға //Сарыарқа. – 1919, февраль. – №70. – 20.

44 Мұсаұлы Р. Ұлы ақын есіміндегі ұлағатты басылым // Абай журналы. – 2002. – №3. – Б. 3.

45 Сыздықұлы К. Мұхтар Әуезов және «Абай» журналы, – 1996. №3.

46 Басқармадан. Қуаныш құтты болсын // Абай журналы. – 1918. – №3. – Б. 16.

47 Сыдықов Е. Алаш қаласының тарихы: Зерттеу. – Семей қаласы: Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2017. – 382 б.

48 Қалижанов У. Әуезовке жол. М. Әуезов шығармаларының елу томдық шығ.жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 464 б.

49 Тасмағанбетов И., Жұртбай Т. Кіріспе сөз. М. Әуезов. – Алматы: Ғылым, 1997. – Т.1. – 465 б.

50 Әуезов үйі ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, ЛММА. Кпр-1 №382. 1977ж.

51 Жақып Б. Мұхтар Әуезов – публицист. – Алматы: Ана-тілі, 1997. –176 б.

52 Семей обл. Мемлекеттік архиві. Р-72. оп. 1, нөмір 82-п. 228-б.

53 Қайып Н.М. Қазақ пролетариат әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттері. І-КазАПП съезінде жасаған баяндамасы. – Алматы: Қазақстан, 1932. – Б. 6-8.

54 Әуезов үйі ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, № 382. – Алма-Ата, 1946, 25 февраль.

55 Қ. Мұхаметханов. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1993. Т.1. – 202-222-бб.

56 ҚР ҰҚК-нің архиві, 06610-іс

57 Әуезов үйі ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры № 382, №659.

58 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 2009. – 481 б.

59 Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. ІХ том. – Алматы: Ел шежіре, 2011. – Т. 9. – 129 б.

60 Халиолла М. Алаштың алғашқы құрбаны // Егемен Қазақстан,–2003, мамыр – 28.

61 Ысмағұлов Ж. Жаңсақтық неден кетті?// Егемен Қазақстан. – 2003, мамыр – 31.

62 Байымбет. Опат // Сарыарқа. – 1917. – № 24.

63 Еспенбетов А. Шығармалары: монография. – Астана: Фолиант, 2014. – 368 б.

64 Байымбет. Тұңғыш құрбан // Сарыарқа. – 1918. – № 34.

65 Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы //Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.

66 20-30 жылдардағы абайтану. http://abai.kz/post/37842. 17.07. 2018.

67 Акынбекова А. «Абай» журналы және абайтану мәселелері, I.Uluslararasi dede Korkut türk tarihi kültürü ve edebiyati sempozyumu,. 20-23 mart 2018. – Antalya., Tam metin kitabi, İksad Yayınevi. 2018 – Б. 164-174.

68 Екеу. Абайдан соңғы ақындар //Абай журналы. – 1918. – №5

69 Омашев Н. Алаш көсемсөзі, 10 томдық. – Алматы: Өнер, 2011. – Т.8. –384 б.

70 Қазақ Ұлттық энцклопедия, бас редактор Б.Аяған – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2007, – Т.9 685 б.

71 Шолпан журналы //Ақжол газеті. –1921, ақпан – 22.

72 Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 240 б.

73 Шолпан журналы. – 1922ж. – № 1.

74 Басқармадан. Оқушыларымызға //Шолпан» журналы. – 1923. – № 6-7-8.

75 Қазақ Ұлттық энцклопедия, бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – Т.4 685 б.

76 Шолпан. – Алматы: Ан-Арыс, 2010. – 440 б.

77 ЦГА Уз. ССР. ф.34.оп.1.ед.хр.2153,18-22-б.

78 Қамзабекұлы Д. Алаш ақиықтары: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – Алматы: Алаш, 2006. – 288 б.

79 Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. – Алматы: Қазақ Мемлекеттік баспасы, 1955. – 47 б.

80 Темірғали Н., Жазушы және өмір. – Алматы: Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1960. – 372 б.

81 Chabot Jean-Luc. –.Le nationalisme. –Presses Universitaises de France, 1986. – P.131.

82 Encycolopedia Universalis, P.,1990, t16, p.218.

83 Кендірбай Г., Акынбекова А. Шолпан журналы және ұлттық мәселелер //Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Хабаршы, «Журналистика» сериясы. – Алматы, 2018. – №4(50). – Б. 78-85.

84 Сарыбаев Ш., Тіл білімпазы// Халел тағылымы // Республикалық ғылыми-теориялық мәслихат материалдары. – Алматы: Ғылым. – 1994. – 34 б.

85 Қабдоллов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 252 б.

86 Сүбхамбердина Ү. Қазақ кітабының шежіресі (1807-1917). – Алматы: Рауан, 1996. – 285 б.

87 Әуезов және архив: монография / құраст.З. Ижанова, Ғ. Исахан, М. Сандыбаев және т.б. – Алматы: Атамұра, – 1997. – 109 б.

88 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

89 Басқарма. Қымбаттты жолдастар // Таң журналы. – 1923. – № 1

90 Омашев Н. Сырт кейпі - кеңестік, мазмұны ұлттық басылым. Алаш көсемсөзі, 10 томдық. – Алматы: Өнер, 2011. – Т.6. – 368 б.

91 Омашев Н. Алаш көсемсөзі, – Алматы: Өнер. – 6-кітап. – Б.368.

92 Омашев Н. Алаш көсемсөзі, – Алматы: Өнер. – 7-кітап. – Б.364.

93 Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасов: Ғұмырнамалық деректі хикаят. – Алматы: Қазақстан, 2009. – 288 б.+32 бет фотосуреттер.

94 С. Сәдуақасұлы. Жаңа жұртшылық негізі- ғылым //Қызыл Қазақстан. – 1925. – №2.

95 Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті 1917-1940 (әдебиеттену мен сынының биб. көрсеткіші). – Алматы: 1970. – Т.1.

96 Бәйділдин Ә. Қабылға газетін қалай шығару керек //Қызыл Қазақстан. – 1923. – № 23-24.

97 Бәйділдин Ә. Баспасөз мәселелері //Қызыл Қазақстан. – 1927. – № 8-5-7.

98 Басқарма. Кедей айнасы // Қызыл Қазақстан. – 1925. – № 15-18.

99 Сейфуллин С. Қазақты қазақ дейік. // Енбекші қазақ. – 15.01.1923.

100 Асылбеков А. Ресейдегі аштық көлемі //Қызыл Қазақстан журналы. – 1922. – №4.

101 Акынбекова А. Қызыл Қазақстан журналындағы ашаршылық мәселесі //әл- Фараби атындағы ҚазҰУ, Хабаршы, «Журналистика» сериясы, – Алматы: – 2018, № 1(47).

102 Чурин Х., Сәрсеков Ж. Күрес күндерінде. – Алматы: 1960. – 117 б.

103 Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты // Ақиқат. – 1997. – №5. – Б. 24-27.

104 Қозыбаев М. Тарих зердесі, 1-кітап. – Алматы: Ғалым, 1998. – Т.1.

105 Жұртбай Т. Ұраным - Алаш!. – Алматы: Ел- шежіре, 2008. – 472 б.

106 Атаниязов М. Алаш партиясының тарихи сыны // Қызыл Қазақстан. – 1922. – №13

107 Меңдешұлы С. Қазақ республикасының үш жыл жасауы // Қызыл Қазақстан. – 1923. – №22.

108 Кенжин А. Алаш партиясы туралы тарихи мағлұмат //Қызыл Қазақстан. – 1923. – №15. – 9-11 б.

109 Кенжебаев Б., Қожакеев Т. Қазақ совет баспасөзі тарихынан. – Алматы: 1962. – 62 б.

110 Шәріп А. Қазақтың кемдікте өскен айнасы бұл. «Астана ақшамы» http://www.astana-akshamy.kz, 12.02.2013.

111 Қыр баласы. Бекет батыр, Мырза Едіге // Темірқазық. – 1923. – №1. – 34 б.

112 Әлихан Бөкейханов. Пайғамбарға хат, Хакас // Темірқазық. – 1923. – №2-3, – 126 б.

113 Төреқұлов Н. Шығармалар-Сочинения: Дипломат/құраст.: «Нәзір қорының» шығ.тобының мүшелері Ы. Ысмайлұлы, С. Әшірбек, Қ. Бердияр ж.б. Тарихи тұлғалар сериясы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 336 б.

114 Акынбекова А., «Темірқазық» журналы және Әлихан Бөкейханов, «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 102-106 б.

115 РК ВКО Семипалатинский ЦДНИ, Приказы и распоряжения ГЛАВЛита по изъянию устаревшей литературы, от 23/ XI-36 года по 9/VII-37 года, СемоблЛито, фонд-663, опись-1, дело-8.

116 Н. Төреқұлов. Қашан болады? //Еңбекші қазақ. – 28.11 1925.

117 Н. Төреқұлов. Тар жол тайғақ кешу романына сын // Еңбекші қазақ. – 1927. – № 296

118 «Темірқазық» журналының 2-3 саны: көмекші оқу құралы/құраст.: Акынбекова А. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 226 б.

119 Басқарма //Жас қазақ. – 1923. – №1. – 1 б.

120 Басқарма //Лениншіл жас. – 1925. – №7.

121 Басқарма. Еңбекшіл қазақтың өзегі// Еңбекшіл қазақ газеті. – 14.11.1924.

122 Жанәліқызы. Қазақ қыздары // Жас қазақ. – 1924. – №12-14.

123 Аймауытов Ж. Орынбордағы қазақ институты, оқушылары ортасындағы саяси-ағарту ережесі // Жас қазақ. – 1924. – №7-8. – 41-43 б.

124 Аймауытов Ж. Ағарту бөлімі // Жас қазақ. – 1924. – №5-6.

125 Қайта оралған қаламгер. Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Ж. Аймауытұлына арналады: құраст. В. Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2003. – 272 б.

126 Омашев Н. Алаш көсемсөзі, 10 томдық. – Алматы: Өнер, 2011. – Т.5.– 320 б.

127 Досмұхамедов Х. Қазақ-қырғыз білім комиссиясынан // Сана. – 1923. – № 1.

128 «Сана» журналы. – 1924. – №2-3. – Б.1.

129 Мектеп А., Акынбекова А. «Сана» журналы – ғылыми-танымдық көсемсөздің қанат жаюы // Моңғолия Біріккен Журналистер одағының Баян-Өлгий аймағындағы кеңесі, Дүниежүзілік Баспасөз еркіндігі күніне орай ұйымдастырылған «Алтай мұралары» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция, Монгол Улс. – 2017. – 40-60 б.

130 Шаншар кім? //Шаншар. – 1925. – №1. – Б. 1.

131 Қожакеев Т. Сатира- күштілер қаруы: монография. – Алматы: Жазушы, 1985. – 288 б.

132 Қазақ Совет Энциклопедиясы бас редакциясы. – Алматы: 1978. – Т.12. – сурет және карталармен қоса. – 600 б.

133 Ғ. Қабішев //Социалистік Қазақстан. –1983, август. – 31.

134 Әуезов М. Шаншар журналы // Таң. –1925. – №3.

135 «Шаншар» журналының 1-ші саны: көмекші оқу құралы/ құраст. Ақынбекова А.. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 58 б.

136 Қозыбаев С. К. Храм у подножия гор: цикл эссе. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 214 с., рис.

137 Серікқызы Е. Тарихи журналдың екінші нұсқасы табылды //Егемен Қазақстан. – 2018, маусым. –12.

138 Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы. Алматы, Қ. Мұхамедхановтың жеке архивінің құжаттары, Папка – Дулатов М.

139 Тойшанұлы А. Бектұр Аймауытов: Топас Тоғжігітовтар өлді дегенге әлі сенбеймін! // https://abai.kz/post/15943. 5.02.2018.

140 КПСС о средствах массовой информации и пропоганды. Изд.политической литературы. – М.:1979. – 96 с.

141 Ж. Аймауытұлы. Шығармалары. / құраст.: Қуантайұлы Н. – Алматы: Қаламгер, 2013. –340 б.

142 Акынбекова А. Шаншар – қазақтың тұңғыш күлкі журналы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Хабаршы, «Журналистика» сериясы. – 2017. – №4 (46). – Б.130-135.

143 Акынбекова А. Сын мен шынның үні – Шаншар // Алаш Орданың 100 жылдығына арналған Алаш Орда: тәуелсіз Қазақстан идеясының орындалуы атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы: Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті. – 2017. – Б.260-267.

144 История отечество в судьбах его граждан, Сборник автобиографий / составители: Е.М.Гирбанова, А.С.Зулкашева, Р.К. Канжужиева, Е.В. Чиликова. /научный редактор: А.С.Алдажуманова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. –568 б.

145 Шаншар журналының 1-ші санының екінші нұсқасы: көмекші оқу құралы / құраст. Акынбекова А. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 42 б.

146 Қазақ совет энциклопедиясы. / бас ред., Қаратаев М.Қ. – Алматы: 8-т, 1976. – 663 б.

147 Жұмағұлов С. Б. Ғұмар Қараш шығармашылығы: оқу әдістемелік құралы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2005. – 120 б.

148 Ислам энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd ЖШС, 2010. –592 б.

149 Боранбаев Б. Ғұмар Қараш. Қоғамдық-саяси қызметі: монография. – Алматы: Арыс, 2014. – 232 б.

150 Мұғалім журналы. – Орда: Букеевского педотдел, 1919. – №7. – Б. 1.

151 Мұғалім журналының 7 - саны: көмекші оқу құралы / құраст. Акынбекова А. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 58 б.

152 Zhussupov N., Orazbek M., Mukusheva K., Akynbekova A., Bakenova R., «Publicism of the early 20th century: manuscripts of Maspkhur Zhusup» Man in India, 97 (14): 419-429

153 Қасым А. Абай журналының 12-ші саны қалай табылды // Егемен Қазақстан. – 2018, сәуір – 5.

154 Қалым Ж. Олжа түсті қазақтың қоржынына //Түркістан. – 2017. – №4.